1942 жылы Мұрын жыраудан «Қырымның қырық батыры» циклы жазылып алынды. Бұл қазақ фольклорында сақталған ноғайлы жырларының ең қомақты әрі көлемді үлгісі болатын. Ұлы Отан соғысы жылдары Ташкенде болған В.М. Жирмунский кейін қазақ фольклорында сақталған «Қырымның қырық батыры» туралы арнайы зерттеу жүргізді [12].

Біздің пайымдауымызша, «Қырымның қырық батыры» атты эпостық жырлар циклы қазақ фольклорында ғана сақталған секілді. Кейінгі жылдар болмаса, кеңес заманында ноғай фольклорында мұндай жырлардың басылымы болған емес. Ноғай эпосы туралы еңбек жазған авторлар «Қырымның қырық батырын» циклдануға түскен көлемді генеалогиялық туынды емес, жеке жыр қатарында атайды. Ноғайдың батырлық жырлары туралы арнайы еңбек жазған А.М. Сикалиев та «Қырымның қырық батыры» жырының сюжетіне, қамтыған оқиғаларына терең үңілмеген. Ол да «Қырымның қырық батырын» көптеген жеке жырлардың бірі ретінде санамалап өткен [11]. Осы себепті біз «Қырымның қырық батыры» қазақ фольклорында ғана сақталған дейміз. Ондағы толып жатқан ономастикалық атаулардың болмысына тереңдер болсақ, тарихымыздың көмескі беттеріне сәуле түсері анық.

Ноғайлы жырларына қазақ ғалымдары алғаш болып назар аударған. Бұл ретте Ә. Қоңыратбаев мақалаларын атауға болады. Сонау 40-жылдары жариялаған мақаласында зерттеуші Мұрын жыраудан жазылып алынған ноғайлы жырларының танымдық сипаттарын сөз еткен болса, 80-жылдардың ортасында бұл тақырыпқа қайта оралып, «Ноғайлы жұрты кімдер?» [13], «Ноғайлы жыры туралы» [14] деген мақалалар жариялаған. Онда ноғайлы елі дегеніміз кімдер? – деген сауалға жауап іздеп, оларды ақ ноғай, сары ноғай, қара ноғай деп тарқата түскен. Ноғайлы жырларының қамтыған оқиғалары мен туған заманы туралы толғамды пікірлер сабақтаған.

Бірақ қазақ эпостанушылары бұл тақырыпқа қызыға қоймады. Араға он жылдай уақыт өткен соң жарық көрген фольклордың тарихилығына арналған монографияларда бұл тақырып жабулы күйінде қалған. Себебі біреу – ноғайлы жырларын зерттейтін маман тапшылығы. Ә. Қоңыратбаевтың ноғайлы жыры туралы соңғы мақаласына берілген редакциялық түсініктен «мақаладан саяси дау туындап жатса өз басымызды арашалап қалайық» деген пиғылды байқау қиын емес [14]. Осы себепті кешегі 90-жылдарға дейін бұл тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілер көп бола қойған жоқ.

Одан бергі жерде қазақ фольклорындағы ноғайлы жырларына арналған бірнеше жұмыстар жазылды. Ол зерттеулердің арасында ащысы да, тұщысы да кездесіп отырады. Тақырыпты терең игермей, шала-шарпы жазылған жұмыстар да жоқ емес. Соның бірі жоғарыда аталған А.Т. Әзімханның «Ноғайлы дәуірі әдебиетіндегі этнологиялық сана және эпикалық дәстүр» атты магистрлік диссертациясы [8].

Зерттеудің ғылыми деңгейі оның тарауларына көз жүгіртіп өткенде-ақ байқалып қалады. Айталық, «Ноғайлы дәуірі әдебиетіндегі этнологиялық сана және эпикалық дәстүр» деп аталған алғашқы тараудың атауы шұбалаңқы шыққан. Автор бір тараудың атауында үш түрлі мәселені қамтыған. Олар: ноғайлы әдебиеті, этнологиялық сана көріністері және

эпикалық дәстүр. Дұрысында мұның әрқайсысы жеке-жеке ғылыми мәселелер. Автор ноғайлы дәуірінің жырларын нысана тұтса да, ноғайлы дәуірінің әдебиетіне қарай ойысады. Ал фольклор мен әдебиеттің бір еместігі бүгінде анықталған мәселе. Олардың бірі ауызекі, екіншісі жазба дәстүрге негізделеді. Автор қолданған «этнологиялық сана» терминінің де сөз ететін тұстары баршылық. Мұндағы «логия» - бір саланы зерттейтін ілім. «Филология», «биология», «геология» дегеннің бәрі осы мағынада жұмсалады. Олай болса автор айтып отырған «этнологиялық сана» дегеніміз не?

Этнология – этнос тарихын зерттейтін ғылым болса, оны қалайша эмпиристік сипаттағы санаға қосақтаймыз? Дұрысы этникалық сана болуға тиіс. Тарау атауындағы «эпикалық дәстүр» жырлардың өмір сүру ортасына қатысты. Бұл тұста ноғайлы жырларының пайда болған кезеңінен бастап бізге жету ерекшеліктері қарастырылу керек. Дәстүрдің дамуы барысында үзілістер болды ма, жоқ па? Оның шеңберінде жеткен танымдық мәліметтердің өмір шындығына қатысы қандай? – деген мәселелер сөз болуға тиіс еді. Бірақ алғашқы тарауда олар қарастырылмаған. Автордың ноғай елін моңғолдардан таратуы қосымша дәлелдерді қажет ететін пайым.

Зерттеудің «Ноғайлы дәуіріндегі батырлық, қаһармандық жырлар» деп аталған екінші тарауының атауы да дүдәмал. Мұндағы «батырлық» пен «қаһармандық» синоним ұғымдар. Олар фольклортану ғылымында жеке-жеке қолданылып жүр. Бүгінде көне, қаһармандық, романдық, тарихи эпос ұғымдары орныққан болса, ноғайлы жырлары тұсында солардың бірін ғана қолдану жеткілікті болар еді.

Одан әрі автор ноғайлы жырларының поэтикалық ерекшеліктеріне тоқталған. Фольклортану ғылымында түрлі әдіснамалық арналардың болғаны белгілі. Оларды тарихи мектеп, поэтикалық таным, типологиялық тәсіл деп жіктеп, әрқайсысының ерекшеліктерін, бір-бірінен даралығын сөз етіп жатамыз. Танымдық мүмкіндіктерін де саралап келдік. Ноғайлы жырларының тарихилығын зерттеуге арналған еңбектің көлемінде оның поэтикалық ерекшеліктерін қарастырудың қандай қажеттілігі бар? Өзі шағын жұмыста әр проблеманың басын бір шалып өтумен мақсатқа жету қиын.

Зерттеудің үшінші тарауы «Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың зерттелуі» деп аталыпты. Басқаша айтқанда, бұл тақырыптың зерттелу деңгейін сараптау. Мұндай мәселе, әдетте, зерттеудің алғашқы тарауында қарастырылады. Зерттеудің мазмұнын былай қойғанда, оның жоспары мен тарауларының өзінен де осы секілді кемшіліктер байқалып отырады.

С. Сәкеновтің «Қырымның қырық батыры» циклына арналған зерттеуі, жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихи-типологиялық мәселелерді қарастырады. Автор жырлардың тарихи арқауын сөз етсе де, ондағы этникалық мәліметтерді сараптауды мақсат тұтпаған. Дегенмен ноғайлы циклын тұтас зерттеуге арналған еңбектердің бірі ретінде танылады.

Ноғайлы тақырыбына қалам тартқан Серікбол Қондыбай болса хандық дәуір әдебиетінің өкілдері – Асан Қайғы, Доспамбет жыраулардың тегін ноғай санайды. Қарақалпақ, көшпелі өзбек, қырғыз, түрікмен, тіпті башқұрттардың да ноғайлы мәдениетінен нәр алғанын жазады [15, 43-б.]. Осы негізде зерттеуші ноғайлы заманын төрт кезеңге жіктеген: біріншісі – 1340–1390 жж., екіншісі – 1560–1600 жж., үшіншісі – XVI–XVII, төртіншісі – XVII–XIX ғасырлар, яғни қайта қорыту кезеңі [15, 44–45-бб.].

Ноғайлы ұлысының қалыптасқан аймағын Маңғыстау мен Үстіртке әкеліп тіреген бұл пікірлердің анықтай түсетін тұстары баршылық.

Эпос – көпсалалы құбылыс. Соның бір тармағы – жырдағы этнографиялық мәліметтер. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап оның көркемдік жүйесін зерттеп келген болсақ, ендігі жерде ұлт тарихына қатысын зерделейтін кезең де туып отыр. Оның бір жағы қазақ-ноғай халықтарының тарихына да жарық сәуле түсіретін болса, оның кейбір әдіснамалық мәселелерін бұрын аздап та болса сөз еткен едік [16].

Ноғайлы жырларының «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» деп аталатын алғашқы циклдық топтамасы 8 жырды қамтиды. Олар: «Аңшыбай батыр», «Парпария батыр», «Құттықия батыр», «Ер Едіге», «Нұрадын батыр», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі» жырлары.

Осыншама тарихи тұлғаларды қамтыған жырда сақталған этникалық мәліметтер көп емес. Мұрын жырау тарих емес, аңыз қуады деген пікірді Ә. Қоңыратбаев ХХ ғасырдың алғашқы жартысында айтқан болатын. «Аңшыбай батыр» жырымен таныса отырып, осы пікірдің шындығына тағы бір көз жеткізген болдық. Жырдағы:

Руымды сұрасаң,

Дін мұсылман елі еді, -

деген жолдардан исламның әсері байқалса, батырдың шыққан тегіне келгенде жыр:

Тұқымымды сұрасаң,

Тоқсан баулы ноғайдың

Қырық таңбалы Қырымы,

Қырымның байтақ елі еді.

Менің атым - Аңшыбай,

Іздегенім сұрасаң –

Орақшы қалмақ қаласы, - дейді.

Ел арасына кең тараған классикалық эпос үлгілерінде тайпа атаулары автоэтнонимдік және аллоэтнонимдік арнада көрінеді. Қобыландының соғысатыны – қызылбастар, Алпамыстың шабысатыны – қалмақтар. Ал «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» деп аталған ноғайлы циклындағы этнонимдік атаулар өте ықшам: қалмақ, ноғай, үндіс. Мұндағы ноғай өз атауы болса, қалмақ – қазақтар қойған атау. Сонда «үндіс» сөзі жырға қалай түскен? Әр түрлі этникалық кезең мен географиялық аймақтарға тән қалмақ, ноғай, үндіс атаулары бір жырдың бойынан көрініс берген. Оны эпикалық дәстүр жемісі деуге де келеді. Жырда аталатын Ағырабад - үндіс елінің ханы, Шамақан мен Сәтемір – қалмақ. «Алпамыс» жырындағы қоңырат тайпасының этникалық жауы Тайша (Тайшық хан) болса, ноғайлы жырларында өзге қалмақтардың есімдері аталады. Демек ноғайлы жырларының қалыптасқан ортасы, қамтыған оқиғалары бөлек.

«Парпария» жырының аңыздық сипаты басым бола тұрып, онда қалмақ этнонимі кездесіп отырады. Жырда «үндістегі Парпария» деген тіркес жиі қайталаанады. Парпария Шамақан қалмақпен соғысып, ноғайлы елін азат етуге келеді. Жырдағы Парпария, Құттықия, Ақташы деген антропонимдердің табиғаты бұлдыр. Олар қазақ эпосының классикалық үлгілерінде кездесе бермейді. Ноғай елінің эпикалық жауы қалмақ болса да, жыр одан бұрын болған оқиғаларды баяндайтын сияқты.

Әрине, кеңес заманындағы типологиялық тәсілге салып, жырдағы Парпария, үндіс атауларын эпос айтушылары тарапынан қосылған санап, эпикалық дәстүрдің еншісіне бере салуға да болады. Бірақ онымен мәселе шешіліп, таным тереңдемесе керек. Ноғайлы дәуірінің жырларына «үндіс» атауы қайдан және қалай енді деген мәселені зерттеу алдағы күннің міндеті.

Ноғайлы жырларының арқауында эпикалық фонның жатқаны анық. Тоқтамыс хан, Едіге, Орақ, Мамайлардың барлығы да өмірде болған тарихи тұлғалар. Осы тізімге қазақ фольклорында кездесіп отыратын Мамай, Мұса хан, Алау батыр есімдері де қосылады. Ноғайлы жырларының генеалогиялық сипаты да айқын. Жыр үлгілеріне назар салар болсақ, Парпариядан Құттықия, Едігеден Нұрадын, оның немересі Мұса хан тарайды. Мамай – Аңшыбайдың немересі.

Шаппаз патша, Ағырабад есімдері шығыс дастандары болмаса, қазақтың классикалық эпосында кездесе бермейді. Олардың ноғайлы эпосына түсу себебі анықтауды қажет етеді. Сонда барып ноғайлы жырларының қамтыған оқиғалары айқындала түспек.

«Қарасай-Қази» жырында тың мәліметтер жоқ емес. Зерттеушілер жырдағы ноғайлы елінің шайқасын Қырым хандығына жіберіп, оқиғаны қалмақ емес, Қырым ханы Баһадүргереймен болған қақтығысқа жатқызады. Бұл, әрине, болжам. Оны анықтай түсу қажет. Ноғайлы жырлары хандық дәуір оқиғаларын қамтыса да, ондағы көптеген деректер әлі күнге зерттелмеген. Егер сол мәліметтердің тарихи арқауы анықталар болса, қазақ тарихының жаңа беттері, әсіресе Қырым хандығымен байланысы тереңірек ашыла түспек.

Ноғайлы жырларының жалпы көлемі ауқымды. Оның өзге салаларын арнайы зерттеу үшін көлемді монографиялық еңбек жазу керек болады. Біздің байқағанымыз, Мұрын жырлардың сюжеттік желісін баяндағанда проза мен поэзия элементтерін аралас қолданады. Жырлардың генеалогиялық сипаты үстем, оқиғалары әкеден балаға беріліп отырады. Солай бола тұрып ноғайлы жырларындағы этникалық мәліметтер солғын. Қазақ эпосы секілді бұл жырларда да ноғайлардың эпикалық жауы қалмақ болып отырады. Қазақ эпосындағы ноғайлардың бір атауы – маңғыт. Асан қайғы өзінің тегін осы маңғыт руынан таратады.

Ноғайлы жырлары тұсында мына мәселеге де назар аударған жөн. Бүгінгі кейбір ноғай ғалымдары ноғайлы дәуірінің эпикалық мұрасын өздерінікі санап, қазақтарға ортақтығын мойындағысы жоқ. Бірнеше ғалымдарымен пікірлесіп көрдік, бәрі де осы бағытты ұстанып, қазақ пен ноғай фольклорының ортақтығын жоққа шығарады. Ол аз болса қазақтар біздің жырларымыз бен жырауларымызды иеленіп алған деп, кәні артуға да бейім тұрады. Олар үшін Едіге – ноғай батыры.

Әрине, кеңес заманындағыдай ұлысаралық тыныштықты сақтау мақсатында бұл мәселені айналып өтуге де болар еді. Бірақ «Қырымның қырық батыры», «Едіге», «Қарасай-Қази» сияқты ноғайлы жырларына арналған диссертациялық еңбектер жазылып отырған кезеңде олардың шыққан тегі – генезисі туралы пікір сабақтаудың маңызы зор. Мәселе жазылған еңбектердің ғылыми деңгейінде ғана емес, қамтыған тақырыптардың, қолданылған зерттеу тәсілдерінің прогрестілігінде.

В.В. Трепавлов еңбегіндегі мәліметтерге көз салар болсақ, Алтынорданың ыдырау кезеңінде өмір сүрген Ноғай ордасы XVII ғасыр, яғни жоңғар шапқыншылығына дейін өмір сүруін тоқтатқан екен. Ақ ноғай, қара ноғай, сары ноғай деген бөліністер бізде бұрыннан сөз болып келеді. Ноғай ордасына маңғыт, қоңырат, ноғай, қыпшақ, башқұрт тайпалары енсе де, В.В. Трепавловтың көрсетуінше, ноғайлардың арғы тегі қыпшақтар. Қазақ халқы секілді ноғайларды да XVII ғасырдың алғашқы жартысында қалмақтар жаулап, жойып жіберуге қараған. Соның әсерінен олар халық ретінде қалыптаса алмаған. Бұл этноним Алтынорда ханы Ноғай есімімен байланысты болса да, Ноғай ұлысын құрған Едіге батыр болатын. Оның есімі қазақ пен ноғайға ортақ.

Алдағы кезде ноғайлы жырларында кездесетін ономастикалық атауларды тереңірек зерттеп, толып жатқан кісі, жер-су, тайпа атауларының табиғатын ашатын болсақ, ноғайлы жырларынан көрініс тапқан тарихи-этникалық оқиғалардың сырына қаныға түсетін боламыз. Ноғайлы жырлары бізге осы сипатымен қымбат. Олардың көркемдік жүйесі мен тұтастану ерекшеліктерін зерттеу өз алдына, қандай тарихи оқиғалар мен этникалық үдерістерді қамтығанын анықтау Алтынорда дәуірінің тарихына елеулі жаңалықтар қосары сөзсіз.

Ноғайлы жырлары – қазақ эпосының аз зерттелген саласы. Оларда көркемдік кестеден бөлек ұлт тарихының өткеніне анықтық енгізетін деректер басым. Бір ғана «Едіге» жырындағы Тоқтамыс ханның Москваны өртеуі кеңестік идеологияны шошытты. Бұл мәліметтер Карамзин жазбаларында болса да, коммунистік партия ноғайлы жырларын зерттеуге тиым салды.

Өткен ғасырдың орта тұсында М. Сенгірбековтен жазылып алынған ноғайлы жырларын біздің заманымызға эпикалық дәстүр аясында жетті деп айту қиын. Айтушылары өте аз. Бұл циклға енетін жырлардың ұшқындары Н. Кенжеғұлұлынан да жазылып алынғаны белгілі. Бірақ ол да эпикалық дәстүр өкілі – жырау емес, жазып шығарған ақын. Сол себепті

ноғайлы жырларының қандай эпикалық ортада өмір сүріп, қандай жыр мақамдарымен айтылғаны анықталмай келеді. Біздің пайымдауымызша, батыстағы жыр мақамдары болуға тиіс. Оны анықтай түсу қажет.

Эпикалық дәстүр бірер күнде қалыптасатын мәдени-музыкалық құбылыс емес. Ноғайлы эпосында аттары аталатын Едіге, Қарасай, Қазі, Орақ, Мамай сияқты көптеген батырлар, Қырым хандығы туралы деректер бұл жырлардың қай аймақтағы оқиғаларға құрылғанын байқатады. Ендігі жерде сол жырлардың музыкалық мақамын анықтап, оларды қайта жаңғыртудың да кезегі келіп отыр.

Қорытынды

Сонымен ноғайлы жырларының негізгі ерекшеліктері қайсы, маңыздылығы неде? – деген сауалдарды былайша түйіндеуге болар еді.

1. Ноғайлы жырлары генеалогиялық негіздегі тұтастану үдерісіне түскен эпикалық шығармалар. Аңшыбай мен Қарадөң батыр ұрпақтарына арналған жырлар циклы осыны байқатады.

2. Ноғайлы жырларында қазақ тарихы мен фольклорына есімдері белгісіз батырлар кездесіп отырады. Бірқатар тарихи тұлғалардың есімдері аталса да, олардың өмір сүрген дәуірі сараланбай, эпикалық дәстүр аясында берілген.

3. Ноғайлы жырларында кездесетін этнонимдік атаулар саны өте ықшам: ноғай, қалмақ, қызылбас, үндіс. Бірақ жыр оқиғалары этникалық тарих емес, генеалогиялық-сюжеттік дамуға құрылған.

Бүгінде ноғайлы жырларының тарихи-танымдық болмысын зерттеуге жол ашылды. Бірақ бұл бағытта жүйелі ғылыми ізденістер жүргізіліп келеді деп айту қиын. Осы кезге дейін арнайы зерттеулерге арқау болмаған, толып жатқан тың деректерді бойына жинақтаған ноғайлы циклына терең бойлау үшін бір ғана әдеби-фольклорлық ізденістер аздық етеді. Ол үшін этнография, этникалық тарих ғылымдарының әдіснамалық арналарын да игеру қажет болады. Сонда барып ноғайлы жырлары ұлт тарихына қызмет жасайтын болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пропп В.Я. Русский героический эпос. Вып. 1. – Ленинград: Изд-во Ленинградского университета, 1955. – 551 с.
2. Постановление ЦК ВКП(б) «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации» от 9 августа 1944 г. [Электронный ресурс]. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/446209-postanovlenie-tsk-vkp-b-o-sostoyanii-i-merah-uluchsheniya-massovo-politicheskoy-i-ideologicheskoy-raboty-v-tatarskoy-partiynoy-organizatsii-9-avgusta-1944-g> (дата обращения 11.08.2023)
3. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
4. Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
5. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1941. – 622 с.
6. Фольклор. Проблемы историзма. – М.: Наука, 1988. – 296 с.
7. Симбаева С. Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың тілдік ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 137 б.
8. Әзімханов А.Т. Ноғайлы дәуірі әдебиетіндегі этнологиялық сана және эпикалық дәстүр: магистр. дис. – Алматы: ҚазмемҚызПУ, 2019. – 85 б.
9. Сәкенов С. Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 152 б.
10. Трепавлов В.В. История ногайской орды. – М.: Квадрига, 2020. – 1040 с.
11. Сикалиев А.М. Ногайский героический эпос. – Черкесск: Карачаево-Черкесский ин-т гуманитарных исследований, 1994. – 326 с.

12. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л.: Наука, 1974. – 725 с.
13. Қоңыратбаев Ә. Ноғайлы жұрты кімдер? // Білім және еңбек. – 1985. – №1. – Б. 4–5.
14. Қоңыратбаев Ә. «Ноғайлы жыры» туралы // Жұлдыз. – 1985. – №9. – Б. 185–188.
15. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы: Арыс, 2008. – 416 б.
16. Kongyratbay T., Kongyratbay K. Hermeneutical aspects of Kazakh heroic epic study // Middle East Journal of Scientific Research. – 2013. – №18(9). – P. 1330–1334.

REFERENCES

1. Propp V.Ia. Russkiy geroicheskiy epos. Vyp. 1 [Russian heroic epic. Issue 1.]. – Leningrad: Izd-vo Leningradskogo universiteta, 1955. – 551 s. [in Russian]
2. Postanovlenie SK VKP(b) «O sostoianii i merah uluchshenia massovo-politicheskoi i ideologicheskoi raboty v Tatarskoi partiynoi organizacii» ot 9 avgusta 1944 g. [Resolution of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks “On the state and measures to improve the mass-political and ideological work in the Tatar party organization” dated August 9, 1944]. [Electronic resource]. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/446209-postanovlenie-tsk-vkp-b-o-sostoyanii-i-merah-uluchsheniya-massovo-politicheskoy-i-ideologicheskoy-raboty-v-tatarskoy-partiynoy-organizatsii-9-avgusta-1944-g> (date of access 08.11.2023) [in Russian]
3. Folklor shyndygy [Folklore reality]. – Almaty: Gylym, 1990. – 264 b. [in Kazakh]
4. Qazaq folklorynyn tarihiylygy [Historicity of Kazakh folklore]. – Almaty: Gylym, 1993. – 328 b. [in Kazakh]
5. Kozin S.A. Sokrovennoe skazanie. Mongolskaia hronika 1240 g. [A secret legend. Mongolian Chronicle of 1240]. – M.-L.: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1941. – 622 s. [in Russian]
6. Folklor. Problemy istorizma [Folklore. Historicism problems]. – M.: Nauka, 1988. – 296 s. [in Russian]
7. Simbaeva S. Nogaily dauirindegi jyrlardyn tildik erekshelikteri: fil. gyl. kand. ... dis. [Linguistic features of poems of the Nogai era: dis.]. – Almaty, 2007. – 137 b. [in Kazakh]
8. Azimhanov A.T. Nogaily dauiri adebietindegi etnologialyq sana jane epikalyq dastur: magistr. dis. [Ethnological consciousness and epic traditions in the literature of the Nogai era: Master's thesis]. – Almaty, 2019. – 85 b. [in Kazakh]
9. Sakenov S. Qazaq tarihi jyrlarynyn siujetteri: tarihiylygy men tipologiasy: fil. gyl. kand. ... dis. [Plots of Kazakh historical songs: historicity and typology: dis.]. – Almaty, 1998. – 152 b. [in Kazakh]
10. Trepavlov V.V. Istoria nogaiskoi ordy [History of the Nogai horde]. – M.: Kvadriga, 2020. – 1040 s. [in Russian]
11. Sikaliev A.M. Nogaiskiy geroicheskiy epos [Nogai heroic epic]. – Cherkessk: Karachaevo-Cherkesskiy in-t gumanitarnyh issledovaniy, 1994. – 326 s. [in Russian]
12. Jirmunskiy V.M. Tiurkskiy geroicheskiy epos [Turkic heroic epic]. – L.: Nauka, 1974. – 725 s. [in Russian]
13. Qonyratbaev A. Nogaily jurty kimder? [Who are the Nogai people?] // Bilim jane enbek. – 1985. – №1. – Б. 4–5. [in Kazakh]
14. Qonyratbaev A. “Nogaily jyry” turaly [About “Nogayly zhyry”] // Juldyz. – 1985. – №9. – Б. 185–188. [in Kazakh]
15. Qondybai S. Tolyq shygarmalar jinagy. 8-tom [Full collection of works. Volume 8]. – Almaty: Arys, 2008. – 416 b. [in Kazakh]
16. Kongyratbay T., Kongyratbay K. Hermeneutical aspects of Kazakh heroic epic study // Middle East Journal of Scientific Research. – 2013. – №18(9). – P. 1330–1334.

ӘОЖ 398; 801.8; 78.08:801.81; МҒТАР 17.71; 18.41.85
<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.144>Г.Н. ОМАРОВА 

өнертану докторы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ogulzada@mail.ru**БАҚСЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАГИЯЛЫҚ-ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОР ТАРИХИ-МӘДЕНИ
РЕТРОСПЕКЦИЯ ТҰРҒЫСЫНАН
(қобыз және бақсы сарындары бойынша)**

Аңдатпа. Мақала өзінің ұлттық сипатымен ерекшеленетін қазақ бақсылығын зерттеуге арналған. Бақсылық синкреттік құбылыс ретінде отандық этнографияда, дінтануда және фольклортануда ғана емес, сонымен бірге мәдениеттану, тарих, филология және өнертануда да үлкен қызығушылық тудырады. Музыкатанушылардың бұл мәселеге ерекше назар аударуы бақсы ойынындағы музыкалық-поэзиялық жанр (бақсы сарыны) мен ежелгі қос ішекті ысқылы қобыз (қылқобыз) аспабының маңызды рөлімен байланысты.

Қазақ фольклортану және этномузыка саласындағы қолда бар ғылыми деректер негізінде қазақ шаманизмін, магиялық-ғұрыптық фольклорды, бақсы сарындары мен қобыз аспабын одан әрі тарихи-мәдениеттану тұрғыдан зерттеу мәселелері өзектендіріледі. Қазақ шамандығын, бақсы ғұрпы мен сарындарын және оның музыкалық аспабын ретроспективтік зерттеуінде тарихи-мәдени және синхронды-диахронды зерттеу әдістері қолданылады. Мақала авторы мынадай қорытындыларға келеді: 1) бақсы өзінің синкреттік қызметінде және ойынында емшілік (медицина), магия (дін), поэзия мен музыканың функционалдық бірлігін көрсетеді; 2) бақсы типінің параллельдік эволюциялық (трансформациялық) жолына қарамастан, бақсылық қазақ мәдениетінде қоғамдық институт ретінде ХХ ғасырдың басына дейін өмір сүрді; 3) соңғысы дәстүрлі мәдениеттің басқа да факторларымен бірге көшпеліктің жүйе ретінде «кеңістіктік-хронологиялық сабақтастығын» (С. Ақатаев) және материалдық және рухани мәдениетінің негізін жаңғырту барысында циклдық даму түрін көрсетеді; 4) бақсының музыкалық-поэзиялық шығармашылығы фольклор мен ауызекі типтегі кәсіпқойлықтың шекаралығында жатыр. Бұл музыкатану үшін де, филология және тарих пен мәдени антропология үшін де маңызды, себебі қазақ бақсылығының, оны басқа туыстас түркі-моңғол мәдениеттеріндегі шаманизм элементтерімен салыстыру барысында кейбір маңызды айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: шаманизм, синкретизм, бақсы ойыны, бақсы сарындары, магиялық құрал, қобыз.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Омарова Г.Н. Бақсылық және магиялық-ғұрыптық фольклор тарихи-мәдени ретроспекция тұрғысынан (қобыз және бақсы сарындары бойынша) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 39–56. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.144>

***Cite us correctly:**

Omarova G.N. Baqsylyq jane magialyq-guryptyq folklor tarihi-madeni retrospekcia turgysynan (qobyz jane baqsy saryndary boynsha) [Kazakh Shamanism and Ritual-Magical Folklore in the Aspect of Historical Retrospection (Based on the Material of Kobyz and Saryns of Baksy)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 39–56. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.144>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.10.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

G.N. Omarova*Doctor of Art History**T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ogulzada@mail.ru***Kazakh Shamanism and Ritual-Magical Folklore in the Aspect of Historical Retrospection
(Based on the Material of Kobyz and Saryns of Baksy)**

Abstract. The article is devoted to the study of Kazakh shamanism *baksylyk*, which has very distinctive national features. *Baksylyk* as a syncretic phenomenon is of great interest not only in domestic ethnography, religious studies and folklore studies, but also in cultural studies, history, philology, art studies. The attention of musicologists to this problem is due to the role of the musical and poetic genre of *baksy's* singing (*saryn*) and the ancient 2-stringed bowed musical instrument *kobyz* (*kylkobyz*) in the shamanic's ritual (*baksy ojyny*).

Based on the available scientific data in the field of Kazakh folklore, ethnography and ethnomusicology, the issues of further study of Kazakh shamanism, ritual and magical folklore, *saryns* of *baksy* and *Kobyz* in historical and cultural perspective are actualized. Conclusions are drawn that: 1) the shaman in his syncretic activity and ritual demonstrates the functional unity of healing (medicine), magic (religion), poetry and music; 2) despite the parallel line of evolution (transformation) of the shaman-*baksy* type in the Kazakh culture, *baksylyk* as a public institution existed until the beginning of the twentieth century; 3) the latter, along with other factors of traditional culture, testifies to the "spatial-chronological continuity" (S. Akataev) and the cyclical type of development of nomadism as a system that reproduces the foundations of its material and spiritual culture throughout history; 4) *baksy's* musical and poetic work is on the borderline of folklore and oral professionalism. This is important for musicology and for philology, history and cultural anthropology, because it allows us to identify some significant differences between Kazakh shamanism in comparison with elements of shamanism in other related Turkic-Mongolian cultures.

Keywords: shamanism, syncretism, shamanic ritual (*baksy ojyny*), *saryns* (singing) of *baksy*, magic tool, *kobyz*.

Г.Н. Омарова*доктор искусствоведения**Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова
(Казakhstan, Алматы қ.), e-mail: ogulzada@mail.ru***Казахский шаманизм и ритуально-магический фольклор в аспекте исторической ретроспекции (на материале кобыза и сарынов баксы)**

Аннотация. Статья посвящена изучению казахского шаманства *бақсылық*, имеющего весьма самобытные национальные черты. *Бақсылық* как синкретическое явление вызывает огромный интерес не только в отечественной этнографии, религиоведении и фольклористике, но и культурологии, истории, филологии, искусствоведении. Внимание музыковедов к этой проблеме обусловлено ролью музыкально-поэтического жанра *бақсы сарыны* и древнего 2-струнного смычкового музыкального инструмента *қобыз* (*қылқобыз*) в шаманском камлании *бақсы ойыны*. На основе имеющихся научных данных в области казахской фольклористики, этнографии и этномузыкологии актуализируются вопросы дальнейшего изучения казахского шаманства, ритуально-магического фольклора, сарынов баксы и кобыза в историко-культурологическом ракурсе. Делаются выводы о том, что: 1) шаман в своей синкретической деятельности и камлании демонстрирует функциональное единство целительства (медицины), магии (религии), поэзии и музыки; 2) несмотря на

параллельную линию эволюции (трансформации) типа шамана-баксы в казахской культуре баксылык как общественный институт просуществовал до начала XX в.; 3) последнее наряду с другими факторами традиционной культуры свидетельствует о «пространственно-хронологической преемственности» (С. Акатаев) и циклическом типе развития кочевничества как системы, воспроизводящей на протяжении истории основы своей материальной и духовной культуры; 4) музыкально-поэтическое творчество баксы находится на пограничье фольклора и профессионализма устного типа. Это важно как для музыковедения, так и для филологии, истории и культурной антропологии, так как позволяет выделить некоторые существенные отличия казахского шаманизма в сравнении его с элементами шаманизма в других родственных тюрко-монгольских культурах.

Ключевые слова: шаманизм, синкретизм, шаманский ритуал (*бақсы ойнауы*), сарыны баксы, магическое орудие, кобыз.

Кіріспе

Қазақтың тұңғыш ғалымы, көрнекті ағартушысы Ш. Уәлиханов өз халқының тарихы мен өнерін зерделей отырып, бірқатар еңбектерінде қазақ даласында болған шаман-бақсылардың қасиеті мен ғұрыптық қызметіне ерекше көңіл бөлді [1, 154–196-бб.]. Сонымен бірге, ол бақсылар ұлттық мәдениеттің маңызды қайраткерлері екенін және оның ежелгі дәстүрінің символы қобыз аспабы екенін айтады. Бұл музыкалық аспаптың бақсылықпен байланысты ежелгі магиялық-ғұрыптық қызметі қазақ даласында XX ғасырға дейін сақталып, кейіннен күйшілік өнерінің бір тармағына, яғни ұлттық кәсіби музыка өнерінің маңызды саласына айналуы – ерекше мәдени феномен. Бұл феноменнің мәнін тереңірек ашу үшін қазақ қобызы Орталық Азия халықтарының көне музыка аспаптарының бірі болып өзінің магиялық құрал ретіндегі бастапқы функционалдық маңызын жоғалтпағанын, сонымен қатар уақыт өте келе дамып, жеке музыкалық (аспаптық) дәстүрдің негізіне айналғанын және музыкалық-поэзиялық (эпикалық) өнердің маңызды элементі (сүйемелдеу аспап) болғанын ескеру қажет.

Демек, қазіргі қазақ мәдениетінде қобыз (домбыра және сыбызғымен қатар) – ұлттық кәсіби аспап, себебі бұл аспапты қазақ музыкалық дәстүрінің кәсіби алып жүрушілері – жыраулар мен күйшілер қолданған. Олардың генезисі (шығу тегі) діни-табынушылық қызметімен, әскери, одан да көне, өндірістік (аңшылық) магия және бақсылықпен байланыста болғаны біз үшін өте маңызды фактор. Мысалы, бақсылар мен жыраулар қобыз аспабын магиялық құрал ретінде пайдаланғанын және сол арқылы транс күйге түсіп, аруақтармен байланыс орнатқанын көптеген куәгерлер мен сенімді жазбалар растайды. Демек, XIX ғасырдың өзінде-ақ шынайы, ұлы бақсылардың ойыны, Ш. Уәлихановтың жазуынша, «сарын мен қобыз күйінің сүйемелдеуімен өтетін» [1, 158-б.] маңызды рәсімдердің бірі болған. Осы XVIII–XIX ғғ. дейін қобыз аспабын жыраулар да қолданғаны (оның аудио жазбалары сақталмаса да) және осы салалардан ғасырлар бойы күй өнері де қалыптасқаны мәлім.

Мақаламызда тарихи ретроспективаның шеңберінде қазақтың бақсылығы көне замандардан бастау алып, біздің заманымызға дейін қандай жағдайда жеткенін талқылаумен бірге осымен тығыз байланыста тұрған қобыз аспабы және оны белгілі бір тарихи-мәдени контекстінде қолданылған музыкалық, музыкалық-поэзиялық дәстүрлерінің кейбір қырларын, мәртебесін анықтауға тырыстық. Бұл ретте бізді қазақ бақсылығын зерттеудің тікелей *тарихи-мәдени аспектісі* және бақсылықтың дәстүрлі мәдениет пен өнердің басқа да (сабақтас), оның ішінде, қобыз сияқты киелі музыкалық аспап қолданылатын салаларымен өзара байланыстары қызықтырады. Сонымен, шаманизмдегі музыканың рөліне байланысты қазіргі заманауи әлемдік ғылыми бағыттардың ішінде, атап айтқанда, музыкалық-

этнографиялық, музыкалық-теориялық, музыкалық-антропологиялық, музыкалық-психологиялық және т.б., біз үшін *музыкалық-тарихи* бағыт ең маңызды және ол шаманизмді зерттеу барысында салыстырмалы түрде жаңа болып табылады.

Мәселенің түбінде «Қазақтың қобызымен байланысты музыкалық дәстүріндегі *бақсы (абыз)→жырау→күйші→қобызшы* (қазіргі заман тұлғасы) деген сабақтастық-мұрагерлік желісі, дәл сол тарихи тұрғыда, осындай *сызықтық*, яғни, бір өлшемді (тікелей) ме, жоқ, *циклдық*, көп өлшемді (шеңберлік) ме?» деген сұрақ жатыр. Бір мақаланың көлемінде бұл сұраққа түбегейлі жауап беру мүмкін емес. Сондықтан біз қазақ мәдениетінде музыка синкреттік тұтастықтың бір бөлігі екенін ескеріп, бақсы тұлғасы мен оның түрлі кезеңдердегі қоғамдық қызметінің (шығармашылығының) фольклорлық немесе кәсіби саланың қайсысына тиісті екенін анықтауды мақсат тұттық. Бұл музыкатану үшін де, тарих пен мәдени антропология үшін де белгілі бір қызығушылық тудырады, өйткені қазақ ғұрыптық фольклоры мен өнері, жалпы қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ерекше қасиеттерін, оның (басқа туыстас түркі, түркі-моңғол елдерінің мәдениеттерімен салыстыру барысында) кейбір маңызды айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Бақсылық әдебиетте, фольклортану және музыкатануда қобыз белгілі бір деңгейде зерттелгенімен, оның магиялық құрал ретіндегі қызметі ғылыми тұрғыдан әлі толыққанды қарастырылған жоқ.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Қазақ мәдениетіндегі бақсылық сияқты көп қырлы құбылысын зерттеуге арналған материалдар – ол, біріншіден, революцияға дейін шыққан ғылыми-этнографиялық әдебиеттерінде суреттелген бақсының ем сеанстарының көптеген айғақтары (А. Алекторов, И. Георги, А. Диваев, И. Кастанье, Х. Кустанаев, А. Левшин, В. Радлов, П. Паллас, Ш. Уәлиханов И. Чеканинский, А. Янушкевич, М. Ястребов, т.б.). Олар кеңестік және қазақстандық фольклортану мен этнографияда (этнологияда) арнайы зерттеу пәні болғандықтан, біз қазақ шаманизмін ең алдымен қазақ [1] және қазақстандық ғалымдар Е. Тұрсынов [2–4; 6], Б. Абылқасымов [5], сондай-ақ, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының шаманизмін зерттеген ресейлік ғалымдардың, атап айтқанда, В.Н. Басиловтың [7–9] еңбектеріндегі зерттеу нәтижелерін пайдаландық.

Мақаланың зерттеу пәні бақсылық (бақсы сарындары мен олардың музыкалық аспабы) және магиялық-ғұрыптық фольклоры болғандықтан, біз қазақстандық этномузыкатанушылардың да еңбектеріне, атап айтқанда, С. Елеманованың «Казакское традиционное песенное искусство» кітабының бақсы сарындарына арналған бір тармағына сүйендік [10, 17–35-бб.]. Бұған дейін қазақ қобыз дәстүрін зерттеуімізде [11; 12] біз қобыз туралы жоғарыда аталған бірқатар мұрағаттық материалдарын (Уәлиханов, Чеканинский, Диваев, Кастанье және т.б.), сондай-ақ қазақ аспаптану (Б. Сарыбаев) және музыкалық фольклор саласындағы зерттеулерді (А. Жұбановтың, Б. Ерзаковичтың, А. Мұхамбетованың және т.б.) ұсынғанбыз. Сондықтан бұл жерде біз қобыз музыкасы мен қазақ дәстүрлі музыкасының мәдени-тарихи контексті аясындағы өзіміздің кейінгі жылдардағы ғылыми ізденістерімізге сүйене отырып [13], қазақ музыкасы мен фольклорын, оның ішінде магиялық-ғұрыптық жанларын, кешенді түрде зерттеуіне байланысты кейбір мәселелерді әрі қарай қарастыруды көздедік.

Бүкіл халықтардың этно-музыкалық мәдениеттерін, оның ішінде, фольклор мен ауызекі-кәсіби музыканы тану және зерттеу жолында әлемдік этномузыка ғылымында ХХ ғ. ортасында негізгі және ең конструктивті әдістерінің бірі ретінде *кешенді-жүйелік* (комплексно-системный) әдіс қалыптасқаны мәлім (М. Шнайдер, Б. Неттл, А. Мерриам, А. Чекановска, Ю. Эльснер, Е. Гиппиус, К. Квитка, И. Земцовский, И. Мациевский және т.б.). Айталық, бұл әдіс бірқатар гуманитарлық және халықтану пәндерінің (тарих, мәдениеттану, этнография, дінтану, фольклортану және т.б.) әдіснамасын қамтығанына

қарай отандық музыкатануында қазақтың дәстүрлі музыкасының көптеген қасиеттерін айқындауға мүмкіндік берді.

Қазақ шаманизмін, бақсы ғұрыпы мен сарындарын және оның музыкалық аспабын ретроспективтік зерттеуде біз жоғарыда аталған ғылымдар үшін ортақ *тарихи-мәдени* және *синхронды-диахронды* зерттеу әдістерін қолданамыз. Мәселен, тарихи-генетикалық және тарихи-хронологиялық тәсілдер бақсылықтың өзін де, бақсы мен жырау (қазақ мәдениетінің шамандық және эпикалық бұтағының жасаушы типтері ретінде) пайда болу, даму мәселелерін және осы эволюция жолындағы кейбір маңызды кезеңдерді анықтауға мүмкіндік берді; дәл осы тәсілдер көшпенді қазақ қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тұрақтылығы мен кеңістік-хронологиялық сабақтастығын зерттеу үшін де өте қолайлы.

Синхронды зерттеу әдісі қазақ фольклорының үлгілерін талдауында негізгі әдіс ретінде өте маңызды, өйткені бұл әдісті қолдану барысында біріншіден ауызекі музыканың түпкі қасиеттері (оның тұрақтылығы, типтігі және формулалығы) есепке алынады. Сонымен бірге біз тарихи-диахрондық әдісін де пайдалануға тырыстық, себебі негізінен XIX және XX ғасырдың басына дейін жеткен ауызекі-музыкалық, яғни фольклор мен кәсіби музыкалық жанрлар үлгілерін қазіргі заманғы құрылымдық зерттеуіне қарамастан, осы екі қабаттың кейбір тұрақталған құрылымдық қасиеттері бойынша тарихи және, кеңірек алғанда, этнологиялық пәндердің белгілі бір тұжырымдарын да тексеруге немесе салыстырып қарауға болады.

Б. Абылқасымов өз еңбегінде қолданған құрылымдық талдау (структурный анализ) және қайта құру (реконструкция) әдістері де қазақ бақсыларының ғұрыпын зерттеуде өте нәтижелі болғанын көреміз [5, 90–165–бб.]. Жұмыста бақсы ойынының қалпына келтіру нәтижелері пайдаланылды. Құрылымдық талдау мен қалпына келтіру әдістерін бақсы сарындарының музыкалық-поэзиялық ерекшеліктерін зерттеуде пайдалануға болады.

Талдау мен нәтижелер


Қазақ бақсылығы, музыка саласындағы магиялық-ғұрыптық фольклор мен бақсы сарындары туралы айтпастан бұрын Қазақстандағы филологиялық фольклортану және музыкатану ғылымдарында фольклор мен өнерді анықтауында айтарлықтай айырмашылық бар екенін ескертуіміз керек. Біріншіден, Кеңес Одағы әдебиеттануында фольклордың *ауызекілігі* (устность) оның ажырамас қасиеті ретінде жазба дәстүрдің алдында болған бүкіл әдеби шығармашылығының да басты белгісі, атрибутты сапасы болып табылатынын айту керек (К.В. Чистов, В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, т.б. еңбектерін қараңыз). Сондықтан, егер ғұрып шеңберіндегі ауызша (ауызекі) үлгілер қазақ филология фольклортануында *ғұрыптық* фольклорға жатса [5; 14], онда ән-өлең (лирикалық жанр), эпикалық (жыр-дастандар) және ақын-жырау поэзиясының ауызша-поэзиялық үлгілері мен айтыс жанры сөз (әдеби) фольклорының жанрлық құрамында *көркем* фольклорға жататыны мәлім [4; 14]. Музыкатану ғылымында (тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Шығыста) өткен ғасырдың 1980-жылдарында шығыс халықтарының музыкасына тән ауызекі дәстүрлердің кәсібилігі мойындалып, оларды түсіну процесі қарқын алды. Осы кезеңде фольклорлық және кәсіби музыкалық жанрлар бір-бірінен ажыратылып, жүйеленді, әр мәдениетте бұл жанрларға тиісті анықтамалар берілді (бұл мәселе төменде толығырақ қарастырылады).

Екіншіден, музыкалық фольклордың не екені (оның шығу тегі мен бағдарлары) туралы тағы бір әдіснамалық маңызды алғышарт Еуразияның отырықшы және көшпелі халықтарының мәдениеттеріндегі күнтізбелік циклдардың функционалдық айырмашылығымен байланысты. Сондықтан дәстүрлі музыкадағы шығармашылықтың кәсіби және фольклорлық түрлеріне бөлудің өзі қазақ музыкатануында «шығыс», яғни 12 жылдық жануар

күнтізбесін тереңірек зерттеуді көздеді¹. Нәтижесінде күнтізбелердің айырмашылықтары Уақыттың әртүрлі циклдерін (отырықшылар жылдық Күн циклі, ал көшпелілер 12 жылдық Күн-Юпитер циклі) өлшейтін шаруашылық қызметіне сай ғұрыптық практика мен фольклор жүйелерінде де әр түрлі көрініс тапқаны белгіленді. Ал сонымен бірге неліктен қазақтың фольклорлық жанрлар жүйесінде *өмірлік циклдің ғұрыптары* (бұл ғұрыптар көшпенділердің табиғи-ғарыштық ырғақтарымен және тіршілік әрекеттерімен бірлікте болған 12-жылдық мүшелдер тізбегімен байланысты) басты орын алатыны анықталды.

XX ғасырға дейін *мүшел* деп аталған көшпенді түркілердің күнтізбесінің өмірлік циклын құрайтын өмірге келу, үйлену және жерлеу рәсімдері Қазақстанның барлық аймақтарында жүйелі түрде рәсімделіп [16; 17], оның аясында ондаған мың фольклорлық үлгілерінің болғаны анық. Бұл көшпелі қоғамдағы фольклор «халық шығармашылығы» («қара халық» таптың шығармашылығы) емес, *ғұрыптық практика мен тұрмыс аясындағы бүкіл халықтың ұжымдық, қолданбалы көркем шығармашылығы* ретінде бүгінгі күнге дейін елеулі өзгеріссіз жеткен *мәдениеттің синхронды қабаты* деген ойымызды тағы да растайды [12, 121–124-бб.].

Біздің зерттеуіміз бойынша қазақ музыкалық фольклорының жіктелуін келесі сызба арқылы көрсетуге болады (1-сызба):



1-сызба – Қазақ музыкалық фольклорының құрылымы

¹ Бұл күнтізбе шын мәнінде Орталық Азияның ежелгі көшпелі тайпаларының ортасында пайда болғаны және толық негізде *тәңірлік* күнтізбе деп атауға болатыны анықталды [15].

Бұл классификациядан ғұрыптық практика тек отбасылық (өмірлік цикл) рәсімдерімен шектелмегенін көруге болады. Яғни, көшпелі қоғамдарда отбасылық рәсімдермен бірге тым көне дәуірлерден бастау алған магиялық-ғұрыптық рәсімдердің де рөлі өте маңызды екенін айтуымыз керек. Оның орасан зор маңыздылығы қазақ дәстүрлердің көпшілігі магия (сол сияқты, құдіретті поэзия мен музыка) әрекеттерімен қамтылғанында ғана емес. Фольклор мен өнердегі барлық жүйелік байланыстардың терең бастаулары, сондай-ақ қазақ мәдениетіндегі болмыстық және қасиетті (сакральдық) салалардың синкретизмі мен таңғажайып бірлігінің тамыры да дәл осы магиялық-ғұрыптық тәжірибеде жатыр.

Қазақ халқында әжептеуір сақталған фольклор қабаты *ежелгі сенім-нанымдардың* тарихи ретроспективасын ашатын көлемді көрінісін беретіні сөзсіз. Олардың қайта қалпына келтірілген ең алғашқы формалары Орталық Азия аумағындағы археологиялық қазбалар, ежелгі қорымдар, петроглифтер және түркі-моңғол, оның ішінде, қазақ халқы фольклорының ең архаикалық қабаттары [3; 4; 5; 16; 17; 18 және т.б.] бойынша палеолит, неолит және қола дәуіріне жатады. Тас дәуірінің культтері (Орталық Азияда бұл шаманизмге дейінгі культтер), ғалымдардың бірауызды пікірінше, табиғаттың жаратылыс күшіне, табиғи элементтер мен нысандарына табынумен байланысты. Күн мен отқа табыну, жердегі барлық табиғи заттарды қастерлеумен бірге адам өзін қоршаған әлемнен әлі бөлмейді (оқшауланбайды), өзін жанды табиғаттың ажырамас бөлігі деп санайды.

Ол замандағы белгілі жайт, барлық табиғи объектілер мен стихиялар жанды деген наным (анимизм) рухтар мен «жергілік иелерге» сенімді туғызды, олардың құрметіне құрбандықтар шалынып, магиялық рәсімдер жасалды. Мұнда рухтардың, табиғи күштер мен объектілерге табыну, оларды өзіне тарту, көңілдерінен шығу мақсатымен дыбыс, сөз арбаулары, белгілі бір ұжымдық ғұрыптық ым-қимылдар, дыбыстық бейнелеу мен музыкалық «арнаулар» сияқты әрекеттердің қалыптасуы өте маңызды рөл атқарды. Қазақ мәдениетінде ең көне салттар мен ғұрыптар (мысалы, жел шақыру, күн жайлату, тасаттық және т.б.) және солармен байланысты фольклорлық дәстүрлі жанрларының сақталуына біраз этнографиялық, фольклортану әдебиеттер арналған және олардың қатарына кейбір этномузыкатанудағы еңбектерді де жатқызуға болады [19–21].

Фольклорлық жанрлардың музыкалық классификациясында Магиялық-ғұрыптық жанрлар бөлімінде табиғи күштерге, зиянкес жындарға магиялық әсер етумен айтылатын арбау, бәдік (күләпсан) жанрлары тек поэзиялық емес, музыкалық-мәтінді үлгілер жөнінде және олардың осы заманға дейін сақталуын баяндаймыз. Сонымен қатар, бұл жерде бақсылар өз көмекші (жын) және табиғи күштердің, пір, әруақ, иелер мен жаратушы рухтарын магиялық шақыру рәсіміндегі бақсы сарындары (бақсы арбаулары, жын шақыру өлеңдері) көрсетілген. Алайда, бұл «шығармашылықтың» қалыптасу бастамасы, Е. Тұрсыновтың зерттеуі бойынша энеолит пен қола дәуірінің басына жатады [3], ал оның алдында (неолит дәуірінде) үлкен тарихи кезең бойы маңызды өзгерістер болды (жануарларды қолға үйрету, ру кеңістігін ұлғайту, иеленуші экономикадан өнімді экономикаға көшу және т.б.).

Адамның табиғи әлемнен бөлінуі және өзін-өзі сезе бастаған «саналы» адам өзін жасырын О’дүние күштерінен ажыратуы қарама-қарсы принциптерді байланыстыру қажеттілігін тудырған дуалистік идеялардың қалыптасуына әкелді. Осылайша, адамдар әлемі мен тылсым күштер әлемін байланыстырып және олардың арасындағы қатынастарды реттей отырып, ұжымдық рәсімдерді басқаратын дарынды тұлғалар – ғұрыптық (ырым) дәнекершілер [3, 32–41-бб.] пайда болады. Бұл ретте олар табиғат әлемі мен адам әлемі әлі де ажырамас тұтастықты құрайтын ғаламның біртұтас жүйесінен шықпай, басқа әлемнің өкілдеріне тікелей жүгінді.

Ғұрыптық дәнекершілер институтынан әрі қарай, таптық дәуірінде, магиялық рәсімдер саласындағы ең көне мамандардың бір түрі ретінде шаман-бақсы қалыптасады. Осы кезеңде

мифологиялық көзқарастар қалыптасу барысында адам ғарышты үш деңгейлі түрде түйсінеді. Қола дәуіріндегі бақсы Әлемдік ағаш (Бәйтерек) құрылымындағы үш әлемнің арасындағы дәнекерші (медиум) және «әлемнің екілік тұтастығының алғашқы идеясы шаманизмде айтарлықтай өзгеріске ұшырап, ғаламның үштік бірлігі идеясына айналады» [4, 33-б.]. Сондықтан бақсы Өзге (О' дүние) әлемнің өкіліне тікелей, бір арада орналасқан және тең құқықты жан ретінде жүгінбейді (мысалы, дәнекерші сияқты): орта әлем кеңістігінен шығып, басқа автономды әлемдерге (жоғарғы, төменгі) саяхат жасау үшін ол рухтар (жындар) көмегіне жүгінеді. Бақсы (абыз²) іс-әрекеті жаңа үлгімен сипатталады, яғни «сөз бен арбау магиялық мәнге ие болады; ұрпақтан ұрпаққа арнайы кәсіби тіл, сарындар мен формулалар таратылады»/ «магическую роль играют слова и заклинания; передаются через поколения специальный профессиональный язык, песнопения и формулы» [22, 36-б.].

Шамамен сол дәуірде (қола, ерте көшпенділер дәуірі), жиі әскери қақтығыстарда, соғыс тұрақты кәсіпке айналған кезде, қайтыс болған адамдардың ата-бабалары (аруақтары) рухтарына деген сенім, оларға табынушылық, яғни аруақтар культі де пайда болады. Бұл культ³, ең алдымен, жауынгерлер ортасында пайда болды: шабуыл кезінде, сыни әскери жағдайларда, бір үлкен патриархалдық отбасына жататын жауынгерлер өзінің даңқты батыр, әскери қолбасшы болған ата-бабалар рухын көмекке шақыруымен әскери ата-бабалар аруақтарына табыну, сиыну осылай пайда болды [3, 236–240-бб.]. Аруақтар культі, анимизм мен тотемизм сияқты қазақ бақсылығына да табиғи түрде енді: бақсылар өз ойнауында Пір ретінде Қорқытты және сонымен бірге бақсы болған ата-бабаларының рухтарын, ал кейінірек ислам (сопы) әулиелердің рухтарын шақырғаны мәлім [6; 9].

Егер ата-баба аруақтарына табынудан (ас кезіндегі қайтыс болған батырдың рухын мадақтау) және тарихи ән-өлеңдерден кейін батырлық эпос пайда болса [4, 116–124-бб.], онда аспаптық күй жанры әу баста аңыз-күй жанрынан қалыптасты. Бұл түркі-моңғол көшпенділерінің көптеген архетиптері мен мәдени кодтарын сақтаған және көбінесе әдеби-вербалдық мәтінімен бірге музыкалық негізі бар жанр. Көне аңыздар мен аңыз күйлердің мазмұны тотемдік жануарлар мен құстарға табынумен, музыканың табиғи күштерге, жануарлар мен адамдарға магиялық әсеріменен, сондай-ақ өмір мен өлім туралы ежелгі дүниетанымдық көзқарастарын бейнелейтін *жоқтау* дәстүрімен тығыз байланысты [13, 98–106-бб.]. Қазақ музыкалық фольклорын жіктеуінде аспаптық фольклор (яғни халық күйлері), ән-өлең фольклормен бірге Тұрмыстық фольклорға жатқызылған, өйткені уақыт өте келе жанрлардың ғұрыптық-магиялық немесе мифологиялық және сакральдық мәні табиғи түрде жоғалып, бұлар бара-бара көркем фольклорға айналған.

Сонымен, біз фольклор мен өнердегі көптеген жүйелік байланыстардың бастаулары ежелгі магиялық-ғұрыптық тәжірибеде жатқанын көрсету мақсатында қазақ бақсылығының пайда болуы мен дамуының кейбір маңызды тұстарын аштық. Бұл тәжірибе, дәл айтқанда, бұрынғы замандарда қалыптасқан кейбір магиялық ғұрыптар қазақ дәстүрлі мәдениетінде ХХ ғасырға дейін сақталған. Осы ғұрыптардың ішіндегі поэзия мен музыканың синкреттік бірлігінде болған және ғасырлар бойы сақталған жанрларын зерделеу барысында қазақ музыкатануында музыкалық фольклордың тиісті жіктемесі туындалды. Осылайша, музыкада «занды түрде «ұсынылатын» (преподносимый) жанрлар (негізінен тыңдауға арналған

² Рулық қоғамда бақсы мен абыз (тайпа басшысы, данагөй ру отағасы) міндеттері бір қолда болуы кең тараған құбылыс болса керек. Бұл синкреттік қоғамдастықтық қызмет кейінгі, сақ тайпаларында да сақталынған: «во главе союзов сакских племен стояли вожди, которые являлись одновременно военачальниками, судьями и ведали отправлением культовых обрядов»/«...сақ тайпаларының одақтарын басқарған көсемдер, сонымен бір мезгілде, әскербасылары, билер болғаны және табынушылық рәсім-ғұрыптарын да атқарғаны белгілі» [23, 43–44-бб.].

³ Аруақтар культі қазақтардың жерлеу-еске алу рәсімінде ерекше айқын көрініс тауып, әлі күнге дейін сақталуда [18].

музыка, мұнда орындаушы мен тыңдаушы дараланған) және «әдет-жоралғы» (обиходный) жанрлар (мұнда орындаушы мен тыңдаушы бір тұлғалы, яғни дараланбаған – Г. Бесселер) деген жіктеу бар»⁴ [10, 5-б.]. Фольклорлық жанрлары (кестені қараңыз) өз кезегінде екі үлкен топқа бөлінеді – 1) Ғұрыптық фольклор (әдет-жоралғы қолданбалы жанрлар, яғни ғұрыпқа «орайластырылған») және 2) Тұрмыстық фольклор (әдет-жоралғы қолданбалы емес жанрлар, яғни ғұрыпқа «орайластырылмаған»).

Қазақтың ауызекі дәстүрінің кәсіби музыкалық өнерін⁵ авторлық ән-күй-жыр өнері деп анықтауға дұрыс [12, 396–402-бб.]. Бұл ретте біз этномузикадануда кең таралған «халықтық-кәсіби өнер» («народно-профессиональное искусство») термині көбінесе отырықшы халықтарының екі қатты дәстүрлі мәдениеттеріне сай деп ойлаймыз:

шаруа фольклоры → халықтық-кәсіби өнер
↓
қалалық фольклор → кәсіби өнер (мысалы, макамат)

Көшпелі мәдениеттер, дәл айтқанда, қазақ музыкасы үшін бұл анықтаманың (халықтық-кәсіби өнер) мәнділігі шамалы, өйткені бұл жерде кәсіпқойлық та фольклор сияқты «бәріне ортақ» және «бүкілхалықтық» болып келеді, яғни бұл екі сала таптық-элеуметтік (сонымен бірге экономикалық) стратификациясынан тыс тұратыны анық [12, 398-б.]. Сондықтан, жоғарыда атап өткендей, көшпелі қазақ қоғамындағы фольклор – әйтеуір бір «халық шығармашылығы» емес. Бұл, кәсіби музыкалық дәстүрлердің табиғи көзі болғанымен –

фольклор → кәсіби өнер (ән-күй-жыр)

– осы дәстүрлермен қатар мәдениеттің *синхронды* қабаты болып, көп өзгерістерге ұшырамай біздің заманымызға дейін жеткен бұқаралық шығармашылық. Осы маңызды теориялық ұстанымды ескере отырып, біз енді бақсы мен қобыздың (бақсы ойынының атрибуты ретінде) дәстүрлі мәдениеттегі орнын тарихи шолу ретінде нақты қарастырамыз.

Қазақ музыкадануында бақсы сарындарының үлгілері алғаш рет 30–60 ж.ж. нотаға түсірілгеніне [24–26] және сол кеңес дәуірінің фольклорлық экспедициялары бойынша олар тиісті жинақтарда [27] ұсынылғанына қарамастан, бұл жанрды қазақ ән өнері контекстінде арнайы зерттеу әрекеттері тек ХХ–ХХІ ғ.ғ. тоғысында ғана істелді⁶ [10, 17–35-бб.]. С. Елеманова өз кітабының кіріспесінде, біріншіден, қазақ музыкалық фольклорының жанрлық классификациясының жағдайын талдай отырып, алғаш рет (өте қысқа және жүйесіз болса да) жанрлардың ғұрыптық және тұрмыстық болып негізгі бөлінуін баяндады [10, 9-б.].

Екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, осы басылымда «Бақсы ән-өлеңдері (шамандық ритуал музыкасы)» бөлімінде автор алғаш рет қазақ музыкадануында бақсылық құбылысы және оның тек музыка өнері ғана емес, жалпы қазақтардың дәстүрлі мәдениеті үшін маңызы азды-көпті толық қамтылған. Мәселен, ғалым зерттеудің кіріспе бөлімінде былай дейді:

⁴ Мақалада С. Елеманованың орысша жазылған мәтіндері біздің аударуымызда берілді (дәйексөздердің көлемі оларды екі тілде келтіруін қиындата түседі).

«Әдеби туындының көркемдік-идеялық қуаты жазушының шығармашылық ойлау дәрежесімен, өрелі дүниетаным және суреткерлік шеберлікпен тығыз байланысты» [7, 141-б.], – деп көрсетілгендей, қазақ-қырғыз әдебиетінде де өзіндік орны бар Шыңғыс Айтматов шығармашылығында ана тақырыбының орны тіптен бөлек. Қандай кейіпкерін алып қарасақ та, қарапайым шаруа немесе ауыл адамы болып бейнеленгенімен, оның тұла бойында тұнып жатқан адами қасиеттер мен биік парасат бүкіл адамзат баласының жүрегіне ізгілік нұрын сеуіп тұр. Қарапайым ғана сонау ауылдың түкпірінде өмір сүрген кейіпкерлерінің бойындағы адамгершілік қасиетті шынайы да терең ашып көрсету әр жазушының қолынан келе бермейді. Ал ана образын суреттеуге келгенде кемеңгер жазушының қиялында шек жоқ. Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет», «Жанпида», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» сияқты туындыларында аналар бейнесі жарқырай көрінеді. Жазушы бұл туындыларында ана бейнесін күллі адамзатты көтеріп тұрған Жер-Ана, ұрпағы үшін жанын пида еткен Аққұртқа (Плаха) және аңшылардың киелі қорғаушысы «Балық-әйел» арқылы суреттейді.

Жалпы көркем әдебиеттегі әйел бейнесі уақыт өткен сайын жаңаша мазмұнда түрленіп, қоғамның шынайы айнасына айналуға алайда, мұндай өзгерістерге қарамастан, Ш. Айтматов шығармаларындағы әйел бейнесі әрқашан үлкен күшке, ақылға және төзімділікке қабілетті күрделі тұлға ретінде бейнеленген.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланы жазу барысында көркем шығармалардағы аналар бейнесін ашу мақсатында дүние жүзіне белгілі суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Құс жолы» сияқты шығармалары негізге алынды және жазушының ана образын беру жолын жан жақты сипаттау мақсатында «Боранды бекет», «Жанпида», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» сияқты еңбектеріне шолу жасалынды. Мақаладағы негізгі қолданылған зерттеу әдісі мәтін талдау болып табылады. Мәтін талдау көркем шығарма мәтінінің мағынасын түсіну және түсіндіру бағытын қолданылатын негізгі әдістердің бірі болып табылады. Осы бағытта мәтінде берілген тура және жасырын мағыналарды тексеру, тіл, құрылым және контекст мәтінді түсіндірудің қалай берлігендігін зерделеу негізгі зерттеу әдісі ретінде алынды.

Мәтін талдау көркем шығарма арқылы берілетін негізгі тақырыптарды, идеяларды және хабарларды ашуға, түсінуге мүмкіндік береді. Көркем мәтіндерді оқу және ондағы ана бейнесін ашу мақсатында Ш. Айтматов шығармаларындағы әйел образын бейнелеуде қолданылатын тілдік ерекшелігіне, баяндау түріне талдау жасалынды. Сондай-ақ ана бейнесін қалыптастыратын сипаттамалық және диалогтық үзінділерге талдау жасалынып, олардың берілу, қолданылу жолдары анықталды. Жазушының ана образын бейнелеуде қолданылған көркемдегіш құралдар әдеби-теориялық ұғымдармен сараланды.

Талдау мен нәтижелер

Әйел бейнесі қазақ және қырғыз халықтары әдебиетінде ерекше орын алады, бірақ бұл бейне тек әйел емес, «ана» ұғымында кең ашылады. Олай дейтініміз, өзінді тоғыз ай бойы көтеріп, шыр етіп дүниеге келген соң да сенің адам болып өсуіңе бар махаббатың, бар ғұмырын арнайтын анадан жақын қамқоршы, анадан жақын жанашыр іздесең де табыла қоймайтыны анық. Дана халқымыздың: «Жеті жұлдыз жарқырып, жарық күндей бола алмас, Жетпіс жеңген болса да ананың орны тола алмас», – деген қанатты сөзі сондықтан.

«Сенің табаныңа қадалған шөңке менің маңдайыма қадалсын», – деп перзенті үшін отқа да, суға да түсуден танбайтын абзал аналарға қанша құрмет көрсетсек те мойнымыздағы парыздан ешқашан құтыла алмайтынымыз хақ. Өйткені мына дүниені жаратушы Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбарымызға туған анасын Меккеге үш рет арқалап барған бір мұсылман:

– Мен анамды Меккеге үш рет арқалап бардым, енді оның қарызынан құтылдым ба? – депті.

Сонда Пайғамбар:

– Сен оны үш рет Меккеге арқалап барғаныңмен, анаңның өзінді босанар алдындағы жарты сағаттық толғағының қарызынан ғана құтылдың, – деп жауап берген екен. Міне, осы бір сөздің өзі аналарымыздың қажырлы еңбегін айқындап отыр. Бұл Ш. Айтматов сынды жазушының ана бейнесіне ерекше тоқталып, мән беруіне, осы бейнені дамытуына ықпал еткен алғы шарттар екеніне дау жоқ.

Сондықтан да Ш. Айтматов шығармаларынан ауыз әдебиетінің ізі айқын көрінеді. Бұл туралы Ж. Дәдебаев: «Ш. Айтматов творчествосында халық ауыз әдебиеті, әсіресе, аңыздық проза үлгілері кеңінен қолданыс табатыны ғылымға да, оқырман жұртқа да белгілі» [8, 3-б.]. Жазушының озық туындылары тақырыптың негізгі өзектілігін айқындау үшін ертедегі халық аңыздарын шебер шендестіре алуымен құнды. Сондықтан да «Боранды бекет» туындысы адам баласының шексіз тойымсыздығынан күллі жер бетіндегі атам заманнан қалыптасқан мамыражай тіршіліктің өзгеріп, бүгінгі таңдағы ғаламдық өзекті проблемаға айналып отырған экологиялық сипатын оқырман жүрегіне жеткізу үшін үш ана образын шебер ұштастырады. Сыршыл суретшінің сұлу кескіндеген портретіндей бұл туындыдағы аналар мен перзенттерінің қарым-қатынасы арқылы бүкіл адамзат баласына ой сала білген жазушының іс-әрекеті нағыз шеберлік. «В творчестве киргизского писателя абсолютно доминирует модель разомкнутого пространства в ее позитивной интерпретации, воплощенная чаще всего в образах степи, но также гор, озера, моря» [9, 297-б.]. Мәселен, «Боранды бекет» романында жер бетін мекен еткен адамзат үшін Жер-Ананың мейірімі мен қызметі өлшеусіз екенін түсіндіру үшін Айтматов «Найман ана» мен «Орман төсті» шебер ұштастырған.

Ш. Айтматов бұл шығармалары арқылы перзент үшін ананың орны қандай екенін айшықты суреттесе, оның «Құс жолы» повесіндегі ана образы кез келген жанның жүрегін тебірентері сөзсіз. Оқиға сонау 1941–1945 жылдарда адамзат баласын тыныш ұйқы мен бейбіт заманнан айырған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қырғыз даласында орын алған ауыр тағдыр арқылы өрбиді. Жалпы, сол дәуірде ер-азаматтарымыздың соғыстағы жеңісі, мұндағы ауыр тірлікті мойымай еңсере білген ауыл әйелдерінің, аналарымыздың арқасында десек артық айтқандығымыз емес. Өйткені, соғыстағы азаматтың тамағы мен жылы киімі Толғанай сияқты абзал аналардың жанқиярлық еңбегімен іске асып жатты.

Туындының ерекшелігі жазушының табиғатқа жан бітіруі, адам мен табиғатты бастан-аяқ егіз суреттеуі арқылы көрінеді. Дәлірек айтқанда, Жер-ана арқылы Толғанайдың образы жан-жақты ашылған.

Шығарма екінші жақтан кейіпкерлер Толғанай мен Жер-ана арасындағы диалог арқылы дами түседі. Шығарма адамның көңіл-күйі мен ішкі бұлқыныстарын жан-жақты суреттейтін психологиялық туынды.

«– Аманшылық, келдің бе, Толғанай? Өзің былтырғыдан да қартайып кетіңсің, шашың қудай аппақ, қолыңда таяқ» [10, 340-б.], осы суреттеу Толғанайдың тағдыр тауқыметін тартқан жан екенін бірден аңғартады. Мұнда жазушы табиғатқа жан бітіру арқылы Толғанай бейнесін даралай түскен. Жер-анаға сәлем беріп келген Толғанайдың бар өмірі лирикалық шегініс арқылы баяндалады.

«Психология – сөз өнерінің тектік белгісі. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудегі амал-тәсілдерінің жиынтығы» [11, 73-б.], – деп А. Таңжарықова айтқандай, жазушы туындысы психологиялық параллелизм арқылы дамып отырады. Осылайша, Толғанайдың жастық шағы мен жаңа заманның қатар келуі, өзінің өмірлік жары Субанқұлмен алғаш таныстығы туралы автор кейіпкерінің бақытқа толы өмірін суреттегенімен, оған табиғаттың берер сыйы көп екені оқиғаны шыйрықтыра түседі.

Жазушы шығармада Толғанай өмірін үш кезеңге бөліп көрсеткен. Бірінші, оның жастық шағы, екінші жаңа заман бақыты, үшінші соғыс тауқыметі. Оқиға бастауында Толғанай тойып тамақ ішіп, бүтін көйлек кимеген кедей-шаруа таптың өкілі екені туралы қозғалмаса да, оның Жер-ана мен екеуара диалогында:

«... – Рас, Толғанай. Сен онда сирағы шыққан жатақтың қызы едің. Бірақ ондай шыны мен торқаны кимесең де, бойжеткенде сен қандай ажарлы қыз болдың. Әсіресе, ертеңгі көлеңкең дәл өзіңдей сымбатты болатын» [10, 342-б.]. Міне, осы суреттеудің өзі Толғанайдың қиындықсыз өзі қалаған нәрсеге қол жеткізбегенін аңғартса, Субанқұл екеуінің өмірлерін бір арнаға тоғыстырып, бір отбасы болар алдындағы қорқынышы жаңа өмірге қадам басар жастың болашақтан жүрексінуі оның ешқандай сүйенер тірегі жоғын көрсетіп отыр. Десек те, автор Толғанайдың қорқынышын сейілту үшін Субанқұл алысты көре білетін жаңа заман азаматы бейнесінде беріледі. «... Жер-су елге ортақ болса, біздің де шұқитын жеріміз болса, біз де жұрт қатарлы жер жыртып, егін егіп, қырман айдасақ – бақыт деген сол. Онан артықтың бізге керегі не?» [10, 343-б.]. Жаңа заманның жастары үшін тек еңбек ету ғана бар қиындықты, бар қорқынышты жеңе алатыны Субанқұлдың аузымен баяндалады.

Еңбекке ерте араласқан жастардың өмірі таңғажайып ертегідегідей көрінеді. Субанқұл өзі айтқандай, бел жазбай еңбек етуінің арқасында өзін де, отбасын да бақытқа жеткізеді. Шығармада Субанқұл мен Толғанайдың мамыражай өмірдегі қайнаған қызу тірлігі жыл өткен сайын өз арнасымен жылжып жатады. Бірақ бұл мамыражай өмір мен тірлік бір-ақ күнде су шайып кеткен егіндей өзгеріп сала береді. Ш.Айтматов бұл сұрапыл дүрбелеңнің қарапайым қырдағы ауыл тіршілігіне келген мезгілсіз нәубет екенін кейіпкерінің аузымен шебер жеткізеді. Күнделікті жұмыстан қайтқан бригадир Субанқұл мен Толғанай үйге қайтар жолда жаңа көшеге соғып, ондағы балаларының үй салуға жинаған үйінді тастарын көріп, үлкен арман құшағына енеді. Ең кіші баласының бұл көше жастардың көшесі болады деген сөзін іштей қайталап, жаңа заманның тарту еткен сыйына шүкірлік айтумен болады. Бірақ Толғанайға замана «сыйы» әлі таусылмаған еді.

«...Біз өстіп сөйлесіп тұрған түн, бақсам дүниедегі ең бір қарғыс атқан түн екен...» [10, 353-б.], – деп Толғанайдың Жер-анаға өкінішін білдіруі арқылы жазушы атар таңның кейіпкерлеріне өзгеше сый дайындап отырғанынан хабар береді. Міне, сол таң талай үкілеген арман гүлінің мезгілсіз солуына ықпал етеді. Үш ұлы мен өмірлік серігі Субанқұлды, сүйікті келіні Алиманды келместің кемесіне мінгізіп, ақтық сапарға аттандырған Толғанайдың көкірегі мұң-шерге толса да, сырт көзге қайыспас болаттай болып көрінуінің өзі қайсар аналарымыздың жарқын бейнесін даралап тұр. Сонау бала күнгі, одан берідегі бойжеткен кезінде Субанқұлмен тағдырын тоғыстырған шақтағы болашақтан, өзі

іздеген арманнан адасып қалса да, оларсыз өткен азап пен мағынасыз тірлікке мойынсұнбай, ауылдың мұңын арқалар анасына айнала білуінің өзі «Бәрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін кампайтар», – дегендей, оның үлкен тектіліктің иесі екенін аңғартады. Соғыстың зардабы өз жанын қанша жараласа да, Толғанай өз тағдырынан ел мүддесін жоғары қоя біледі. Шығармада жергілікті халық соғыстан жырақ, бейбіт өмір сүрді дегені болмаса, көрген күні соғыстан бетер болды. Өйткені олар күндіз-түні «бәрі де майдан үшін» деген ұранмен бел жазбай еңбек етті. Үлкен табанды еңбекпен келген барлық астық соғысқа кетіп, өздері талғажау ететін қолдарында түк қалмайды. Міне, сол аш-жалаңаш ауылын тығырықтан шығару үшін бас болып, үй-үйден бидай дәнін жинап, елінің амандығын ойлауы, кейіннен оның ауыл адамдарының құрметіне бөленуіне ықпал етті. Жазушы Толғанайдың ел анасы дәрежесінде бейнелеу үшін жанама сюжеттерді ұтымды пайдаланған. Өйткені шығармада көктемгі егінге деп ауыл адамдарының аузынан жырып, жинаған дән мен қорадағы атты ұрлаған Жексенқұлды кейіннен ұстап, тергеуге алғанда Толғанай да оның ұрлығын әшкере қылады. Сонда оның әйелі «*Өлігіңе отырайын, қақпас. Ақ жүрек болсаң, шерміп отырған келіңді қайтесің, оны неге қадағаламайсың*» деп дүрсе қоя бергенде ауыл адамдарының араша болуы, кейіннен түнделете жиылып Жексенқұлдың әйелін қыспаққа алып, ауылдан біржола көшіріп жіберген ауыл адамдарының іс-әрекеті Толғанайды ауыл анасы деп құрметтеуі деп бағамдауға болады.

Шығармада Толғанайдың келіні Алиманның «*Сеніңіз маған, құдай қолдап, кішкене бала аман оралады. Нанбасаңыз көресіз. Хабарсыз кетті дегені – аман дегені, ене*» [9, 397-б.], деген риясыз көңілі жүрегі жаралы ананың үзілмес үміті. Автор мұны келіні арқылы жеткізіп отырғанымен, шын мәнінде Толғанай кіші ұлынан қаралы хабар келмеген соң, оның өмірден өткеніне сенбеді.

Дегенмен Толғанайды қайсар ана десек те, бәрібір оның жүрегі жұмсақ. Ол барлығына төссе де жалғыздыққа төзе алмады, одан жатсынды. «*Ене, – деді ол маған, – сонша неге жасыдың? Мына бір жерге отырайықшы, сөйлесейікші. Қазір айтады кетемін енді дейді! – деген ой бойымды шымырлатып жіберді*» [10, 396-б.]. Бұл сюжеттің өзі Толғанайдың ойындағы арпалысы оның жалғыздықты қабылдай алмайтынын, Алиманнан айрылып қалғысы келмейтінін, одан бөлек өмірді қаламайтынын аңғартады.

Толғанай сырт қарағанға үлкен жүректі қайсар әйел болып көрінгенімен, оның ең үлкен қорқынышы жалғыз қалу болатын. «*Ай, енді айырыламыз ғой. Қасымнан күдер үзіп бітті ғой*», деп, енді кезекте Алиманнан да айырылып қаламын ба деген қорқыныш санаға маза бермейді. Өйткені үш перзент пен өмірлік жары Субанқұлдан бірдей айырылған Толғанайға енді Алиманнан жақын адам жоқ. Оның қаралы хабарды естіген келіні енесіне Қасымның артынан өлгім келеді дегенде: «*Сабыр ет, сендей келіншек жерде қалмайды. Қасым келмейді, оны бірте-бірте ұмыт. Бүйте берсең, өмірден баз кешесің. Қайрат қыл*» [10, 379-б.], – деп айта алмадым, қорықтым деп Жер-анаға баяндауының өзі жалғыздықты, яғни ендігі қайғыны көтере алмайтынын көрсетеді.

Дегенмен Ш. Айтматовтың «Құс жолы» повесіндегі Толғанайды сұрапыл соғыс ең жақын деген жүрегінің бөлшектерінен айырса да, қатал тағдыр оның қайратты жігерін жасыта алмады. Жақындарынан айырылып, өмірдің қатаң «сыйына» тап болған ол, сезімге беріліп, езіліп кетпей, бүкіл ауылдың жел жағынан тосқауыл болар панасына айналды. Ауылдағы еңкейген кәрі мен еңбектеген жас, ерлерін соғысқа аттандырған нәзік жандылардың ендігі өмірін баянды ету үшін көңілге шер болып қатқан қайғыға қарамай, солар деп аянбай еңбек етті. Басқа түскен тағдырға мойымай, ертеңгі атар таңға үмітпен қараған Толғанай образы бір ғана ананың тағдыры емес. Жазушы бір ғана кейіпкер арқылы сол уақытта өмір кешкен аналарымыздың болаттай беріктігін суреттеп отыр. Кешегі сұрапыл соғыстан ер-азаматтардың жеңіспен оралуына ауылда қалған қайсар аналарымыздың қосқан үлесі орасан. «Ш. Айтматовтың туындыларында ұлттық және жалпыадамзаттық ажырамас

тығыз байланыс, бір-бірін органикалық түрде толықтырады, бірі екіншісінен дамып отырады» [12, 921-б.], – деп көрсетілгендей, «Құс жолы» повесі бір ғана ауылдың, бір ғана елдің тағдыры емес, сол уақытта өмір сүрген Кеңес Одағының құрамындағы халықтардың тағдыры. Олай дейтініміз, қазақтың Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы да Толғанай секілді қайсар аналарымыздың тағдырына арналған. Бұл романға пікір білдірген Түрік елінің жазушысы Якуп Омароғлы: *«Кейбір өмір – роман іспетті. Кейбір роман – өмір сияқты. Шынтуайтына келгенде екеуі де туынды емес пе?!»* [13, 204-б.]. Аталған екі туынды да балалық шақтың естеліктерін, бала кезінде өз көзімен көрген қоғамды және бүгінгі күнгі мәселелерді, қайсар ананың мейір-шапағаты мен жанкештілігін, адамгершілік қасиеттерін шынайы көрсете білген құнды шығармалар.

Сонымен қатар шығармада жаңадан отау құрған жастарға тиесілі жаңа үйлерге арналып жасалған жаңа құрылыс атауы, кіші ұлы Жайнақтың жар салып айтып жүретін Жастар көшесі сөз болады. Дегенмен сол арман кұған жастардың бәрі сол көшенің тұрғыны атанбады. Туынды басында үй салуға деп түсіріп тастаған үйінді тастар мен құм, екінші жақтан қарасақ, жастардың мазары секілді көрінеді. Жазушы мұнда үй тұрғызуға арналып түсірілген құрылыс заттарын келмес сапарға аттанып, бір төмпешік болып үйілген адамның мазарымен шебер шендестірген. Өйткені туындыда: *«...Япыр-ай, үй-жай тұрғызып, өз алдымызға түтін түтетеміз дегендері қайда қалды! Қарашы. Байғұс Қасымыма да бұйырмады»* [10, 396-б.], – деген Толғанайдың ішкі жан күйзелісі көз алдына төбе-төбе болып үйілген мазарды елестетеді. Жазушы тілінің көркемдік қуатын осы үзіндіден-ақ байқауымызға болады. Оның жазылып жатқан туындысы бейне бір салынып тұрған картина секілді. Яғни «Сөзбен сомдалған бейне» (З. Қабдолов). Сұрапыл соғыстың зардабы Толғанайдай аналарды көзінің нұры болған жүрегінің бір бөлшегі, бауыр егі баласынан айырып, үкілеген үмітін ұрлады. Міне, Айтматов баласын күткен кейуана бейнесі арқылы адам баласына терең ой салады. Повесте екі ана (Толғанай мен Жер-ана) бірін-бірі толықтырып отыр. Жалпы, *«Ш. Айтматов үшін адамгершілік мәселелері, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру оның бүкіл шығармашылық жолында басты рөл атқарды»* [14, 7-б.].

Ш. Айтматовтың «Құс жолы» туындысын композицияның сақиналық түріне жатқызуға болады. Өйткені оқиға басталардағы бастапқы фрагмент арқылы оқиға аяқталып отыр. Оқиға басында Толғанай келіні Алиманнан қалған жалғыз тұяқ Жанболаттың өзінің туған немерсі екенін айта алмауы Жер-анамен диалог арқылы өрбиді де, соңы дәл осы жерден аяқталады. Жазушы ішкі психологизмді шебер қолданып отыр. Себебі біріншіден, Толғанаймен тілдескен Жер-ана да сүйген жары мен перзенттерінен айырылып, көкірегі қайғы-мұңға толған Толғанайдың өзі. Ал екінші жағынан алсақ, автор бұл жерде екі ананы параллель суреттеп отыр. Жақындарынан айырылған Толғанайдың өмір жолы арқылы адамзатқа өмір сыйлаған Жер-ананың халі қалай екен деген сұраққа жауап іздегендей.

«Мен ештеңені де ұмытпаймын, Толғанай. Жарық дүние жаратылғаннан бастап, гасырлар сыры мына ұлы кудемде. Кітапқа сыймаған адамның санасынан жоғалған тарихтың бәрі менде. Сенің де басыңнан өткен тағдырың жүрегімде» [10, 353-б.], – деп толғануы Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы: *«Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан, ерлерін ұмытса да ел, жер ұмытпас»* [15, 93-б.], – деген жыр жолдарын еске түсіреді.

Қорытынды

Әлем әдебиетіндегі әйелдердің бейнеленуі барынша күрделі, көп қырлы, сондықтан оны көркемдік жағынан ғана емес, дискурстық және әлеуметтік тұрғыдан талдауды қажет ететін бағыт болып табылады. Бұл өз кезегінде тарихи өзгерістерді, жалпы ондағы әйелдің рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді. Ал көркем шығармалардағы әйел кейіпкерлерін

зерттеу осы тарихи кезеңдердегі әйелдің ғана емес, жалпы тұтас қоғамның эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл эволюция әйелдердің түсінігі мен мүмкіндіктерін кеңейту барысындағы әлеуметтік өзгерістерді, сондай-ақ мәдениетті, жалпы қоғам қағидаларының қалыптасуын анықтауда әдебиеттің алатын орнын аңғартады.

Әлем әдебиетіндегі әйел бейнесінің сомдалуы да халық ауыз әдебиетінен ана образы ретінде асқақ ұғым болып қалыптасқан Орта Азия әдебиетіндегі ана бейнесінің одан әрі дамуына үлкен әсерін тигізді. Ал осы елдердің әдебиетінің өнер саласы ретінде дамуын, ондағы әйел бейнесін зерттеу мен әдеби талдау қашан да маңызды болып қала беретіні сөзсіз.

Шыңғыс Айтматовтың «Құс жолы» повесіндегі Жер-ана бейнесі қойнауы қаншама сұрапыл уақыттың тарихын сіңіріп, ауыр тарихтың куәсі болып табылады. Осындай ауыр тағдырдың, тарихтың сынына сыр алдырмауы Толғанай образын даралап қана қоймай, «Домалақ ана» сынды халық санасында қалыптасқан образды жетілдіріп тұр. Бұл жазушы ретіндегі Айтматовтың шеберлігін көрсетеді. Десе де, Жер-ана кеудесі қайғы-мұңға толғанымен, қайыспас қара нардай болып суреттелсе де, оның шығарма соңында өзінің адамзаттан әлсіз екенін Толғанайға берген соңғы жауабынан ұғынсақ болады. «*Жоқ, Толғанай, сен айт. Сен – Адамсың. Сен бәрімізден биік, бәрімізден ұлы жаратылған жансың, сен айт, сен – Адамсың!...*» [10, 421-б.]. Міне, жазушы қорыта айтқанда бұл туынды арқылы соғыс тек адамзатқа ғана емес біздің өмір сүруімізге үздіксіз қызмет етіп отырған Жер планетасына да оңайға соқпайтынын көрсетеді. Толғанай бейнесі арқылы адамзат туған отанды, туған жерді қадірлеу және оны аялау керектігін насихаттап отыр.

Жалпы, Ш. Айтматов үшін адамгершілік мәселелері, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру оның бүкіл шығармашылық жолында басты рөл атқарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Adlam C. Women in Russian Literature After Glasnost: Female Alternatives. – London: Legenda, 2005. – 148 p.
2. Домалақ ана туралы аңыздар. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/35686/domalana-turaly-a-yzdar> (қаралған күні 14.07.2024)
3. Corda J. Images of women in 20th-century American Literature and Culture: Female Emancipation and changing gender roles in 'The age of innocence', 'Breakfast at Tiffany's' and 'Sex and the city', – Tectum Wissenschaftsverlag, 2016. – 119 p. [Electronic resource]. URL: <http://library.oapen.org/handle/20.500.12657/26011> (date of access 14.07.2024)
4. Мүсірепов Ф. Ананың арашасы. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/anany-arasasy__397 (қаралған күні 05.08.2024)
5. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 454 б.
6. Исабеков Д. Әпке. [Электронды ресурс]. URL: <https://ulagat.com/2020/09/14/әпке-екі-бөлімді-драма/> (қаралған күні 14.07.2024)
7. Сәменқызы Ұ., Тұрысбек Р., Селами Ф. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы тұлғаның көркемдік концепциясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 137–152.
8. Дәдебаев Ж. Ш. Айтматов және ауыз әдебиеті // Қазақстан мұғалімі. – 1998. – Б. 3.
9. Кофман А.Ф. Художественный мир Чингиза Айтматова // Studia Litterarum. – 2019. – Т. 4, №2. – С. 292–311.
10. Айтматов Ш. Шығармалары. – Астана: Аударма, 2005. – 499 б.
11. Таңжарықова А. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Service Press, 2016. – 259 б.
12. Nureeva G.I., Mingazova L.I., Rogachev V.I., Sayfulina F.S. Folklore and Mythological Motives in the Works of Ch. Aitmatov // International Journal of Criminology and Sociology. – 2020. – №9. – P. 920–924.
13. Құттыбаев Ш. Ай мен Айша романындағы ана образы // «Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы

заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары». Хал. ғыл.-теор. конф. мат. – Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, 2020. – Б. 202–205.

14. Жаппаркулова К.Н. Филологический анализ малой прозы Чингиза Айтматова // Керуен. – 2020. – Т.67, №2. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.2-06>
15. Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ. Қазақ әдебиеті: жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 174 б.

REFERENCES

1. Adlam C. Women in Russian Literature After Glasnost: Female Alternatives. – London: Legenda, 2005. – 148 p.
2. Domalaq ana turaly anyzdar [Legends of the Domalak ana]. [Electronic resource]. URL: <https://qazaqadebiety.kz/35686/domala-ana-turaly-a-yzdar> (date of access 14.07.2024) [in Kazakh]
3. Corda J. Images of women in 20th-century American Literature and Culture: Female Emancipation and changing gender roles in ‘The age of innocence’, ‘Breakfast at Tiffany’s’ and ‘Sex and the city’, – Tectum Wissenschaftsverlag, 2016. – 119 p. [Electronic resource]. URL: <http://library.oapen.org/handle/20.500.12657/26011> (date of access 14.07.2024)
4. Musirepov G. Ananyn arashasy [Mother Intercessor]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/anany-arashasy__397 (date of access 05.08.2024) [in Kazakh]
5. Murtaza Sh. Ai men Aisha [Moon and Aisha]. – Алматы: Qazygurt, 2002. – 454 b. [in Kazakh]
6. Isabekov D. Apke [Sister]. [Electronic resource]. URL: <https://ulagat.com/2020/09/14/epke-eki-bolimdi-drama/> (date of access 14.07.2024) [in Kazakh]
7. Samenqyzy U., Turysbek R., Selami F. A. Nurpeiisovtin «Songy paryz» romanındagy tulganyn korkemdik koncepciasy [Artistic concept of personality in the novel “The artistic concept of personality in A. Nurpeisov's novel “The Last Duty” by A. Nurpeisov] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 137–152. [in Kazakh]
8. Dadebaev Jh. Sh. Aitmatov jane auyz adebiety [Ch. Aitmatov and oral literature] // Qazaqstan mugalimi. – 1998. – B. 3. [in Kazakh]
9. Kofman A.F. Hudojestvennyi mir Chingiza Aitmatova [The artistic world of Chingiz Aitmatov] // Studia Litterarum. – 2019. – T. 4, №2. – S. 292–311. [in Russian]
10. Aitmatov Sh. Shygarmary [Works]. – Astana: Audarma, 2005. – 499 b. [in Kazakh]
11. Tanjaryqova A. Korkem matindi taldau negizderi [Fundamentals of literary text analysis]. – Алматы: Service Press, 2016. – 259 b. [in Kazakh]
12. Nureeva G.I., Mingazova L.I., Rogachev V.I., Sayfulina F.S. Folklore and Mythological Motives in the Works of Ch. Aitmatov // International Journal of Criminology and Sociology. – 2020. – №9. – P. 920–924.
13. Quttybaev Sh. Ai men Aisha romanındagy ana obrazy [The image of a mother in the novel AI and Aisha] // «Ruhani jangyru: XXI gasyrdagy zamanauy bilim beru kenistiginin paradigmary». Hal. ғыл.-теор. конф. мат. – Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, 2020. – Б. 202–205. [in Kazakh]
14. Japparkulova K.N. Filologicheskiy analiz maloi prozy Chingiza Aitmatova [Philological Analysis of Chingiz Aitmatov's short prose] // Keruen. – 2020. – T.67, №2. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.2-06> [in Russian]
15. Aqtanova A.S., Jundibaeva A.Q. Qazaq adebiety: jalpy bilim беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық [Kazakh literature: textbook for the 7th grade of a comprehensive school]. – Алматы: Atamura, 2017. – 174 b. [in Kazakh]

UDC 811.1/9; IRSTI 16.21.21

<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.147>A.O. YBYRAIM¹, G.K. KARBOZOVA¹, G.K. ZHYLKYBAY¹✉¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mails: azimchan23@mail.ru; 140206kgk@mail.ru²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz

COMPARATIVE STUDY OF SIMILES IN ENGLISH, GERMAN AND KAZAKH LANGUAGES

Abstract. This study explores English, German, and Kazakh similes, focusing on their linguistic structures, cultural significance, and communicative functions. Similes are a fascinating aspect of language that adds depth and color to communication. They are unique expressions that combine familiar elements in unexpected ways, often drawing on cultural references and linguistic creativity. In this article, we will consider similes' lexical and semantic features in three diverse languages: English, German, and Kazakh. By examining how these languages utilize similes for various purposes, we can gain insight into the nuances of their respective cultures and linguistic structures. The comparison of similes across these languages will not only highlight similarities and differences but also shed light on the rich tapestry of expressions that exist within each language. Through this exploration, we aim to deepen our understanding of how language shapes perception and thought, showcasing the beauty and complexity of similes in English, German, and Kazakh. Analyzing and comparing the structural and semantic systems of similes in different English, German, and Kazakh languages in terms of their genetic and typological structure in this matter, determines the unique features of each language.

Keywords: simile, comparison, comparative, culture, national identity.

Ә.О. Ыбырайым¹, Г.К. Карбозова¹, Г.Қ. Жылқыбай²¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mails: azimchan23@mail.ru; 140206kgk@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz

Ағылшын, неміс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулерді салыстырып зерттеу

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ybyraim A.O., Karbozova G.K., Zhylkybay G.K. Comparative Study of Similes in English, German and Kazakh Languages // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 83–98. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.147>

*Cite us correctly:

Ybyraim A.O., Karbozova G.K., Zhylkybay G.K. Comparative Study of Similes in English, German and Kazakh Languages // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – Б. 83–98. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.147>

Date of receipt of the article 02.10.2024 / Date of acceptance 30.03.2025

Аңдатпа. Бұл зерттеу ағылшын, неміс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулерді зерттей отырып, олардың тілдік құрылымдарына, мәдени мәні мен коммуникативті қызметіне басым назар аударады. Фразеологиялық теңеулер – тілдің қарым-қатынасына тереңдік пен бояу қосатын тартымды қыры. Олар, әдетте, мәдени сілтемелер мен тілдік шығармашылыққа сүйене отырып, таныс элементтерді күтпеген тәсілдермен біріктіретін бірегей өрнектер. Бұл мақалада біз үш түрлі тілдегі: ағылшын, неміс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін қарастырамыз. Бұл тілдердің теңеулерді әртүрлі мақсаттарда қалай қолданатынын зерттей отырып, олардың тиісті мәдениеттері мен тілдік құрылымдарының нюанстары туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Бұл тілдердегі фразеологиялық теңеулерді салыстыру ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ашып қана қоймай, әр тілде кездесетін өрнектердің бай палитрасының мәнін аша түседі. Бұл зерттеу арқылы авторлар ағылшын, неміс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің сұлулығы мен күрделілігін көрсете отырып, тілдің қабылдау мен ойлауды қалай қалыптастыратынын түсінуді тереңдетуді мақсат етеді. Аталған мәселедегі генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әр түрлі ағылшын, неміс және қазақ тілдеріндегі теңеулердің, құрылымдық және мағыналық жүйелерін талдап, салғастыра зерттеу, әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерін айқындайды.

Кілт сөздер: теңеу, салғастыру, салыстыру, мәдениет, ұлттық болмыс.

А.О. Ыбырайым¹, Г.К. Карбозова¹, Г.К. Жылкыбай²

¹кандидат филологических наук, доцент

Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова

(Казахстан, г. Шымкент), e-mails: azimchan23@mail.ru; 140206kgk@mail.ru

²кандидат филологических наук, доцент

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz

Сопоставительное изучение фразеологических сравнений в английском, немецком и казахском языках

Аннотация. В этом исследовании изучаются фразеологические сравнения в английском, немецком и казахском языках, уделяется особое внимание их языковым структурам, культурному значению и коммуникативным функциям. Фразеологические сравнения — это интересный аспект языка, который добавляет глубину и красочность общению. Это уникальные выражения, которые сочетают знакомые элементы неожиданным образом, часто опираясь на культурные ссылки и лингвистическое творчество. В этой статье рассмотрены лексические и семантические особенности фразеологических сравнений в трех разных языках: английском, немецком и казахском. Изучая, как эти языки используют сравнения для различных целей, можно получить представление о нюансах соответствующих им культур и языковых структур. Сопоставление фразеологических сравнений в этих языках не только выявит сходства и различия, но и прольет свет на богатую палитру выражений, существующих в каждом языке. В ходе этого исследования авторы стремятся углубить понимание того, как язык формирует восприятие и мышление, демонстрируя красоту и сложность фразеологических сравнений в английском, немецком и казахском языках. Анализ и сопоставление структурных и семантических систем сравнений в английском, немецком и казахском языках, имеющих различную генетическую и типологическую структуру, выявляют уникальные особенности каждого языка..

Ключевые слова: сравнение, сопоставление, компаративистика, культура, национальная идентичность.

Introduction

In the context of today's globalization and global integration policies, expanding the horizons of global sciences with new directions and considering any field of science in conjunction with “human factors and human values” is a pressing requirement of human civilization and the demands of the modern era. The current trajectory of linguistics, aimed at realizing the leading ideas of social and public communication within global applied and theoretical sciences, fully meets the requirements of the century. It seeks to address new challenges within the framework of the “subject – language – civilization” triad. With the acquisition of independence by our country, the profound changes in public life and shifts in ideological priorities have necessitated a reevaluation of certain long-established principles in the field of social sciences. Kazakhstan continues to strengthen its relations with prestigious international organizations and expand the scope of its cooperation with them. In this regard, addressing the features formed in the culture and language of European ethnic groups within the framework of Kazakh linguistics, while considering universal ideas and common interests, as well as integrative partnership initiatives and intergovernmental cooperation within global civilization, has become a demand of the present era.

Therefore, the comparative and contrastive study of related and unrelated languages, employing the principles and methodologies of comparative linguistics, is one of the rapidly developing new directions in both domestic and international linguistics. In this context, simile in English, German and Kazakh have not yet been fully studied or comprehensively conceptualized from a scientific perspective.

The object of the study, which will be discussed in the article, similes in English, German and Kazakh languages that are not genetically related.

Simile is the most ancient and simple method of logical equalization, which is often used in language, with great cognitive function. Reality, being the logical basis of knowledge of the world, is the most multifaceted, ambiguous linguistic phenomenon. It is the result of comparing the characteristic features of one object with another that is similar to itself. As a field of thought, the analogy has a special weight in giving importance to some object in terms of emotional perception of space and a comparative assessment of any phenomenon in it. From a philosophical point of view, the analogy is a reflection of the development of abstract thinking in a person, and from a linguistic point of view, it reflects the reflection of this thought in linguistic use. At the same time, it is an artistic method that enhances the figurative, artistic, emotional and expressive quality of the described object.

A simile is a figure of speech that is mainly used to compare two or more things that possess a similar quality. It uses words such as ‘like’ or ‘as’ to make the comparison.

According to the Oxford Learner’s Dictionary, a simile is defined as “a word or phrase that compares something to something else, using the words like or as.” The Cambridge Dictionary defines a simile as “an expression comparing one thing with another, always including the words as or like”. “A simile is an expression which describes a person or thing as being similar to someone or something else”, according to the Collins Dictionary. The Merriam-Webster Dictionary defines a simile as “a figure of speech comparing two unlike things that is often introduced by like or as.”

A more detailed interpretation of the concept of “simile” in English is offered in the dictionary “Longman Dictionary of Contemporary English”:

1. A statement that someone or something is like someone or something else / judgment that someone or something is like another subject: the writer draws similes between the two presidents;
2. Used when you think that someone or something is much better than someone or something else / in the negative form used when you think that someone or something is much better than someone else: there's just no simile between canned vegetables and fresh ones.
3. A word used in grammar meaning the way an adverb or adjective changes its form to show whether it is comparative or superlative / a word used in grammar to reflect how an adverb or

adjective changes to form a comparative or superlative degree. The above definitions do not indicate the meaning of “stylistic device”, since in English the term “simile” is used to denote a stylistic device»:

“Simile” - a figure of speech involving the simile of one thing with another thing of a different kind, used to make a description more emphatic or vivid / figure of speech involving the simile of one subject with another in order to make the description more expressive or lively: as brave as a lion; (the use of) an expression comparing one thing with another, always including the words “as” or “like”/ (use of) an expression comparing one thing with another using the words “as” or “like”:

-she walks in beauty, like the night;

-an expression which describes a person or thing as being similar to someone or something else: she runs like a deer;

-a figure of speech that expresses the resemblance of one thing to another of a different category, usually introduced by as or like;

-a figure of speech in which one thing is likened to another, dissimilar thing by the use of like, as, etc.: a heart as big as a whale, her tears flowed like wine [1, p. 29].

Research methods and materials

The past decade has seen significant developments in the study of phraseology, marked by a differentiation in the scope of research and methodological approaches. The inclusion of new issues and aspects related to the phraseological system has expanded the field of linguistics. The comparative analysis of related and unrelated languages, starting from simple theories to more complex approaches, has proven to be essential for both theoretical and applied linguistics.

This study adopts a comparative research methodology, with a focus on the collection, classification, and analysis of similes from three distinct languages: English, German, and Kazakh. The approach is designed to identify linguistic patterns and the cultural meanings embedded in these expressions. Through a typological comparison, the research explores the structural and semantic properties of similes in each of the languages, offering insights into their components, structures, and cultural contexts. The study contributes to a deeper understanding of similes across these languages and strengthens the methodological framework of comparative linguistics, specifically in the context of Germanic and Turkic languages.

The research contributes to the typological foundations of similes in English, German, and Kazakh, enriching the fields of semasiology and lexicology. By addressing the national and cultural features within these languages, the study adds value to linguistic and cultural research, ethnolinguistics, and international communication, fostering a deeper understanding of the nature of similes.

The research materials, analyses, and conclusions support the creation of bilingual dictionaries and compilations, as well as the writing of literary and scientific works. They can also be applied in specialized courses on linguistic and cultural studies, ethnolinguistics, linguistics, translation theory and practice, and comparative and contrastive phraseology.

The works of scholars such as I.I. Chernyshova, A.D. Raykhngghein, W. Fleischer, N.S. Fedoseeva and Z.A. Bozheeva, who studied similes as a distinct group within modern English and German phraseology, provided foundational guidance. The research also relied on the studies of notable Kazakh linguists T. Konyrov, who thoroughly examined similes from a linguistic perspective: G.N. Smagulava who analyzed the role of synonymous idioms in exploring cultural characteristics; A.B. Salkynbai, who detailed the role of similes in derivative word formation; S.K. Sateneva who explored the emergence of stable similes based zoological lexicon: R.A. Avakova who investigated the semantic features and formation of phraseological meaning; and E.M. Samekbaeva, who studied similes from a stylistic perspective.

In discussing the ways comparative fixed expressions are formed, A.B. Salkynbai concludes that many free expressions first turn into metaphors, then into phraseological comparatives, i.e., derivative fixed expressions. The scholar also states, “Comparatives are formed through metaphor, and from there, new derived meanings emerge in accordance with the needs that arise in the development of the language system and the conceptual development” [6, 260], and further clarifies this thesis with specific examples.

S.K. Satenova's work focuses on one of the stable forms of comparative structures. By analyzing metaphors formed based on zoolexicon from both a structural and etymological perspective, the scholar distinguishes between single, two, or three-element structures, as well as word combinations and sentence structures. The ways in which metaphors arise are as follows: a) the metaphorical or metonymic shift in the meaning of components of word combinations (e.g., “carrying out a fair deed” – meaning “honest person”); b) proverbs and sayings; c) fixed expressions (such as “neck like a gazelle”, “bit like a sparrow”, etc., which are abbreviated from full expressions) [2, p. 8].

E.M. Samekbaeva considers the group of phraseological comparatives to be one of the least studied areas in Kazakh phraseology. The researcher examines these linguistic units from the perspectives of lexicon-semantics and stylistics, particularly in the context of works of fiction, and provides the following definition: “Phraseological comparatives are linguistic-stylistic devices that consist of a four-part structure, expressing qualitative meanings of things, actions, or attributes by comparing them to the objects and phenomena of the real world” [3, p. 28].

Referring to T. Konirov's work, she categorizes these phraseological units according to their meaning, subject matter, and stylistic nature. The key conclusions drawn above play an important role in the study of phraseological units (PhUs) in other languages, as well as in the comparative study of PUs in related and non-related languages [4, p.102].

T.V. Shmeleva analyzes the core nouns in English similes, classifying them into thematic groups. Each group is given a specific lexical-semantic description. Based on the basis of the comparison, phraseological units (PUs) are divided into semantic groups. The work also discusses the factors influencing the choice of the core word in similes. Here, particular emphasis is placed on the cultural factors. “Each ethnic group has its own interests, views, and value systems. The principles of understanding the world and morality are part of this” [5, p.114]. According to the author, the identification of the core noun is influenced by a number of psychological regularities, specifically “the factors related to individual lexicon, which is the main achievement of the conducted study” [5, p. 130].

G.I. Isina's scientific research is aimed at providing a comprehensive analysis of phraseological units in modern English. Systematic study of PUs has allowed the author to explore in detail the logical nature, meaning, structure, and dynamic development of this linguistic category. “The variety and diversity of simile methods is reflected in the structural and semantic types of PhUs in the language, each having its own specific structural-semantic features and usage characteristics” [6, p. 14].

In M.T. Sabitova's monograph, a comparative analysis of the phraseological systems of the German and Kazakh languages is presented. In this work, the author outlines a method for solving issues related to the comparative phraseology of structurally different languages. The study aims to describe both languages synchronically and comparatively. The linguistic, particularly phraseological, theoretical concepts serve as the foundation for a comprehensive description. The monograph covers major issues such as interlingual relations of phraseological units, the formation of figurative meanings, phraseological patterns, as well as the lexical, structural-syntactic aspects of German and Kazakh phraseology. It also discusses the linguocultural and ethnolinguistic aspects of studying phraseology in these languages. In this research, M.T. Sabitova presents the first experience of a systematic structural comparison of German and Kazakh phraseological units. The

methods and approaches used in the analysis of the phraseological systems of structurally different languages can be applied to the study of phraseological systems in other related and non-related languages [7, p.95].

In discussing the ways in which comparative fixed expressions are formed, A.B. Salkynbai concludes that many free expressions first turn into metaphors, then into phraseological comparatives, i.e., derivative fixed expressions. The scholar also states, «Comparatives are created through metaphor, and from there, new derived meanings emerge in accordance with the needs arising in the development of the language system and conceptual development» [8, p. 260].

The comparative study of similes in English, German, and Kazakh employs both synchronous and comparative methods, alongside linguistic analysis. This approach aims to identify the shared features and distinctions between similes in these languages. As emphasized by previous scholars, “the correspondences in the phraseology of different languages, along with the historical laws governing their idioms, can be revealed through this method of comparison”. This approach allows researchers to compare and contrast similes across languages, which can reveal both universal and language-specific features.

The study emphasizes that the findings from one language cannot simply be applied to another, highlighting the importance of conducting separate research for each language's phraseological inventory. This ensures that the nuances and complexities of each language are taken into account in the comparative analysis. A.D. Raikhshtein states: “In phraseological research, compared to other levels of analysis, the need to compare within one language is higher” [9, p.143]. Many scientists study phraseological units by comparing them with free word combinations in terms of meaning, from various perspectives within individual languages, and investigate their semantic, national, and cultural characteristics.

Similarities and differences within a single language are not a phenomenon exclusive to that language alone, but such phenomena are also present in other languages. However, the goal and role of interlingual comparison are different, as languages that complement each other and belong to the same system are not compared. The result of interlingual comparison does not determine their systematic significance.

Nevertheless, generalizing the systems of linguistic tools of languages of different types gives a typological description of their structure, that is, it shows the main phenomena and features of large linguistic groups of different types of languages.

Comparing languages forms the basis of various theoretical and applied directions in modern linguistic research. The main directions of comparative and contrastive linguistics today are as follows:

- a) Translation theory - establishes stable patterns of functional-semantic similarities between units of two languages;
- b) Contrastive linguistics - identifies the peculiarities of foreign language teaching, as well as the differences between the native language and a foreign language;
- c) Bilingual and multilingual lexicography - regulates stable correspondences in the lexicon and phraseology of these languages.

Typological research plays a significant role in identifying similarities and differences between languages in comparing linguistic phenomena in language pairs. Comparative linguistics is divided into several areas: based on the languages being compared (two or more, related or unrelated), the sub-systems of the language (comparative lexicology, grammar, phraseology, etc.), and the analysis directions (typological, translational, lexicographical, etc.).

A.D. Raikhshtein, pointing out the difficulties and under-research of linguistic comparative analysis, has identified the following principles that can be applied to any level of comparison between different language groups and languages [9, p.147]:

- The study of individual languages should be carried out through comparison as a whole and in stages; studying one language should begin before interlingual research;

- Comparative analysis of similarities and differences - comparison is based on objective similarities between the units being compared;

-Comparing linguistic units should be conducted based on a unified theory of studying individual languages.

A unified concept is realized through a terminological apparatus;

- One-sided or two-sided comparison: its results may be one-sided (studying language A's features in relation to language B's features, or vice versa) or two-sided (analyzing languages A and B simultaneously);

- Comparative analysis can be directed from linguistic form to content (semasiological approach) or from content to its expression (enemasiological approach). These two approaches are interrelated in comparative research;

- Comparative research may be synchronic or diachronic;

- The sources of comparative analysis include the original texts of the languages being compared and translation materials.

Considering comparative phraseological units as a separate group of German language phraseology, I.I. Chernysheva uses their integrity, combination in the territory of known words (verb, verb-adjective, adjective) as a distinguishing feature of comparative phraseology. This proves that they consist of a two-membered structure. Adjectives or verbs with which comparative phraseological units are attached are often marked as syntactic and phraseological elements, and the transformation of the simile into stability is connected only with the syntactic conditional element. "The uniqueness of the meaning of phraseological units is evident when the meanings of phraseological units are determined according to their syntactic structure, and the term "comparative phraseological units" has the meaning". Thus, phraseological similes can be distinguished from other phraseological units by the relationship of their structural and lexical-semantic factors [10, p.21].

Баспасөз материалдарын түрлі маман иелері өз мақсаттары тұрғысынан зерттейді. Журналистерді белгілі бір басылымның әдеби-публицистикалық қасиеті, автордың материалды жеткізе білу қабілеті қызықтырса, деректанушы баспасөзді зерттеп, оның деректік маңызы мен ерекшеліктерін көрсетеді, жалпы тарихи деректер ретінде ғылыми құндылығын анықтайды, ал лингвист ғалым үшін газет бетіндегі атаулардың синтаксисі, лексикасы, грамматикасы қызықтырады. Ә.Т. Қайдар «Қазақтың тілі ғасырлар бойы «қазақ» деп аталатын қауымның әр алуан өмір-тіршілігіне сай қажетін өтеп, іштей дамып, өз арнасында толығып, небір сұңғыла көсемдер мен жезтандай шешендердің өнерімен ширап, шыныққан бай әрі бейнелі де көркем, марқа тілдердің санатында болғандығы баршаға аян» деген пікірі тілдің тірі құбылыс екеніне айғақ болады [14, 8-б.].

«Түркістан» қалалық газет беттеріндегі (осыған дейін газет бетіндегі жарнама тілінің орфографиялық ерекшеліктері арнайы қарастырылды) [15, 8-б.] баспасөз материалдары атаулары грамматикалық сипатына қарай бір сөзден, екі сөзден, сөйлемнен жасалған атаулар деп жіктелінді.

Газет мәтіні ғылыми немесе әдеби мәтіндерге қарағанда оңай оқылатыны белгілі, мақаланың берілу формасының маңыздылығына оның графикалық безендірілуі, мәтіннің дұрыс құрастырылуы, тақырыптардың сәтті қойылуы, негізгі ойды анық, нақты тұжырыммен аяқтауы сияқты түрлі жолдар әсер ететіні сөзсіз. Бұл мәселелерді зерттеу бүгінгі таңда филология ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мақала атауынан басталып, халыққа кеңінен таныс көркем шығармалардың аттарының есте қалуының негізгі себептері: біріншіден, оқырман үшін ұтымды қойылған атау, екіншіден, ол мәтін тақырыбының шығарма оқиғасы,

идеясымен үндес қойылуында болып тұр. Газет материалдары атаулары мен тақырыптарды талдағанда, тілдік синтаксистік критерийге сүйенуіміз қажет.

Газет атауларын баспасөз материалдарының авторы сөзден, сөз тіркесінен, сөйлемнен құрастыруына қарай олардың жасалуы мен құрылымдық сипатын ескере отырып, тоқталуды жөн көрдік.

Бір сөзді газет атаулары және жасалуы. Баспасөз материалдарының атаулары негізінен бір сөзден болады, ондай жағдайда көбінесе зат есімдерден:

Зат есімдердің мағыналық бөлінісіне қарай,

- бірінші жалқы есімдерден болған газет материалдарының атаулары: Мағжан («Түркістан» қалалық газеті. 16.06.2023); Түркістан («Түркістан» қалалық газеті. 16.06.2023), Отырар («Түркістан» қалалық газеті, 2019), Кентау («Түркістан» қалалық газеті, 2010), Сауран («Түркістан» қалалық газеті, 15.02.2014), т.б.

- Екінші – жалпы есімдерден болған газет материалдарының атаулары: «Тіршілік» (Түркістан, 15.09.18 ж.).

- Жан-жануарларды газет материалдары атауларына қою: «Мысық» («Түркістан» қалалық газеті, 2004), Қасқыр («Түркістан» қалалық газеті. 2004), Қораз («Түркістан» қалалық газеті. 2004), Қарлығаш («Түркістан» қалалық газеті, 31.12.2008), Түйе («Түркістан» қалалық газеті, 31.05.2007)

- Газет атаулары есебінде мамандық, кәсіп атауларының да қойылуы кездеседі: Сынықшы («Түркістан» қалалық газеті, 22.08.2008), Мұнайшы («Түркістан» қалалық газеті, 24.04.2008), Ұстаз («Түркістан» қалалық газеті, 2004); Ақын («Түркістан» қалалық газеті, 2003), Әдіскер («Түркістан» қалалық газеті, 2005), Сушы («Түркістан» қалалық газеті, 15.03.2007).

- Кейбір газет атаулары мекеме атауларына да байланысты қойылады: Сауран («Түркістан» қалалық газеті, 15.02.2014), Атақоныс («Түркістан» қалалық газеті, 03.05.2015), Қала мен дала («Түркістан» қалалық газеті, 05.08.2012);

- Абстрактілі зат есімдер де газет материалдарына атау ретінде алынады:

Аштық («Түркістан» қалалық газеті, 31.12.2008), Сенім («Түркістан» қалалық газеті, 31.12.2008), Адалдық («Түркістан» қалалық газеті, 7.02.2008), Құштарлық («Түркістан» қалалық газеті, 5.07.2007), Кеңшілік («Түркістан» қалалық газеті, 30.11.2006), Сағыныш («Түркістан» қалалық газеті, 2005) Бақыт («Түркістан» қалалық газеті, 2003), Мейірім («Түркістан» қалалық газеті, 2004), Үзіліс («Түркістан» қалалық газеті, 2004), Сарсаңдық («Түркістан» қалалық газеті, 2005), Достық («Түркістан» қалалық газеті, 2003); Жалғыздық («Түркістан» қалалық газеті, 2004), т.б.

Сөз тіркесіндік газет атаулары сөздердің байланысу түрлеріне [16, 6–35-бб.] қарай жіктелді.

- Қыыса байланыстағы газет материалдарының атаулары: Мысалы: Тарих өшпейді («Түркістан» қалалық газеті, 09.04.2016), Астық қымбаттады («Түркістан» қалалық газеті, 30.08.2018), Жемқорлар тұтылды («Түркістан» қалалық газеті, 22.03.2022), Сен келерсің... («Түркістан» қалалық газеті, 14.09.2016), Бала жоғалды («Түркістан» қалалық газеті, 21.07.2009), Браконьерлер ауыздықталды («Түркістан» қалалық газеті, 18.12.2017).

- Меңгеріле байланыстағы газет материалдарының атаулары. Меңгеріле байланысқан газет материалдарының атаулары жасалуына етістікті, есімді болып бөлінеді. Ерекшелігі: сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септікті болып, есіммен немесе етістікпен бағына байланысады [17, 15-б.]. Газет материалдары атауларының ішінде меңгеріле байланысқан есімді де, етістікті де сөз тіркестері көп кездесе бермейді. Мысалы: Табиғатты аялаймыз («Түркістан» қалалық газеті, 08.09.2020), Анаға сағыныш («Түркістан» қалалық газеті, 04.03.2018), Аманатқа қиянат («Түркістан» қалалық газеті, 27.07.2020), Ардагерлерге тағзым («Түркістан» қалалық газеті, 30.05.2018), Қарттармен

кездесу («Түркістан» қалалық газеті, 03.04.2019), Отанға оралу («Түркістан» қалалық газеті, 27.02.18 ж.), Халықпен кездесті («Түркістан» қалалық газеті, 20.10.2016), т.б.

- Матаса байланысқан газет материалдарының атаулары: Мысалы: Кашпировскийдің емі (28.12.18, «Түркістан» қалалық газеті), Ханшаның көз жасы (05.11.21, «Түркістан» қалалық газеті), Айтыстың ақбарысы (02.12.18, «Түркістан» қалалық газеті), Тұлпардың тұяғы (02.11.18, «Түркістан» қалалық газеті), Таннозхонның айласы (26.06.20 ж., «Түркістан» қалалық газеті), Бүгінгінің жастары («Түркістан» қалалық газеті, 24.03.20), Әкімнің үндеуі («Түркістан» қалалық газеті, 21.10.19), Бауыржанның уәдесі («Түркістан» қалалық газеті, 05.06.2022), т.б.

- Қабыса байланыстағы газет материалдарының атауларының құрылымы төмендегіше кездеседі. Зат есім мен зат есім құрамды газет материалдарының атаулары өнімді қолданылады, мұндай қолданыстағы атаулар анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Қабыса байланысқан газет материалдарының атауларының ішінде ілік жалғауының нольдік тұлғадағы сөзі мен тәуелдік жалғаулы зат есім мен зат есім құрылымды атаулар: Өке арманы («Түркістан» қалалық газеті, 05.06.2023), Өмір белестері («Түркістан» қалалық газеті, 31.01.2023), Ана жүрегі («Түркістан» қалалық газеті, 04.03.2022), Кедей қызы («Түркістан» қалалық газеті, 12.11.2021), Қыз келбеті («Түркістан» қалалық газеті, 08.03.2019), Халық кеңесі («Түркістан» қалалық газеті, 24.04.1990), Қазақ сөзі («Түркістан» қалалық газеті, 15.12.2019), Маңғыстау газеті («Түркістан» қалалық газеті, 22. 09. 1999), Сыр бойы («Түркістан» қалалық газеті, 27.09.1991), Семей таңы («Түркістан» қалалық газеті, 16.03.1966), Сарқырама самалы («Түркістан» қалалық газеті, 21.09.1991), Ордабасы оттары («Түркістан» қалалық газеті, 14.12.1992).

- Сын есім мен зат есім зат есім құрамды қабыса байланыстағы газет атаулары: Мысалы: Көккөңбек қабырғалар («Түркістан» қалалық газеті, 04.02.2022), Өнегелі қария («Түркістан» қалалық газеті, 23.01.2023), Ай сәулелі ару («Түркістан» қалалық газеті, 01.04.2022), Қанды қаңтар. Лаңкес. («Түркістан» қалалық газеті, 17.01.2022), Алғашқы махаббат («Түркістан» қалалық газеті, 20.10.2018), Рухани мұра («Түркістан» қалалық газеті, 19.07.2017), Жасыл қала («Түркістан» қалалық газеті, 08.04.2019), Саналы ұрпақ («Түркістан» қалалық газеті, 22.05.2022), Аялы алақан («Түркістан» қалалық газеті, 03.09.2021), Жаңа музей («Түркістан» қалалық газеті, 27.11.2020), Саналы адам («Түркістан» қалалық газеті, 15.05.2018).

- Сан есім мен зат есім зат есім құрамды қабыса байланыстағы газет атаулары: Екінші отан («Түркістан» қалалық газеті, 21.10.2022), Он алтыншы желтоқсан («Түркістан» қалалық газеті, 04.12.2020), Төрт лаңкес («Түркістан» қалалық газеті, 11.11.2020), Мың шақырым («Түркістан» қалалық газеті, 10.09.2022), Үшінші отырыс («Түркістан» қалалық газеті, 08.11.2018), Екі ақын («Түркістан» қалалық газеті, 12.01.2018), Үш ноян («Түркістан» қалалық газеті, 12.01.2019), Екі белгі («Түркістан» қалалық газеті, 20.10.2020), Үш сауал («Түркістан» қалалық газеті, 04.02.2019), Оныншы шақырылым («Түркістан» қалалық газеті, 10.02.2022), Екінші көктем («Түркістан» қалалық газеті, 11.09.2022), Үш дос («Түркістан» қалалық газеті, 12.04.2021).

- Түйдекті тіркесті баспасөз материалдары тақырыптарының атаулары. Сөз тіркесіндік газет материалдарын синтаксистік тұрғыда талдауда сөз тіркесіне қатысты теориялық деректерді нақты білген дұрыс. Түйдекті тіркестер дегеніміз тұтастығын сақтап, лексика-грамматикалық топ болып сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркестер тобы [17, 35]. Түйдекті тіркестерге күрделі сөз таптары мен тұрақты тіркестер тобы жатады [18, 16]. Мысалы: «Еңбегіміздің бағасын халықтың өзі береді...» («Түркістан» қалалық газеті, 05.04.2024), Жаныңда жүр жақсы адам!.. («Түркістан» қалалық газеті, 25.01.2020), Бір үзік сыр... («Түркістан» қалалық газеті, 17.02.2020), Сақтансаң сақтайды («Түркістан» қалалық газеті, 07.04.2020), Жетімін жылатпаған халық едік («Түркістан» қалалық газеті, 30.05.2020),

Жәдігерлер оқушылардың таңдайын қақтырды («Түркістан» қалалық газеті, 20.05.2019), Түркітілдес елдердің талантты жастары түркістандықтарды тәнті етті («Түркістан» қалалық газеті, 27.08.2019), Жүрегімнің түбіне терең бойла («Түркістан» қалалық газеті, 06.09.2019), Тақыр жерден бой көтерген университет оқу орнына айналды («Түркістан» қалалық газеті, 30.05.2020).

Сөйлем құрылымды газет материалдарының атауларының құрылымын анықтауда қазақ тілі синтаксисінің сөйлем теориясына қатысты деректерге сүйенеміз. Сөйлемнің баяндауышының жасалуына қарай есімді, етістікті деп бөлінеді [19, 105-б.], газет материалдарының атаулары да сөйлемнің жасалуына қарай есімді, етістікті сөйлемдер арқылы жасалған газет материалдарының атаулары деп екіге бөлінді.

Есімді сөйлем арқылы жасалған газет материалдарының атаулары.

Кашпировскийдің емі (28.12.18, «Түркістан» қалалық газеті), Ханшаның көз жасы (05.11.21, «Түркістан» қалалық газеті), Айтыстың ақбарысы (02.12.18, «Түркістан» қалалық газеті), Бір үзік сыр... («Түркістан» қалалық газеті, 17.02.2020), Бір үзік сыр... («Түркістан» қалалық газеті, 17.02.2020), Тұлпардың тұяғы (02.11.18, «Түркістан» қалалық газеті), Таннозхонның айласы (26.06.20 ж., «Түркістан» қалалық газеті), Бүгінгінің жастары («Түркістан» қалалық газеті, 24.03.20), Әкімнің үндеуі («Түркістан» қалалық газеті, 21.10.19), Бауыржанның уәдесі («Түркістан» қалалық газеті, 05.06.2022), т.б.

Етістікті сөйлем арқылы жасалған газет материалдарының атаулары. Етістікті сөйлем арқылы жасалған газет материалдарын атауларының құрылымына қарай жай сөйлем құрылымды, құрмалас сөйлем құрылымды болып қарастырамыз [20, 192-б.].

Жай сөйлем құрылымды газет материалдары атауларының құрылымы.

Мысалы: «Кедей қызы» оқырманға жол тартты («Түркістан» қалалық газеті, 12.11.2021), «Қос шынар» кітабының тұсауы кесілді («Түркістан» қалалық газеті, 11.04.2022), Учаскелік полиция халықпен етене жақын болуы тиіс («Түркістан» қалалық газеті, 18.10.2019), Спорт саңлақтары марапатталды («Түркістан» қалалық газеті, 18.10.2019), Тұрғындарды сақтыққа шақырады («Түркістан» қалалық газеті, 16.06.2023), Субұрқақтар Түркістанның сәніне айналды («Түркістан» қалалық газеті, 16.06.2023), Сапалы қызмет қала имиджін көтереді («Түркістан» қалалық газеті, 16.06.2023), Сынып бұрышы ашылды («Түркістан» қалалық газеті, 18.10.2019), Өзекті ойлар айтылды («Түркістан» қалалық газеті, 06.09.2019), Әкім қала тұрғындарымен кездесті («Түркістан» қалалық газеті, 06.12.2019)

Құрмалас сөйлем құрылымды газет материалдары атауларының құрылымы жай сөйлемдердің байланысына қарай салалас құрылымды, сабақтас құрылымды болып келеді [20, 211-б.].

Мысалы: Таза тұрса көшеміз, кетпес сірә есеміз («Түркістан» қалалық газеті, 11.08.2023), Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді («Түркістан» қалалық газеті, 06.01.2023), Ел үмітін ақтап, үдесінен шығу - үлкен міндет! («Түркістан» қалалық газеті, 23.02.2023), Туған күніңмен, еліміздің бас қаласы! («Түркістан» қалалық газеті, 05.07.2019), Түркістан халқы салауатты өмір салтын дәріптеп, көңілді кешті тамашалады («Түркістан» қалалық газеті, 12.08.2019), Партия ұжымы да жолдауды тыңдап, талқыға салды («Түркістан» қалалық газеті, 02.09.2019), Асқар Мамин Арыс қаласын қалпына келтіру жұмыстарының аяқталуын бақылап, Түркістанда салынып жатқан нысандарды аралады («Түркістан» қалалық газеті, 12.09.2019), Қалада бір адам жапа шексе, біз жауап береміз («Түркістан» қалалық газеті, 27.09. 2019), Қаладағы құрылыс нысандарын аралап, тұрғындармен жүздесті («Түркістан» қалалық газеті, 23.10.2019), Мың жылдығын ойлаған халық - саналы ұрпақ тәрбиелейді («Түркістан» қалалық газеті, 28.11.2019), Көк туымыз желбірейтін, әнұранымыз шырқалатын күндер көп болсын («Түркістан» қалалық газеті, 12.08.2021).

Қысқасы, газет тақырыбының тартымды, мазмұнды болуы үшін газеттің жанрына қарамастан жазудың үш қадамы бар. Біріншісі – тақырып таңдау, екіншісі – таңдалған газет тақырыптарын әзірлеу, үшіншісі – әдеби өңдеу. Бүгінгі күннің мақал-мәтелдері, нақыл сөздері мен афоризмдері, дәйексөздер мен өлең жолдары, белгілі көркем шығарма атауларынан немесе ауызекі сөйлеуде қолданылатын қарапайым сөздерден алынған газет материалдары атауларының құндылығы жоғары. Мұндай газет материалдары атауларын синтаксистік тұрғыдан талдап, ерекшеліктерін анықтау – ғалымдардың басты міндеті. Газет материалдары тақырыптарының синтаксисі – терең зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі.

Қорытынды

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары сияқты адами қарым-қатынастың кең және көп деңгейлі саласы барлық алуан түрлілігімен лингвистика ғылымы үшін ерекше мәселе болып табылады. Оған осы кезеңде тілдің даму бағытын белгілейтін және ондағы болып жатқан алуан түрлі сипаттағы өзгерістерді анықтайтын бұқаралық ақпарат құралдарының болуы себеп болып отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жеке жанрларын, медиамәтіндердің алуан түрлерін, сондай-ақ әртүрлі тілдік деңгейде, соның ішінде синтаксистік деңгейде медиамәтіндерге бірқатар зерттеулер жүргізілді.

Зерттеудің өзектілігі бұқаралық коммуникацияның тілдік ерекшеліктерін медиалингвистика тұрғысынан синтаксистік талдау, жүйелеу болып табылады.

Қазіргі баспасөз тілі мағыналық, тақырыптық, мақсаттық, тілдік-стильдік, синтаксистік ерекшеліктеріне қарай жалпы үш топтамалық жанрларға, кейін әрбір топтама түрлерге бөлінеді: ақпараттық жанр (жазба, репортаж, сұқбат, есеп, т.б.); аналитикалық (мақала, шолу, сын пікір, корреспонденция, пресс-релиз, бағалау-бақылау, т.б.); көркем-публицистикалық жанр (очерк, эссе, фельетон, памфлет, пародиялар, тұрмыстық әңгімелер, т.б.). Әрбір жанрға жататын туындылар синтаксистік құрылысы жағынан бірі екіншісінен ерекшеленіп тұрады: бірі стильдік жағынан ресми, жай сөйлемдер арқылы берілсе, екіншілері көркемдік сипатты қажет етеді: құрмалас сөйлемдер, оның түрлері қолданыла береді.

XIX ғасырдың екінші жартысында халық қажетіне жараған «Түркістан уалаяты газеті», «Дала уалаяты газеттері» қазақ халқы қолданған тілді пайдаланып, сол тілдің дамуына, арнасының молаюына үлкен үлес қосты. Қазақ халқына екі ғасырға жуық қызмет еткен мерзімді баспасөз тілі лексикалық, грамматикалық, синтаксистік толықтырулардан өтті, қазақ әдеби тілінің қалыптасып, өркендеуіне зор үлес қосты.

Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары тілі – қазіргі қазақ тілі дамуының қозғаушы күші, тілдік норманың, яғни сөйлеу мәдениетінің үлгісі.

Қазақ тіл білімінде баспасөз тілі синтаксисі ауқымды тақырып болғандықтан, тек баспасөз материалдары тақырыптарының синтаксисі тұрғысынан зерттеу басты назарда болды, «Түркістан» қалалық газеті материалдары тақырыптары атауларының синтаксистік ерекшеліктері қарастырылды. Баспасөз материалдарының жанрлық синтаксисі өзіндік ерекшеліктерге толы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі жазу мен емле // *Tiltanym*. – 2020. – №3. – Б. 11–18.
2. Момынова Б.Қ. «Қазақ» газеті (1913-1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы: монография / Жауапты ред. Б. Сағындықұлы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.
3. Ихсанғалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 135 с.
4. Райымбекова Б.Ж. Газетный текст на русском и казахском языках: автореф. ... канд. филол.

- наук. – Алматы, 1999. – 25 с.
5. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтіні прагматикасының функциясы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 153 б.
 6. Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. [Электронды ресурс]. URL: https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1359:r-b-araly-a-parat-raldary-turaly-za-y&catid=136&lang=kz&Itemid=519 (қаралған күні 20.10.2024)
 7. Здорова В.Й. Теорія і методика журналістської творчості: підручник. – 2-ге вид., перероб. і доп. – Львів: ПАІС, 2004. – 268 с.
 8. Melo J.M., Assis F. Journalistic genres and formats: a classification model // Intercom–RBCC. – 2016. – V. 39, N1. – P. 39–54.
 9. Колесниченко А.В. Практическая журналистика: учебное пособие. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2010. – 192 с.
 10. Пельт В.Д. Дифференциация жанров газетной публицистики. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – 120 с.
 11. Тертычный А.А. Жанры периодической печати: учебное пособие. – Аспект Пресс, 2006. – 312 с.
 12. Қожабекова Р.Т. Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі (1991–2002 жж.). – Түркістан: Тұран, 2004. – 140 б.
 13. Попов А.С. Синтаксическая структура современных газетных заглавий и ее развитие // В кн.: Развитие синтаксиса современного русского языка. – М.: Наука, 1966. – С. 95–126.
 14. Қайдар Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 240 б.
 15. Қошанова Н., Жылқыбай Г. Сыртқы көрнекі жарнамалар тілінің орфографиясы // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 54–64.
 16. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 350 б.
 17. Сайрамбаев, Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері: сөз тіркесі / Жауапты ред. Ә. Айтбаев. - Алматы: Арыс, 2010. – 640 б.
 18. Жолшаева М.С. Қазіргі қазақ тілі: жай сөйлем синтаксисі: оқу құралы. – Алматы: Балауса, 2018. – 192 б.
 19. Қошанова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің синтаксистік қызметі: оқу құралы. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2017. – 150 б.
 20. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар / ред. басқ. Ж. Жақыпов. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.

REFERENCES

1. Momynova B. «Qazaq» gazetindegі jazı men emle [Writing and spelling in the newspaper “Kazakh”] // Tiltanym. – 2020. – №3. – B. 11–18. [in Kazakh]
2. Momynova B.Q. «Qazaq» gazeti (1913–1918): alipbi, emle erekshelikteri jane leksika-grammatikasy [Newspaper “Kazakh” (1913–1918): alphabet, spelling features and vocabulary-grammar]: monografiya / Jauapty red. B. Sagyndyquly. – Almaty: Qazaq tili, 2022. – 256 b. [in Kazakh]
3. Ihsangalieva G.K. Funkcionalno-pragmaticheskiy analiz zagolovkov (na materiale kazahstanskih gazet i teleprogramm): dis. ... kand. filol. nauk. [Functional and pragmatic analysis of headlines (based on the material of Kazakhstani newspapers and TV programs): dis.]. – Almaty, 2000. – 135 s. [in Russian]
4. Raiymbekova B.J. Gazetnyi tekst na rusском i kazahskom iazykah: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Newspaper text in Russian and Kazakh languages: abstract]. – Almaty, 1999. – 25 s. [in Russian]
5. Jaqsybaeva F.Z. Gazet matini pragmatikasynyn funkciasy: filol. gyl. kand. ... dis. [The function of newspaper text pragmatics: dis.]. – Almaty, 2000. – 153 b. [in Kazakh]
6. Qazaqstan Respublikasynyn Buqaralyq aqparat quraldary turaly Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on mass media]. [Electronic mass resource]. URL: https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1359:r-b-araly-a-parat-raldary-turaly-za-y&catid=136&lang=kz&Itemid=519 (date of access 20.10.2024)
7. Zdorovega V.J. Teoria i metodika jurnalistskoi tvorчosti: pidruchnik [Theory and methodology of journalistic creativity: textbook]. – 2-ge vid., pererob. i dop. – L'viv: PAIS, 2004. – 268 s. [in Ukrainian]

8. Melo J.M., Assis F. Journalistic genres and formats: a classification model // Intercom–RBCC. – 2016. – V. 39, N1. – P. 39–54.
9. Kolesnichenko A.V. Prakticheskaja jurnalistika: uchebnoe posobie [Practical Journalism: a textbook]. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 2010. – 192 s. [in Russian]
10. Pelt V.D. Differenciacia janrov gazetnoi publicistiki [Differentiation of genres of newspaper journalism]. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1984. – 120 s. [in Russian]
11. Tertychnyi A.A. Janry periodicheskoi pechati: uchebnoe posobie [Genres of periodicals: a textbook]. – Aspekt Press, 2006. – 312 s. [in Russian]
12. Qojabekova R.T. Baspasoz betindegi taqyryptardyn frazeologialanu ereksheligi (1991–2002 jj.) [Feature of phraseologization of topics on the pages of the press (1991–2002)]. – Turkistan: Turan, 2004. – 140 b. [in Kazakh]
13. Popov A.S. Sintaksicheskaja struktura sovremennyh gazetnyh zaglaviy i ee razvitie // V kn.: Razvitie sintaksisa sovremennogo russkogo iazyka [The syntactic structure of modern newspaper titles and its development // In: The development of the syntax of the modern Russian language]. – M.: Nauka, 1966. – S. 95–126. [in Russian]
14. Qaidar A.T. Qazaq terminologiasyna janasha kozqaras [A new approach to Kazakh terminology]. – Almaty: Rauan, 1993. – 240 b. [in Kazakh]
15. Qoshanova N., Jylqybai G. Syrtqy korneki jarnamalar tilinin orfografiyası [Spelling of the language of external visual ads] // Iasauı universitetinin Habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 54–64. [in Kazakh]
16. Baitursynov A. Til tagylymy [Language lessons]. – Almaty: Ana tili, 1995. – 350 b. [in Kazakh]
17. Sairambaev T. Qazaq til biliminin maseleleri: soz tirkesi [Problems of Kazakh linguistics: phrase] / Jauapty red. O. Aitbaev. – Almaty: Arys, 2010. – 640 b. [in Kazakh]
18. Jolshaeva M.S. Qazirgi qazaq tili: jai soilem sintaksisi: oqu quraly [Modern Kazakh language: simple sentence syntax: textbook]. – Almaty: Balausa, 2018. – 192 b
19. Qoshanova N. Qazirgi qazaq tilindegi turaqty tirkesterdin sintaksistik qyzmeti: oqu quraly [Syntactic function of regular expressions in the modern Kazakh language: textbook]. – Turkistan: Turan baspasy, 2017. – 150 b. [in Kazakh]
20. Qazirgi qazaq tilindegi sintaksistik paradigmalar [Syntactic paradigms in the modern Kazakh language] / red. basq. J. Jaqypov. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2016. – 464 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 821.512.122 (09); МҒТАР 17.07.31
<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>**Б.С. БЕГМАНОВА** *филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы, қ.), e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық сана тәрізді аксиологиялық мәселелер зерделенеді. Ұлттық, жалпыадамзаттық аксиологиялық ізгіліктер мәңгілік өзекті тақырыптардың бірі. Өнердің асылы саналатын әдебиет аталған құндылықты насихаттайтын, дәріптейтін құбылыс. Асыл сөздің сарасы саналатын өлең сөз (поэзия) жоғарыда тілге тиек еткен аксиологиялық игіліктердің насихатталуына қызмет ететін құбылыстардың бірі. Поэзия – жалпыадамзаттық, ұлттық тағылымды дәріптеп, келешек ұрпаққа ізгілік құндылығын жеткізетін асыл сөз, әдеп сөзі. Аксиологиялық өлшемшарт қағидатын арқау еткен қазақ поэзиясының қоғамдағы рөлі, миссиясы айрықша. Қазақ өлең сөзі ұлттық құндылық, дүниетаным құбылысымен біте қайнасып, сабақтасып, асыл арнадан нәр алып, ұлттық рухтың жаршысы болатыны ақиқат. Себебі сан ғасырлар бойы тамыры тереңге жайылған ұлттық поэзия қазақ қоғамының игілігіне қызмет ететін құндылықтар құбылысы.

Өткен ғасырдың екінші жартысында әдеби процестегі жаңалыққа толы өзгерістер сөз өнеріне соны серпін, жаңа тыныс, леп әкеліп, асыл сөз сапасын биік белеске көтерді. Әдебиеттің өзге жанрлары сияқты поэзия жанры да теориялық, поэтикалық, стильдік, көркемдік, идеялық, тақырыптық, мазмұндық, сапалық, дидактикалық, практикалық тұрғыдан да кемелденгенін аңғарамыз. Тақырыптық жаңашылдықтың бірі – қазақ халқының ұлттық құндылығын арқау еткен туындылар поэзия жанрының баюына өзіндік үлес қосқандығы.

Бұл мақалада қоғамның ізгіленуіне қызмет ететін рухты құрал – өлең сөздің, поэзия өкілдерінің аксиологиялық, дидактикалық миссиясы пайымдалады. Ұлттық болмыс, ұлттық құндылықты арқау еткен өлеңдерден қазақтың болмысын, рухын, санасын оятудағы, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік қызметі сараланады. Әдеби үдерістегі ұлттық менталитетті танытатын жырлар іріктеліп, ондағы ұлттық құндылықты насихаттап, дәріптейтін аксиологиялық аспектілері ұлттық контекст аясында зерделенеді.

Кілт сөздер: аксиология, құндылық, поэзия, герменевтика, интерпретация, ұлттық болмыс, әдеби үрдіс.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бегманова Б.С. Қазіргі қазақ лирикасындағы ұлттық құндылықтар көрінісі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 125–135. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>

***Cite us correctly:**

Begmanova B.S. Qazirgi qazaq lirikasyndagy ulttyq qundylyqtar korinisi [Reflection of National Values in Modern Kazakh Lyrics] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 125–135. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.01.2025 / қабылданған күні 30.03.2025

B.S. Begmanova

*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Kazakh National Women's Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru*

Reflection of National Values in Modern Kazakh Lyrics

Abstract. The article examines the axiological problems of modern Kazakh poetry, such as national existence, national spirit, national consciousness. National, universal axiological virtues are one of the topical themes of eternity. Literature, considered the pearl of art, is a phenomenon that promotes and extols this value. Poetry, considered the essence of noble words, is one of the phenomena that serve to promote the axiological benefits mentioned above. Poetry is a moral word, an ethical word that glorifies universal, national education and transmits the value of virtue to future generations. The role and mission of Kazakh poetry in society, based on the principle of axiological criteria, is special. Indeed, Kazakh poetry is completely intertwined with the phenomenon of national values, worldview, feeds on a noble channel and is a harbinger of the national spirit. Because the centuries-old national poetry is a phenomenon of values that serves the benefit of Kazakh society.

In the second half of the last century, innovative changes in the literary process gave a new impetus, a new breath to the praise of the art of speech, and raised the quality of noble words to a higher level. Like other genres of literature, the genre of poetry has improved theoretically, poetically, stylistically, artistically, ideologically, thematically, meaningfully, qualitatively, didactically, and practically. One of the thematic innovations is that the works based on the national values of the Kazakh people contributed to the enrichment of the genre of poetry.

This article examines the axiological, didactic mission of the poetic word, the representatives of poetry – a spiritual tool that serves the humanization of society. The poems, embodying national identity, national value, trace the historical, socio-social activities of the Kazakh people in awakening their being, spirit, consciousness.

The poems reflecting the national mentality in the literary process are selected, and their axiological aspects that promote and glorify national values in a national context are analyzed.

Keywords: axiology, value, poetics, hermeneutics, interpretation, national identity, literary process.

Б.С. Бегманова

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Казахский национальный женский педагогический университет
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru*

Отражение национальных ценностей в современной казахской лирике

Аннотация. В статье исследуются аксиологические проблемы современной казахской поэзии, такие как национальное бытие, национальный дух, национальное сознание. Национальные, общечеловеческие аксиологические добродетели – одна из актуальных тем вечности. Литература, считающаяся жемчужиной искусства, – это явление, пропагандирующее, превозносящее эту ценность. Поэзия, считающаяся сущностью благородных слов, является одним из явлений, служащих пропаганде упомянутых выше аксиологических благ. Поэзия – нравственное слово, этическое слово, прославляющее всеобщее, национальное образование и передающее будущим поколениям ценность добродетели. Роль и миссия казахской поэзии в обществе, основанная на принципе аксиологических критериев, особенна. Действительно, казахская поэзия всецело

переплетается с явлением национальной ценности, мировоззрения, питается благородным руслом и является предвестником национального духа. Потому что многовековая национальная поэзия – это явление ценностей, служащее благу казахского общества.

Во второй половине прошлого века новаторские изменения в литературном процессе придали новый импульс, новое дыхание восхвалению искусства речи, подняли качество благородных слов на более высокий уровень. Как и другие жанры литературы, жанр поэзии усовершенствовался в теоретическом, поэтическом, стилистическом, художественном, идейном, тематическом, содержательном, качественном, дидактическом, практическом плане. Одним из тематических новшеств является то, что произведения, основанные на национальных ценностях казахского народа, способствовали обогащению жанра поэзии.

В данной статье рассматривается аксиологическая, дидактическая миссия поэтического слова, представителей поэзии – духовного средства, служащего гуманизации общества. В стихах, олицетворяющих национальное самосознание, национальную ценность, прослеживается историческая, общественно-социальная деятельность казахского народа в пробуждении его бытия, духа, сознания.

Отбираются стихотворения, отражающие национальный менталитет в литературном процессе, и анализируются их аксиологические аспекты, пропагандирующие и прославляющие национальную ценность, в национальном контексте.

Ключевые слова: аксиология, ценность, поэзия, герменевтика, интерпретация, национальная идентичность, литературный процесс.

Кіріспе

Қазіргі қазақ лирикасындағы ұлттық құндылықтардың бүгінгі сөз өнерінің дамуына қосар үлесі зор. Дана халқымыздың өлең-сөзбен өрілген ой орамдары оқырманның ой-санасын өсіріп, рухани байытып қана қоймай, тәлім-тәрбиелік мән-маңызының үлкен екендігі баршамызға белгілі.

XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінде өзіндік серпіліс, өзіндік жаңару, толығу кезеңі болғаны белгілі. Сөз өнеріндегі бұл серпілісті қаламгерлердің әдебиетке көптеп келуімен байланыстырады. Әдебиеттің басқа жанрлары секілді қазақ поэзиясы да көркемдік ерекшелігінің арта түскендігін, тақырыптық жаңашылдық, тың ізденіспен жаңа сапада дамығандығын көруге болады. Бұл жаңашылдықтың басты жетістігі – ұлттық құндылық көрінісі. Әрине, ұлттық құндылық тек қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, наным-сенімдерді арқау еткен шығармалардан ғана емес, қазақы менталит, ұлттық характер мен болмыс-бітімді философиялық ойға құрылған астарлы өлең-жырлар арқылы да көрініс алды. Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым А. Шәріптің «Ұлттық мінезді поэзиялық шығармалардың жалпы пафосынан немесе рухынан, сондай-ақ ақындық «мен», лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға, лирикалық қаһарман бейнелерінің бітімінен анықтап-айғақтауға болады» [1, 28-б.] деген тұжырымын атап айтуға болады. Қазақ әдебиетіндегі бұл өзгерісті қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, наным-сенімдері мен ұлттық характерін арқау етіп, өмір мен болмысты лирикалық кейіпкер бойындағы асыл қасиеттерімен астастыра, сабақтастыра жырлаған ақындардың шығармашылығынан көруге болады. «Қазақ өлеңінің өзіндік бір жаңа бетбұрысын аңдатқан ұлттық мүддені, ұлттық мәдениет пен рухты жаңғырта түсуді, ниет еткен тебіреністер сол тұстағы әдебиеттің қастерлі парызындай екендігі күмәнсіз» [2, 40-б.]. Өлеңдегі тақырыптың әр алуандығы, шетел өмірінің тыныс-тіршілігі, туған жер, табиғат суреттері, махаббат, т.б. лирикалық тақырыптардағы жырлардан қазақы тыныстың кеңдігін көруге болады.

Ұлттық болмыс пен бітім, ұлттық құндылық, ұлттық рух деген секілді сөзімізге тиек етіп отырған тақырыптардың аясы бір арнаға тоғысады. Ол – азаматтық идея немесе гуманизм деп айтсақ та болады. Яғни адам қоғамда әрқашан биік тұруы тиіс. Әдебиеттің «предметі» адам, адамдық тұлға болса, қаламгердің қазақ халқының ұлттық бейнесін жырға арқау етуде оның бойындағы ұлттық қасеттерді паш ететіні даусыз. Ұлтты адам құрайды. Ал адам құқығының қорғалуы ұлттық рухтың қорғалуымен тең. Бұл идея түп тамырымыз түркі ұлысы кезеңіндегі тасқа қашалып жазылған Орхон-жазба ескерткіштерінде, оның ар жағында фольклор жанрындағы батырлар жырлары мен аңыз-эпсаналардан бастау алғандығы белгілі. Әр жылдардың ақындары аталмыш тақырыпты өзінше жырлауда. Алайда бұл тақырып поэзияда өз құндылығын ешқашан жойған емес. Ол ғасырдан ғасырға, жылдан жылға өз жалғасын таба отырып, өз заманына сай түрленіп, жаңашылдықпен жырланып келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихына үңілсек, әр кезеңнің өзіндік тақырыбы, өзіндік ерекшелігі болғандығы белгілі. Өткен ғасырда кеңестік идеология халықты «сөз өнері арқылы басқару тәртібін» іске асыру мақсатында көркем шығармалар социалистік реализм әдісімен жазылғанын көреміз. Ұлттық тақырыптың өзінен саясат іздеп, көркем шығармадағы бұрмалаушылықтың салдарынан саяси цензура біршама әдебиетке өз ықпалын тигізіп, басқарып отырғандығы да тарихтан мәлім. Дегенмен де өткен ғасырдың екінші жартысынан бастау алған сөз бостандығы біршама өз ой-мақсаттарын ұлттық тақырыппен байланыстыра, сабақтастыра жырлағанын байқаймыз. Сондықтан да «бүгін әдебиет тарихын тек тарихи-қоғамдық тұрғыдан шектеу жеткіліксіз. Әдебиеттің ішкі заңдылықтарына да назар аудару қажет» екендігіне көз жеткізіп, көркем шығармалардың ұлттық құндылығына жан-жақты зерттеу жүрізу қажеттілігін көріп отырмыз. Себебі, «кеңес әдебиеттануы әдебиетті идеологиялық код арқылы зерттегенін» басты назарда ұстадық [3, 99-б.].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында көркем мәтінге аксиологиялық тұрғыдан зерттеу, антропологиялық тәсіл мен салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми-теориялық еңбектерге сүйене отырып, өлеңдегі ұлттық құндылықтың трансформациялануы сарапталды.

Мақаланы жазу барысында әдебиеттану ғылымындағы зерттеу жұмысына бағытталған салыстырмалы-салғастырмалы әдістер қолданылды. Сондай-ақ, жалпылау, жинақтау, баяндау, анализдеу, қорыту әдістері пайдаланылды.

Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасағанда ұлттық құндылық сипатын поэзия тарихының әр кезеңінде көрініс алып отырғандығын көре аламыз. Ұлттық құндылық тақырыбының сарынын Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінен бастап, XV–XX ғасырлардағы қазақ поэзиясын зерттеген ғылыми-теориялық еңбектерге сүйенеміз.

Сонымен қатар, Р. Мұқышеваның «Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық характерді бейнелеу жүйесі» (80–90 жж.), Б.Кәрібозұлының «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты», Ш.Сариевтің «Қазақ лирикасы: көркемдік ізденістер және ұлт тәуелсіздігі», Т. Шапайдың «Ой түбінде жатқан сөз», Д. Қамзабекұлы, Б. Омарұлы, А. Шәріптің «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» С. Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» атты ғылыми зерттеу еңбектері мен тағы басқа да қазақ лирикасына талдау жасалынған ғылыми-теориялық монографиялар басты назарға алынды.

Талдау мен нәтижелер

XX ғасырдың екінші жартысындағы «жыл келгендей жаңалықтың» бастауын жыр әлеміне қадам басқан біраз ақындармен толығуымен байланыстырамыз. Ақындардың қазақы менталитеттің көрінісін философиялық оймен астастырып беруінде де лирикадағы сапалылықтың сипатына баса назар аударылды.

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы бірнеше ақын жырларын ұлттық құндылық тұрғысынан зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен жыр жинақтарына шолу жасауға талпындық. Тақырыпқа сай бірнеше ақындардың жырларынан мысалдар келтіре отырып, талдау жүргізілді.

Әр ақынның ұлттық құндылық болмысын сипаттаудағы шеберлігінен өлеңге деген құрмет пен тазалықтың, жауапкершіліктің, ақынның жандүниесідегі ұлтына, қазақ өлеңіне деген көңілін, тіпті ақындық болмысының парасаттылығын тануға болады.

Оразақын Асқар «Табан» өлеңіндегі ұлттық құндылықты қазақ халқының тарихымен сабақтасыра, астастыра жырлаған.

Монғол, жоңғар арт-артынан қаптаған
Кезде елімді қалмады жау шаппаған.
Ойран болып Отыарым, Саураным,
Сонда болдым шұбырынды ақ табан.

Енді ес жия бастағанда адам боп,
Ерлерімнің маңдайынан қадалды оқ.
Тәркіленіп, кедейленіп тапталып,
Қырылды аштан халқым қызыл табан боп.

Жер бетінен десе-дағы қаранды үз,
Дербестікке жеттік әйтеуір аман біз.
Жері, елі, еркіндігі, заңы бар,
Жарлы, жаяу кілең қара табанбыз.

Қандастарым елге оралып қайтадан,
Дәнге далам, малға толып сай-салам.
Қалаларым баспана боп қазаққа,
Болсақ екен енді маңғаз май табан [4.]

Өлең антропологиялық тәсілмен жазылған. Төрт шумақтан тұратын өлеңнің әр шумағы қазақ халқының тарихындағы ғасырларға созылған зұлматты жылдардың көрінісін арқау еткен.

Өлеңдегі ақынның негізгі идеясы – қазақ халқының басына түскен қиын-қыстау кезеңдеріндегі нәубетті, қасіретті таныту. Сол қиыншылық жолындағы еркіндік үшін күрескен елдің өткенін еске ала отырып, рухты халықтың ел, жер, ата-мекен үшін асқан ерлігін жыр жолдарына арқау еткен. Өлең бойындағы негізгі фон – қазақ халқының тарихы. Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, тарихымыздың әр кезеңдерінен сыр шертетін зұлматты жылдардың қасіретті көрінісін бар-жоғы төрт шумаққа сыйғыза асқан шеберлікпен бейнелеген. Осы төрт шумақта қазақ даласының сыры мен мұңы, қайғысы мен көз жасы, ерлігі мен елдігі көрінеді. Ақын осы төрт шумаққа бүкіл осы ұлттық болмысты асқан ұқыптылықпен, ақындық тапқырлықпен астастыра білген. «Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің тереңдігі мен көркемділігі» [5, 100-б.] екендігіне осы өлең жолдарындағы ақындық ой орамының тереңдігі мен сөз бедерінің, көркемдік ізденіс үстіндегі ақындық тұлғаның асқан талғампаздығын танимыз.

Өлеңдегі кілт сөз - табан. Тура мағынасында табан адамның дене мүшелерінің бірі. Бұл сөздің астарында табандылық жатыр. Сөздің тура және ауыспалы мағынасына сүйене отырып, өлең жолындағы табаннан табандылықты, яғни, қиын-қыстау кезеңдегі қазақ халқының мінез-құлқын, қайтпас қайсарлықпен сол қиыншылықты жеңе білген ұлтқа тән характерді танимыз. Табандылық ұғымы қазақ халқының ұлттық характерінің айғағы іспеттес. **ТАБАНДЫЛЫҚ** халық басынан өткерген қаншама қиындықтарға төтеп берген,

мың өліп, мың тірілген қазақтың табандылығы мен қайтпас қайсарлығының символы. Адам дене мүшесінің бірі табанның өлеңдегі қызметін ақын асқан ұтымдылықпен сипаттаған.

Өлең жолдарына арқау болған ТАБАН тура мағынасында адамның дене мүшесі. Адам дене мүшелері медицина саласындағы биология ғылымының антропологиялық ілімімен тікелей байланысты. Антропология (көне гр.тілінен аударғанда – адам) – адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы бар саласы. Антропология терминін алғаш рет Аристотель енгізгендігін ескерсек, адамзаттық ұлылығын паш еткен көне грек ойшылдарының трактаттарынан бастау алған бұл ілімнің бүгінде қазақ поэзиясына да арқау болғандығын, қазақ даласының тарихымен сабақтастыра, ойлы, астарлы философиялық мәнін арттырып тұрғандығын көреміз.

Антропология саласындағы табанның қазақ поэзиясындағы қызметіне талдау жасайық. Өлең жолдарына арқау болған «Табан» ұғымы арқылы халықтың қиыншылықтарға қарамастан, елін, жерін, ділін, ұлттық болмысын сақтап қалу жолындағы табандылықпен танытқан күресі бейнеленген.

ТАБАН – ұлттық санада терең із қалдырған тарихи жағдайлардың символы. Өлең жолдарында табанның 4 түрі көрсетілген:

1. «Ақтабан» – қазақтың ата-бабаларының жаугершілік кезеңдерінде басына түскен зобалаң, Ақтабан шұбырындының ащы қасіреті.

2. «Қызыл табан» – ашаршылық, кедейшілік, халықтың тәркіленіп, тапталуы. Бұл еліміздің Кеңес одағының құрамындағы зардаптарынан жапа шегіп, қызыл табан болып тозған шағы.

3. «Қара табан» – халқымыздың теуелсіздікке ұмтылып, жарлы жаяу соқпақ жолмен жүріп, қара табан болуы.

4. «Май табан» – ақынның болашаққа деген үміті, халқымыздың молшылық пен байлықта, ашық аспанда көсегесі көгеріп май табан болса екен деген тілегі.

«Бейнелеп айтуға, сурет жасауға бейімділік – өлең тіліне ең бір тән қасиет» [5, 103-б.] екендігін ескерсек, осы тұрғыдан ақын тілінің көркемдігін, ақын ізденістерінің жемісін көруге болады. «...суреттеу, баяндаудың көрнекілігі, дәлдігі, нақтылығы көркем образ жасау мақсатына сәйкес келіп, суреттеп отырған құбылыстың типтік ерекшеліктерін де айқын, анық қамтуы тиіс» [5, 103-б.] екендігіне өлең жолдары дәлел бола алатыны даусыз.

Өлең жолдарындағы табанның белгілі бір қызметі көрініс алғанымен, автор асқан ақындық шеберлікпен халық тарихындағы ұлттық болмыспен сабақтасыра, эстетикалық талғампаздықпен бейнелеген. Көркем шығармашылық – эстетикалық қызметтің ең биік шыңы. «Суреткер күрделі шығармашылық міндетпен бетпе-бет келгенде, өзінің қызметін бағалағысы келеді, шығармашылық дағдарыстан шығу жолдарын іздейді, оған тек түйсікті басшылыққа алу қиын болғандықтан, көмекке эстетика келеді» [5, 16-б.]. Өлең бойындағы сөз әсемдігі, тарихи шындықтың көркемдік шешімге айналуындағы эстетикалық үдерісін танимыз. Өнер түрлеріндегі әсемдік жайлы эстетиканы зерттеуші ғалым Ю.Боревтің: «Эстетикалық дегеніміз – метакатегория, яғни, эстетиканың ең ауқымды әрі іргелі категориясы» [6, 31-б.] екендігіне баса назар аударып, жан-жақты терең зерттеу жүргізе отырып, «өнердегі сұлулық – форманың кемелдігінде де, мазмұнның тереңінде де және шеберлікте де (тақырып пен көркемдік құралдарын еркін меңгеру де), көркем шығарманың көркемдік тұжырымдамасының маңыздылығында да» [6,49-б.] деп баға береді де эстетикалық категориялардың бірнеше түрін атап көрсетеді. Өлең жолдарынан ғалым атап берген асқақтықты, трагедиялықты, ұсқынсыздық пен құлдыраушылықты, ұждансыздық пен сұмдықты, бейберекетсіздік және үйлесімділікті көруге болады. Осы аталған эстетикалық категориялардан өлең жолдарында трагедиялықты көп кездестіреміз. Ю.Борев трагедиялықтың шешімін өлім деп атап көрсетеді. Өлеңнің әр шумағындағы трагедия –

халық басына түскен ұлттық трагедия. «Ойран болып Отырарым, Саураным, «Қырылды аштан халқым қызыл табан боп». Бейберекетсіздікке халықтың басынан өткерген қанды қырғыннан, үздіксіз көрген қиыншылықтарынан әбден маза-құты қашқан, берекесі кеткен халық тағдырын көруге болады. Өлең жолдарындағы психологиялық ахуалдың көрінісі халық бейнесі, халықтың ауыр тағдыры арқылы көрініс алса, осы тарихи оқиғалардан ой түйіп, бүгінгі кезеңге, тәуелсіздігімізді тұғырлы еткен жаңа Қазақстанда «май табан» боп бақытты ғұмыр кешейік деген философиялық ой түйіндейді.

Халық басынан өткен тарихи дәуір ешқашан өз құндылығын жоғалтқан емес. Тарихи тақырыптың да ұлттық болмысын қазіргі заманауи көзқараспен, жаңашылдықпен сабақтастыра жырлау да қазіргі қазақ әдебиетінде үрдіс болып қалыптасқандығы белгілі.

1960–1980 жылдардағы лирикалық туындылардың жаңалығы мен ерекшелігі оның сатылап даму үрдісін танытады. Туындыларда ұлттық құндылықтың бітімі бұзылмай, соның арнасымен жаңашылдық та әсем көрініс тапқандығын айқын көреміз. Ш. Сариев: «Жаңашылдық лирикалық өлеңдердің сыртқы формасында ғана көрініп қойған жоқ, поэтикалық ойлау жүйесіне күрделі өзгерістер енгізді. Бұл кезеңде поэтикалық ойлау жүйесін жетелеп, толғандырған мәселе – жалпы адамдық, азаматтық проблемалар еді. Уақыт және Адам, Бейбіт ел тағдырын қорғау, Ғылыми техникалық революция, экология және табиғат, тағы басқа эстетикалық ақыл ойдың, сананың игілігіндегі түрлі мәселелер лириканың қайнар көзіне айналды» [7, 16-б.] деген пікіріне қосыламыз. Себебі, қазіргі қазақ лирикасындағы тақырыптық жаңару халық аясында ғана шектеліп қалмай, әлемдік бағытқа қарай бет бұра бастады. Қоғам мен әдебиет арасында орын алып жатқан оқиғалар лирикада жаңа реңке ие болды.

Қазақтың ұлттық болмысынан сыр шертетін Сағи Жиенбаевтың «Әженің жайлы арқасы» атты өлеңінен де қазақы салт-дәстүрдің қаймағы бұзылмаған дала сырын, ондағы әжелеріміздің ұстанымындағы ұлттық тәлім-тәрбиенің сипатын көре аламыз.

Әженің жайлы арқасы
Секілді мамық құс төсек,
Жабысып, Қолдар айқасып,
Ертеден кешке түспес ек [8].

Қазақ халқының ұлттық танымында тәрбиенің тал бесігі саналатын ата-әжелеріміздің бойындағы ұлттық құндылықты автор санамалап, әр қасиеттің өзіндік ерекшелігінің сырын тереңнен қозғаған. «Ұлттық характер – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі...» [9, 344-б.] екендігін танытатын жолдарды да осы өлең жолдарынан анық көре аламыз. Ауылдың сәніне, құрметіне, сыйлы да ардақты бейнесіне айналған әже образы арқылы автор салт-сананың биік тұғырын танытып отыр. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп тұрады» [9, 344-б.] деп ұлттық характерге баға берген. Бұл тұрғыда ақынның өлеңіндегі ұлттық танымды, ұлттық болмысты, лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі, оның ұлтқа деген сүйіспеншілігін әже болмысымен астастырып бейнелеген.

Қазақ әжесі шаңырақтың от-анасы, ақылшысы, жол көрсетіп, жөнге салып, тәрбие беріп отыратын әже ғана емес, тынымсыз еңбегімен де үлгілі ана. «Жабағы жұлып, Жүн түтіп. Текемет басып, Тері илеп, Көрпеше құрап қиықтан» әжелердің ерен еңбегімен қатар жылылықты қамқорлығымен көрсететін «Қолына қонған берекесімен» танылған әже образы өлең жолдарында:

Аруана тектес асылым,
Ақ әжем
Елдің ажары.
Ақ әжем –

Асқар тауымдай.
Шуданы тастап шумақтап,
Жататын оның жанында
Бозала бұлттар будақтап.
Болмайтын қаяу,
Кіршік те,
Жатушы ем мен де жайланып,
Үйірген әжем ұршықпен
Дүние қоса айналып... [8]

Өлең жолдарында әженің асыл бейнесі арқылы қазақ аналарының кең пейілді, мейірімді болмысы айқын суреттелген. Ю. Боров өзінің «Эстетика» атты еңбегінде асқақтық категориясының анықтамасында әдебиеттегі үздіктің бәрін асқақтыққа жатқызады. Асқақтық тіршілік күйбеңінен, арзан атаққұмарлықтан, байлықтан, құрметтен, даңқтан, шексіз биліктен – адамдарды сыртқы жарқылымен еліктіретіннің бәрінен алыс болуы тиіс. Яғни, асқақтық категориясына жататын лирикалық кейіпкер мінсіз болуы қажет. Қазақ ұғымында анадан асқан биіктік жоқ. Ана – ұлы есім. Ана деген асыл сөздің астарында мінсіздікті көруге болар. Сондықтан бұл өлеңдегі асқақтық категориясына әженің образы лайық.

Қадыр Мырза Әлидің «Ауыл және жұмақ» атты өлеңіндегі ұлттық құндылық қазақы ауылдың тыныс-тіршілігімен астаса суреттелген.

Тақпаймын астананың бағына мін,
Тұрмыстың ағымына бағынамын.
Әйтсе де,
Көкті сүзген мүйіз үйді
Көргенде
Киіз үйді сағынамын.
Асыққан уақыт бізбен кеңеспейді,
Сағыну – менің шаруам емес дейді.
Көргенде ала шабыр отар бұлтты
Көзіме ақтылы қой елестейді [10].

Ақын өлеңіндегі ауыл бейнесі қаланың тыныс-тіршілігімен байланыстыра жырланған. Өлеңдегі негізгі фон – ауыл, қазақы ауылдың өмірі. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер де ақынның өзі. Ақындық «Мен». Яғни, өнер үшін үлкен қалаға биік мақсаттарды арманмен арқалап жеткен ақын ауыл өмірінің тіршілігін әсемдігімен, әдемілігімен, сұлулығымен астасқан қала өмірінен әлдеқайда қарапайымдылығы мен жылылығы басым ауыл өмірін биіктете, асқақтата жырлайды. Өлеңдегі ауыл өмірі ұлттық құндылықпен астаса сағыныш символымен берілген. Өлеңнің басты идеясы – ауылдың қарапайым, бірақ рухани тұрғыдан бай өмірін жұмақпен салыстыру. Ақын ауылды нағыз жұмақ ретінде сипаттайды, ал қалалық өмірдің шуылы мен тез өзгертін тұрмысына қарсы ауылдың табиғи сұлулығы мен тыныштығын алға қояды. Ақын екі түрлі тіршілікті салыстыра отырып, қазақылығы тұнып тұрған ауылдың қаймағы бұзылмаған салты мен тынысын мақтанышпен суреттеген. Өлең жолдарындағы ақынның негізгі идеясы қазақтың ұлттық менталитеті тереңдеп бой алған ауыл өмірінің маңыздылығын паш ету. Басты идеяны ашу үшін ақын ауыл мен қала тынысын салыстыра, қатар қойып бейнелеген.

1. Ауылдың рухани мәні. Ақын үшін ауыл тек тұрмыс орны емес, ол адамның жанына тыныштық беретін, табиғатпен біте қайнасқан мекен. Ауылдың адам өміріндегі орны ерекше, өйткені онда қарапайым өмір салтымен бірге табиғаттың тазалығы мен шынайы сұлулығы сақталған.

2. Қаланың қым-қуыт тыныс-тіршілігі мен ауылдық өмірді салыстыра жырлау арқылы қазақы мінез бен ұлттық сипаттың сыры терең ашыла түскен. Өлеңде ауылдың өмірі қаланың

күйбең тіршілігімен салыстырылады. Қала – шуылға, жылдам өзгерістерге толы, ал ауыл – адамның ішкі жан дүниесін байытатын, рухани тыныштық табатын жер. Ақын үшін ауылдың табиғи болмысы қаланың жасанды тіршілігінен жоғары.

3. Сағыныш мотиві. Өлеңде ақынның туған ауылына деген терең сағынышы байқалады. Ауыл – оның өміріндегі өткеннің символы, қайтып келмейтін, бірақ әрдайым жүрегінде сақталатын мекен. Өлеңде ауыл тек географиялық орын ретінде емес, рухани жұмақ ретінде бейнеленген.

4. Табиғатқа жақындық. Өлеңнің бір маңызды аспектісі – табиғатпен үйлесімде өмір сүру. Ақын ауылды тек адамдардың мекені ретінде емес, табиғаттың бір бөлігі ретінде суреттейді. Киіз үй, жайылымдағы мал, ашық аспан – бәрі де ауылдың табиғи өмір салтын бейнелейді.

5. Жұмақ ұғымы. Өлеңде «жұмақ» сөзі метафора ретінде қолданылады. Ақын үшін жұмақ – бұл тек діни немесе мистикалық ұғым емес, ол адамның рухани тұрғыдан тыныштық табатын, жан дүниесін демалдыратын мекен. Ауыл осы жұмақтың символы ретінде көрінеді. «Жұмақты көрген жоқпын, Көрер болсам, Есіме салар еді ол да ауылды!». Ақын өзінің ауылдағы ескі дәстүрлерді, дала табиғатының кереметін сағынатынын сездіреді. Ақын үшін ауыл – бала кезіндегі ойындар, байырғы дәстүрлер және табиғаттың сұлулығымен байланысты жұмақ сияқты. Егер жұмақты көру мүмкін болса, ол ауыл өміріне ұқсайтынын айтады, себебі ақынның түсінігінде ауыл мәңгілік сағыныш пен тазалықтың символы.

Қорыта айтқанда, ақындық «Мендегі» жатсыну – қала тұрмысының ағымы. «Мін тақпаймын әрине, дегенмен дала табиғатының кереметін аңсап тұрамын қашанда», немесе «Темір тұлпар» мен үшін «темір есекті», ал «Паравоздың мәңіреуі» – бұзаулардың мәңіреуін еске салады. Ақын қаланың бүткіл тіршілігін ауылдың болмысы арқылы суреттеген. «Қызығымен мүмкін емес алдау мені, жұмақты көре алмадым бұл жерлерден, көрген болсам, есіме салады ол да ауылды» деп түйіндей келе, ұлттық санаға сіңген ауылдың бейнесін асқақтата жырлайды.

Ұлттық құндылықтың қасиетін Қ.Сариннің «Шерлі домбыра» өлеңінен де көреміз. Домбыра қазақтың ұлттық аспаптарының бірі. Қазақ ұғымында домбыраның орны ерекше. Домбыра үні арқылы қазақ халқының басты асыл қасиетін танимыз.

Қасиетіңнен айналдым,

Кешір, Домбыра!

Шанағыңды шаң басып, кесір қонды ма?

Есі кеткенше билейтін етегін ашып,

Эстраданы қайтейін есірген мына? [11, 98-б.]

Домбыраның қадір-қасиетін арттыру арқылы бүгінгі қоғамның ащы шындығын таныту ақынның басты ұстанымы екендігін өлең жолдарынан көруге болады. Қазіргі жастардың сырлы домбыраның әуезді үніне емес, керісінше, түсініксіз, мән-мағынасы ұлттық менталитетімізге сай келмейтін шетелдік әуендерге елтіп бара жатқан ащы шындықты ашық айтып отыр. Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек»- дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу қалай маңызды болса, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу одан да аса маңызды.

Қасиетіңнен айналдым,

Кешір, Домбыра!

Қолымнан құран кеткелі, есімнен дұға,

Ит тірлік кешіп жүргендер иттігін жасап,

Иттерге бізді қоспақшы бос үрген, мына [11, 98-б.]

Бұл жолдардан асыл дініміздің жағдайын көруге болады. Адамдар діннен алшақтап, ит тірлік кешіп жүргендігіне жаны ауырған ақындық «менді» танимыз. Кім көрінгеннің соңынан еріп, жаман әдеттерге жуық болған қоғамның дерті көрініс алған. Басқа елдің ұлттық құндылықтарын қабылдау – өз ұлтымыздың құндылықтарын құрту, жою арқылы ғана жүзеге асатынын меңзеп отыр.

Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Керуен сазым, тоналды-ау, көшіңнен мұра.
Жатырынан жерініп, Жеті атасына
Өркөкіректерді қайтейін өшінген мына.
Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Темірден әбден тесілді-ау төсің, Домбыра.
Қанжығасына байлап ап қадірің білмей,
Есерсоқ есек мінгендер есінді алды ма?

Ит үрер тағы...
керуен...
көшіміз жүрер,
Дұшпаның – жылап, өзгеріп, досыңыз күлер.
Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!

Екі шегіңнен садаға – екіжүзділер! [11, 98-б.]

Өлеңнің әр шумағы белгілі бір оймен түйінделіп, жинақталып өрбіп отырған. Әр шумақ белгілі бір философиялық ойға құрылған. Қазақтың асыл да әуезді домбырасы арқылы қоғамдағы тартыс көркемді оймен шебер бейнеленген.

Қара домбыраның қадір-қасиеті, халықтың киелі ұстанымы, бар болмыс-бітімі осы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу арқылы ашыла түсетіндігі айқын.

Қорытынды

Қазіргі қазақ лирикасы біршама дамып, жаңа сапада өркендеп, біраз жетістіктірге қол жеткізді. Қазақ поэзиясы тақырыптық жаңашылдық жағынан біраз ілгері басқандығын байқадық. Жыр әлеміндегі бұл жетістікке еліміздің егемендік алып, ой еркіндігі, сөз бостандығына қол жеткізгенімен байналыстыра аламыз.

Бүгінгі поэзияда ұлттық құндылық пен қазақы болмыс-бітім философиялық оймен өріліп, психологиялық принциптің лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерімен астастыра берілген.

Қазіргі лирикадағы басты құндылықтардың бірі – қазақ халқының тарихын, ұлттық сипатын, ұстанымын, салт-дәстүрін жырға арқау етіп, оған терең мағына үстеп, көркем оймен астастыртыра беруінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қамзабекұлы Д. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна, 2013. – 192 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.9. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. – 998 б.
3. Исмақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 б.
4. Оразақын А. Тәуелсіздік тартулары. – Алматы: Жалын, 1998. – 156 б.
5. Жанр мен поэтика мәселелері. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2004. – 300 б.
6. Борев Ю.Б. Эстетика. – Нұр-Сұлтан: Высшая школа, 2020. – 408 с.
7. Сариев Ш. Қазақ лирикасы: көркемдік ізденістер және ұлт тәуелсіздігі. – Алматы: Тау-Самал, 2012. – 336 б.

8. Жиенбаев С. Нан мен тұз. – Алматы: Жазушы, 1984. – 392 б.
9. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
10. Мырзалиев Қ. Ақ отау. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 б.
11. Сарин Қ. Құс жолындағы керуен. – Астана: Профи Медиа, 2014. – 144 б.

REFERENCES

1. Qamzabekuly D. Ulttyq adebiet jane dasturli mentaldik [National literature and traditional mental]. – Almaty: Arna, 2013. – 192 b. [In Kazakh]
2. Qazaq adebietinin tarihy [History of Kazakh literature]. Т.9. – Almaty: Qazaqparat, 2013. – 998 b. [In Kazakh]
3. Ismaqova A. Asyl sozdin teoriasy [The theory of the noble word]. – Almaty: Tabaly, 2009. – 376 b. [In Kazakh]
4. Orazaqyn A. Tauelsizdik tartulary [Gifts of independence]. – Almaty: Jalyn, 1998. – 156 b. [In Kazakh]
5. Janr men poetika maseleleri [Problems of the genre and poetics]. – Almaty: Adebiet jane oner instituty, 2004. – 300 b. [In Kazakh]
6. Borev Iu.B. Estetika [Aesthetics]. – Nur-Sultan: Jogary mektep, 2020. – 408 s. [In Russian]
7. Sariyev Sh. Qazaq lirikasy: korkemdik izdenister jane ult tauelsizdigi [Kazakh lyrics: artistic search and independence of the nation]. – Almaty: Tau-Samal, 2012. – 336 b. [In Kazakh]
8. Jienbaev S. Nan men tuz [Bread and salt]. – Almaty: Jazushy, 1984. – 392 b. [In Kazakh]
9. Adebiettanu terminder sozdigi [Dictionary of literary studies terms]. – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 b. [In Kazakh]
10. Myrzaliev Q. Aq otau [White House]. – Almaty: Jazushy, 1968. – 176 b. [In Kazakh]
11. Sarin Q. Qus jolyndagy keruen [Caravan on the Milky Way]. – Astana: Profi Media, 2014. – 144 b. [In Kazakh]

Г.С. МУСИНОВА¹, Г.Б. КОЖАХМЕТОВА²^{1,2}PhD, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ
(Қазақстан, Семей қ.), ¹e-mail: g.musinova@mail.ru;
²e-mail: gulim_bakberovna@mail.ru**КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелер тақырыбы қарастырылған. Ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің мақсаты – бүгінгі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің сомдалу ерекшеліктерін айқындау. Зерттеуде басты дереккөз ретінде алынатын туындылар – С. Жұбатырұлы, Қ. Жиенбай, С. Досжан, М. Этвуд, М. Ибусә шығармалары. Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары ретінде әдебиеттану, экологиялық әдебиет алынды. Зерттеудің басты идеясы – қазақ жерінде орын алған экологиялық мәселелердің көркем шығармада сомдалуы, әлеуметтік-экологиялық мәселелердің берілу жолдарын талдау. Мақаланың негізгі нысаны – көркем шығармадағы экологиялық мәселелердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелермен интеграциясы. Тақырыптық топқа бөліну қазақ прозасында көтерілген экологиялық мәселелермен байланысты. Арал теңізі, Байқоңыр, Семей сынақ полигоны сынды экологиялық мәселелердің көркем шығармада сомдалуы туған жер идеясын, қарапайым халыққа тигізген зардабын дәлелді жеткізуге негізделген. Мақаланың практикалық құндылығы экологиялық мәселелердің қазақ прозасы мен ағылшын, жапон прозасымен салыстырудан көрінеді. Жүргізіліп отырған зерттеу қазіргі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің берілуін, ұлт санасындағы маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Мақаланың практикалық мәні – қазіргі қазақ прозасы экологиялық әдебиет салаларының дамуына өзіндік үлесін қосады. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің авторлық ұстанымы ұлт трагедиясын көрсетуде, экологиялық мәселелердің өзектілігін анықтауда көрініс табады.

Кілт сөздер: проза, экологиялық мәселе, әлеуметтік фактор, экологиялық әдебиет, ұлттық сана, көркем шындық, тарихи шындық.

G.S. Musinova¹, G.B. Kozhakhmetova²^{1,2}PhD, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ
(Kazakhstan, Semey), ¹e-mail: g.musinova@mail.ru
²e-mail: gulim_bakberovna@mail.ru**Integration of the Ecological Problem in Artistic Prose**

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мусинова Г.С., Кожяхметова Г.Б. Көркем прозадағы экология мәселесінің интеграциясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 136–148. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151>

***Cite us correctly:**

Musinova G.S., Kozhakhmetova G.B. Korkem prozadagy ekologia maselesinin integraciasy [Integration of the Ecological Problem in Artistic Prose] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 136–148. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151>

Мақаланың редакцияға түскен күні 02.01.2025 / қабылданған күні 30.03.2025

Abstract. The article considers the topic of environmental problems in modern Kazakh prose. The purpose of the proposed scientific research is to identify the features of the embodiment of environmental problems in modern Kazakh prose. The works taken as the main sources in the study are the works of S. Zhubatyryly, K. Zhiembai, S. Doszhan, M. Atwood, M. Ibuse. Literary studies and environmental literature were taken as the main directions of the research work. The main idea of the study is the embodiment of environmental problems occurring in the Kazakh land in the work of art, the analysis of the ways of transmitting socio-ecological problems. The main object of the article is the integration of environmental problems in the work of art with socio-social problems. The division into thematic groups is associated with the environmental problems raised in Kazakh prose. The embodiment of environmental issues such as the Aral Sea, Baikonur, and the Semipalatinsk test site in literary works is based on the convincing presentation of the idea of the native land and its impact on ordinary people. The practical value of the article is shown by the comparison of environmental issues in Kazakh prose with English and Japanese prose. The conducted research allows us to determine the presentation of environmental issues in modern Kazakh prose and their significance in the national consciousness. The practical value of the article makes its own contribution to the development of modern Kazakh prose and the fields of environmental literature. The author's position of modern Kazakh writers is reflected in the depiction of the national tragedy and the determination of the relevance of environmental issues.

Keywords: prose, environmental issue, social factor, environmental literature, national consciousness, artistic reality, historical reality.

Г.С. Мусинова¹, Г.Б. Кожаметова²

^{1,2}PhD, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

(Казахстан, г. Семей), ¹e-mail: g.musinova@mail.ru;

²e-mail: gulim_bakberovna@mail.ru

Интеграция проблемы экологии в художественной прозе

Аннотация. В статье рассматривается тема экологических проблем современной казахской прозы. Цель предлагаемого научного исследования – выявить особенности социализации экологических проблем в современной казахской прозе. Основными источниками в исследовании являются произведения С. Жубатырылы, К. Жиенбая, С. Досжана, М. Этвуда, М. Ибусэ. В качестве основных направлений исследовательской работы были взяты литературоведение, экологическая литература. Основная идея исследования – отражение в художественном произведении экологических проблем, происходящих на казахской земле, анализ путей передачи социально-экологических проблем. Основной объект статьи – интеграция экологических проблем в художественном произведении с общественно-социальными проблемами. Разделение на тематическую группу связано с экологическими проблемами, поднятыми в казахской прозе. Постановка экологических проблем, таких как Аральское море, Байконур, Семипалатинский испытательный полигон, в художественном произведении основана на аргументированной передаче идеи родного края, последствий для населения. Практическая ценность статьи проявляется в сравнении экологических проблем с казахской прозой и английской, японской прозой. Проводимое исследование позволяет определить значение экологических проблем в современной казахской прозе, значение в сознании нации. Практическая значимость статьи заключается в том, что она вносит свой вклад в развитие современной казахской прозы, экологической литературы. Авторская позиция современных казахских писателей находит свое отражение в показе трагедии народа, в определении актуальности экологических проблем.

Ключевые слова: проза, экологическая проблема, социальный фактор, экологическая литература, национальное сознание, художественная реальность, историческая реальность.

Кіріспе

Қоғамдағы әлеуметтік-экологиялық мәселелер көркем прозаның назарынан тыс қалған емес. Әдебиеттануда «адам – табиғат – қоғам» үштігі – прозаның негізгі арқауы, азаматтық ұстанымның көрінісі. Қазақ әдебиеттану саласында экологиялық мәселелер табиғат пен адам концепциясы аясында анықталып, қаламгердің суреткерлік-азаматтық ұстанымы сараланды. Зерттеу мақаланың тақырыбы қазіргі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің сомдалуымен байланысты. Осыған сәйкес мақаланың мақсаты – бүгінгі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің сомдалу ерекшеліктерін талдау. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде табиғат пен адам қатынасы М. Әуезов «Көксерек», Т.Жармағамбетов «Отамалы», Ә. Нұрпейісов «Соңғы парыз» және басқа да шығармаларда көрініс тапты. Аталған авторлар шығармаларында адамзаттың табиғатқа үстемдігі, табиғат-ананың адамзат өміріндегі маңызы сомдалды. Мақаланың негізгі міндеттері: қазіргі қазақ прозасында өзекті экологиялық мәселелердің берілу ерекшеліктерін анықтау, әлем әдебиетінде экологиялық мәселелерді көтерген туындылармен салыстыру, экологиялық мәселелердің әлеуметтік аспектісін талдау және экологиялық мәселелерді сомдаудағы ұстанымдар қатарын анықтау.

Әдебиеттану ғылымында экологиялық мәселелердің қарастырылуы көбіне «адам мен табиғат» концепциясына негізделді. Зерттеушілер С. Айтуғанова, А. Рамазанова, Ж. Жарылғапов қазақ прозасындағы адам мен табиғат байланысын экологиялық мәселелер арқылы көрсетті. XX ғасырдан бастап тәуелсіздік кезеңінде қаламгерлер көтерген экологиялық мәселелер – Арал теңізі, Семей сынақ полигоны. Осы тұста экологиялық мәселелердің әлеуметтік аспектісі де бар екенін атап өтуіміз керек. Әдебиеттанушы, ғалым Р. Нұрғали көркем шығармадағы әлеуметтік факторлардың маңызды екенін алға тартады [1, 83-б.]. Көркем прозада сомдалған экологиялық мәселелер туған жер, қазақ қоғамы сынды тақырыптық арналармен байланысты анықталады. Зерттеушілер Ұ. Сәменқызы, Р. Тұрысбек, Қ. Жиенбайдың авторлық концепциясын зерделей келе, автордың экологиялық мәселелерді берудегі негізгі сомдау ерекшелігі жайлы мынадай ойға тоқтайды: «Экологиялық зардапқа белшесінен батқан қазақ тұрмысын неғұрлым кеңірек бейнелеуді мақсат тұтқан» [2, 166-б.]. Осылайша қазақ қоғамындағы маңызды экологиялық мәселелердің көркем шығармада сомдалуы авторлық концепциямен байланысты екенін көреміз.

Қазіргі қоғамдық даму, жаһандық өзгерістер экологиялық мәселелерге бейжай қарамау қажеттігін көрсетеді. Зерттеуші Н. Жұртбай докторлық диссертациясында бұқаралық ақпарат құралдарында экологиялық мәселелердің жай-күйін анықтай келе, бүгінгі Қазақстандағы ең өзекті экологиялық мәселелер ретінде: Арал теңізі, Балқаш теңізі, Семей сынақ полигоны, Байқоңыр космодромы, Каспий теңізі, жер асты суларының ластануы, мұнай өнеркәсібіне қатысты зардаптар, орманды қорғау мен эрозияға ұшыраған егістік жерлер, ауаның ластануы деп көрсетеді [3, 58-б.]. Соның ішінде «экологиялық апат ошағы» деп Арал теңізі, Балқаш теңізі, Семей сынақ полигоны, Байқоңыр космодромы анықталады [3, 94-б.]. Қазіргі қазақ прозасында БАҚ-та аталған экологиялық мәселелер реалистік сипатта беріледі. Әлем әдебиетінде экологиялық мәселелер утопиямен байланысты. Соның ішінде М. Этвуд шығармашылығында экологиялық мәселелерді антиутопиямен, экологиялық философиямен байланыста қарастырады [4, 55-б.]. Зерттеу барысында Семей сынақ полигоны жайлы жазылған көркем туындылар жапон әдебиетімен салыстырылды. М. Ибусе, Дж. Херси, Й. Хотта сынды авторлар Жапонияда орын алған атомдық жарылыстың қасіретін көркемдік аспектіде танытып, адамзатқа тигізген зардабын көркемдік аспектіде суреттеді. Қазақ

қаламгерлері де Семей жерінде орын алған атомдық сынақтардың тұтастай халыққа тигізген зардабын мифологиялық деңгейде, авторлық концепция аясында сомдады.

Шығармада экологиялық мәселелердің сомдалуы поэтикалық суреттеуден, мифтік дүниетанымнан, бұрынғы тарихи шындық пен көркем шындық үйлесімімен байланысты. Өмір шындығын бейнелейтін оқиғалардың бәрі де – көркем шығарманың бастау арнасы. Осыған сәйкес қаламгерлер туындыда тарихи шындықты негізге алады. Авторлық ұстаным аясында өзі таныған өмір шындығын сомдап, нақты дүние болмысын танытады. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ қаламгерлері экологиялық мәселелерді сомдауда авторлық ұстанымды басшылыққа алады. Экологиялық мәселелердің сомдалуы барысында авторлар туған жер идеясын, қарапайым халыққа тигізген зардабын асқан шеберлікпен жеткізе білген.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада көркем прозадағы экологиялық мәселелердің сомдалуын зерттеу барысында қазақ, ағылшын, жапон әдебиет өкілдерінің көркем шығармалары негізге алынды. Зерттеу материалы ретінде қазақ қаламгерлерінің экологиялық мәселелерді көтерген 2000 жылдан бергі шығармалары алынды. Атап айтар болсақ, Арал теңізі жайлы Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы» роман-трилогиясы, Байқоңыр космодромы жайлы Қ. Жиенбайдың «Жер үстінде жұмақ бар», «Ән салуға әлі ерте» шығармалары, Семей сынақ полигоны жайлы С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» деректі романы зерттеу материалы ретінде қолданылды. Зерттеу материалы ретінде алынған көркем шығармалар корпусы 2100 бетті құрайды. Аталған шығармалар тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасында экологиялық мәселелерді көтерген шығармалар ретінде таңдалынып алынды. Экологиялық мәселелердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелермен интеграциясы қазіргі қазақ қаламгерлерінің авторлық ұстанымын көрсетеді.

Мақалада қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің интеграциясы компаративтік талдау, нарративтік талдау, герменевтикалық талдау әдістері аясында анықталған. Зерттеуімізде компаративтік талдау әдісі ағылшын, жапон әдебиетімен салыстырылды. Нарративтік талдау әдісі әлемдік әдеби дәстүрдегі қазақ прозасының маңызын бағалауда қолданылды. Герменевтикалық талдау әдісі негізінде экологиялық мәселелердің поэтикалық аспектіде сомдалу ерекшеліктері анықталды. Осындай жүйелі түрде зерттеу қазіргі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің сомдалу ерекшеліктерін, әлем әдебиеті үлгілерімен байланысын, интеграциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Талдау мен нәтижелер

«*Арал тағдыры – адам тағдыры*». Қазақ әдебиетінде Арал теңізінің экологиялық мәселесі Ә. Нұрпейісов, Қ. Досжанов шығармаларында көтерілді. Туған жердің қасіретіне бейжай қарамаған қаламгерлер Арал теңізінің экологиялық мәселеге айналуын көркем образбен тұтастыра бейнелейді. «Соңғы парыз» шығармасының басты кейіпкері Жәдігердің болмысы арқылы, шығармада сомдалған арал халқының жай-күйі негізінде Аралдың экологиялық катастрофаға айналғанын көреміз. Автор бұндай трагедияның себепшісін анықтауға тырысады. Алайда дүрбелең жылдары Арал теңізінің құрғауын, көлемінің азаюын сол кезеңдегі билікпен, саясатпен байланыстырады. Қаламгер С. Жұбатырұлы «Абыржы» шығармасында Бөген ауылы суреттелетін шынайы әлем мен Медеттің сана әлемі бірлікте суреттеледі. Жартылай ояу күйдегі Медет демондық сипаттағы образдармен дауласып, диалог жүргізеді. Шығармада көрініс тапқан реминисценция Дон Кихот образының қолданысынан айқындалады. Жеке адам трагедиясы арқылы Арал теңізінің мәселесін көтерген С. Жұбатырұлы масштабы жоғары, әлем бойынша маңызды экологиялық мәселе екенін көркемдік түрде дәлелдейді. Өйткені Арал тағдырының артында адам тағдыры, ертеңгі болашақ үміт тұр.

Романның «Абыржы» аталуы жөнінде автордың өзі «жуанның жіңішкеріп, жіңішке үзілетін өліара шақ» [5, 7-б.], - деп бір үміт пен бір күдіктің шарпысқан ереуіл кезеңі екенін атайды. Ұлы теңіздің кепкен шөлге айналуы аталған шығармада айқын берілген. Туындыдағы табиғат суреті былай көрініс береді: «Боз борандатқан ақ түтек – жел көтерген сол ұлтанның тұзы. Жер-дүниені себездеп бүркемелеген – қар да, тұман да емес... Қар әлі жауған жоқ» [5, 21-б.], - дейді. Бұндағы суреттелген табиғат болмысы экологиялық мәселенің жай-жапсарын айқын түсіндіреді. Теңіздің тартылуы салдарынан ауаға ұшқан тұз түгелдей ең даланың тұлдырсыз, сұрғылт кеңістігін құрайды. Басты кейіпкер Медет Мөңкеевич өзі туып-өскен Арал мекеніне оралуы шығарма сюжетінің дамуын көрсетеді. Сартап далада өзін күтіп тұрған шофер-жігітпен Бөген ауылының орнына барады. Барар жолда Аралдың экологиялық жағдайы сөз болады. Десе де бұған дейін Арал теңізі ашаршылық сүргіні мен екінші дүниежүзілік соғыста халықтың жағдайын көтеріп, кейіннен халық балық кәсібін игеріп, тұрмыс-тіршілік құрды. «Ұстазбен екінші кездесу» деп аталатын бөлімшеде Арал теңізі жайлы жоғары жақтан тапсырма алғаны суреттеледі. «Жетпісінші жылдардың аяғында бұған бір жауапты, дәлірегі, тосындау жұмыс тапсырылды. Қазақстанның бір үлкен өзенінің бойындағы көптен шешімін таптырмай, талас тудырып келе жатқан жаңа су қоймасы мен су электр станциясы туралы қолда бар материалдар және тың деректер жинау арқылы өзіндік негіздеме жасау. Қойылған міндет бойынша, іс-тәжірибеде мүлде жоқ дерлік, кәсіби есептен гөрі философиялық пайымдаулар, саяси жорамалдар, әлеуметтік болжамдар жағы басым, өзгешелеу зерттеу-жобалық жұмыстар» [5, 60-б.], - деген жолдар арқылы жас маман Медеттің берілген жұмысқа «қызыл көрген қырандай» кіріседі. Ұстазбен екінші кездесуінде арба жайлы ел арасына таралған оқиға баян етіледі. Дана қария өз баласына жылдар бойы қызмет еткен арбасын аманаттап, «үрім-бұтағымыздың өсіп-өнуіне септесіп, атадан балаға мирас болып келе жатқан қасиетті мүлік» [5, 64-б.], - деп құнды екенін жеткізеді. Көп жылдар бойы әке өсиетін берік сақтаған баласы бір жылдары өңірде болған қатты қыста амалсыздан арбаға балта көтереді. Сол арбаның көмегімен жан сақтап, жақсы күндер болғанда баласы әке аманатын орындай алмадым деп қайғырады. Осындай сәтте өз әкесінен де дана қария былай деген: «Балам, сен көп жылдар әкеңнің өсиетіне адал болдың, бірақ азамат адамды тығырыққа қамайтын өмірдің сынды сәті басыңа туды. Сонда сен ойланып-толғанып аса ақылды шешімге келдің. Әкең ол мүліктің сендердің үрім-бұтақтарыңның өсіп-өнуі үшін қызмет еткенін, сіңірген еңбегін бекер айтқан жоқ. Сен сол ұрпақтың өмірін жалғау жолында әлгі мүлікті құрбандыққа бердің. Сөйтіп, ата-бабаңның ең ізгі дәстүрін жалғастырдың. Егер сен аманат сөзінің терең мәнін түсінбей, қу арбаны құшақтап, ұрпақтарыңды өлімге қиғаныңда, орны толмас өкінішке қалып, сұмдық қателік жіберген болар едің. Бірақ, ақыл таразысына асалып, басыңа түскен сында дұрыс шешім жасадың. Ең бастысы, осы ісіңмен әке өсиетін ақтадың» [5, 64-б.], - деген оқиға арқылы Арал теңізі де ата-бабаларымыз өсиеттеп қалдырған «ескі арба» екенін көрсетеді. Аралда туып, Аралда өскен Медеттің шығармадағы әрекеті «ата-бабадан мирас боп қалған ескі арбаны» орнымен қолдану немесе құрбандыққа шалу. Романда басты образ ретінде құрғап бара жатқан Арал образы көрінеді.

Шығармада Арал трагедиясының себебі Кеңес үкіметінің саясаты екені айтылады. Сонымен бірге автор мынадай жайттың басын ашады: «Сұрқия саясат... Арал моласын қазушылар... Экологиялық босқындар...» [5, 81-б.], - дегенде экология зардабын тартқан халықтың өзге жерден пана іздеуге аттануы «экологиялық босқын» атауын береді. Бүгінгі таңда түрлі экологиялық себептерге байланысты өзінің туған жерін тастап, өзге жерді паналап жүрген экологиялық босқындардың саны біршама. Осылайша Арал «аталып қойылған бозқасқа-құрбандық», келесі ұрпақтың қамы үшін жасалған әрекет екені көрінеді. Медеттің ұстазы баяндаған «Ескі арба» жайлы оқиға да Аралды құрбан ету керектігін жеткізеді. Медет жүзеге асыруға қолға алған жобасы Арал теңізін кептіруге бағытталған еді.

Туындының көркемдік ерекшелігі екі әлемнің қатар суреттелуі. Қарапайым тұрмыс кешіп жатқан Бөген ауылы шынайы әлем болса, Медеттің санасындағы әлем. Медет өз санасында өзінің қолымен жасалған зауалдың себебін табуға ұмтылады. Онда бетпе-бет Сайтан сауалдың сұрақтарына жауап беріп, өзінің кінәсін таразылайды. Шығармада постмодернизмге тән белгілер бар. Соның бірі – ризоматикалық құрылым, дәлірек айтсақ, сюжеттің ретсіздігі. Шығарма басталған сәттен бастап оқиға сол сәтті бейнелеп қоймай, өткен күндердің естелігін бейнелейді. Бұл Арал теңізінің зауалын танытуда тиімді қолданылған әдіс екенін көреміз. «Адасқан дәруіштер аралының ақыры» деп аталатын бөлімде Медет Әділет патшалығында өзінің жасаған істеріне таразыға тартылады. Арал теңізі жайлы: «Ұлы эксперимент осы жерлерде басталған, - деді ол терең ойдан кәдімгідей тұнжырап. – Ұстаз кім? Ол бар болғаны үлкен ойындағы пешка... Аралдағы тамұқ плацдарымын биік ұран, ұлы сенімде біз бастадық» [5, 367-б.], - деп өзінің де, ұстазының да ұлы саясат алдында қарапайым орындаушы болғанын баян етеді. Екінші кітапта Медеттің санасында әлем қиял-көріністер шектен шығып, арнайы емханада емделуі суреттеледі. Автордың Медетті бұндай күйге түсіруі – көркемдік шеберлік. Аралға жасаған зұлымдығы Медетті іштей жеп, ар алдында жауапты екенін шытырман сюжеттік желілер арқылы көрінеді. Екінші кітапта Медеттің күнделігіндегі мына жазу бүтіндей Аралдың қасіретін түсінуге мүмкіндік береді: «Сон разума рождает чудовищ... Жажда разума порождает чудовищные желания» [5, 381-б.]. Бұл арқылы адамзаттың шексіз, шетсіз қалауы кезіндегі гүрілдеген Аралдың қасіретін тудырғанын айқын түсінеміз. Автор утопияға салынбайды, керісінше жеке адамның трагедиясы арқылы Аралдың қасіретін жеткізеді. Осылайша Арал тағдырының артында Медеттің тағдыры тұр. Автор С. Жұбатырұлы Арал трагедиясын жете түсініп, негізгі себебін жеке адам арқылы баян етеді. Романда постмодернизмге тән сюжеттік құрылымнан бөлек, «шығарма ішіндегі шығарма», өсиеттер анығырақ «пастиш» қолданылған. Ұстазының Медетке баяндаған «Ескі арба» мысал-өсиеті, «Адасқан дәруіштер аралының ақыры» бөлімі пастиш ұғымымен анықталады. Осылайша жазушы С. Жұбатырұлы Арал теңізінің трагедиясын адамзаттың шексіз қалауымен, Кеңес үкіметінің саясатымен, Медеттің ар алдындағы азабымен байланыстырады.

Жазушы М. Этвуд адамзаттың шексіз, шетсіз қалауының зардабын «Орикс және Коростель» антиутопиялық шығармасында баян етеді. Шығармада адамзаттың барлығы генетикалық мутацияға айналып, Жер ғаламшарының шөл далаға айналғаны суреттеледі. Автордың экологиялық мәселені суреттеуі спекулятивті фантастика жанрында беруі реализмнің шегінен асып, адамзаттың осы қарқында жүруі қайда апаратынын анықтауға тырысады. Шығармадағы басты кейіпкер «Қар адамы» (Snowman) адамзаттың ақырын және жаңа болашақтың бастауы ретінде көрініс береді. Дегенмен жаңа болашақ адамына да, өткен дәуірге жататын адамзаттың құрамына да кірмейді. Мән мен мағынадан айырылған Қар адамының екі топқа жатпауының себебі – адамзаттың шектен тыс қалауының, табиғатқа иелік етуді көксеуінің нәтижесі. Бұл сәт шығармада былайша беріледі: «...glance back over his shoulder and see a gap between himself and human history... he won't be able to look forward either. He won't be able to imagine himself connected with those who will come after him» [6, p. 65].

С. Жұбатырұлы мен М. Этвуд адамзаттың өткеніне шолу жасап, экологиялық зардаптардың себебі ретінде адамзат ақылының шектен тыс қалауы екенін көрсетеді. Арал теңізінің трагедиясы Кеңес үкіметі кезеңіндегі саясат пен шектен тыс қалау екенін жаһандық деңгейде суреттейді. М. Этвуд болса адамзаттың құрдымға ұшырап, бүкіл табиғи заңдылыққа зиянын тигізуі адамзаттың шетсіз, шексіз қалауының нәтижесі екенін жеткізеді. Дегенмен екі шығармадағы айырмашылық – көркемдік шындық пен тарихи шындықтың қатынасы. С. Жұбатырұлы тарихи шындықты негізге алса, М. Этвуд реализмнің шегінен

асып, антиутопияға бой алдырады. Айырмашылықтарына қарамастан екі автор экологиялық мәселелерді жаһандық деңгейде жеткізе алды.

Байқоңыр космодромы және жеке адам трагедиясы. Көркем әдебиетте Байқоңырдың экологиялық мәселе ретінде көтерілуі Қ.Жиенбай шығармаларында көрініс табады. Сыншы Қ. Ергөбек қаламгер шығармашылығы жайлы былай дейді: «Адамдар тағдырын тәлкекке тастап, олардың өмірге деген құштарлығын түз құйғандай түп-түқиянымен құртып, трагедияға жетелей жөнелетін не нәрсе? Жазушы іздейтін суреткерлік сауал міне осы! Суреткерлік сауалдың жауабы – аядай ауылдың Байқоңыр ғарыш айлағының қасіретінен бейдауа дертке ұшырап, мезгілсіз көз жұмып жатқан ауыр тағдырлы адамдары, немесе тірі жүргені болмаса басында билігі жоқ, қасіретін шегіп, бар рахатын жат жұрт көріп жатқан ғарыш айлағының басыбайлы құлына айналған, жардан ерте айырылып, бала-шаға асырау үшін ала дорба арқалап, Түркістан базарына сабылып жүрген жансебіл, тәні тозған, жаны тоналған бейшара тұрғындарының тағдыры» [7, 38-б.], - деп қаламгердің Байқоңыр трагедиясын жеткізудегі көркемдік шеберлігін, авторлық ұстанымын жоғары бағалайды.

«Ән салуға әлі ерте» романында автор мынадай жайттың басын ашады: «Қазір бұл жағаның адамдарына космодром деген аждаһа жақсы болды ғой. Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа», әлдекім төретамдықтар мен сұлутамдықтар атынан сөйлеген болып, «космодромның жергілікті халыққа жасап отырған зияны мынадай да мынадай!» - деп жейдесінің тамақ түймесін ағытып, жұлқынып шыға келсінші, бірі қалмай соның соңынан дүрліге жүгірер еді» [8, 14-б.]. Осылай дүрлігудің нәтижесі жергілікті халықпен арадағы жанжалды, әлемдік космостық альянстың, басшылықтың қатаң сөгіс жасайтынын басқалары ескермейді. Қарапайым жергілікті халық экологиялық зардапты тартып отырса, енді бір жағынан басшылықтан сөгіс алатынын біле бермейді. Автор «дүрлігудің» нәтиже бермейтінін жақсы түсінеді. «Ғарыш айлағының шаңды тозаңынан өмір бойы көз аспаған сорлы халық біз емес пе едік! Ауру-сырқау да, өлім-жітім де біздің ішімізден көбірек шығатын, өз-өзіне қол жұмсау індеті де бізден тарап отыр» [8, 52-б.], - деп Байқоңырдың экологиялық мәселе екенін, әлем көз тігіп отырған ғарыш айлағы екеніне қарамастан, қарапайым халыққа зардабын тигізіп жатқанын айтады. Бұл өз кезегінде Әбдімәліктің немерелерімен қатынасынан көрінеді: «Төретамға барса балалары ауырып қалады-мыс, үсті-бастарын жара қаптап кетеді-міс, радиациялық сәулеге ұрынып қалады-мыс...» [8, 63-б.], - бұндағы аталған белгілер ғарыш айлағының зардаптарын көрсетеді. Шығармада Қамбаш көлі ерекше аталады, дәлірек «Ата-бабаның ежелгі мекені», «ата-бабаның ыстық құшағы». Көлдің ерекше қасиеті радиацияны да жойып жіберетін күшке ие. Дүние құмар Әбдімәлік Қамбаш бойына санаторий салуды жоспарлайды. Бірінші жары дүниеден өткен соң Патшагүлге үйленген. Балалары ер жетіп, әрқайсысы үлкен азамат атанған. Тұңғышы Әнуарбек Финляндияда тұрады. Кішкене күнінде йод жетіспеушілік дертіне ұшырап, Астраханьда кейіннен оқу бабымен Финляндияға қоныс аударады. Содан бері әкесімен байланыспаған. Шығармада: «Бала алқым безінің йод жетіспеушілік дертіне ұшыраған... Ылғи осы. Ол не қылған йод жетіспеушілік?» [8, 171-б.]. Бұл – ғарыш айлағында өмір сүретін тұрғындарда көптеп кездесетін дерттің бірі. Одан кейінгі баласы Әділбек аудан орталығында тұрады, немерелері де Төретамға келіп тұрады.

Көбелектерді зерттейтін Әбдімәліктің қызы Мейрамкүл көбелектердің табиғаты жайында былай дейді: «Радиацияңызды пішту көрмейтін көбелектер де баршылық. Өте нәзік жаратылыстың мықтылығын көріңіз, энекей! Бірақ бізге көбелек болу қайда?! Сіз білесіз бе, Байқоңырдан ұшқан көбелектер он жыл ішінде бүкіл жер шарын бір аралап шығады...» [8, 137-б.], - деп радиацияның әсері тимейтін көбелектер де Байқоңырды мекен ететінін көреміз.

Романда экологиялық мәселе жеке адамның трагедиясы арқылы көрінеді. Әбдімәліктің балаларымен қатынасындағы дағдарыс тұтастай Байқоңыр өңіріндегі дағдарысты көрсетеді. Байқоңырдың өңір тұрғындарының денсаулығына айтарлықтай зиян тигізіп жатса да, ереуіл

жасап, өз пікірлерін білдіре бермейді. Әбдімәлік өз тұңғышының дерті ғарыш айлағынан болғанын білсе де, өмірінің соңына дейін Байқоңыр космодромында қызмет атқарды. Шығарма соңында үлкен ұлы Әнуарбекпен кездесуден қашып, біржолата жоғалуы шындыққа бетпе-бет қарай алмағанын көрсетеді. Өз ұлына зардабы тисе де, ғарыш айлағында жұмыс істеуін тоқтатпай, туған жері Төретамнан мүлде көшпелді ұйғарады. Автор Әбдімәлік образы арқылы жеке адамның трагедиясын ғарыш айлағының экологиялық мәселесімен байланыстырады.

«Жер үстінде жұмақ бар» романында автор Байқоңыр ғарыш айлағының әлеуметтік-экологиялық мәселесін көтеріп, Көбейсін бейнесі арқылы жеке адам трагедиясын сомдайды. Зерттеуші Ұ.Сәменқызы шығармада негізгі үш желі барын көрсетеді: Байқоңыр ғарыш айлағы, Төретам стансасы, Қорқыт ата кесенесі [3, 166–167-бб.]. Шығармада Көбейсін өз қателігінен сүрінсе де, сабақ алып алдыға қарай жылжиды. Кейіпкер болмысындағы «өсу» арада біраз уақыт өткен соң Мәскеуден Байқоңырға қайта оралуы дәлел болып отыр. Сонымен бірге шығармада «туған жер» тақырыбы айрықша көтеріледі. Әр адам үшін «туған жері – жұмақ» дегене түсінікті алдыға шығарады.

««Космодромның бар тағдыры Қорқыт бабамның қолында ғой» дейтін сеніммен өмір сүретін төретаждық теміржолшылар әлдекімдердің білместіктеріне шала бүлініп қайтсын. Иә-иә, сыбырлағанды құдай естімей ме, Байқоңырдың Байқоңыр боп әлемге аты жайылуының түп негізі – Қорқыт кесенесінде жатыр. Қол созым жердегі Қорқыт кесенесі әлі-ақ талайлардың асқақтаған көңілдерін тәубесіне түсірер» [9, 14-б.], - дегеннен бастап Байқоңырдың құт-ырысы Қорқыт кесенесі екені көрінеді. Жердің кіндігі, жердің тартылыс күші Байқоңыр деп бекерге аталмаған. Бұған себеп – Қорқыт кесенесі. Қорқыт кесенесі өңірді, ұлы даланы жамандықтан сақтандырып тұр деген тұрғындар лайым сенеді. Бұл өз кезегінде қасиет пен киеге сенетін халқымыздың риясыз болмысын көрсетеді.

Стратегиялық нүкте аталатын Төретам тұрғындарына нақтылы көмек жоқ. Ауыл тұрғындары цемент құдықтан су ішуге мәжбүр. Шығармада: «Түк өзгермеген, кеше қандай еді, бүгін де сондай, соңырағы күні де сондай болмақ. Цемент құдықтың суын ішкің келмей лоқсисың. Адам ағзасына зиянды құжынаған микроб» [9, 57-б.], - деп аптасына бір мәрте су құйылатын құдық жайынан да Төретам өңірінің жағдайы түсінікті болады.

Мәскеуден арнайылап келген комиссия мүшелері лабораториялық тексеріс барысында тұрғындардан гептилдің әсерін анықтауды мақсат еткен. Гептил зымырандардың жанармай компонентіндегі маңызды элемент саналады. Түссіз немесе сарғыш түсті сұйықтық өткір иісті, улы зат гептилдің қоршаған ортаға зияны көп. Шығармада көп кездесетін гептилдің адамға әсері «Бас айну, көздің қарауытуы, жүрек айнуы, денеге түсініксіз жаралардың шығуы» [9, 95-б.], - деген белгілер аталады. Ғылыми тұрғыда гептилдің адам ағзасына енуі онкологиялық ауруларға ұшыратады. Зымырандар тоқтаусыз ұшатын аймақта бұндай белгілердің, аурулардың таралуы да қарапайым халықты, билік өкілдерін мазаламай қоймайды.

Байқоңырдағы ғарыш айлағында зымырандардың бәрі бірдей сәтті ұшып кетпейді. Арасында жарылыс болып, сәтсіздікке де ұшырайды. Сондай бір сәт романда: «Түндегі жарылыс соның нәтижесі еді. Әйтеуір адам аман. Зымыран старт алаңындағы соңғы сынаққа шыдамай жарылып кетті. Төретаждықтар сол күні аяқтарынан тік тұрды. Бекет толықтай жұмысын тоқтатты. Келушілер болмаса бірде-бір пенденің Төретамнан шығуына рұқсат етілмейді. Әскери күзет қазақтар тұратын ауылдағы жалғыз көшені де жаулап алды. Қауіпсіздік комитетінің адамдары қарапайым киініп, ел арасына сіңіп кеткен деседі. Алға қойған мақсат біреу – түндегі жарылыс туралы сыбыс сыртқа шықпауға тиіс» [9, 182-б.], - деп берілген. Болған жарылыстан зардап шеккен Төретам тұрғыны Жарасбай. Түйесі іш тастаса, түйесінің жарылыс болған жерге өтіп кетуіне үлкен көлемдегі айыппұл салынды. Екі жақтан шығынға ұшыраған Жарасбай үшін үлкен соққы болды. Жарылыстың себепшісі –

сатурн зымырандары. Қолданыстан алынып тасталғанына бірнеше жыл болғанына қарамастан, сынақ жүргізуі ақылға сыйымсыз еді. Бұлай зымырандарды ұшыра берудің бір себебі – космостық бәсеке. Бұл жайттың жайын автор романда айқын көрсетеді. «Коммерциялық ұшыруларды жүз, екі жүз пайызға артық орындадық деп төске сабалағанымен сынақ алаңы аспан әлемі емес. Зеңгір көк алғаш рет қарсылық танытты. Жердегілердің ақылға сыймайтын бассыз әрекеттерін қабылдағысы келмейді» [9, 188-б.], – деп жарылыстың, одан қала берді Байқоңырдағы ғарыш айлығындағы үздіксіз зымырандардың ұшуы әлем елдерімен космостық бәсеке себеп болып отыр. Үздіксіз ұшырылған зымырандар тұрғындардың денсаулығына әсер етіп, ондаған жылдар бойы адам ағзасында өмір сүріп, онкологиялық ауруларды тудыратын «гептилдің» қоршаған ортаға таралады. Автор Қ. Жиенбай зымырандардың, олардың ұшу процестерін терең зерттеп, қоршаған орта мен адамзатқа тигізер зиянын нақты суреттейді.

Роман кейіпкерлері Көбейсін, Ебейсін, Жарасбай, Ақкербез, Евгений Ильич бәрі де Байқоңырды мекен етіп, туған жерді кие тұтады. Шығарма соңында француз делегацияларының Байқоңырға келуі суреттеледі. Оларды Қорқыт кесенесіне арнайылап апарып, қазақтың мәдени тұрмысын көрсетеді. Шығарма соңы Көбейсіннің Қорқыт кесенесін жұмаққа теңейтінімен аяқталады. Ата-анасынан ерте айырылып, жат Мәскеуде оқуын тәмамдаған Көбейсіннің Байқоңырда жұмыс атқарып, туған жеріне оралауы, ондағы зардаптарға бейжай қарай алмауы азаматтық ұстанымын көрсетеді. Осылайша жер үсінде жұмақ болуы «туған жер» тақырыбымен байланысты. Автор Қорқыт кесенесінің қадір-қасиетін таныту арқылы «жердегі жұмақ – туған жер» екенін көрсетеді. Осылайша автор Қ.Жиенбайдың да туған жердің зардабы мен қасіретіне бейжай қарамайтын азаматтық ұстанымының шығармада көрініс тапқанын аңғарамыз.

Семей қасіреті – ұлт трагедиясы. Көркем шығармада көрініс тапқан экологиялық мәселенің ең елеулісі – Семей сынақ полигоны тақырыбы. Аталған тақырыпқа қаламгерлер жан-жақты қалам тербеп, полигонның зардабын жеткізуге тырысты. Атап айтар болсақ, Б. Тілегеновтің «Қара жел», Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті», М. Ибраевтың «Жоғалған өзен», М. Сәрсекенің «Семей қасіреті», С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр», Р. Тоқтаровтың «Полигон», Б. Мұқай «Заманақыр», Д. Рамазанның «Соңғы дем», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», А. Алтайдың «Кентавр» әңгімелерінде Семей қасіреті көркемдік ерекшелікпен түрліше сомдалды. Полигонның тигізген зардабы жайлы Т. Қасенова былай дейді: «Қазақ даласындағы жарылыстардың Семей өңіріндегі халыққа келтірген зияны өлшеусіз. Жарылыс пен оның дүмпуінен ғимараттар қирап, шағылған терезе сынықтары тиіп, көп адам жараланды. Тек одан да қатерлі әрі зардабы көп жылға ұласқан көзге көрінбейтін қауіп бар еді, оның аты – радиация. Жарылыстан кейін радиоактив бөлшектер шаң-тозаңға араласып, ауаға тарайды. Күн бұзылғанда осы радиоактив тозаң бұлтқа жетіп, сынақ алаңынан тыс аумаққа жауын-шашынмен бірге түседі. Полигонның радиоактив қалдықтары жайылымды ғана ластап қойған жоқ, құдықтар мен топырақты, өсімдіктерді улады. Мал сол улы шөпті қорек қылды, ал полигон маңында тұрған халық ластанған су мен сүт ішіп, радиоизотоп қосылған ет жеді. Бұл адамдар мен жануарлар радиацияның сыртқы зардабын тартып қана қойған жоқ, оны бойына да сіңірді» [10, 28-б.]. Осылайша қоршаған орта, жан-жануарларға, адамзатқа зиянын тигізген Семей сынақ полигонындағы жарылыстар «экологиялық мәселелер» ретінде көркем шығармада аталып, адам мен табиғат концепциясында қарастырыла бастады. Осы орайда С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» деректі романын қарастырсақ.

Шығармада түс элементтері кездеседі: «Кенет табан астымдағы жер қарс айырылып кетердей солқ-солқ етіп, дірілдеп ала жөнелген. Көз ұшындағы ауылым сілкіністен тербеліп, кенет сағымға айналып, көзден ғайып болып кетіп, енді бір қарағанда, алып «бұлт – саңырауқұлақ» үстінде аспанға тік көтеріліп барады екен деймін...» [11, 5-б.].

«Гидроцефалия... Аты не деген жаман едію Полигон зардабынан мүгедек жаратылған бала асыраған қанша отбасы өзімізбен іргелес тұрып жатқаны рас, бірақ мына зауал тап басыма түседі деп ойлапшы ба?» [11, 6-б.].

Топырақ, ағаш, су бәрі де радиациямен уланған. Осындай өңірде аман-есен баланы дүниеге әкелу – үлкен жетістік. Жер-көкке жайылған радиацияның әсері бірнеше ұрпаққа зиянын тигізбей қоймайды. Бұған себеп болған қазақтың бірнеше жыл Кеңес одағының шеңгелінде болуы Шығармада: «Сорлы қазақ қызыл жүйе саясатының тегеурінде шеңгеліне мықтап маталып тұр-ау қазір» [11, 12-б.]. Сонымен бірге шығармада: «Бұл сұмдыққа Қазақстан аумағында атом бомбасын сынақтап өткізіп, ауа мен топырақты былғаған, мөлдір сулы қара Ертістің суын улаған, қазақтың тегін бүлдірген коммунистік жүйе, адам тағдырын табан астына салып, атом технологиясына ұмтылған беймаза ғасыр кінәлі» [11, 15-б.].

Романда нақтылы ғылыми, тарихи деректер дәл келтірілген. Гидроцефалия ауруы анасының шаранасында жатқан балаға азық-түліктерден улы, зиянды заттардың жайылуынан, экологиялық зардаптардың залалынан қалыптасады. Полигонның кесірінен қнашама бала мүгедек болып туылды, қаншамасы жастай онкологиялық ауруларға шалдықты. Радиация сәулесінің кесірінен мутант балалардың дүниеге келгені де шығармада аталады. Нақты дәйек былай берілген: «1946-1963 жылдар аралығында дүниеге келгендерден енді кемтар балалар жаратылуда» [11, 109-б.]. Аяулым өз жары Әмірдің жылын көргенге қорқып, өз баласының кемтарлығына кімді кінәларын білмейді. Шығармада ұлтқа төнген қауіп – радиация сәулелерінің әсері. Ұрпақтың туыла салып дертке ұшырауы, жазылмас кеселмен ауыруы – ұлт трагедиясы. Халықтың генофондын бұзған полигон зардабы тіпті 300 жылға дейін созылуы мүмкін екендігі шығармада аталады. Неліктен полигон зардабы айтылмай келді десек, бұл туралы да шығармада: «Радиацияның ионды сәулесін бойларына сіңірген Абыралы, Дегелең, Ақбұлақ, Қайнар, Саржал, Қызылту жұртшылығы тек сексенінші жылдардың соңында ғана денсаулықтарына зиянын тигізіп жатқан сынақ аймағы туралы шындықты біле бастады. Бұған дейін «әскери құпия» саналып келгендіктен, радиация зардабы туралы Кеңес өкіметі жұмған аузын ашпайтын» [11, 195-б.].

Романда Аяулымның тағдыры арқылы Семей қасіреті нақты әрі дәл сипатында көрінеді. Полигонның бүтіндей халыққа зияны суреттеліп, полигонға қарсы қозғалыс аталады. Қазақ халқының басынан кешкен бейнетін Аяулым образы арқылы беру автор С. Досжанның авторлық ұстанымына негізделген. Ұлтқа төнген зардапты әйел тағдырымен егіздей сомдау қаламгердің шеберлігін көрсетеді. Тарихи, ғылыми дәйектерді нақты келтіре отырып, әйел тағдырын, ұлт тағдырын экологиялық мәселемен интеграцияда суреттейді. Ұлт басына төнген нәубеттің себебі экологиялық мәселенің тереңдеп кеткенін көрсетеді. Атомдық жарылыстардың бірнеше мәрте сынақтан өтуінің салдары ұрпақ денсаулығына, қоршаған ортаға зияны тиюінен көрінеді.

Хиросимо мен Нагасаки қалаларына тасталған атомдық бомба атомдық ғасырдың басталуын білдірді. Осы кезден бастап бүкіл әлем ғалымдары атом бомбасын зерттеп, жасап шығаруға мүдделі болды. Соның ішінде Кеңес одағы да бар. Жапон әдебиетінде Нагасаки мен Хиросимо қалаларына тасталған атомдық бомба мыңдаған көркем шығарманың арқауы болды. Зерттеуші К. Thornber жапон авторларының атомдық бомба зардаптарын жеткізудегі мотивацияның әртүрлі болғанын айтады [12, 271-р.]. Соның ішінде хибакүша (hibakusha) деп аталатын авторлар атомдық бомбаның жарылысын өз көздерімен көрген, тірі куәгерлер екенін айтады. Атомдық бомба салған «тарихи жарақат» жапон әдебиетіндегі өзекті тақырып болды. «Атомдық бомба әдебиеті», «атомдық трагедия әдебиеті» деп аталатын әдеби бағытта М. Ибусэнің «Қара жаңбыр» шығармасы сол кезеңнің қасіретін дәл бере алады. Күнделік түрінде жазылған шығармада автор деректерді негізге келтіре отырып, сол кезеңнің қасіретін жеткізеді. «This diary of the bombing is my piece of history, to be preserved in the school library» [13, 11-р.], - деп Сигэмацу өз тарихының маңызын көрсетеді. Шығарма Сигэмацудың

атомдық жарылыстан соң асырап алған жиені Ясукоға лайықты жар іздеуден бастау алады. Жары Сигэкомен бірге жиенін тұрмысқа беруі үш рет сәтсіз аяқталады. Бұған себеп – Ясуконың «қара жаңбырдың» әсеріне ұшырағаны, дәлірек атомдық жарылыстың эпицентрінде болғаны жайлы қауесет. Романда атомдық жарылыстың салдары «сәулелену ауруы (лучевая болезнь)» баяндалады. Сигэмацудың өзі осы ауруға ұшыраған, жиенінің де бұл ауруға шалдыққаны қауесет екенін дәлелдеуге тырысады. Алайда жиені Ясуко да «сәулелену ауруына» шалдыққан. Бұл ауру радиоактивті заттардың тыныстаумен еніп, радиацияның адам денесінде көптеп жиналуынан қалыптасады. Аталған ауру адам ағзасында жүрек-қан тамырлары жүйесіне, асқазан, эндокринді жүйелеріне айтарлықтай өзгеріс енгізіп, алопеция тудырады.

Жапон әдебиетіндегі атомдық трагедия әдебиеті халықтың ұлттық санасында жарақат қалдырған оқиға ретінде сомдалады. Осыған сәйкес көркем әдебиетте жарақат теориясы қалыптасты. Жарақат теориясы 1990 жылдары қалыптасты. Зерттеуші Дж. Хартман жарақат теориясын қалыптастырып, екі негізгі элементті анықтайды. 1) жарақат тудырған оқиға; 2) оқиға жайлы естеліктер [14, 537-р.]. Ұлт тарихындағы жарақат тудыратын оқиғалар жаһандық сипатқа да, тіпті ұлтаралық сипатқа да ие. Жапон тарихында із қалдырған Нагасаки мен Хиросимода болған атомдық жарылыс ұлт трагедиясы деп бағаланып, көркем шығармалардың арқауы болды. Соның ішінде М. Ибусэ атомдық бомбаны «қара жаңбыр» образына теңейді. Қазақ халқы атомдық бомба жарылысын бастан кешпесе де, ауқымы, қуаты жағынан бірнеше есе асып түсетін бірнеше атомдық бомба сынағын бастан кешті. С. Досжан шығармасында атомдық жарылыс «саңырауқұлақ» образында сомдалады. Екі ұлттың тарихында «ұлт трагедиясы» ретінде бекіген оқиғалар көркем әдебиетте айрықша бейнеленді. Соның ішінде қазақ С. Досжан атомдық жарылыстардың шынайылығын деректер арқылы дәйектеп, экологиялық мәселенің жай-жапсарын жоғары деңгейде көрсете білді. Екі авторды салысыра келе, аталған шығармалар тарихи шындық пен көркем шындыққа негізделіп, ұлт трагедиясын нанымды жеткізе білді. С. Досжанның артықшылығы Семей қасіретінің экологиялық мәселеге ұласып кеткенін жоғары деңгейде көрсетті.

Қорытынды

Мақалада қазақ әдебиетіндегі экологиялық мәселелердің сомдалу жайы қарастырылып, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырылды. С. Жұбатырұлы, Қ. Жиенбай, С. Досжан шығармаларындағы экологиялық мәселенің себеп-салдары тарихи, мәдени, саяси аспектіде берілді. Авторлық ұстанымның экологиялық мәселелерді сомдаудағы ерекшеліктері айқындалды. Шығармалардағы тарихи шындық пен көркем шындық үлесі таразыланып, әр автордың азаматтық ұстанымы анықталды. Зерттеу мақсатына сәйкес бүгінгі қазақ прозасындағы экологиялық мәселелердің сомдалуы ерекшеліктері талданып, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырылды. Мақаланың негізгі міндеттеріне сай қазіргі қазақ прозасында өзекті экологиялық мәселелердің берілу ерекшеліктері автордың азаматтық ұстанымымен байланысты екені анықталды. Әлем әдебиетінде экологиялық мәселелерді көтерген туындылармен салыстыру арқылы қазақ қаламгерлерінің артықшылықтары айқындалды. Экологиялық мәселелердің әлеуметтік аспектісі ұлт санасындағы «жарақат» ұғымынан көрінеді. Ұлттық әдебиетімізде «жарақат» ұғымын қарастыру арқылы экологиялық мәселелердің тереңдеп, ұлт трагедиясына айналғанын көрсетеді.

Зерттеу мақалада «экологиялық мәселелер» жайы арнайылап қарастырылып, зерттеудің бағыты «экологиялық әдебиет» бағытының дамуына әкеледі деп білеміз. Зерттеуімізде Арал теңізі, Байқоңыр космодромы, Семей сынақ полигоны экологиялық мәселелерінің көркем шығармадағы сомдалу ерекшеліктері айқындалды. Қорытындылайтын болсақ, ұлт санасындағы негізгі экологиялық мәселелер қаламгерлердің назарынан тыс қалмайды.

Көркемдік шындық пен тарихи шындықты үйлестіре қаламгерлер оқырман назарын экологиялық мәселелердің өзекті екенін көркем түрде жеткізеді.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP22686946 «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. // Кіт.: Діңгек. Екітомдық. Т. 1. – Астана: Арда, 2013. – 592 б.
2. Сәменқызы Ұ., Тұрысбек Р. Қ. Жиенбай романдарындағы автор және тұлға концепциясы // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2023. – №2(190). – Б. 158–170. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph16>
3. Жұртбай Н.Т. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәселелер туралы: аймақтық аспектілер және аймақтық баспасөз: Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 206 б.
4. Glover J. Human/nature: ecological philosophy in Margaret Atwood's Oryx and Crake // English Studies in Africa. – 2009. – №52(2). – P. 50–62. <https://doi.org/10.1080/00138390903444149>
5. Жұбатырұлы С. Шығармалары. Үш томдық. Т. 2. Абыржы: Роман. – Астана: Фолиант, 2009. – 384 б.
6. Atwood Margaret. Oryx and Crake. – London: Bloomsbury, 2003. – 378 p.
7. Ергөбек Қ. Аяғы дүниенің ырың-жырың... Аралдың ақжал толқыны (жазушы Қ. Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы) / Құраст. Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. – Алматы: Қоғам, 2022. – 288 б.
8. Жиенбай Қ. Ән салуға әлі ерте: Роман, повесть, әңгімелер. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 400 б.
9. Жиенбай Қ. Жер үстінде де жұмақ бар: Роман, әңгімелер. – Алматы: ЖК «InterBesCompany», 2017. – 480 б.
10. Қасенова Т. Атом улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы. – Алматы: Steppe&World Publishing, 2024. – 368 б.
11. Досжан С. Қасірет пен тағдыр: роман. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 360 б.
12. Thornber K. Responsibility And Japanese Literature Of The Atomic Bomb // In: Brill's Japanese Studies Library. – 2010. – Vol. 34. Chapter 9. – P. 269–302. <https://doi.org/10.1163/ej.9789004182981.i-362.70>
13. Ibuse M. Black rain. – Kodansha international, 2012. – 304 p.
14. Hartman H. Geoffrey On Traumatic Knowledge and Literary Studies Source // New Literary History. – 1995. – Vol. 26, №3. – P. 537–563.

REFERENCES

1-кесте – Ағылшын тіліндегі фразеологиялардың қазақ тіліне аудармасы

Фразеологизм	Аудармасы
to keep oneself in hand	өзін-өзі қолға алу
to sit on one's hands not to do a hands` s turn	қол қусырып отыру
not to move a finger	қолының ұшын қимылдатпау
to kill time	уақытты босқа өткізу
to kill two rabbits with one stone	бір оқпен екі қоян ату
to give up all of it	қолын бір-ақ сілтеу
to keep the eyes shut	бір нәрсеге көз жұма қарау

Фразеологиялық тізбектер мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасына байланысып, тіркесу тұрғысынан орныққан сөз тіркестері болып табылады. Тілде сөздердің тіркесу қабілеті әр түрлі: кейбір сөздер кез келген сөзбен тіркесуге икемді болса, енді бірі тек белгілі сөздермен ғана қолданылады. Тұрақты сөз тіркестері құрамындағы элементтермен ғана құралады, яғни барлық сөздер кез келген фразеологиялық тіркестерді жасай алмайды.

Мысалы: *бота көз, қоян жүрек, тоң мойын, жел аяқ*, ал ағылшын тілінде: *white crow, a bosom friend*.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөздер әр түрлі сөздермен тіркесуге қабілетті, ал фразеологиялық туынды мағынадағы сөздер көбінесе бір-екі сөзбен шектеледі. Мысалы, *көк бет, қысыр көз* деген фразеологиялық тізбектің құрамындағы *бет* сөзі жалпы мағынада көптеген сөздермен, ал *көк* сөзі тек *бет* сөзімен немесе *көз қысыр* сөзімен ғана тіркеседі. Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы айқын болуы мүмкін, бірақ олар кең мағынада сезілмеуі ықтимал. Мысалы: *көз ұшында, көз жеткізбесте, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде* [6].

Жұмыстың тақырыбына сәйкес, осы мақалада біз қазақ және ағылшын мәдениеті әлемінің тілдік бейнелерінде «*тағам*» тұжырымдамасымен байланысты ассоциацияларды көрсететін белгілі бір идеялар кешенін анықтауға мүмкіндік беретін гастрономиялық терминдерді қамтитын фразеологиялық бірліктерге талдау жүргіземіз. Лингвомәдениеттану тұрғысынан фразеологиялық бірліктердің мағыналарының символдық компонентіне назар аудару керек. Мұнда көбінесе *нан, сүт және май* атауларымен байланысты лексемалар кездеседі. Бұл жұмыста біз нанмен байланысты атауларды зерттейміз [7].

«*Нан*» сөзін қамтитын фразеологиялық бірліктерді зерттеу олардың тілдік мағынасында айырмашылықтар ғана емес, сонымен қатар олардың символизмінде де өзгеретінін көрсетеді. Қазақ тілінде *нан* символдық мағыналардың бай спектріне ие. Төменде толығырақ қарастырайық.

Қонақжайлылықтың символы. «*Нанмен, тұзбен* қарсы алады» (қонақты *нанмен, тұзбен* қарсы алу) сияқты фразеологиялық бірліктер «құрметті қонақтарды жылы қарсы алу» дегенді білдіреді. «*Нан-тұзды ұмыту/ұмыту*» бір кездері мейірімділік пен қонақжайлылықты пайдаланғандарға ризашылық білдірмейтінін көрсетеді. Бұл тұрғыда *нан мен тұз* қонақтарға құрмет пен қамқорлықты білдіреді. Ағылшын тілінде ұқсас мағыналар байқалмайды.

Достық символы. «*Нан-тұзды* жүргізу» сияқты тіркестер «достық қарым-қатынаста» және «*нан-тұзды бөлісу*» тығыз достықты білдіреді. Метонимиялық тасымалдау *нан мен тұзды* берік достық байланыстардың символына айналдырады, бірақ ағылшын тілінде бұл мағына жоқ [8].

Руханияттың символы. «Біздің күнделікті нанымыз» фразеологизмі *нанның* рухани құндылық ретіндегі маңыздылығын көрсететін рухани дәйексөз болып табылады. *Нанды* рухани құндылық ретінде символдық түсіну әртүрлі этностарға тән, бұл тілдік механизмдер мен дүниетанымның ұқсастығын көрсетеді. Сонымен, ағылшын тілінде «*by bread and salt!*» - «Құдайға ант етемін!», қазақ тілінде бұл «*нан ұрсын*» - ант беремін деген сөзге сәйкес.

Материалдың символы. «Адам жалғыз *нанмен* тірі емес» сияқты фразеологиялық бірліктер адамдар тек материалдық емес, рухани қажеттіліктерге де қамқорлық жасауы керек екенін атап көрсетеді. Ағылшын тілінде ұқсас тіркестер материалдық қамтамасыз ету туралы айтады, мысалы, «*to know on which side on 's bread is buttered*». Қазақ тілінде *нан* да материалдық мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы, «*нанын тауып жеу*», «*жұмыс ауыр болса да, нан тәтті*».

Негізгі тағамның символы. Фразеологиялық бірліктер «ас атасы – *нан*» және «*нан – Құдайдың сыйы*» ретінде *нанның* негізгі тағам ретінде басымдылығына назар аударады. Ағылшын тілінде бұл мағына «*bread and cheese*», «*bread and water*» - қарапайым, аз тамақ, «*loafs and fishes*» - жер игіліктері аясында жүзеге асырылады.

Күнкөріс символы. «*Біреудің нанын жеу*» сияқты фразеологиялық бірліктер басқалардың есебінен өмір сүруді көрсетеді, ал «*нан табу*» жұмыс жасап, күнін көруді білдіреді. Ағылшын тілінде «*to make on' s bread*» сияқты ұқсас тіркестер де жиі кездеседі [9].

Осылайша, гастрономиялық терминдермен фразеологиялық бірліктерді зерттеу гастрономияның символдық мағыналар мен мәдени көріністерді қалай қалыптастыратынын көрсете отырып, мәдениет пен тіл арасындағы күрделі байланыстарды жарықтандыруға мүмкіндік береді [10].

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдерге қосымша тағы да бірнеше қазақ және ағылшын тіліндегі нан атаулары бар фразеологизмдерді қарастырамыз.

Қазақ тіліндегі *нан* атаулары бар фразеологизмдер және олардың түсіндірмесі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте – Қазақ тіліндегі нан атаулары бар фразеологизмдер

№	Фразеологизм	Түсіндірмесі
1	Нандай илеу	қалай болса солай қорлау, билеп-төстеу.
2	Наны таусылу	көретін күні, тататын дәмі таусылу, өлетін халіне жету.
3	Нанын тауып жеу	жанын бағу, күнін көру, өз тіршілігімен жанын сақтау.
4	Кеудесіне нан пісті	«Буына нан піскендей болып, жігін бөлектеп, Шалқан кеп тұра қалды». Дандайсу, менсінбеу
5	Нан атсын (ұрсын)	ант беру

Көріп тұрғанымыздай, қазақ тіліндегі нан атаулары бар фразеологизмдер көп емес, дегенмен олардың басым көпшілігі тәрбие, қонақжайлылық, еңбек, іс-әрекет, материалдық және рухани сипатта негізделген.

Төменде ағылшын тілінде нан атаулары бар фразеологизмдерді қарастырамыз (3-кесте).

3-кесте – Ағылшын тіліндегі нан атаулары бар фразеологизмдер

№	Фразеологизм	Түсіндірмесі / Аудармасы
1	earn one's daily bread	күн-көріс (табысын) табу
2	bread and butter	табыс
3	bread-and-butter letter	сапардан, қонаққа барғаннан кейін жіберілген алғыс хат
4	bread and water	аз ғана тағам
5	greatest thing since sliced bread	керемет (сөзбе-сөз «кесілген наннан кейінгі ең жақсы нәрсе»)
6	half a loaf is better than none	жоқтан гөрі аз жақсы
7	half-baked	жеткіліксіз ойластырылған, нашар дайындалған (сөзбе-сөз жартылай пісірілген)
8	know which side one's bread is buttered	пайдасы неде екенін білу (сөзбе-сөз «нанның қай жағы май жағылғанын білу»)
9	break bread with smb.	тамақты біреумен бөлісу
10	cast one's bread upon the waters	сыйақы күтпестен жақсы әрекет ету (сөзбе-сөз «нанды суға лақтыру»)
11	bread and circuses	нан және көрініс
12	white-bread	іш пыстыратын, күнделікті
13	Breadwinner	асыраушы, табыс табушы; отбасының негізгі кірісін қамтамасыз ететін адам
14	bring home the bacon	өмір сүруіне табыс табу, отбасын асырау
15	take the bread out of someone's mouth	нанды біреуден тартып алу; біреуді нан, күнкөрістен айыру
16	on the breadline	ауыр материалдық жағдайда, кедейлік шегінде, кедейлік шегінен тыс
17	the best thing since sliced bread	ең жақсы; ең жақсы болуы мүмкін; ең жақсы, ең жақсы нәрсе, ең жақсы нұсқа

Аталған фразеологизмдердің сөйлемде қолдану мысалдарын қарастырайық:

«*You are mature enough. It's time for you to earn your own daily bread*» – Сен жеткілікті есейдің, енді күнкөрісінді өзің таба аласың.

«*Jesus was not once reproached for breaking bread with sinners*» – Иса күнәкарлармен бірге тамақ ішкені үшін бірнеше рет сөгіс алды.

«*Paul can't miss even a day of work. That's his bread and butter*» – Пол бір жұмыс күнін жібере алмайды, өйткені бұл оның негізгі кірісі.

«*It's a story about middle America where white-bread people live their white-bread lives*» – Бұл оқиға Америкадағы орта таптың өкілдері туралы: жалықтырғыш (іш пыстыратын) адамдар күнделікті өмірлерін осылай өткізеді.

«*My children think their new kitten is the greatest thing since sliced bread*» – Менің балаларым жаңа мысықтарын керемет деп санайды.

Келтірілген ағылшын тіліндегі *nan* атаулары бар фразеологизмдерді талдайтын болсақ, ағылшын тілінде фразеологизмдердің жиі қолданылуын байқай аламыз. Айта кеткен жөн, ағылшын тіліндегі фразеологизмдер көбінесе материалдық символда жиі кездеседі. Демек, қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің басты айырмашылығы мынада: қазақ тілінде фразеологизмдердің басым көпшілігі тәрбие, іс-әрекет, қонақжайлылық, рухани сипатта болса, ағылшын тілінде көбіне материалдық символда кездеседі. Алайда, фразеологизмдерді талдау барысында, біз екі тілде де ұқсас фразеологизмдердің кездесетінін байқай аламыз. Сонымен, қай тілде немесе елде болмасын нан атаулары бар фразеологизмдер көп кездеседі, бірақ бұл фразеологизмдердің бір-біріне ұқсастық пен айырмашылықтары да болады.

Қорыта келе, фразеологизмнің символдық мағыналарын зерттеу әртүрлі халықтардың ұлттық және мәдени ерекшеліктері туралы маңызды ақпарат береді. Әр түрлі мәдениеттердегі бір элементтің символдық мәні белгілі бір этностың дүниетанымының ерекше ерекшеліктеріне байланысты сәйкес келуі де, өзгеруі де мүмкін [11].

Қорытынды

Фразеологизмдер – әр ұлттың асыл қазынасы және олардың сақталуы халықтың өткенінен хабар береді. Бүгінде халықаралық және тілдераралық қатынастар дамыған заманда, шет тілін ана тілімізбен салыстыра зерттеу тіл білімінің түрлі салалары үшін үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда қазақ фразеологиясының өзекті міндеттерінің бірі фразеологиялық бірліктердің барлық құрылымдық-семантикалық категорияларын, оның ішінде етістік-атаулы, үстеу және адъективтік бірліктерді егжей-тегжейлі зерттеу болып табылады. Таңдалған типтің сипаттамаларын анықтау және жүйелеу, сондай-ақ олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық құрылымдардың ерекшеліктерін сипаттау қажет. Сонымен, бұл зерттеудің маңыздылығы – теориялық және практикалық маңызы бар зерттелетін тілдердің фразеологиялық бірліктерін қалыптастырудың негізгі әдістері мен семантикалық қасиеттерін қарастырады.

«Нан» сөзі бар қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстырмалы-лингвистикалық талдау нәтижесінде қандай да бір жалпы белгілер анықталды. Атап айтқанда, барлық екі мәдениетте «нан» материалдық және рухани тағамды, тіршілік көздерін және рухани байыту идеяларын бейнелейді. Осылайша, *nan* тек физикалық өнім ретінде ғана емес, сонымен қатар табыс пен материалдық байлықтың символы ретінде де әрекет етеді. Алайда, салыстырмалы талдау белгілі бір сәйкессіздіктерді де анықтады. Бұл негізінен ағылшын фразеологизмдерінде байқалады. Ағылшын фразеологиялық бірліктері неғұрлым күрделі, қысқа сөздер терең мағынаны анықтай алады және мағынасы да өзгеше болып келеді.

Талданған мысалдар, яғни бейнелі және тура мазмұнды салыстыру жаңа мәдени мәнді мағыналарды ашатынын көрсетеді. Жүргізілген талдау «нан» компоненті бар фразеологизмдер адам білімін берудің жоғары тиімді құралы ретінде қызмет ететіндігін және әр түрлі тілдерге тән әмбебап тұжырымдамаларды да, тілдік өрнектерде жазылған әр халықтың бірегей тәжірибесі мен жинақталған білімін қалыптастыратын ерекше ұлттық тұжырымдамаларды да білдіретіндігін көрсетеді. Осылайша, фразеологиялық бейне ұлттық ерекшеліктің негізгі «қамқоршысы» ролін атқарады. Тілдік бірліктердің семантикасындағы ұлттық ерекшеліктер белгілі бір халықтың мәдениетімен, менталитетімен және тарихымен анықталады.

Қорытындылай келе, тіл қоғамдық өмірдің барлық аспектілерін қамтитынын, сөздерді және олардың мағыналарын зерттеу әртүрлі лингвистикалық мәселелерді терең талдауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Әр түрлі тұжырымдамаларға қатысты фразеологиялық бірліктерді сипаттау және салыстырмалы талдау тілдік мәселелерді терең түсінудің қажетті шарты болып табылады және әртүрлі халықтардың менталитеті мен мәдени ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Фразеологиялық бірліктерді семантика және лингвомәдениеттану тұрғысынан кешенді зерттеу ұлттық мәдениеттердің ерекшелігін түсінуге ықпал ететін маңызды және өзекті тәсілді білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шингарева М.Ю., Нарожная В.Д., Кожухметова С.Н. Русские и казахские фразеологические обороты с колористическим компонентом: этно-лингвокультурологический аспект изучения // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана, серия «Филологические науки». – 2022. – №3 (66). – С. 201–220.
2. Kaskova M.E., Ustinova O.V., Bolshakova E.K. Phraseological Units with the Word “Bread” in Russian, French and Italian Linguocultures // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 2020. – №11(2). – P. 319–329.
3. Kurmangali F., Mamayeva G., Bayymbetova A. The national code national cultural connotation of regular expressions and national code in Kazakh and English languages // Bulletin of the Eurasian humanitarian institute. – 2024. – №1. – P. 67–79.
4. Муратова А.Б. Общность фразеологических оборотов казахского, русского и английского языков // «Шет тілді білім беру: тәжірибе, мәселелер, жаңашылдығы» атты институтшілік студенттердің ғылыми конференциясының материалдары. – Арқалық: АрқМПИ, 2017. – Б. 190–195.
5. Жамбылқызы М. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді зерттеу тарихы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №3. – Б. 155–160.
6. Shelia M. Lexico-semantic aspect of linguoculturological concepts “bread” and “wine” in the georgian and english phraseological units // WEST-EAST. – 2019. – Vol 2/1, №1. – P. 53–58. <https://doi.org/10.33739/2587-5434-2019-2-53-58>
7. Атабаева М., Булекбаева Л., Жилкибаева А. Ш. Сарыбаев аймақтық лексикадағы тағам атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері жайында // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. – 2020. – №2 (72). – Б. 137–143.
8. Жунусова М., Кельдибаева А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәнерлі сөздердің жалпы сипаты // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы. – 2017. – №2. – Б. 34–38.
9. Dedej M. Several Ethnological Meanings Reflected to Adjectival Phraseological Units // US-China Education Review. – 2014. – Vol. 4. – №11. – P. 846–852.
10. Марушкина Н.С. «Гастрономические» фразеологические единицы как средство формирования концепта еда // Преподаватель XXI век. – 2012. – Т. 2. – №2. – С. 359–362.
11. Toska T. The Phraseological Unit as an Expression of Experience: The Case of the Words “Baltë” (Mud) and “Bukë” (Bread) // ANGLISTICUM. Journal of the Association-Institute for English Language and American Studies. – 2015. – №4. – P. 108–111.

REFERENCES

1. Shingareva M.Iu., Narojnaia V.D., Kojahmetova S.N. Russkie i kazahskie frazeologicheskie oboroty s koloristicheskim komponentom: etno-lingvokulturologicheskiy aspekt izucheniya [Russian and Kazakh phraseological phrases with a coloristic component: ethno-linguistic and cultural aspect of the study] // Izvestia KazUMOI MIa imeni Abylai hana, seria «Filologicheskie nauki». – 2022. – №3 (66). – S. 201–220. [in Russian]
2. Kaskova M.E., Ustinova O.V., Bolshakova E.K. Phraseological Units with the Word “Bread” in Russian, French and Italian Linguocultures // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 2020. – №11(2). – R. 319–329.
3. Kurmangali F., Mamayeva G., Bayymbetova A. The national code national cultural connotation of regular expressions and national code in Kazakh and English languages // Bulletin of the Eurasian humanitarian institute. – 2024. – №1. – P. 67–79.
4. Muratova A.B. Obshnost frazeologicheskikh oborotov kazahskogo, russkogo i angliyskogo iazykov [Common phraseological phrases of Kazakh, Russian and English languages] // «Shet tildi bilim beru: tajiribe, maseleler, janashyldygy» atty institutishilik studentterdin gylymi konferenciasynyn materialdary. – Arqalyq: ArqMPI, 2017. – B. 190–195. [in Russian]
5. Jambylqyzy M. Qazaq jane agylshyn tilderindegi frazeologialyq birlikterdi zertteu tarihy [History of the study of phraseological units in the Kazakh and English languages] // QazUU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2016. – №3. – B. 155–160. [in Kazakh]
6. Shelia M. Lexico-semantic aspect of linguoculturological concepts “bread” and “wine” in the georgian and english phraseological units // WEST-EAST. – 2019. – Vol 2/1, №1. – P. 53–58. <https://doi.org/10.33739/2587-5434-2019-2-53-58>
7. Atabaeva M., Bulekbaeva L., Jilkibaeva A. Sh. Sarybaev aimaqlyq leksikadagy tagam ataularynyn leksika-semantikalyq erekshelikteri jaiynda [Sh. Sarybayev about lexical and semantic features of food names in regional vocabulary] // Abai atyndagy QazUPU habarshysy, Filologia gylymdary seriasy. – 2020. – №2 (72). – B. 137–143. [in Kazakh]
8. Junusova M., Keldibaeva A. Qazaq jane agylshyn tilderindegi manerli sozderdin jalpy sipaty [General characteristics of expressive words in Kazakh and English] // Al-Farabi atyndagy Qazaq Ultyq universitetinin habarshysy, Filologia seriasy. – 2017. – №2. – B. 34–38. [in Kazakh]
9. Dedej M. Several Ethnological Meanings Reflected to Adjectival Phraseological Units // US-China Education Review. – 2014. – Vol. 4. – №11. – P. 846–852.
10. Marushkina N.S. «Gastronomicheskie» frazeologicheskie edinicy kak sredstvo formirovaniya koncepta eda [“Gastronomic” phraseological units as a means of forming the concept of food] // Prepodavatel XXI vek. – 2012. – T. 2. – №2. – S. 359–362. [in Russian]
11. Toska T. The Phraseological Unit as an Expression of Experience: The Case of the Words “Baltë” (Mud) and “Bukë” (Bread) // ANGLISTICUM. Journal of the Association-Institute for English Language and American Studies. – 2015. – №4. – P. 108–111.

А.Т. КЕМБАЕВА¹, О.С. ЖҰБАЙ², С. ЕКЕР³

¹Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы,

Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а.
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: alm-ornai@mail.ru

³доктор, профессор, Башкент университеті

(Түркия, Анкара қ.), e-mail: suereker@yahoo.com

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДІЛ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Ұлттың мәдениеті мен этностық ерекшелігін, мінез-құлқын, дүниетанымын тану үшін оған тән ұлттық ділді анықтау маңызды. Зерттеу жұмысының мақсаты – ұлттық діл сипатын көркем және публицистикалық дискурс негізінде анықтау. Осы мақсатта қаламгер Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем дискурс пен публицистикалық дискурс назарға алынып, ондағы ұлттық діл көрінісінің ерекшелігі, тілдік сипаты, автордың ұлттық діл сипатын ашудағы өзіндік шығармашылық шеберлігі айқындалды. Ұлттық ділдің мәтіндегі көрінісін тану үшін шығармалардың нақты тармақтарын талдау, іріктеу, салыстыру, түсіндіру, лексикалық және семантикалық, контекстуалды анализ әдіс-тәсілдері жүзеге асырылды. Мысалға алынған әр тармақтағы ұлттық ділді айқындайтын тілдік бірліктердің мәні түсіндірілді. Ұлттық ділдің көрінісін сипаттаған мәтіндерді зерттеу ұлттық дәстүр мен дүниетаным, мәдениет ерекшеліктерін жаңа қырынан тануға мүмкіндік тудырды. Ұлттық ділдің тарихи уақыт ағымындағы түрлі оқиғалар мен қоғамдық, әлеуметтік, идеологиялық тұрғыда өзгергіштігі мәселесін анықтау қажеттілігі – ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыптық ерекшелігін айқындап, өзектілігін дәлелдейді.

Сондай-ақ зерттеу жұмысында көркем дискурс пен публицистикалық дискурстағы ұлттық ділдің сипатталу ерекшелігі, автордың сөз қолданысы талданды. Ұлттық ділдің көрінісі белгілі бір мәтін, тіркес, тіпті сөздің семантикалық тамырында жататыны дәлелденіп, оның ұлт психологиясынан айырмашылығы түсіндірілді. Зерттеу тақырыбы аясында бұған дейін еңбек жазған ғалымдардың теориялық және практикалық тұжырымдары назарға алынып, жұмыстың талдау және нәтижелер бөлімінде мәтінге лексикалық анализ жасау жұмысы жүргізілді. Ұлттық ділді көркем және публицистикалық дискурс аясында анықтау зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңызын көрсетті. Ұлттық ділдің түрлі жағдаяттарда қалай көрініс табатынын зерттеу барысында ұлттық санада қалыптасқан әдеттер мен ұстанымдардың өзара байланысы талданды. Көркем және публицистикалық

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Кембаева А.Т., Жұбай О.С., Екер С. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстағы ұлттық діл көрінісі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б.185–197. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.155>

*Cite us correctly:

Kembaeva A.T., Jubai O.S., Eker S. Sherhan Murtaza shygarmashylygyndagy korkem jane publicistikalyq diskurstagy ulttyq dil korinisi [National Mentality in Artistic and Publicistic Discourse in the Works of Sherkhan Murtaza] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – В. 185–197. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.155>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.01.2025 / қабылданған күні 30.03.2025

дискурстың коммуникативтік әрекетке негізделген қызметі, айтушы мен тыңдаушы арасындағы лингвокогнитивтік-ментальдік байланыс мәселесі қарастырылды. Мәтіндердегі ұлттық діл көрінісінің берілу ерекшелігі қаламгердің тілдік ерекшелігі мен авторлық көзқарасы тұрғысында талданды. Ұлттық ділдің айқын көрінісін автордың публицистикалық толғамдарынан жиі кездестіруге болатыны анықталып, соның негізінде жеке тармақтардағы ұлттық таным-түсініктен туындаған ділдік сипат көріністері талданды. Зерттеу жұмысының қорытындысында қаламгер шығармашылығының негізінде анықталған ұлттық діл көрінісінің көркем дискурс пен публицистикалық дискурста берілу ерекшелігі тұжырымдалып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Кілт сөздер: Шерхан Мұртаза шығармашылығы, ұлттық діл сипаты, қазақ мәдениеті, көркем дискурс, публицистикалық дискурс, мәтін, тіл.

A.T. Kembayeva¹, O.S. Zhubai², S. Eker³

¹*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kembayeva_ainur@mail.ru*

²*Doctor of Philological Sciences, Acting Professor of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: aim-ornai@mail.ru*

³*Doctor, Professor, Baskent University
(Turkey, Ankara), e-mail: suereker@yahoo.com*

National Mentality in Artistic and Publicistic Discourse in the Works of Sherkhon Murtaza

Abstract. To understand a nation's culture, ethnic identity, behavior, and worldview, it is crucial to define its inherent national mentality. This research aims to determine the characteristics of national mentality based on artistic and publicistic discourse. To achieve this, the study examines the artistic and publicistic discourse in the works of writer Sherkhon Murtaza, analyzing the distinctive features of national mentality, its linguistic characteristics, and the author's unique creative approach in portraying it. Various methods were employed, including the analysis, selection, comparison, interpretation, and application of lexical-semantic and contextual analysis techniques to examine specific passages from the texts. The meanings of linguistic units that reflect national mentality were explained in each analyzed excerpt.

The study of texts that depict national mentality provided new insights into national traditions, worldviews, and cultural specificities. The necessity of identifying how national mentality evolves over time in response to historical events, as well as social, ideological, and public influences, underscores the thematic significance and relevance of this research.

Additionally, the research explores how national mentality is represented in artistic and publicistic discourse, focusing on the author's use of language. It is demonstrated that the expression of national mentality is embedded in the semantic essence of a text, phrase, or even a single word, and its distinction from national psychology is clarified. Previous theoretical and practical studies on this subject were reviewed, and a lexical analysis of the text was conducted in the analysis and results section. Defining national mentality within the scope of artistic and publicistic discourse further highlights the scientific and practical significance of the study.

By examining how national mentality manifests in different contexts, the research also analyzes the interrelation of customs and beliefs rooted in national consciousness. The communicative function of artistic and publicistic discourse was considered, particularly the linguacognitive and mental connection between speaker and listener. How national mentality is conveyed in texts was analyzed from the perspectives of linguistic features and the author's stylistic choices. The study establishes that the national mentality is most explicitly expressed in Murtaza's

publicistic works, where the linguistic and conceptual representations of national cognition are explored within individual passages.

In conclusion, the research defines the distinctive ways in which national mentality is conveyed in artistic and publicistic discourse based on Sherkhan Murtaza's works. The similarities and differences between the two discourse types were analyzed, contributing to a deeper understanding of how national identity is reflected in language.

Keywords: Creativity of Sherkhan Murtaza, character of national mentality, Kazakh culture, artistic discourse, publicistic discourse, text, language.

А.Т. Кембаева¹, О.С. Жубай², С. Екер³

¹*PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru*

²*доктор филологических наук, и.о. профессора
Казахского Национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: aim-ornai@mail.ru*

³*доктор, профессор, Университет Башкент
(Турция, г. Анкара), e-mail: suereker@yahoo.com*

Национальный менталитет в художественном и публицистическом дискурсе в творчестве Шерхана Муртазы

Аннотация. Для распознавания культуры и этнической принадлежности, поведения, мировоззрения нации важно определить присущий ей национальный менталитет. Цель исследовательской работы – определение характера национального менталитета на основе художественного и публицистического дискурса. С этой целью были приняты во внимание художественный дискурс и публицистический дискурс в творчестве писателя Шерхана Муртазы, выявлены специфика проявления в нем национального менталитета, языковой характер, оригинальное творческое мастерство автора в раскрытии характера национального менталитета. Реализованы методы и приемы анализа, отбора, сравнения, интерпретации, лексического и семантического, контекстуального анализа конкретных пунктов произведений с целью распознавания выражения национального менталитета в тексте. В каждом пункте, взятом на пример, объяснялось значение языковых единиц, определяющих национальный язык. Изучение текстов, описывающих проявление национальности, позволило по-новому взглянуть на особенности национальной традиции и мировоззрения, культуры. Необходимость выявления проблемы вариативности национального менталитета в различных событиях исторического времени и в общественном, социальном, идеологическом контексте – определяет тематическую специфику и доказывает актуальность научно-исследовательской работы.

Также в исследовательской работе проанализированы особенности описания национального менталитета в художественном и публицистическом дискурсе, использование слов автора. Доказано, что выражение национального менталитета лежит в смысловом корне конкретного текста, фразы и даже слова, и объясняется его отличие от психологии нации. В рамках темы исследования были приняты во внимание теоретические и практические выводы ученых, написавших ранее труды по этой теме, проведена работа по лексическому анализу текста в разделе анализ и результаты работы. Определение национального языка в рамках художественного и публицистического дискурса показало научное и практическое значение исследовательской работы. В ходе изучения того, как проявляется национальный менталитет в различных ситуациях, была проанализирована взаимосвязь привычек и позиций, сложившихся в национальном сознании. Рассмотрена деятельность художественного и публицистического дискурса, основанная на коммуникативной

деятельности, проблема лингвокогнитивно-ментальной связи между говорящим и слушающим. Специфика передачи национального менталитета в текстах анализировалась с точки зрения языковой специфики и авторского подхода писателя. Установлено, что явное проявление национального менталитета часто можно встретить в публицистических толках автора, на основе которых проанализированы проявления ментального характера, обусловленные национальным познанием в отдельных стихах. В заключении исследовательской работы сформулирована специфика передачи в художественном и публицистическом дискурсе национального менталитета, выявленных на основе творчества писателя, выявлены сходства и различия.

Ключевые слова: творчество Шерхана Муртазы, характер национального менталитета, казахская культура, художественный дискурс, публицистический дискурс, текст, язык.

Кіріспе

Этика, ұлт, ұлттық мәдениет, діл, тіл, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық рух секілді құбылыстар тіл білімі саласында өзекті мәселелердің әрі зерттеу тақырыптарының бірегейіне айналды. Ұлттың өзіндік ділі оның тарихи дамуында қалыптасады. Діл – бұл белгілі бір халықтың сыртқы белгісі емес, ішкі танымы, рухани болмысы.

Жалпы ұлт ділінің қалыптасуына алуан факторлар әсер етеді. Мысалы: қоршаған ортасы, климаты, географиялық ландшафты, қоғамы, діні, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, яғни күллі табиғат. Біраз ғасырлар бойы қазақ халқы өзінің алғашқы далалық дәстүрлерін қалыптастырып, оны санасына сіңіріп, түрлі мәдени әсерлерді ұрпақ бойына таратты. Бұл ұлттық ділдің қалыптасуының терең және берік баспалдағы. Саяси апаттар мен соғыстар, өзге де мемлекеттердің саяси-экономикалық әсері әуелде қазақ қоғамында діннің орнауына, түрлі наным-сенімдердің келуіне түрткі болғанымен, түпкі ұлттық діл тамырын түбегейлі өзгерте алмады. Сол кезеңнен қалыптасқан ұлттық ділдің қазіргі күнгі көрінісін қаламгерлер шығармаларынан, көркем және публицистикалық дискурстардан байқай аламыз.

Ұлттық діл мәдениеттің кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуындағы ерекшеліктерге байланысты қалыптасады. Діл – ұлттық сипатта көрінеді. Мысалы қазақтың қарапайымдылығы, бауырмалдығы, адамгершілігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі, т.б. идеологиялық, әлеуметтік-саяси, діни-конфессиялық және басқа да мәдени факторлардан діл белгілі бір дәрежеде өзгеріске түсетін болса, ұлттық қасиеттердің одан айырмашылығы – тұрақтылығы. Ұлттық қасиет қаншалықты берік болса, діл де соғұрлым берік сақталады. Ұлттық діл кешенді мәселе ретінде өзінің өзектілігін арттырып келеді. Ұлттық діл – халықтың, этностың рухани мінезін, ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Этникалық бірлікті, халықтың әлеуметтік позициясын көрсететін, нақты тарихи-мәдени қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтар мен әрекеттердің біртекті сипаты да ұлттық діл негізінде анықталады.

Ұлттық ділдің нақты көрінісін көркем және публицистикалық шығармалардан, автордың сипаттауы тұрғысынан қарастыру, зерттеу дәлелді мысалдарды жүйелеуге және жіктеуге, мәнін ашуға мүмкінді береді. Сондықтан зерттеу жұмысында қазақ халқына тән ұлттық діл мәселесі және оның көрінісі қаламгер Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем дискурс пен публицистикалық дискурс аясында анықталмақ. Ұлттық діл де ұлттық психология секілді халықтың қанына сіңген қасиет, дегенмен ол белгілі бір идеологиялық, әлеуметтік әрекеттер негізінде, тарихи даму шеңберінде өзгеріске ұшырауы да мүмкін екенін атап өттік. Шерхан Мұртаза шығармашылығында қазаққа тән діл мен оның көрінісі түрлі аспектіде, түрлі жағдайға сай сипатталады. Автордың көркем шығармалары мен публицистикалық мәтіндеріндегі ұлттық діл көріністері мәтін мысалдары негізінде

анықталады. Сондықтан зерттеу жұмысында Шерхан Мұртазаның көркем шығармалары мен публицистикалық толғамдарын зерттеу арқылы ұлттық ділдің көрінісін сипаттайтын мәтіндер мен нақты тілдік қолданыстарды анықтау және олардағы ұлттық діл көрінісінің ерекшелігі мен берілу айшықтарын нақты мысалдар негізінде талдау міндеттері қойылды.

Шерхан Мұртазаның көркем мәтінінде үнемі ұлттық дәстүрдің, мінез-құлықтың, қазақы танымның жиі көрініс табатынын ескерсек, ұлттық діл сипаты да соларға параллель ұсынылып отырады. Ал публицистикалық мәнінде автор бүгінге дейінгі өзектілігін жоймаған халықтық мәселелерді көтере отырып, туған жер, тіл туралы, ұлттық руханият туралы ой-толғамдарын байқатады. Елдің өмірі мен тағдырын, қоғамдық тіршілікті, қазақ танымындағы жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырататын ділдік ерекшеліктерді ұтымды пайдаланады.

Ұлттық ділді қоғамдық әрі ұжымдық ойлау деңгейінде қалыптасатын қасиеттер дейтін болсақ, әрине ол жеке адамдардың іс-әрекеттерінде де орын алады. Туындыгер шығармаларындағы дара кейіпкерлердің бойындағы ұлттық діл белгілері жинақталып, бір ұлттың ділінен хабар беріп тұрғаны белгілі. Автор өзінің публицистикалық толғамдары мен эссе, очерктерінде де ой-тұжырымдарын талқылау үшін жеке тұлғаларға, қоғамдық мәселелерге, қазақ қоғамындағы жаңа өзгерістерге мән береді, ескі таным мен жаңа танымда ұлттық тілдің сақталуы, жалғастығы, өзгеріске ұшырауы секілді маңызды сұрақтардың шешімін беруге тырысады. Зерттеу жұмысында мұндай ерекшеліктерді қаламгердің көркем және публицистикалық шығармалары негізінде анықталады.

Қаламгердің көркем мәтіні мен публицистикалық мәтінінде ұлттық ділдің көрінісі жеке адамның, ұжымның деңгейінде, этногенетикалық санада, мәдениет пен дүниені қабылдау аспектісінде сипатталады. Қазақ халқының діліндегі динамикалық бағдар мен ерекшеліктерін автор өз шығармаларында ашық суреттеу арқылы оқырманға ұлттың мәдениетінен, көзқарасынан тікелей хабар беріп отырады. Ұлттың ділінің қалыптасуына өзге қасиеттері секілді ертеден қалыптасқан ата-баба дәстүрі, наным-сенімдері де әсер ететінін айтады. Публицистикалық дискурсында қазақ нақылдары мен мақал-мәтелдерін қолдану арқылы қазақ ділінің мағынасын ашуға тырысады. Ұлтқа тән сезімталдық пен сүйіспеншілік, характерлік және эмоционалдық ерекшеліктерін танытады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Дискурс, оның ішінде көркем және публицистикалық дискурс, діл, ұлттық діл мәселелерін өз зерттеу жұмыстарына арқау еткен шетелдік және отандық ғалымдардың еңбегіне назар салып, олардың тұжырымдарын қарастыру жаңа идеялар мен көзқарастарға бағыттайтыны анық. Мәселен, Скуратов И.В., Корж В.И. [1, 112-б.] зерттеу жұмысында орыс және француз халықтарының менталитеті мен ұлттық мінезінің ерекшелігін этникалық лингвокультура тұрғысынан қарастырса, Kashenkova I. [2] коммуникативтік мінез-құлық пен ұлттық, мәдени құндылықтардың саяси дискурстағы сипатын талдайды. Жумагулова А.М., Каримова Б.Ж. [3, 26-б.] публицистикалық дискурстың өзге дискурстар аспектілерінде қарастырылуы, этникалық факторлардың институционалды дискурсты ұйымдастырудағы маңызы жөнінде ақпарат берсе, Rashidova M.B. [4, 7-б.] дискурс ұғымын лингвистика ғылымы тұрғысында зерттеп, оларға тән ерекшеліктерді анықтау мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер призмасын қолданғанына көз жеткіздік. Ал Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А. [5, 210-б.] отбасы дискурсын зерттеп, оны өзге ғалымдардың зерттеулері аясында тұжырымдап, ерекшеліктерін назарға алады. Аталған зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасау арқылы, ұлттық ділдің көркем және публицистикалық дискурстағы көріністерін, дискурс түрлерінің анықталу тәсілдері мен мәселесін, ұлттық мәдениет пен ділдің өзара қарым-қатынасын, әр ұлттар діліндегі этникалық айшықтар мәселелерін жаңа тұжырымдар негізінде тануға мүмкіндік алдық. Зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, ұлттық діл тұжырымдамасының негізі

ретінде этностың психикалық ерекшелігі көрінеді. Ұлттық діл табиғатпен өзара ішкі байланыс қалыптарымен, мәдениетімен және психологиялық айшықтарымен, тілде көрінетін қарым-қатынас нормаларымен анықталады. Зерттеу жұмысында атымды зерттеушілердің еңбектері назарға алынып, ұлттық ділдің көрінісін көркем және публицистикалық дискурстан анықтау мақсатында анализ, синтез, индукция, бақылау және мысалға алынған мәтіннің семантикалық интерпретациясын жасау, түсіндіру, лексикалық анализ, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Шерхан Мұртазаның «Жазғы демалыс», «Кәрі солдат», «Ақсай мен Көксай», «Абай сәулесі», «Айқайлап айтқан сөз» «Қазақстанның байлығы 10 триллион доллар!», «Әкімдер де ант берсін», «Зейнет күреспен келеді» шығармаларындағы көркем және публицистикалық дискурстардан ұлттық ділдің көрінісі нақты мәтін тармақтары негізінде талданып, олардың астарлы мәні, этнологиялық сипаты, мағыналық реңкі, қазақы танымдағы дүниетанымға әсері, ұлттық ділдің әр кезеңге сай өзгеріп отыруы мәселесі, сондай-ақ оның ұлттық руханияттағы, күнделікті әлеуметтік-саяси, қоғамдық жағдайларда байқалатын белсенді сипаты анықталды. Көркем дискурста қаламгер шындық оқиғаны, өмір құбылыстарын көркем баяндай отырып, ұлттық ділдің белгілерін алуан тілдік бірліктермен суреттеу арқылы кейіпкерлер диалогтарындағы тілдік ерекшеліктер арқылы, сөз қолданысының ерекшелігі арқылы ұсынады. Ал публицистикалық дискурста автор ұлттық ділді нақты бір оқиға немесе жағдайға, өзі көрген немесе өзі өмір сүрген қоғамындағы болып жатқан әрекеттерге түрлі жағынан қарап, баға беру арқылы, қазаққа тән әдеттерді сипаттау арқылы тұжырым жасай отырып көрсетуге тырысады. Ұлттың бойында сақталған қасиеттер мен олардың белгілі бір жағдайда көрініс тауып отыруын өз мысалдарында суреттейді. Қаламгер шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстан ұлттық діл көрінісін анықтау үшін аталған нақты туындыларды іріктеп алуда мәтіндердегі қаламгердің идеяны оқырманға жеткізуде қолданған шеберлігі, мәтін ішіндегі қазақ ділі мен мінезін көрсететін нақты сипаттаулары, олардың автор тарапынан астарлы суреттелуі, түсіндірілуі, сөз қолданысы, тілдік ерекшелігі негізге алынды. Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық мәтіндерінің мазмұнынан ұлттық мәдениет пен мінез-құлық сипатының авторлық монолог, кейіпкерлер диалогы, баяндау түрінде ашық әрі жиі көрініс табуы – зерттеу жұмысының нысанына қаламгер шығармашылығын негіз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында аталмыш нақты мәтіндерге жүгіну негізінде көркем дискурс пен публицистикалық дискурстағы ұлттық діл көрінісінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау жүзеге асырылды. Ол үшін нақты мәтін тармағы мысалға алынып, ондағы тілдік бірліктердің лексикалық, семантикалық, этнологиялық ерекшеліктері ескерілді. Ұлтқа тән ділді зерттеу кезінде оның мәдениеті мен ұстанымы, ертеден келе жатқан дәстүр жалғастығы белсенді әрекет ететіні анықталды.

Талдау мен нәтижелер

Дискурстың негізгі қызметі – коммуникативтік әрекетке негізделгендіктен көркем дискурстың да, публицистикалық дискурстың да ортақ сипаты ондағы айтушы мен тыңдаушы арасындағы лингвокогнитивтік-ментальдік байланыс. Ал көркем және публицистикалық дискурстағы үлкен айырмашылық – шындық өмірдегі оқиғаның берілу жолы. Көркем дискурста шындық сол күйінде берілмейді. Ол автордың дүниетанымында сүзгіден өтіп, оның тілдік тұлға ретіндегі шығармашылық ой-қиялымен оқырманға ұсынылады. Мұнда оқырманның шығарманы қабылдауына негізделген тұтастық ескеріледі.

Шерхан Мұртазаның шығармаларында ұлттық діл кейіпкерлердің әрекеттері мен мінез-құлықтары, автордың ішкі рухани дүниетанымы мен психологиясы, тұжырымдары, алуан жағдайларға баға беруі, оларды суреттеуі арқылы көрініс табады. Сондай-ақ зерттеу жұмысында мысалға алынған мәтін үзінділері, сөйлемдер мен тіркестер көлемі жағынан

қысқа болғанымен, олардың жеке тұрып-ақ тұтас мәтін мазмұнын ашатыны, автор ұсынған нақты ойды жеткізуімен, ұлтқа тән діл элементтерін танытуымен, тура сипаттауымен аса құнды. Бұл – қаламгердің көркем және публицистикалық мәтіндерінің ерекшелігі деп танылды.

Автордың көркем мәтіндегі ұлттық ділдің сипатын анықтау үшін нақты шығармаларға жүгінеміз. Мысалы «Кәрі солдат» әңгімесіндегі: «...қаладағы құдаларына барып қайтпақ» [6], – деген жолдардағы «құдасы» қазақ танымында аса қадірлі туыс іспетті. Мұндағы кейіпкердің іс-әрекеті құдаға көрсетілетін сыйластықты, қазақ дәстүрінде сақталған әдетті еске салады. «Жазғы демалыс» әңгімесінде: «Содан ас үйдегі аяқ-табақтардың... салдыр-гүлдірі көпке дейін тыйылмады» [7], – деп сипатталатын көріністе ұлттық ділде қалыптасқан отбасы – ошақ қасында болатын келеңсіздіктер мен кикілжінді суреттеген. Бұл қазақы түсінікте отбасындағы екі адамның ұрыс-керісі, берекенің қашуы секілді әрекеттерді түсіндіреді. Сондай-ақ, қаламгердің көркем мәтінде кейіпкерлерінің диалогтарындағы сөз қолданыстары мен іс-әрекеттердің жүзеге асуы, сюжеттерінен адамдық белгілерін, ұлттық ділдің мәнін аша түсетін түрлі ұлттық қасиеттердің көрінісі орын алады. Қаламгер ұлттық ділдің көрінісін ашу мақсатында этнографиялық өрнектерді де жиі пайдаланады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынастарды сипаттай отырып, ұлттық ділде қазаққа тән ерекше қасиеттерді бейнелейді. Автор өзінің көркем мәтінде әдет-ғұрыпты сақтау, әдептілік, адамгершілік, үлкенді сыйлау, тәкаппарлықтан ада болуға ұмтылу, еңбекқорлық секілді ұлттық қасиеттерді ашық суреттейді.

«Ақсай мен Көксай» шығармасында қазақтың наным-сенімі мен дінінің, ұлттық ділінің көрінісі кейіпкер тілімен беріледі: «...иә, аруақ, иә, тәңірі, жеті теңге, жеті нан құдайы...», «...бісміллә... деді Арзы апам таңдайымды көтеріп» [8]. Шерхан Мұртазаның көркем мәтінде ұлттық ділдің көрінісі көбінесе алуан оқиғалардан және ондағы кейіпкерлердің сөзінен байқалады. Қазақ дүниетанымында дастархан берекенің өзегі, бір отбасының басын қосатын киелі орны. Бұл қазақтың ділінде бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. «Ақ орданың орнындай дастархан басында...» [9], – деген тармақта автордың сипаттауы кең дастарханды елестетеді. Шығарма мазмұнында сол кезеңдегі адамдардың дастарханды қадірлеуі мен көзқарасының құлдырап тұрған шағы бейнеленген. Бірақ дастархан қазақ үшін қазірге дейін қасиетті орын саналады. Демек ұлттық ділдің белгілі бір уақытта, кей жағдайларға, идеологиялық қолдан жасалған бұрмалауларға сай өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін. Шерхан Мұртазаның көркем шығармалары мен ондағы кейіпкерлер табиғатынан осыны түсінеміз.

Қаламгердің публицистикалық мәтіндеріндегі ұлттық ділдің көрінісі нақты тұжырымдар мен автордың ой-пікірі, белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық жағдайға баға беру негізінде анықталады. Туындыгер «Абай сәулесі» атты мақаласында: «Қазіргі кезде сауатсыз қазақ жоқ. Сауаттымын деген әрбір саналы адам кітап оқиды», – дейді. Сондай-ақ, «Кітап жазған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес. Жалпы ондайды саналы адам деу қиын» [10], – деп бір түйеді. Мұнда ұлттық ділдің көрінісі қазақтың білім мен ғылымға деген ұмтылысын сипаттайтын «сауатсыз қазақ жоқ», «саналы адам кітап оқиды» тіркестерінен байқалады. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған, халқын оқу мен білімге шақырған ақын Абайды атауы да кездейсоқ емес. Себебі Абай халқымыздың дүниетанымында өз жұртына хат тануды, ғылым іздеуді ғибрат еткен тұлға. Жазушы: «Тәрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады» [10], – дейді. Бұл тармақтан ұлттық діліміздегі білім мен ғылымға қызығушылық секілді шексіз құрмет таным-түсінік сипатын аңғарамыз. Кітапты қадір тұтып, одан алған білімді кең жазира байлыққа теңеу арқылы ақынды тануға, оқуға, шығармашылыққа жетелейтін күшті байқаймыз. Абай кітабынан ерекше сәуле шашуы ақынның ғибратымен, өнегесімен танылады. Демек білім сәулесі құятын білімнің қазақ

халқы танымындағы тәрбие және еркіндікке ұмтылу амалы екенін ұғамыз. «Айқайлап айтқан сөз» шығармасында: *«Бірақ адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады»* [11], – деген тұжырымды кездестіреміз. Бұл ұлттық ділдің айқын көрінісі. Өйткені өз сенімін, дінін берік ұстаған қазақ үшін дүние жалған және кез келген әрекет тек Алланың бұйрығымен орындалады. Бұл – қазаққа тән құбылыс.

Шерхан Мұртазаның *«Қазақстанның байлығы 10 триллион доллар!»* деген публицистикалық толғамында: *«Ата-бабамыздың қыруар күшімен, найзаның ұшымен қорғап, тұтастығын сақтап қалған қасиетті жеріміз қазына-байлыққа бай да жомарт болып шықты»* [12], – деген тармақтағы *«қыруар күшімен, найзаның ұшымен қорғап, тұтастығын сақтап қалған қасиетті жер»* ұғымы ұлттық ділге тән түсініктен туындап отыр. Қазақ үшін қашан да туған жерін қадір тұту, оны сақтап қалу бірінші парыз саналған. Ұлттық ділімізде бұл – киелі ұғым. Ертеден келе жатқан әдеби туындыларымыз бен тарихи деректерде де жер үшін жанын қиған талай батыр, талай қазақ тұлғасы танылғаны белгілі. *«Ауыл кетсе – ұлттың ұйытқысы кетеді»* [13], – деп келетін автор тұжырымдары қазаққа тән ұлттық ділде халықтың ауылды ерекше мекен деп танитынын, ұлттың ұйытқысы ауылдан басталатынын білдіріп тұр. Ұлттық ділде ең маңызды деп танылатын – бірлік. Оны автор ұйытқы деп, ұлттың ұйытқысы үшін осындай берекелі мекеннің болуы тиіс екенін түсіндіреді. Бұл қаламгердің ғана ойы емес, күллі қазақ ұлтының ділінде сақталған ұғымы.

Сондай-ақ ұлттық ділдің көрінісі қаламгер шығармасындағы тіл туралы толғамынан да нық байқалады. Мәселен, ол 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған мына ойды назарға алады: *«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»* [14]. Себебі ұлттық ділде, яғни қазақы танымда тілдің рөлі жоғары. Әрі оның ұлттық маңызы зор жүкті артып тұрғаны аян.

Қазақ діліндегі жайлы мекен «жерұйықты» табу, жұрт тыныштығын аңсау, айының оңынан тууы секілді таным-түсініктерді де қаламгер өзінің «Әкімдер де ант берсін» атты толғамында қолданады: *«...Қазақстанның айы оңынан туып, жұлдызы биіктен жарқырай берсе екен», «...Қазақстан баяғы бабалар аңсап өткен Жерұйыққа айналса екен»* [15]. Ұлттық ділімізде айдың оңынан тууы жақсылықпен сипатталады, сәттіліктің, оң іс-әрекеттің белгісін береді. Ал «жерұйық» ұғымы ұлттық ділде туған өлке, кең жазира, шалқар көл, асқар таулы аяулы туған жерін танумен анықталады.

Ұлттық ділдің публицистикалық дискурстағы көрінісін мына тармақтардағы ақын тұжырымынан да анық көреміз: *«Ас беру – аш-арыққа қайырымдылық тамақ беру емес. Бұл – тәрбие»* [15]. Мұнда қазақ дәстүріндегі ас берудің түпкі мәнін аша отырып, оның әуелгі мағынасы тәрбиемен шектесетінін айтады. Ұлттық ділде тәрбие түрлі жағдайда алуан сипатта көрініс тауып отырады. Соның бірі дәстүрді сақтау, ата-баба аруағын қадірлеу, ұлтқа тән ішкі жан дүниелік ұстанымдардың сыртқы сипатын осындай амал-тәсілдермен көрсету. Ұлттық ділдің адамгершілік, моральдік туралы ерекшелігін қаламгердің: *«Шынында да жұтаң мал қырылса орны толады. Үй құласа, қала қираса қайта соғылады. Ал, адам орны толмақ емес»* [16], – деген ойынан аңғарамыз. Қазақ дүниетанымында ертеден-ақ жақынды, бауырын, досын, жалпы адамды сыйлау, құрметтеу, қадірлеу қасиеті басым болған. Сондай-ақ мұнда адамгершілік, жанашырлық секілді қасиеттер биік тұрады.

Қаламгер публицистикалық мәтіндерінде *«Ғасырлар бойы ат үстінде өткен халық», «...отансүйгіштігі, ұлтсүйерлігі»* [16] секілді тіркестерді қолдану арқылы ұлттық ділдің ақиқат көрінісін аша түседі. Ұлт ділінде халқымыздың ертеден ат үстінде күн кешкені, жерін, елін қорғағаны белгілі, сондықтан бүгінде ат қазақ дүниетанымында қасиетті жануар. Ал қазақтың отансүйгіштігі мен ұлтсүйерлік қасиеті тарих сахнасындағы талайғы оқиғалар тізбегінде айқын көрініс тапқан. Демек мұндай астарлы түсініктерді қолдану арқылы қаламгер ұлттың ділінің бір қырын ашып, оны өз танымында түсіндіріп отыр. *«Бірақ дүние дүние болғалы сол шіріген байлықты ана жайға өзімен бірге ала кеткен ешкім жоқ. Бай*

болсаң да өлгеннен соң, басыңа алтын күмбез салмайды» [17], автор қазақтың рухани тынысын, таным-түсінігін, бойында қалыптасқан ұлттық ділінің көрінісін оның дүниеге деген көзқарасы тұрғысынан берген. Қазақ үшін мына өмір мен о дүниенің мәні әрдайым маңызды болған, сондықтан ол үшін материалдық дүниенің маңызы емес, дүниедегі атқарған адал ісі мен азаматтығы, адамгершілік ұстанымы алғы шепте болған. Қаламгер өзінің публицистикалық туындыларында ұлттық діл көрінісін осындай ертеден қалыптасқан мәдениет пен әдет-ғұрып, дүниетанымдық көзқарас, сенім, ұстаным мен қасиеттер негізінде ұсынады әрі оны бүгінгі қоғамның әлеуметтік, қоғамдық мәселелері, идеологиялық сипаттағы іс-әрекеттер, өзінің көзқарасы мен түйген тұжырымдарына сай жүйелеп ұсынады.

Қаламгер өзінің «Зейнет күреспен келеді» деген шығармасында: «Еліміз тәуелсіздік алса да, құлдық, мәңгүрттік психологиядан арыла алмай келеміз» [18], – дейді. Сан ғасырлар түрлі тарихи-саяси оқиғаларды бастан кешірген қазақ дүниетанымында «тәуелсіздік» қасиетті ұғым. Сондықтан қазақтың әуелгі құлдық, мәңгүрттік психологиясының көлеңкесі ұлттық ділде қазіргі таңға дейін көрініс тауып отырғанын айтады. Қазақ ділінде еркіндік, тәуелсіздік, азаттық ұғымдары рухын жандандыратын қадірлі түсінік екені даусыз. Автор мұнда сол тәуелсіздікті қазақ сырттай ғана емес, ішкі жан дүниесінде де тануы керек деген ойды жеткізгісі келеді. Әрі қазақ діліндегі қарапайымдылықтың бағыныштылыққа итермелейтін ез қасиетін сынап қарайды.

Шерхан Мұртаза өзінің публицистикалық мәтіндерінде ұлттық ділдің оң әрі жақсы жағын, қазаққа тән жақсы қасиеттерді ғана көрсетіп қоймай, қазақ бойынан тыйып, жоюы керек қасиеттерді де мысалға алады. «Соның бірі – жүзге бөліну» [18], – дейді автор. Ұлттық ділде қалыптасқан жүзге бөлінудің туыстықты анықтаудан бөлек, әрі кететін жағымсыз тұстарын сынап отырып, Абайдың достық туралы сөзін мысалға алады. Қазақ бір-бірін дос, бауыр деп тануы керектігін айта отырып, діліміздегі осы бір жаман қасиетті, мұндай бөлінуден туған демографиялық орасан апаттан құтылуымыз керек дегенді түсіндіреді. Бұл ойын қаламгер «*Ырыс алды – ынтымақ*» [18] деген халық мақалын мысалға ала отырып қорытындылайды. Ұлттық ділде «ынтымақ» ұғымы ертеден-ақ қалыптасқан ең ұлы қасиет. Күллі халықтың ынтымаққа жетуі жеке адамдардың өзара достығына бағынышты екенін автор астарлай баяндайды.

Қаламгердің қазақ діліне тән кішіпейілдік пен адамгершілік қасиеттерін айқындайтын әрекеттерді де осы публицистикалық мәтінде негізге алады. Автордың өз бойындағы қазақы діл көрінісін де оның сұхбатындағы тілшінің: «*Ұлық болсаң – кішік бол!*» [18], – деп бұрынғының мақалын, яғни қазақ бойындағы асыл құпиясы – үлкенге құрметпен қарау, кішіге ізеттілік таныту секілді адамгершілік сипатымен түсіндіруінен және оны Шерхан Мұртазаның адамдық табиғатына телуінен көреміз.

Шерхан Мұртаза өзінің публицистикалық мәтінде ұлттық тіл мен дінді, қазақ дүниетанымындағы ертеден сақталып келе жатқан ұлттық образдарды ұлттық діл мәселесі тұрғысынан қарастырады. Ол: «*мұсылман діні – аса иманды*», «*қайда барсаң – Қорқыттың көрі*», «*тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық*» [19], – дейді өз сөзінде. Мұнда да ұлттық ділде қалыптасқан дін, тіл, сенім секілді ұлттық руханият бөлшектері өзара байланыса қарастырылған. Бірақ автор осы мысалға алып отырған ұлттық тіліміздің белгілі бір идеологиялық аспектіде кедергілерге ұшырауын былай сипаттайды: «*...үлкен мінберлерден кім орысша сөйлесе – сол лауазымды*» [19]. Мұнда автор баяндап отырған кезеңдегі ұлттық ділдің әлеуметтік-саяси жағдайлар аясында кей өзгерістерге ұшырауы, яғни қазақ діліне жаңа белгілердің енуін қайрай отыра сынады. Ұлттық ділге аталмыш әрекеттердің кері әсер ететінін ашық суреттейді.

Осындай қазақ ділінде орын алған қисынсыз қасиеттерді автор өз шығармасында оқырманына талдай отырып ұсынады. Мысалы: «*аурудың асқынған түрі – науқаншылдық*» [19], – дейді. Мұнда автордың науқаншылдық деп отырғаны ұлттық ділдегі тұрақсыздық пен

жеңіл ойын-күлкі және алдауға еріп кетерлік кері қасиетін айтады. Осы тұста автор тағы да Абайды мысалға алып, оның науқандық емес, мәңгілік екенін түсіндіреді.

Шерхан Мұртаза өзінің көркем және публицистикалық мәтіндерінде ұлттық мінез-құлықты, қоғам көрінісін және діл ерекшеліктерін сол кезең шындығы сипатында бүкпелемей, ашық танытуға дағдыланған. Бұл тарих сахнасындағы ұлт ділінің даму, өзгеру, қалыптасу және сақталу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қаламгердің көркем мәтініндегі мұндай ерекшелік туралы: «...Осындай қиындыққа қарамай Шерхан Мұртаза осы тақырыпты қорықпай, ештеңеден тайсалмай жазып берді. Көзбен көргенді, естігенді, жазған дүниелерді оқып шығып, суреткерлік ой таразысынан философиялық, көркемдік талдау мен жинақтау жасап шықты» [20, 95-б.], – деген ой осыған дәлел. Жазушының шығармашылық шеберлігіне, шығармаларының мән-мазмұнына, мақсатына тән мұндай ерекшелік қазақ ұлтының ділін, дүниетанымы мен ұстанымын танытуда байқалады.

Ұлттық ділде көрініс табатын, автор атаған «құлдық, мәңгүрттік психология», «жүзге бөліну», «науқаншылдық» қатарлы теріс қасиеттердің нақты бір кезең тарихына сай орын алатыны белгілі. Оны болдырмау тек ұлттың ішкі нық ұстанымына, дүниетаным тереңдігіне бағынады. Сондықтан Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық мәтіндерде көрініс тапқан ұлттық діл – ұлттың өмір сүруіне әсер ететін елеулі фактор екенін анықтайды. Көркем шығармаларда ұлттық тілдің көрінісі көбіне дәстүр мен салт-сана сипатында көрініс тауып отырса, публицистикалық дискурста қоғамдық мінез-құлық әрекеттерін және оның себебін түсіндіру негізінде көрініс тауып отыр. Бұл ұлттық ділді тануда біркелкі көркем дискурста немесе публицистикалық дискурста ғана жүгінбеу керек деген тұжырымды тудырады. Туындыгердің шығармашылығынан қазақ ділінің қалыптасқан формасын түсінуге мүмкіндік алдық. Демек, ұлттық ділде сақталған қадірлі қасиеттерді дамыта түсу керек, ал теріс жақтарын ысырып тастау қажет, уақыт өзгерісі мен заман ағымына сай жаңа танымға еліктеп кете беруге болмайды деген түсінікті де осыдан түйеміз. Аталмыш зерттеу тақырыбы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Себебі ұлттық діл – ұзақ уақыт бойы этникалық ерекшелікті анықтайтын мәдениеттің терең құрылымдарын танытады. Ұлттық ділді қарастыру бүгінде өзекті.

Ұлттық діл көрінісін нақты көркем және публицистикалық дискурс негізінде анықтаудың мәні зор. Себебі ұлттық діл ұлттық тіл арқылы сипатталады, танылады. Шерхан Мұртаза шығармаларында мұндай тілдік көріністі автордың ұлттық танымы негізінде анықтадық. Сан ғасырлар бойы, жүздеген, мыңдаған жылдар легінде халықтың ақыл-ойы, ұлттық идеялары бір арнаға тоғысып, бірлескен тәжірибеге айналады. Бұл үздіксіз құбылыс әрі этникалық болмыста, этникалық тарихта, ұлттық ділде және тілде сақталады. Қазақы сана, таным көріністері қаламгердің көркем, публицистикалық мәтіндерінде этникалық ділмен сипатталады, халықтың мәдени-тарихи, мәдени-психологиялық айшықтары да осы негізде анықталады. Сондықтан қазақ ұлтына тән діл мен этникалық мәдениет көрінісін Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық мәтіндерден іздеу және оны қаламгер интерпретациясы негізінде талдау зерттеу жұмысының тақырыбын және практикалық құндылығын ашуда оң нәтиже берді. Зерттеу жұмысында Шерхан Мұртаза шығармашылығы негізінде нақты мәтіндерге талдау жүргізе отырып ұлт дүниетанымының ерекшелігін көрсететін мінез, таным, мәдениет көрсеткіштерінің тілдік сипатына қол жеткіздік.

Қорытынды

Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем дискурс пен публицистикалық дискурстан ұлттық тілдің көрінісін нақты мәтін мысалында анықтау арқылы келесідей тұжырымдарға қол жеткізілді:

- ұлттық ділдің көрінісі көркем және публицистикалық дискурста автор тілінің ерекшелігіне әрі көркемдік пен шындық өмір құбылыстарын түсіндірудегі айшықтарына сай әртүрлі болады;

- ұлттық ділде көрініс табатын ұлттық қасиеттер мәтін ішінде түрлі формада сипат алғанымен, семантикалық және лексикалық мәні бір;

- ұлттық діл – ұлттың психологиясында қалыптасқан танымның қоғамдық-әлеуметтік, өзге де аспектілер негізінде белсенді көрініс табуы кезінде анық байқалады;

- ұлттық діл көрінісін көркем және публицистикалық дискурста ұсынуда қаламгердің тілдік санасы мен ұлттық дүниетанымы қатар әсер етеді;

- көркем дискурста ұлттық діл ұлттық дәстүр мен қалыптасқан әдеттерді автордың көркемдеп жеткізуі тұрғысында кейіпкерлер тілі негізінде жиі ұсынылады;

- автордың публицистикалық дискурсында ұлттық діл қоғамда болып жатқан өзгерістерге халықтық көзқарас пен жүзеге асқан әрекеттер негізінде анықталады.

Зерттеу жұмысында көркем және публицистикалық шығармалар негізінде ұлттық ділдің көрінісі нақты мысалдармен анықталды, автордың тілдік ерекшелігіне сай қазаққа тән діл, ұлттық қасиеттер сараланды. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты нақты мысалдармен шешімін тапты, яғни көркем және публицистикалық дискурста ұлттық діл көрінісінің берілу ерекшелігі айқындалды. Сондай-ақ автор шығармашылығындағы ұлттық таным ұстанымдары талданды.

Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстардан мән-мағына мен авторлық идеяны ғана емес, мәтін ішіндегі әр ой мен әрекеттердің ұлттық діл сипатын ашудағы ұтымдылығын авторға тән өткір сыншылдық пен философиясы, мәтіндердің ақпараттық-аксиологиялық құны арқылы анықтадық. Қаламгердің оқырман ойын және жалпы қоғамдық көзқарасты өзгертуге қосқан үлесі, қазаққа тән ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды жалғастырушы, таңбалаушы және сақтаушы ретіндегі қызметі танылды. Бұл – зерттеу жұмысының практикалық маңызын тереңдетеді.

Қазіргі қазақ қоғамындағы философиялық ой, әлеуметтік топтардың өзара әрекеті, қайырымды қарым-қатынас, бейбітшілік үйлесімі – бәрі рухани келісім идеялары ғана емес, біз атап өткен ұлттық діл мәселесі аясында да жүзеге асып келеді. Шерхан Мұртазаның көркем мәтіні мен публицистикалық мәтінінде берілген ұлттық діл көріністері шынайы өмірдегі қазақы сана мен танымның мазмұнын айқындап берді.

Туындыгердің зерттеу жұмысымызға негіз болған көркем және публицистикалық мәтіндерінің жазылу стилі мен идеяны жеткізудегі әдіс-тәсілдері түрлі болғанымен, екі түрлі дискурста берілген ұлттық діл көрінісі және оны авторлық ой тұрғысынан талдау, қаламгер дүниетанымының көрінісі, түпкі идея – бір, мазмұн – тұтас. Көркем мәтіндерде қаламгер ұлт ділінің сипатын кейіпкерлер әрекеттері мен диалогтарында, көркем шығармаға тән суреттеу, авторлық ойдың баяндалуы және қарапайым адамдар өмірін бейнелеу, ауызекі сөйлеудегі мінез-құлықтарын көркем шындыққа айналдыру арқылы байқатса, публицистикалық мәтіндерде әр ойын философиялық толғамынан өткізіп, ұйқасты нақыл сөздер стилінде ұсынып, оқырманға үндеу салады. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы аталған екі дискурс түрі арасындағы өзара үйлесім де осы қасиеттері арқылы тұжырымдалады. Автор ұлттық ділдің көрінісін ашуда, танытуда екі дискурс тәсілін де қаламгерлік стиль негізінде толық және ұтымды қолданған.

Мақалаға өзек болған автордың «Жазғы демалыс», «Кәрі солдат», «Ақсай мен Көксай», «Абай сәулесі», «Айқайлап айтқан сөз» «Қазақстанның байлығы 10 триллион доллар!», «Әкімдер де ант берсін», «Зейнет күреспен келеді» туындыларының мәтінінде сипатталатын ұлт мінезі, танымы, ұстанымы, құндылықтары, этностық қасиеттері, тарих, қоғамдық жағдай, тіпті халықтың орналасқан аймағы тұтасып ұлт ділінің мәнін, сипатын ашып берді.

Қаламгер шығармашылығындағы көркем дискурс пен публицистикалық дискурста ұлттық діл тілдік сипатта берілгендіктен, мұнда тілдік сананың да қызметін атап өткен жөн. Ұлттық діл тілдік санамен өзара байланыста болғандықтан ол арқылы ұлттың стереотиптік танымы мен психикалық көзқарастары да анықталатынын түсіндік. Ұлттық діл сол халықтың адамының санасында орын алатын психикалық қызметтің бір бөлшегі ретінде қатар өмір сүреді. Сондықтан ұлттық діл көріністерін тану және оны көркем, публицистикалық дискурстан анықтау, талдау тіл білімі саласы үшін маңызды әрі өзекті тақырып деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Скуратов И.В., Корж В.И. Специфика национального менталитета и национального характера русских и французов через призму этнических лингвокультур // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика. – 2020. – №1. – С. 111–115.
2. Kashenkova I. Features of National Mentality: Russian Political Discourse vs German Political Discourse. [Электронды ресурс]. URL: <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.4652689> (қаралған күні 15.10.2024)
3. Жумагулова А.М., Каримова Б.Ж. Публицистикалық дискурс және әлеуметтік-коммуникативтік арақатынас // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – №3 (61). – Б. 22–31. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v61.i3.03>
4. Rashidova M.B. The concept of discourse in modern linguistics // ResearchJet Journal of Analysis and Inventions. – 2021. – Vol 2. Issue 7. – P. 6–13.
5. Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А. Отбасы дискурсына тән негізгі белгілер // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2020. – №2 (72). – Б. 202–206. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.31>
6. Мұртаза Ш. Кәрі солдат. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/7627-Kari-soldat> (қаралған күні 15.10.2024)
7. Мұртаза Ш. Жазғы демалыс. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/9374-ZHazgy-demalys> (қаралған күні 15.10.2024)
8. Мұртаза Ш. Ақсай мен Көксай. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17643> (қаралған күні 15.10.2024)
9. Мұртаза Ш. Жаңбырлы той. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17865> (қаралған күні 15.10.2024)
10. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17855> (қаралған күні 15.10.2024)
11. Мұртаза Ш. Айқайлап айтқан сөз. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/7630-Aiqailap-aitqan-soz> (қаралған күні 15.10.2024)
12. Мұртаза Ш. Елім, саған айтам, елбасы, сен де тында! [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17608-Elim-sagan-aitam-elbasy-sen-de-tynda> (қаралған күні 15.10.2024)
13. Шерхан Мұртазаның қанатты сөздері. [Электронды ресурс]. URL: https://massaget.kz/asyil_soz/sherhan-murtazanyin-kanattyi-sozder--51543/ (қаралған күні 15.10.2024)
14. Нақыл сөздер. А. Байтұрсынұлы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17797> (қаралған күні 15.10.2024)
15. Мұртаза Ш. Әкімдер ант берсін. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17605-Akimder-de-ant-bersin> (қаралған күні 15.10.2024)
16. Мұртаза Ш. Рух пен намыстың төресі. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17607-Ruh-pen-namystyn-toresi> (қаралған күні 15.10.2024)
17. Мұртаза Ш. Тірілер ойлансын, Камал. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/14595> (қаралған күні 15.10.2024)
18. Мұртаза Ш. Зейнет күреспен келеді. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17593-Zeinet-kurespen-keledi> (қаралған күні 15.10.2024)
19. Мұртаза Ш. Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17594-Qorqyttyn-qobuzu-qalgyr-ketkende> (қаралған күні 15.10.2024)
20. Нусупова А.Ж. Ш. Мұртазаның «Тамұқ» шығармасындағы Тұрар образы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3. – Б. 91–99. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.009>

REFERENCES

1. Skuratov I.V., Korzh V.I. Specifika nacionalnogo mentaliteta i nacionalnogo haraktera russkikh i francuzov cherez prizmu etnicheskikh lingvokultur [The specifics of the national mentality and national character of Russians and French through the prism of ethnic linguistic cultures] // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seria: Lingvistika. – 2020. – №1. – S. 111–115. [in Russian]
2. Kashenkova I. Features of National Mentality: Russian Political Discourse vs German Political Discourse. [Electronic resource]. URL: <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.4652689> (date of access 15.10.2024)
3. Jumagulova A.M., Karimova B.J. Publicistikalyq diskurs jane aleumettik-kommunikativtik araqatynas [Journalistic discourse and socio-communicative correlation] // QazUU Habarshysy. Jurinalistika seriasy. – 2021. – №3 (61). – B. 22–31. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v61.i3.03> [in Kazakh]
4. Rashidova M.B. The concept of discourse in modern linguistics // ResearchJet Journal of Analysis and Inventions. – 2021. – Vol 2, Issue 7. – P. 6–13.
5. Koilybaeva R.K., Junisova M.A. Otbasy diskursyna tan negizgi belgiler [The main features characteristic of family discourse] // Abai atyndagy QazUPU habarshysy. Filologia gylymdary seriasy. – 2020. – №2 (72). – B. 202–206. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.31> [in Kazakh]
6. Murtaza Sh. Kari soldat [Old soldier]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/7627-Kari-soldat> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
7. Murtaza Sh. Jazgy demalys [Summer holidays]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/9374-ZHazygy-demalys> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
8. Murtaza Sh. Aqsai men Koksai [Aksai and Koksai]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17643> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
9. Murtaza Sh. Janbyrly toi [Rainy wedding]. [Electronic resource]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17865> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
10. Murtaza Sh. Aqyndar men akimder [Poets and governors]. [Electronic resource]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17855> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
11. Murtaza Sh. Aiqailap aitqan soz [The word shouted]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/7630-Aiqailap-aitqan-soz> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
12. Murtaza Sh. Elim, sagan aitam, elbasy, sen de tynda [My country, I tell you, elbasy, you listen too!] [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17608-Elim-sagan-aitam-elbasy-sen-de-tynda> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
13. Sherhan Murtazanyñ qanatty sozderi [Catchphrases of Sherkhan Murtaza]. [Electronic resource]. URL: https://massaget.kz/asyil_soz/sherhan-murtazanyin-kanattyi-sozder--51543/ (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
14. Naqyl sozder. A. Baitursynuly [Proverbs. A. Baitursynuly]. [Electronic resource]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17797> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
15. Murtaza Sh. Akimder ant bersin [Let governors swear]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17605-Akimder-de-ant-bersin> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
16. Murtaza Sh. Ruh pen namystyn toresi [Judge of spirit and honor]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17607-Ruh-pen-namystyn-toresi> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
17. Murtaza Sh. Tiriler oilansyn, Kamal [Let the Living think, Kamal]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/14595> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
18. Murtaza Sh. Zeinet kurespen keledi [Retirement comes with a fight]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17593-Zeinet-kurespen-keledi> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
19. Murtaza Sh. Qorqyttyn qobyzy qalgyp ketkende [When Korkut's kobyz asleep]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17594-Qorqyttyn-qobyzy-qalgyp-ketkende> (date of access 15.10.2024) [in Kazakh]
20. Nusupova A.J. Sh. Murtazanyñ «Tamuq» shygarmasyndagy Turar obrazı [The image of Turar in the work “Tamuq” by Sh. Murtaza] // Jasauı universitetinın habarshysy. – 2020. – № 3. – B. 91–99. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.009> [in Kazakh]

А.З. ҚАХАРМАНОВА¹, Ж.И. ИСАЕВА², Б.Т. ТАСПОЛАТОВ³

¹М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: alua.kakharmanova00@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент
М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: taspolatov73@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ КОММУНИКАЦИЯСЫ: ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Аңдатпа. Бұл мақала Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Әлеуметтік желілерде қолданылатын функциональдық стильдер мен олардың қазақ тілінің дамуына әсері зерттелген. Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы қоғамдағы ақпараттық және мәдени процестерге елеулі ықпал етіп, соның әсерінен тілдің жаңа формалары мен құралдары пайда болуда. Әлеуметтік желі вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Мақалада әлеуметтік желідегі функциональдық стильдер қарастырылады. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде қолданылатын тілдік ерекшеліктер, оның ішінде сленг, аббревиатуралар, эмодзи, стикерлер мен басқа да тілдік құралдардың қолданылуы талданады. Әлеуметтік желілер қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтудің маңызды платформасына айналды. Бұл зерттеу әлеуметтік желідегі тілдік ерекшеліктерді сипаттау арқылы қазақ тілінің жаңа коммуникациялық жағдайдағы даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әлеуметтік желі коммуникациясының қазіргі қоғамдағы орны, оның тіл мәдениеті мен әлеуметтік құндылықтардың қалыптасуына әсері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі әлеуметтік желі дискурсының стильдік, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін анықтап, олардың коммуникация процесіне әсерін талдау.

Мақалада қазақ тілді әлеуметтік желілердің өзіне тән коммуникативтік мәдениеті мен ерекшеліктері, сондай-ақ олардағы тілдік қысқартулар мен өзгерістердің қоғамдағы жалпы тілдік тәжірибеге қалай әсер ететіні талқыланады. Әлеуметтік желілерде тіл мен стильдің жаңа формалары мен құрылымдары қалыптасып, олар қоғамдағы тілдік нормалардың өзгеруіне ықпал етеді. Жастар арасында жаңа тілдік құралдарды қолдану жиілігі мен оның мәдениетке әсері маңызды зерттеу нысаны болып табылады.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қахарманова А.З., Исаева Ж.И., Тасполатов Б.Т. Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясы: лингвостилистикалық аспект // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 198–212. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.156>

***Cite us correctly:**

Qaharmanova A.Z., Isaeva J.I., Taspolatov B.T. Qazaqstandagy aleumettik jeli kommunikaciyasy: lingvostilistikalyq aspekt [Social Media Communication in Kazakhstan: Linguistic and Stylistic Aspect] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 198–212. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.156>

Бұл зерттеуде әлеуметтік желіде қолданылатын тіл мен стильдің динамикасын көрсету, сонымен қатар оның қазақ тілінің дамуындағы ықпалын талдау жүзеге асырылды. Мақаладағы зерттеу нәтижелері қазіргі тілдік өзгерістер мен жаңа лексикалық құралдардың Қазақстандағы тілдік қоғамдастыққа қалай әсер ететінін және олардың қоғамның әлеуметтік мәдениетіне қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: әлеуметтік желі, тіл мәдениеті, коммуникация, лингвистика, стилистика, тілдік норма, тілдік өзгеріс.

A.Z. Kakharmanova¹, Zh.I. Issayeva², B.T. Taspolatov³

¹*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: alua.kakharmanova00@gmail.com*

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*

³*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: taspolatov73@mail.ru*

Social Media Communication in Kazakhstan: Linguistic and Stylistic Aspect

Abstract. This article focuses on the study of the linguistic and stylistic features of social media communication in Kazakhstan. The research examines the functional styles used in social networks and their influence on the development of the Kazakh language. The rapid expansion of social media has significantly impacted information and cultural processes in society, leading to the emergence of new linguistic and stylistic forms and tools. Social networks provide new opportunities for both verbal and non-verbal communication. Moreover, the article analyzes the functional styles used in social networks, as well as linguistic features such as slang, abbreviations, emojis, stickers, and other linguistic tools. Social media has become an important platform for developing the use of the Kazakh language. This research helps identify the direction of the Kazakh language's development in new communication environments by describing the linguistic characteristics of social networks. The study also explores the role of social media communication in modern society, its impact on spoken culture, and the formation of social values. The main objective of the research is to identify the stylistic, lexical, and grammatical features of Kazakh-language social media discourse and analyze their influence on the communication process.

Furthermore, the article discusses the unique communicative culture and characteristics of Kazakh-language social networks, as well as how linguistic abbreviations and transformations affect general language usage in society. Social networks are shaping new linguistic and stylistic structures that influence changes in language norms. The frequency of using new linguistic tools among young people and their cultural impact are particularly significant areas of study.

This research aims to demonstrate the dynamics of language and style used in social media while analyzing their influence on the development of the Kazakh language. The findings of this study allow researchers to determine how contemporary linguistic changes and new lexical tools affect the linguistic community in Kazakhstan and their contribution to the development of social and cultural norms.

Keywords: social media, language culture, communication, linguistics, stylistics, language norms, language changes.

А.З. Кахарманова¹, Ж.И. Исаева², Б.Т. Тасполатов³

¹PhD докторант Южно-Казахстанского университета им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: alia.kakharmanova00@gmail.com

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

³кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: taspolatov73@mail.ru

Коммуникация в социальных сетях в Казахстане: лингвостилистический аспект

Аннотация. Эта статья посвящена изучению лингвостилистических особенностей коммуникации в социальных сетях Казахстана. В исследовании рассматриваются функциональные стили, используемые в социальных сетях, а также их влияние на развитие казахского языка. Стремительное развитие социальных сетей оказывает значительное влияние на информационные и культурные процессы в обществе, что приводит к появлению новых форм и инструментов языка. Социальные сети предоставляют новые возможности для как вербального, так и невербального общения. В статье анализируются функциональные стили, применяемые в социальных сетях, а также языковые особенности, включая сленг, аббревиатуры, эмодзи, стикеры и другие языковые средства. Социальные сети стали важной платформой для расширения сферы использования казахского языка. Это исследование позволяет определить направление развития казахского языка в новых коммуникативных условиях, описывая языковые особенности социальных сетей. Так же рассматривается роль социальной сетевой коммуникации в современном обществе, ее влияние на культуру речи и формирование социальных ценностей. Основная цель исследования – выявление стилистических, лексических и грамматических особенностей дискурса казахоязычных социальных сетей, а также анализ их влияния на процесс коммуникации.

В статье также обсуждаются уникальная коммуникативная культура и особенности казахоязычных социальных сетей, а также влияние сокращений и изменений в языке на общую языковую практику общества. В социальных сетях формируются новые языковые и стилистические структуры, которые оказывают влияние на изменение языковых норм в обществе. Особенно важно исследование частоты использования новых языковых средств среди молодежи и их влияния на культуру.

Настоящее исследование направлено на демонстрацию динамики языка и стиля, используемых в социальных сетях, а также на анализ их влияния на развитие казахского языка. Полученные в ходе исследования результаты позволяют определить, как современные языковые изменения и новые лексические средства воздействуют на языковое сообщество Казахстана и какой вклад они вносят в развитие социальной культуры.

Ключевые слова: социальные сети, языковая культура, коммуникация, лингвистика, стилистика, языковая норма, языковые изменения.

Кіріспе

Әлеуметтік желілер соңғы жылдары қоғамның түрлі салаларына ықпал етіп, адамдардың қарым-қатынас жасау тәсілдерін түбегейлі өзгерткен коммуникациялық алаңға айналды. Әлеуметтік желілер тек ақпарат алмасудың платформасы ғана емес, сонымен қатар жеке адамдар мен топтардың өзіндік мәдениетін қалыптастыратын кеңістікке айналды. Қазақстандағы әлеуметтік желілерде тілдің қолданылуы көптеген өзгерістерге ұшырады, себебі олар тек ақпаратты жеткізу емес, сондай-ақ адам эмоциялары мен пікірлерін

білдірудің жаңа тәсілдері мен құралдарын ұсынады. Сонымен қатар, интернет-коммуникация вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін туғызады.

Әлеуметтік желілер – қазіргі заманғы коммуникацияның маңызды құралы, ал олардың тілдік қолданысқа тигізетін әсері күн санап артып келеді. Виртуалды кеңістікте қолданылатын тілдік бірліктер өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Қазақ тілді әлеуметтік желі дискурсы ресми және бейресми стильдердің синтезін қалыптастырып, өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктерді көрсетеді. Әлеуметтік желі коммуникациясының басты ерекшелігі – оның қысқалығы мен нақты болуында. Бұл жерде сөздер, сөйлемдер мен фразалар аббревиатуралар, сленг, эмодзи, стикерлер, бейнемазмұндар арқылы толықтырылады. Бұл тілдік ерекшеліктер әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау процесін жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ қазақ тілі мен мәдениетінің өзгеруіне де ықпал етеді. Әлеуметтік желідегі коммуникацияның лингвистикалық және стилистикалық аспектілері қоғамдағы тіл мәдениетіне елеулі әсерін тигізеді. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздердің лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, орфоэпиялық және орфографиялық тұрғыдан сауатты пайдаланылуы, яғни сөздердің дұрыс орнымен қолданылуы, дұрыс құрастырылуы, дұрыс қиюластырылуы, дұрыс дыбысталуы және сауатты жазылуы [1, 24–25-бб.].

Әлеуметтік желілер қазақ тілінің дамуындағы маңызды құралға айналды. Әлеуметтік желі коммуникациясында ауызекі стиль, публицистикалық стиль, ресми стиль, көркем әдеби стиль сияқты әртүрлі функционалды стильдер қолданылып, тілдің бейімделуіне, жаңаруына және коммуникативтік әлеуетінің кеңеюіне ықпал етеді. Ауызекі сөйлеу стилі – әлеуметтік желілердегі қарым-қатынастың негізгі формасы. Тілдің қарапайым, жеңіл, бейресми нұсқасы осы ортада еркін қолданылады. Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен сленгтердің қалыптасуына әсер етеді. Әлеуметтік желідегі публицистикалық стиль ақпарат тарату мен қоғамдық пікір қалыптастыруда маңызды қызмет атқаруда. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер блогерлер, журналистер, сарапшылар үшін маңызды алаңға айналды. Әлеуметтік желі қоғамдық пікірді қалыптастыруға, әлеуметтік мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі аналитикалық, жаңалықтық контенттің дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік желіде публицистикалық стильдің қалыптасуы қазақ тілінде сапалы журналистика мен сараптамалық контентті дамытуға әсер етеді. Әлеуметтік желі қазақ тіліндегі ресми ісқағаздар мен хат алмасудың интернет-кеңістіктегінің дамуына ықпал етеді. Қазақ тілін ресми стильде дамытуға және оны цифрлық ортаға бейімдеуге ықпал етеді. Әлеуметтік желілерде шығармашылық мәтіндер (поэзия, әңгіме, эссе) жиі жарияланады. Әлеуметтік желідегі эстетикалық мәнер мен шығармашылық қазақ тіліндегі көркем әдебиеттің цифрлық платформаларда кең таралуына мүмкіндік береді. Жас жазушылар мен ақындарға өз шығармаларын таныстыруға жол ашады. Қазақ әдеби тілінің дамуына, оның бейнелілігі мен эстетикалық-эмоционалдық қуатының күшеюіне көмектеседі. Осылайша, әлеуметтік желілер қазақ тілінің функционалды мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның заманауи ақпараттық кеңістікте өз орнын нығайтуына ықпал етуде. Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясының дұрыс қалыптасуы өте маңызды. Себебі әлеуметтік желілер тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар тілдік мәдениеттің, ұлттық бірегейліктің және қоғамдағы пікір қалыптастырушы факторлардың бірі.

Әлеуметтік желілердегі дұрыс тілдік қолданыс қазақ тілінің заманауи технологиялық кеңістікте өміршең болуына ықпал етеді. Дұрыс құрылымдалған әлеуметтік желі коммуникациясы халыққа объективті және сенімді ақпарат ұсынуға көмектеседі. Әлеуметтік желілерде тіл нормаларының сақталуы мен әдепті коммуникация мәдениеті маңызды. Хейт (өшпенділік тілі), токсикалық пікірталастар мен бейәдеп сөздердің таралуын шектеу үшін дұрыс тілдік коммуникация қажет. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде қазақ тілі басқа тілдермен аралас қолданылады. Егер қазақ тілінде сапалы контент көптеп жасалса, ол өзге

тілдердің ықпалынан сақталып, толыққанды коммуникация тіліне айнала алады. Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясының дұрыс қалыптасуы – қазақ тілінің дамуы, қоғамдық пікірдің сапалы болуы, ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы және ұлттық бірегейліктің сақталуы үшін маңызды. Тілдік нормаларға сай, сауатты, этикалық және көпшілікке түсінікті контент жасау – қазақ тілінің әлеуметтік желідегі тұрақты әрі беделді болуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілді әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық аспектісі орфографиялық өзгерістер, сленг пен гибриді сөздер, көптілділік және эмодзилерді қолдану сияқты ерекшеліктерімен сипатталады. Әлеуметтік желілер тілдік нормаларға жаңа өзгерістер енгізіп, қазақ тілін динамикалық дамытудың алаңына айналды. Әлеуметтік желілерде қолданылатын қазақ тіліне тән лингвостилистикалық ерекшеліктерді сипаттау төменде көрсетілген бағыттар арқылы жүргізілді:

- Орфографиялық, пунктуациялық және графикалық өзгерістердің қарым-қатынасқа ықпалын талдау.

- Интернет-жаргондар, сленг, гибриді сөздер және көптілділіктің рөлін қарастыру.

- Әлеуметтік желідегі түрлі функционалдық стильдерді (ауызекі, публицистикалық, ресми, көркем әдеби) саралау.

- Виртуалды кеңістіктегі қазақ тілінің даму тенденцияларын анықтап, болашақтағы ықтимал өзгерістерді болжау.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуы, әсіресе әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы, коммуникацияның жаңа формаларының пайда болуына алып келді. Қазақстандағы қазақтілді әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау үрдісі күн санап артып, виртуалды кеңістіктегі тілдік қолданыс ерекшеліктері қалыптасуда.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында теориялық материалды зерделеу және жүйелеу процесінде жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде талдау, синтез және лингвостилистикалық талдау, сипаттамалық әдістер қолданылды. Лингвостилистикалық талдау – әлеуметтік желілерде қолданылатын мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін, стилистикалық құралдарын және олардың қызметін анықтау үшін жүргізілді. Дескриптивті (сипаттамалық) әдіс – әлеуметтік желі тіліндегі негізгі тенденцияларды сипаттап, олардың тілдік қолданысқа ықпалын анықтауға бағытталды. Ал тәжірибелік материалды қарастыру үшін әлеуметтік желілердегі мәтіндерге лингвостилистикалық талдау жасау барысында жастар арасында әлеуметтік желіде тіл қолдану тәсілдері туралы сауалнама жүргізілді, олардың сөйлеу стилі мен тілдік құралдары туралы пікірлері жинақталып, оларға талдау жасалынды.

Зерттеуге қазақ тіліндегі әлеуметтік желілерден алынған түрлі мәтіндік дереккөздер негіз болды:

- Facebook, Instagram, Twitter, TikTok және YouTube платформаларындағы қазақ тіліндегі жазбалар, пікірлер, хэштегтер мен постар;

- Қазақ тілді блогерлер мен медиа ресурстардың (informburo.kz, massaget.kz, baq.kz) әлеуметтік желілердегі контенті;

- Әлеуметтік желідегі жастар сленгі, интернет-мемдер және қысқартулар;

- Виртуалды қарым-қатынастың стильдік және экспрессивті құралдары.

Бұл материалдар мен әдістер қазақ тілді әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Мақалада тіл біліміндегі лингвостилистикалық аспект туралы ой-тұжырымдар жинақталды.

Интернет-коммуникация вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін туғызады. Интернет-коммуникация жайлы зерттеу жасау соңғы жылдары ғалымдардың назарын өзіне аударған өзекті мәселелердің бірі. Н.А. Ахренова, А.С.

Балкунова, Л.Ф. Компанцева, Е.И. Горошко, И.Н. Розина, О.В. Дедова, М.Ю. Сидорова, О.В. Лутовинова, L. Lengel, J. Nelsen, S. Bames, M. Heim, т.б. ресейлік және шетелдік ғалымдар интернет-коммуникация, әлеуметтік желі тілі, интернет лингвистиканың теориялық негіздері, виртуалды коммуникация сынды мәселелерді әртүрлі аспектілерде зерттеп, өз тұжырымдарын айтуда.

Н.А. Ахренованың «Теоретические основы интернет-лингвистики» атты мақаласында интернет-лингвистика жаңа бағыт түрінде қарастырылады. Интернет-лингвистиканың терминдік жүйесі анықталады [2]. Ал, «Интернет-лингвистика: новая парадигма в описании языка Интернета» деген мақаласында да лингвистиканың жаңа бағыты интернет-лингвистика жайлы пайымдаулар жасайды [3]. Ғалым Е.И. Горошко мен Т.Л. Полякованың «К построению типологии жанров социальных медий» атты мақаласында интернет коммуникацияның жаңа түрлерін қолдану талданады. Интернет арқылы жасалынған тілдік қарым-қатынас гибридтелген жаңа жанрлардың пайда болуын қарастырады [4].

К.К. Ахмедованың «Лингво-стилистические особенности общения в социальной сети» атты зерттеуінде интернет кеңістігінде қалыптасқан тілдің өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасайды [5]. Зүлфия Құрманбекова, Қарлығаш Сарекенова, Өнер Мұстафа, Қуанышбек Маликов және Салтанат Шокабаеваның «A Linguistic Analysis of Social Network Communication» атты мақаласында ғалымдар әлеуметтік желі тіліне лингвистикалық талдау жасайды. Қазақтілді әлеуметтік желінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тілдік деңгейін анықтайды [6].

Қазақ тіл білімінде де, әлеуметтік желі коммуникациясын жалпы интернет арқылы қалыптасқан виртуалды қарым-қатынас тілін қарастырған лингвистикалық зерттеулер, тіл білімінің жаңа бағыты ретінде қалыптасуда. А. Салқынбай, Ж. Сәрсенбайдың «Әлеуметтік желідегі тілдік қолданыстар: норма және узус» [7], З.Р. Құрманбекованың «Әлеуметтік желі тілінің лингвостилистикалық сипаты» [8], З.Р. Құрманбекова, Қ.Қ. Сарекенова, К.Т. Маликовтың «Әлеуметтік желі тілінің мәдениеті» [9] атты, т.б. мақалаларында әлеуметтік желідегі тілдік қолданыстарға лингвистикалық талдаулар жасалынады. Сондай-ақ, Дэвид Кристалдың «Internet Linguistics: A Student Guide» [10] атты еңбегінде де әртүрлі әлеуметтік медиа платформаларына жаңадан лингвистикалық талдаулар жасалынып, интернеттің көптілді сипатының дамуы зерттеледі.

Талдау мен нәтижелер

Әлеуметтік желілер қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтудің маңызды платформасына айналды. Бұл зерттеу әлеуметтік желідегі тілдік ерекшеліктерді сипаттау арқылы қазақ тілінің жаңа коммуникациялық жағдайдағы даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілерде бейресми стиль, сленг, қысқартулар, эмодзилер және көптілділік сияқты құбылыстар жиі кездеседі. Бұл үдерістер қазақ тілінің дәстүрлі нормаларына ықпал етіп, жаңа тілдік құбылыстардың қалыптасуына себепкер болуда. Қазақ тілі әлеуметтік желілерде басқа тілдермен (әсіресе орыс және ағылшын) аралас қолданылып, жаңа гибридті құрылымдар пайда болуда. Бұл тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін талдау – маңызды ғылыми мәселе. Дәстүрлі жазба және ауызекі тіл нормаларынан ерекшеленетін жаңа стильдік ерекшеліктер пайда болды. Әлеуметтік желілердегі экспрессивтілік, эмоционалдық белгілер, қысқартулар мен визуалды элементтердің рөлі артуда. Бұл зерттеу нәтижелері қазақ тілін интернет-коммуникацияға бейімдеу, оның функционалды мүмкіндіктерін кеңейту және виртуалды ортада сауатты тілдік қолданысты қалыптастыру үшін маңызды. Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық аспектілерін зерттеу – заман талабына сай өзекті ғылыми бағыттардың бірі. Бұл зерттеу қазақтілді интернет-коммуникациясының ерекшеліктерін жан-жақты талдап, оның даму

бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілердегі жаңа тілдік құбылыстардың қазақ тілінің жалпы дамуына қалай әсер ететінін сипаттауға көмектеседі.

Интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы тілімізге жаңа сөздердің енуіне ықпал етуде. Жаңа ұғымдар мен тілдік бірліктер сөздік қорымызға сіңісіп, тілдің даму үдерісі жалғасып келеді. Сонымен қатар, виртуалды қарым-қатынас шынайы коммуникацияның орнын басып, тілдік нормаларға әсерін тигізуде. Қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың дамуы тілдік коммуникацияның жаңа түрлерін қалыптастыруда. Әлеуметтік желілер – адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды платформасына айналып, тілдік қолданысқа айтарлықтай әсер етуде. Әсіресе, қазақ тілді интернет кеңістігінде жаңа сөздер, қысқартулар, эмодзилер, гибриді конструкциялар, сленгтер және орфографиялық ерекшеліктер кеңінен қолданылып, виртуалды коммуникацияның өзіндік стилін қалыптастыруда. Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Әлеуметтік желілердегі мәтіндер мен жазбалар тілдік нормаға қаншалықты сай келетіні, олардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктері талданады. Сондай-ақ, әлеуметтік желідегі жазбалардағы экспрессивтілік, бейресмилік, стильаралық ауысулар және графикалық құралдардың (эмодзи, арнайы белгілер, бас әріптер және т.б.) қолданысы зерттеледі.

Әлеуметтік желі коммуникациясындағы тілдік ерекшеліктер:

1. Сленг және аббревиатуралар

Әлеуметтік желілерде қолданылатын сленг және аббревиатуралар қарым-қатынас кезінде уақыт үнемдеуді және мәтіндерді қысқартуды көздейді. Қазақстанда жастар арасында «лайк», «фолловить», «дос» және «канал» сияқты сөздер белсенді қолданылуда. Бұлардың көбісі халықаралық әлеуметтік желілерде кеңінен таралған және Қазақстандағы тілдік практикаға енген.

Сонымен қатар, аббревиатуралар да жиі кездеседі. Мысалы, «кк» (күлкілі), «смс» (смс-хабарлама), «тг» (теңге) деген сияқты қысқартулар әлеуметтік желілердегі жазбалар мен пікірлерде жиі кездеседі. Бұл аббревиатуралар жазбаның жылдам қабылдануына ықпал етеді.

2. Эмодзи және стикерлер

Эмодзи мен стикерлер әлеуметтік желілерде эмоцияларды білдіру үшін қолданылады. Олар мәтінмен бірге толықтыра отырып, адамның эмоционалды жағдайын нақты жеткізуге көмектеседі. Әлеуметтік желілерде күлкілі немесе ренжіген бет әлпеттері, жүрек, күлкі, жылау сияқты эмодзи кеңінен таралған. Эмодзи көмегімен қазақ тілді қолданушылар өз эмоцияларын көрсетеді және өзара қарым-қатынас жасаудағы тілдік мүмкіндіктерін арттырады.

3. Қысқартылған сөздер

Қазақ тілінде де әлеуметтік желілерде сөйлесу кезінде сөздерді қысқарту үрдісі қалыптасқан. Мысалы, «түсінік» орнына «түс.», «ақпарат» орнына «ақп.» деген сияқты қысқартулар жиі кездеседі. Бұл сөздер уақыт үнемдеуге және қарым-қатынас жасау процесін жеңілдетуге бағытталған.

З.Р. Курманбекова «Әлеуметтік желі тілінің лингвистикалық сипаты» атты мақаласында әлеуметтік желі тілінің лингвостилистикалық ерекшеліктері ретінде коллоквиализация, экспрессивтілік, көпкодтылық және желі тіліндегі сөйлеудің тұрпайылануы мен арзанқолдылығы, уәжсіз көптілдігі мәселелері айқындалады. «Әлеуметтік желі тіл білімі үшін уақыт озған сайын ғылыми қызығушылық танытуда. Елімізде, соның ішінде, әлеуметтік желіні қолданатын қазақтілді контент көбейіп жатқаны шындық. Қазақ тілінің қолдану аясы виртуалды әлемде көрініс бере бастады, сондықтан желі тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін қарастыру өзекті мәселелердің бірі» [8, 106-б]. Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы тек тілдің өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің мәдениетіне де әсер етуде. Әлеуметтік желілердегі тілдік құралдар қазақ тілінің дамуында

жаңа кезеңді қалыптастыруда. Бұл өзгерістер әсіресе жастар арасында айқын көрінеді. Олар жиі жаңа сленг сөздерді, қысқартуларды және эмодзи қолданады, бұл тілдің эволюциясын көрсетеді.

Жастардың әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасауы тілдік нормаларды өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар мәдениетке де ықпал етеді. Жастардың қолданатын жаңа тілдік құралдары олардың қарым-қатынасын жеңілдетіп, әлеуметтік желілердің мәдени ортасында бірегей тілдік стиль қалыптастыруға ықпал етеді.

- **Әлеуметтік желіде ауызекі стильдің басымдығы** – әлеуметтік желілерде бейресми, қарапайым сөйлеу тілі кең таралған. Пайдаланушылар диалогтық формада, эмоцияға толы, қысқа әрі жеңіл тілмен қарым-қатынас жасайды. Мысал: «Керемет пост! Дәл мен ойлағандай 👍👏»

- **Көптілділік құбылысы және гибрид сөздер** – қазақ тілі әлеуметтік желілерде көбіне орыс және ағылшын тілдерімен араласып қолданылады. Бұл гибридті сөйлемдердің пайда болуына әкеліп соғады. Мысал: «Кешке киноға барайық, кто с нами?»; «Бүгін сторис салдым, көрдіңдер ме?» («Сторис» – ағылшын тіліндегі *stories* сөзінен); «Чатта актив болыңдар!» («Актив» – белсенді); «Бізге сапалы контент керек!» («Контент» – мазмұн).

- **Қысқартулар мен интернет-жаргондардың белсенді қолданылуы** – уақыт үнемдеу және ақпаратты тез жеткізу мақсатында аббревиатуралар мен қысқа формалар жиі кездеседі. Мысал: «Ок, жк барам», «Кз контенті дами берсін!»

- **Эмодзи мен графикалық элементтердің рөлі** – эмоция мен мағынаны жеткізудің визуалды құралдары белсенді түрде қолданылады. Мысал: «Жаңалықты оқыдың ба? 🤖📢».

Әлеуметтік желілерде қолданушылар жазуды жеңілдету үшін орфографиялық нормаларды жиі бұзады. Әлеуметтік желіде фонетикалық ықшамдалу, морфологиялық және синтаксистік ықшамдалу процестері жиі кездеседі. Әлеуметтік желілерде бұл қысқартулар көбінесе уақыт үнемдеу, жазуды жеңілдету немесе әңгімеге жеңіл, ауызекі стиль беру үшін қолданылады. Фонетикалық принцип бойынша сөздердің өзгертілуі де жиі кездеседі. Әлеуметтік желілердегі мәтіндерге талдау жасау барысында аферезис, элизия, дизреза құбылысының, ұқсас буындардың түсіп қалу құбылыстарының жиі кездесетінін байқадық (1-кесте).

1-кесте – Әлеуметтік желі тіліндегі фонетикалық ықшамдалу құбылыстары

№	Құбылыс атауы	Мысалдар
1	Аферезис (сөз басындағы дыбыстың түсіп қалуы)	не істеп жатырсың?» → нестеватсын?; не ішесің? → нешесің?; не алдың? → нелдың?; не үшін? → нешүн?
2	Элизия (қатар келген алғашқы дауысты дыбыстың түсіп қалуы)	келе алмадым → келалмадым; бара алмадым → баралмадым; ала алмадым → алалмадым; жақсы өлең → жақсөлең
3	Дизреза (соңғы дыбыс тіркесінің түсіп қалуы)	көрінемін → көрінем; барамын → барам; келемін → келем; айтамын → айтам; істеймін → істем; білмеймін → білмейм; алмаймын → алмайм
4	Ұқсас буындардың түсіп қалуы	балалар → балдар араластыр → арластыр

Әлеуметтік желіде сөздерді қысқартып жазу жиі кездеседі. Төмендегі кестеде әлеуметтік желіде жиі кездесетін қысқартулар берілген.

Әлеуметтік желідегі әртүрлі морфологиялық, синтаксистік ықшамдаулар кездеседі. Сөздің белгілі бір морфологиялық бөлшектерін (жалғау, жұрнақ, көмекші сөздер) қысқарту арқылы сөйлемді ықшамдау құбылысы көбіне жылдам жазуға, жеңіл айтуға және орын үнемдеуге бағытталған. Әйтсе де бұл құбылыстар қазақ тілінің тілдік нормаларына

сәйкес келмейді. Тілдік нормаларды сақтау – сауатты жазудың маңызды шарты, сондықтан қысқартулар мен ықшамдауларды жағдайға сай қолдану қажет (2-кесте).

2-кесте – Әлеуметтік желіде жиі кездесетін қысқартулар

Қысқарту түрі	Мысалдар	Толық нұсқасы
Сұрақ-жауаптағы қысқарту	не дид? барғо	не дейді?, бар ғой
Кірме сөздерді қысқарту	коммент, инста	комментарий, инстаграм
Ресми сөздерді қысқарту	универ, препод, док.	университет, преподаватель, документ
Көңіл-күй білдіретін қысқартулар	краш, чоткий, хайп	crush (жақсы көретін адам), четкий (жақсы, керемет), хуре (танымалдық)
Техникалық және интернет терминдері	видос, конфа, лайк	видео, конференция, лайк
Етістік тұлғаларын қысқарту	келдм, кеттм, барам, істейм, білмим	келдім, кеттім, барамын, істеймін, білмеймін
Көмекші етістіктерді түсіріп айту	кетті ғо, келд ғо, бітті ғо	кетті ғой, келді ғой, бітті ғой
Жіктік жалғауының түсіп қалуы	отырм, ұйықтайм, білмейм,	отырмын, ұйықтаймын, білмеймін
Сөздерді орфоэпиялық норма бойынша таңбалау	нестеватсын?, айтаалмайм, барат, келет	не істеп жатырсың?, айта алмаймын, бара жатыр, келе жатыр
Дауысты дыбыстарды түсіріп жазу	кдрп, мсқ	қыдырып, мысық

Әлеуметтік желілерде қолданушылар ресми орфографиялық нормаларды жиі сақтамайды. Бұл құбылыс жылдам қарым-қатынас жасау қажеттілігімен және сөйлеу тілінің ықпалымен байланысты. Мысалы, «Мнау керемет жаңалық екен!» (Дұрысы: «Мынау керемет жаңалық екен!»), «Сен барма? Мен барамғо» (Дұрысы: «Сен барарсың ба? Мен барамын ғой»). Байқағанымыздай әлеуметтік желілерде орфографиялық нормалар көбіне еленбейді, әсіресе көмекші сөздер бірге жазылады немесе фонетикалық өзгеріске ұшырайды.

Қазақтілді қолданушылар әлеуметтік желілерде орыс және ағылшын тілдерінен енген сөздерді, сленгтер мен гибрид сөздерді жиі пайдаланады. Мысалы, «Бүгін просто топ контент шықты!» (Дұрысы: «Бүгін өте керемет контент шықты!»), «Жаңа сторис салдым, көріңдер!» (сторис – stories (ағылш.), «Жұмыс істеп отырмын, бірақ мотивация вообще жок» (вообще – мүлдем), «Жаңа пост салдым, лайк басып, коммент қалдырыңдар!», «Кешке стрим бола ма?». Әлеуметтік желі дискурсында көптілділік кеңінен таралған. Гибридті сөздер қарым-қатынас жылдамдығын арттырып, мазмұнды жеңіл қабылдауға ықпал етеді.

Әлеуметтік желіде қысқартулар мен эмодзилердің, символдардың, аббревиатуралардың қолданылуы жиі ұшырасады. Мысалы, «Блм, барам ба, жоқ па?» (Білмеймін, барамын ба, жоқ па?). «ҚТ контент дамып жатыр!» (ҚТ – Қазақ тілі), «Бүгін керемет күн болды!» ☺☀️», «Емтиханға дайындалу керек 😞📖», «Анау 🎵 концерт болды!», «Мәке, сәлем! Ертең кездесеміз ғо?» (ғо – ғой). Қысқартулар мен эмодзилер эмоцияны жеткізудің тиімді құралына айналды, әсіресе жастар арасында кең таралған.

Әлеуметтік желіде мемдер мен интернет-жаргондар жиі қолданылады. Әлеуметтік желілерде белгілі бір қауымдастықтар арасында таралған сөздер жиі кездеседі. Мысалы, «Біреу маған мотивация берсінші, әйтпесе тағы прокрастинация 😞», «Түнгі ойлар

деген не ғажап... 😊», «Ана жігіттің сөзі чисто кринж 😊» (кринж – ыңғайсыз, қолайсыз жағдай), т.б.

Әлеуметтік желілерде мәтіннің экспрессивтілігі мен бейресмилігі жиі кездеседі. Әлеуметтік желідегі жазбалар көбінесе бейресми стильде жазылады, эмоционалды реңк беру үшін графикалық тәсілдер қолданылады. Мысалы, «Мына жаңалық шок! 😱», «Сен дәл осылай жасайсың!!!» (көп нүкте, леп белгісі арқылы эмоция күшейтілген), «Ооой, күштііі 😊» (дауысты дыбыстарды созу экспрессивтілікті арттырады). Әлеуметтік желідегі жазбалар көбінесе бейресми стильде жазылады, эмоционалды реңк беру үшін графикалық тәсілдер.

Әлеуметтік желідегі жазбаларда орфографиялық нормалардың сақталмауы жиі кездеседі. Бұл көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің жазба түріне әсер етуімен байланысты. Мысалы, «Бугынғы ауа-райы кушти гой!» (Дұрысы: Бүгінгі ауа райы керемет қой!), «Кешке киноға барайк?» (Дұрысы: Кешке киноға барайық?), «Ози не истеп журсин?» (Дұрысы: Өзің не істеп жүрсің?). Бұл мысалдар қазақ жазу нормаларының әлеуметтік желілердегі бейресми стильге байланысты өзгеріске ұшырауын көрсетеді.

Әлеуметтік желілерде тілдік нормалардың сақталмауы белең алып барады. «Әлеуметтік желі тілі шынайы тілдік факт ретінде қоғамдық санамызға әбден енді. Қазіргі қазақ тілі өзге де тілдер тәрізді әлеуметтік желіде белсенді пайдаланылады. Әлеуметтік желі тілі адамдар қарым-қатынас жасайтын жаңа қатынас – виртуалдылықты тудырды, әлеуметтік желінің ерекшелігіне сай тіл де соған бейімделіп жаңаша сипат ала бастады. Әлеуметтік желінің қарқынды қолдануымен тағы бір мәселенің шеті көрінгені жасырын емес, ол – тіл мәдениеті сақталмайтын жағдайлардың уақыт озған сайын жиі ұшырасуы» [8, 169-б].

Қазақстандағы әлеуметтік желі коммуникациясының лингвостилистикалық аспектісін зерттеу үшін сауалнама жүргізу тиімді әдістердің бірі. Ол әлеуметтік желі қолданушыларының тілдік ерекшеліктері, стильдік қолданыстары және пікірлері туралы нақты мәлімет алуға көмектеседі. Зерттеу жұмысын жүргізуде әлеуметтік желі қолданушыларының тілдік қолданысын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Респондент ретінде Қазақстанның жоғары оқу орнының 50 білім алушысы қатысты. Сауалнаманың негізгі мақсаты – қазақ тілді әлеуметтік желі қолданушыларының тілдік нормаларды сақтау деңгейін анықтау, әлеуметтік желілердегі көптілділік пен жаңа сөздердің қолданысын зерттеу және лингвостилистикалық өзгерістердің қолданушыларға әсерін бағалау. Сауалнама Google Forms онлайн платформаларда жүргізілді. Сауалнама ашық және жабық сұрақтарды қамтыды (3-кесте).


3-кесте – Әлеуметтік желіні пайдалануға байланысты алынған сауалнама

№	Сауалнама сұрақтары	Жауабы
1	2	3
Abstract. The article reviews the literature of the Oguz period, which is considered the foundation of ancient Turkic literature. Additionally, studies on the publication and research of *The Book of Dede Korkut*, a shared literary heritage of the Turkic peoples, were thoroughly examined. Previous research on Korkut's didactic poems, which hold significant educational value, was highlighted, with relevant quotations and references provided. A brief overview was provided of *The Book of Dede Korkut* (including the transcription of the Dresden version, updated Kazakh text, and dictionary), published in the Kazakh translation by Myrzatai Zholdasbekov and Gulim Shadieva. The valuable insights of both domestic and foreign researchers presented in this work were highlighted.

The textbooks *Literature of the Ancient Era* by Alma Kyraubayovna and Nemat Kelimbetov were reviewed briefly. Focusing on the poems in *The Book of Dede Korkut*, namely *Toka's Son*, *Brave Temirul*, *The Poem About the Enemy's Attack on Kazanbek's Village*, *Bisat Batyr*, *Who Killed the Mighty Giant*, and *Alyp Bamsy*, the heroic deeds of the protagonists were analyzed.

Additionally, based on research on *The Oguz Kagan Song*, an analysis was conducted on its significance for national identity and the education of future generations. An analysis of the works of scholars studying *The Oguz Kagan Song* as part of the national heritage was conducted.

Keywords: Literature of ancient times, Korkut Ata, poem, Oguz Kagan, education.

Серикбек Н.¹, Сарбасов Б.С.²

¹PhD докторант Қазақстанның ұлттық университетінің аға-Фараби
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: nura_snd@mail.ru

²кандидат филологиялық ғылым, доцент

Қазақстанның ұлттық университетінің аға-Фараби
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru

Образовательное значение литературы в огузовскую эпоху

Аннотация. В статье рассмотрена литература огузовского периода, которая считается ядром древней литературы. Также всесторонне рассмотрены работы по изданию и исследованию «Книги Коркыт ата», которая считается общей литературной реликвией тюркских народов. До этого подчеркивались исследования, написанные о просветительских стихах Коркыта, имеющих большое воспитательное значение, приводились цитаты и ссылки. Была дана краткая информация о «Книге Коркыт ата» (транскрипция Дрезденского варианта, обновленный казахский текст, словарь), переведенной и опубликованной Мырзатаем Жолдасбековым и Гулим Шадиевой. В рамках данной работы были проанализированы ценные мнения отечественных и зарубежных исследователей. Были приняты во внимание учебники Алматы Кыраубаевой и Немата Келимбетова по «Литературе древней эпохи» и сделан небольшой обзор. Опираясь на стихи «Книги Коркыт ата», а именно «Сын Токи храбрый Темирул», «Поэма о нападении врага на аул Казанбека», «Бисат батыр, убивший могучего великана» и «Алып Бамсы», героические подвиги героев были проанализированы. Кроме того, на основе исследовательских работ по «Песне Огуза Кагана» были сделаны обзоры о пользе будущего нации и воспитания следующего поколения. Проведен анализ работ ученых, изучающих «Песню Огуз Кагана», как исследователей национального наследия.

Ключевые слова: литература древних времен, Коркыт Ата, поэма, Огуз Каган, образование.

Кіріспе

Қоркыт – өз заманының рубасы, данагөйі, данышпаны. Оның жырлары ұлт руханиятының оянуына, әдебиеттің дамуына сүбелі үлес қосты. Қоркыт халқының қорғаны,

қолдаушысы, дүйім жұрттың жоғын жоқтаушысына айналды. Қорқыт жырлары сан-салалы мамандық иелерін тәрбиелейтін жетекші құрал. Қорқыттың артына қалдырған мол мұрасының ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы туралы зерттеу жұмысы осы мақаланың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Рухани сананың негізгі салалары болып табылатын тәрбие мен таным – бір-бірінің ажырамас бөлігі. Сондықтан, ежелгі мұралардың өскелең ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу жан-жақтылықты талап етеді. Ежелгі дәуір әдебиетіне тән түркі халықтарының төл мұрасы болып саналатын оғыз дәуіріндегі әдебиетке, соның ішінде, «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғыз қаған жырлары» тиесілі екені белгілі. «Қорқыт ата кітабының» жаңашаланған қазақша нұсқасы «Күлтегін» баспасында жарық көрді. зерттеушілердің еңбектері жүйеленіп, жан-жақтылы қарастырылады. «Қорқыт ата кітабының» қазақшаланған жаңа нұсқасының ерекшелігін зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері сараланады. Бұл ғылыми зерттеу жұмысының басты мақсаты – ұмыт болып бара жатқан ұлт мұрасын ұрпақ санасында қайта жаңғырту. Қай заманда болмасын өз құндылығын жоғалтпайтын «Қорқыт ата жырларының» тәлім-тәрбиелік, танымдық мәнін таныту. Мақсатқа жетудегі басты міндет – Қорқыт жырларындағы тәлім-тәрбиелік мәні жоғары жыр жолдарын талдай отырып, баяндау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың зерттеу нысаны – Оғыз дәуіріндегі әдебиет. Тәлім-тәрбиелік мәні жоғары жырлар ретінде «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғыз қаған жыры» негізге алынды. Зерттеу барысында «Қорқыт ата кітабының» қазақша жаңашаланған нұсқасының ерекшелігі мен осы еңбекке қатысты зерттеушілердің ой-пікірлері сарапталды. Нәтижесінде «Қорқыт ата кітабының» ұрпақ тәрбиесіне тигізер тәлім-тәрбиелік мәні жоғары еңбек екені нақты мысалдармен келтіріледі. Алма Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиет» оқулығына шолу жасалады. С.Т. Иманбаеваның «Академик Немат Келімбетовтың Қазақстан педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі» атты ғылыми зерттеу мақаласы зерделенді. Түрік ғалымы Э. Алқаяның «Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы»» атты ғылыми мақаласына, сонымен қатар, «Б.Т. Нұрیمان мен М.Е. Мауленнің ««Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі» атты еңбектері қарастырылады. Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің ұлт болашағы мен ұрпақ сабақтастығына тигізер әсерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі кезеңде қоғам алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұста ұлтжанды, отансүйгіш, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу үшін тарихи тұлғалардың өмірінен сыр шертетін шежірелердің атқаратын рөлі мен алар орнын айқындап алу өте маңызды. Профессор С.Т. Иманбаева Академик Немат Келімбетовтің педагогика ғылымына қосқан үлесін жан-жақты зерделей келе мынадай тұжырым жасайды: «Ғалымның жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығы қазақ әдебиетінің сан ғасырлық мұрасын танып білу арқылы тұлғаның рухани кемелденуіне, зиялы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға негіз болады. Тәңірлік дәуір әдебиетінен бастай отырып, ислам дәуір әдебиеті, Алтын Орда дәуір әдебиеті, тарихи шежіре және көркемдік дәстүрлерді сан ғасырлық даму тарихын жалғастыра отырып бүгінгі ұрпаққа сабақтастықта ұсынады» [1, 148-б.].

Сонымен қатар, Алма Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиет» атты оқулық ғалымның ғылыми ізденістерінің сүбелі нәтижесі. Ол ежелгі дәуір әдебиетін 5 дәуірге бөліп қарастырады. Бірінші дәуір, б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ. Аралығын қамтитын заманымыздан бұрынғы аңыз-жырлар болса, екінші дәуір, V–VII ғғ. арасындағы Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Ал үшінші дәуір, IX–X ғғ. аралығын қамтитын Оғыз дәуіріндегі әдебиет болып табылады. Төртінші дәуір, X–XII ғғ. аралығындағы Ислам дәуіріндегі әдебиет деп атаса,

бесінші дәуір XIII–XIV ғғ. арасындағы алтын орда дәуіріндегі әдебиет деп бөледі. Ежелгі әдебиеттің алтын қазығы болып саналатын Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің тәрбиелік маңызы мен алар орны ерекше.

Демек, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін зерделеуде ежелгі дәуір әдебиетінің алар орны бір төбе. Жалпы ұрпақ тәрбиесі ешқашан шетке ысырып қоюға келмейтін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, ұрпақ – ұлт болашағы. Өткен тарихын ұрпақ санасына сіңіре отырып, келешегін кемелдендіруде тарихи жырларды оқытудың маңызы зор. Соның бір мысалы ретінде, оғыз дәуіріндегі әдебиетті айтуға болады.

Оғыз тайпасының Баят руынан шыққан дана Қорқыт қобызды алғаш жасап тартқан адам. Ол бүкіл жыру-бақылардың атасы болып саналады. Қорқыттың бастан кешкен хикаялары баяндалатын «Қорқыт ата кітабы» - нағыз қаһармандық эпос үлгісі. «Қорқыт ата кітабының» (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі) үшінші нұсқасы 2019 жылы Қазақ ұлттық өнер университеті Қорқыт Ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының басшысы Мырзатай Жолдасбеков пен осы институттың бас ғылыми қызметкері Гүлім Шадиеваның қазақшаландыруымен «Күлтегін» баспасында 2019 жылы жарық көрді.

«Қорқыт ата кітабының» соңғы аудармасы жайында бірқатар отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың бірі, Түркиядағы Фырат университетінің докторы, профессор Эрджан Алқаяның «Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы» атты ғылыми мақаласы. Бұл мақалада осы кітаптың шығу тарихы мен бұдан бұрын жарық көрген Дрезден және Ватикан нұсқаларына шолу жасайды. Қорқыт ата жырларын зерттеуші ғалымдарға тоқталып өтіп, жаңа нұсқаның ерекшелігін басып айтады. «Жаңа еңбектің ең басты, маңызды бөлігі – «Қорқыт Ата кітабы» (37–305-бб.) деген бөлімі. Бұл бөлімде жазба жәдігердің Дрезден нұсқасының транскрипциясы мен қазақ тіліне жаңашаланған мәтіні берілген. Жоғарыда да айтып өткеніміздей, М. Жолдасбеков пен Г. Шадиева жазба ескерткіштің транскрипциясын жасаумен қатар, барлық тілдік ерекшеліктерін нақты ашып көрсететіндей дәрежеде жырларды сәтті аударып шыққан.» деп өзінің оң бағасын береді [2, 93-б.].

Сонымен бірге, Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысында 2022 жылы «Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі» атты ғылыми мақаласы жарық көрді. Мақала PhD, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. Нұриман Бекарыс Тілегенұлы мен Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты Маулан Марал Есболқызының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Бұл мақалада кітаптың Дрезден және Ватикан нұсқаларын соңғы нұсқасымен салыстыра отырып, үшінші нұсқаның ерекшелігін тереңінен зерттеген. Зерттеу еңбегінде осы нұсқасында 23 нақыл сөздің бар екендігін айта келе, «Салур қазанның жеті басты айдаһарды өлтіруі» атты жаңа бір эпостың барында зерттеп шыққан. Бұл жырдың бұған дейінгі нұсқалардан өзгешелігін зерттеушілер былай келтірген: «Ол қолжазбаның 25а-бетіндегі 7-қатардан басталып, 31b-бетіндегі 5-қатарға яғни, қолжазбаның соңына дейін жалғасады. Онда әуелі Салур Қазанның Арас өзені мен Карс қаласын басып алғаны баяндалса, әрі қарай Салур Қазанның жеті басты айдаһарды өлтіргені суреттеледі» [3, 73-б.].

Профессор, доктор Ахмет Бижан Эрчиласунның «Қорқыт ата кітабының» жаңа қолжазбасы және тиісті жарияланымдар атты мақаласында жақында табылған «Қорқыт ата кітабының» Гүнбед деп аталатынын және Гүнбед қолжазбасының ерекшеліктері мен тілдік қасиеттерін жан-жақты қарастырған. «Dede Korkut Kitabı», daha kapsamlı bir eser olan Oğuzname'nin bir parçasıdır». Зерттеуші бұл еңбегінде «Bugün tek bir eser olarak elimizde bulunmayan Oğuzname içinde üç ana bölüm vardı: 1) Türklerin ve Oğuzların sözlü/ efsanevi tarihi, 2) Dede Korkut'un ve ondan sonra gelen bazı ozanların anlatıp söyledikleri boylar ve soylamalar, 3)

Dede Korkut'a atfedilen atasözleri ve çeşitli hikmetli sözler» деп келтіреді [4, 7-б.]. Яғни, «Қорқыт ата кітабы» Оғызнаманың бір бөлігі болып табылатынын, Оғызнамада кездеспейтін үш негізгі бөлім барын жазады. Олар, оғыздардың ауызша тарихы, Қорқыт ата мен одан кейінгі кейбір ақындар айтып жырлаған рулар мен тайпалар және Қорқыт атаға қатысты мақал-мәтелдер мен даналық сөздер.

Дрезден нұсқасынан қазақшаланған «Қорқыт ата кітабында» Қорқыттың сыр-сипатынан, сөз тапқыр шешендігінен көрініс беретін «Оғыз тайпасы тілінде Қорқыт атам кітабы» бөлімі ұшырасады. Мұнда Қорқытты оғыздың білгірі, айтқаны айна-қатесіз келетін, ғайыптан хабар беретін кісі деп келтіреді. Соның бір мысалы ретінде әйел адамның төрт түрлі сипатын былай деп келтіреді: «Әйелдер төрт түрлі:

Бірі – тойымысыз;

Бірі – кезбе;

Бірі – үйдің тіреуі;

Бірі – не айтсаң да бәз-баяғы (мелшиген)» [5, 45-б.].

Жырау әйелдің төрт сипаты арқылы қыздарды дана болуға, арлы болуға шақырады. Үйдің тіреуі болуға үндейді. Ашкөз болмауға, құр мелшиіп қарап отырмауға ой салады. Кербездік пен кезбеліктің кесірі туралы насихат айта отырып, ел анасы болуға, жарқын жүзді, жылы шырайлы болуға үгіттейді.

Оғыз дәуіріндегі әдебиетке тиесілі бұл кітаптың «Тоқа баласы ержүрек Темірұл» атты жырында Темірұлдың әзірейілмен жан алысып, жан беріскен қиян-кескі соғыста оның қайтпас қайсарлығы суреттеледі. Ғазиз басын жан алғыш әзірейілдің алдында да аласартпай, Алланың алдында ғана басын иеді. Соңында жанынан күдер үзіп бала-шағасымен, жарымен қоштасар сәтінде құдай қосқан қосағының Темірұлға деген жан қиярлығы екеуінің Алланың рақымына бөленіп, 140 жыл бірге өмір сүрулеріне себепші болады. Яғни жүрек жұтқан батыр болса да өмірлік серігіне қамқор болу, өзінен тараған ұрпақтарына аманат деп қарау, аманатқа қиянат жасамау және жан жарына адал болу керектігі мысалмен келтіріледі.

Ал «Алып Бамсы» жырында бір перзент сүюге зар болып жүрген Байбөрі де, Байбөрінің кебін киіп жүрген Бибіжан да «көп тілеуі көл» болып бірі ұлды, бірі қызды болады. Байбөрі ұлына Бамсы Байрақ деп ат қойса, Бибіжан қызына Банушешек деп ат қояды. Екеуі бір-бірімен бесік құда болады. Ұл ер жетіп, қыз бой жеткен тұста қызды алғысы келген гәуірлердің бегі жігітті тұтқынға түсіреді. Араға он алты жыл салып тұтқыннан гәуірдің бір қызы босатады. Қанша жыл өтсе де сертінен таймаған қыз бен жігіт қайта қауышып, мұратына жетеді. Бамсы Байрақ сертіне адал, достарына қамқор бола білді. Өз басына бостандық алған тұста қара басының қамын ғана ойламай, жау қолынан жан қияр достарын құтқарып алуды көздеді. Бұл жырлардан аңғаратынымыз дәуірдің қиян кескі тұсына қарамастан уағдаласқан жастар бір-біріне деген сенімдеріне селкеу түсірмеген. Бір-біріне деген шынайы ынтызарлық пен сүйіспеншілік, жауапкершілік, уәдеде тұру сынды қасиеттер жырдың бойында менмұндалап тұр. Осындай жырлар өсіп келе жатқан жас ұрпақты ар-намыс жолында аянбайтын, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, малын жанынан, жанын арынан жоғары бағалайтын адал да арлы етіп тәрбиелеуге зор септігін тигізері анық.

«Төбекөз дәуді өлтірген Бисат батыр» жырында Аруз батырдың баласы жаугершілік заманда жөргектен түсіп қалады. Оны арыстан тауып алады да, сүтімен емізіп өсіреді. Арыстанның бойындағы айбаты мен қайраттылығы балаға дариды. Арыстандар үйірінен кейін осы баланы тауып алып, оған Бисат деп ат қояды. Бисат жүрек жұтқан батыр болып өседі. Аруз батырдың Қоңыр қойшысы қойларын суаруға барғанда перінің бір қызын ұстап алады. Пері қызы кетерінде араға жыл салып оған аманатын әкеліп беретінін айтады. «Аманат» деп отырғаны жалғыз көзді бала еді. Осы жалғыз көзді бала жан-жағындағының бәрін жалмап отырады. Қорқыт ата келісімге келіп, оған күніне екі адам, бес жүз қой салық

төлейтін болады. Осы тұста Бисат батыр жорықтан оралып, елінің басындағы қайғы қасіретін көріп төбекөз дәумен бетпе-бет келеді. Бисат батыр төбекөз дәуден айласын асырып, ол ұйықтап жатқан кезінде жалғыз көзін ойып алады. Қыны бар қылышпен жекпе-жекке шығып оның басын кесіп алып, еліне тыныштық орнатады. Бұндай жырлар бізге берері мол. Себебі өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты елін, жерін қорғауға, ержүрек батыр болуға, қайтпас қайсар болуға, намысты, жігерлі болуға үндейді. Ел басына күн туғанда білек сыбанып алға шығатын жас өркендер өсіп шығады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жастарды жауынгерлік рухқа тәрбиелейтін жырлардың тағы бірі «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жыр» деуге болады. Бұл жырда оғыз батырларының ағасы болып саналатын Қазанбек бірде бектермен бірге аңға аттанады. Қасына қырық жігіт қалдырып, ұлы Оразға орданы тапсырады. Гәуірлердің ханы Шөкілі осы сәтті ұтымды пайдаланып, Бөрілі сұлуды қырық нөкерімен бірге қанжығасына байлайды. Нөкерлерінің адалдығы сонша «Бөрілі сұлу кім?» десе бәрі «мен, мен» деседі. Жауыз хан баламен сынамақ болып, Ораз бекті дарға асуды бұйырады. Оның мақсаты ана жүрегі ұлының өліміне дауаламас дегені блса керек. Алайда Ораз анасына былай дейді: «Қызыл бұйра нар бар жерде бота болмас па? Ақтылы қой бар жерде қозы болмас па? Өз басың сау болсын, әкем аман болсын. Сендер аман болсаңдар, мендей ұл тумас па?» дейді [6, 52-б.]. Соңында Қазанбек пен Қара Қойшыбастаған бір топ қол келіп оларды босатып алады. Бұл жырдың жастарға берері мол жыр. Ата-ананы сыйлау, үлкенді құрметтеу, ақ сүт беріп әлпештеген анасының өмірін өз өмірінен жоғары бағалау, перзенттік парызын атқару сынды тәрбиелік маңызы жоғары жыр болып саналады. Анаға деген шексіз құрмет пен риясыз көңіл жырда менмұндалап тұрады. Сонымен қатар бұл жырда Бөрілі сұлудың қасындағы қырық нөкердің іс-әрекеті жырды оқып отырған адамды сүйсінтеді. Қыз жанының нәзіктігіне, биязылығына қарамастан қыздардың қайтпас қайсарлығы Бөрілі сұлудың тағдырын оңынан шешуге мол септігін тигізеді. Өз істеріне деген адалдық, жау алдында бас имеу, сатқындық жасамау, қара бастың қамынан достық туын биік ұстау сынды қасиеттерде көп ұшырасады.

Немат Келімбетов сақтардың баға жетпес құнды дастандарының бірі болып саналатын «Алып Ер Тоңғаның» мәні мен мазмұнын зерделей отырып, түркі халықтарының арғы ата-бабасы болып саналатын сақтардың ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған шежіре деректер негізіндегі қаһармандық жырдың да тарихи құндылығын негіз етіп көрсетеді [7, 37-б.].

Орта азия мен Сыр бойында ауыздан-ауызға таралып, тек XII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында хатқа түскен аңыз-жырлардың бірі – Оғыз қаған жыры. Айқаған анадан туған Оғыз ана сүтінен бір рет қана емеді де, шикі ет сұрайды. Батыр секунд санап өседі. Қырық күн толғанда жүріп кетеді. Ержеткен шағында күн нұрынан жаралған Нұрсұлудан Ай, Күн, Жұлдыз сынды үш бала сүйеді. Бірде аң аулап жүріп көл ортасында тұрған ағаш қуысында отырған көрікті қызға көзі түсіп, оған үйленеді. Одан Көк, Тау, Теңіз атты балалар өмір есігін ашады. Алты ұлымен қанатын алты құлашқа сермеп өзі өмір сүрген дәуірде қанатын кеңге жаяды. Оғыз – еліне сүйікті басшы, қамқор хан болды. Басына іс түскенде көмек қолын созғанның бәрінің меселдесін қайтармады. Еділ суынан өтерде сал жасаған Ұлық Ордаға «Қыпшақ» деп атын қойып, сол жерді иелігіне берді. Оғыздың жоғалған айғырын тоғыз күн дегенде тауып берген кісіні бектердің бастығы етіп сайлап, оған «Қарлық» деп ат қойды. Темірлі дейтін шеберге шатыры алтын, түндігі күміс үйді ашқаны үшін «Қалаш» деп ат қойып, ризашылығын білдірді. Ал Оғыз қаған тағы бірде Бармақлық Жосын Білік деген кісі Шүршіттерді жеңген кезінде олжаларын алып жүруге арба жасап бергені үшін «Қаңғалы» деп атап, ұлан ғайыр жерді иелігіне табыстады. Елін, жерін билеген Оғыздың мәрттігіне дүйім жұрт сүйсінді. Өзі арнап берген жерге иелік еткен адамдар сол арадан өсіп-өніп, ру-ру ел болды. Жанына жақын тартқан адамдары адалынан жолығып, тәңір сүйген ұл болды. Алты ұлына жерін бөліп беріп, жұртын үлестірді. Өзінің мәрттігімен, жомарттығымен, қолы ашықтығымен, кең пейілділігімен жұртына жаға білді. Оған құдайдың

көзі түзу болып, көктен түскен көкжал бөрінің өзі жорықта жол бастап отырды. Әділ басшы бола білді. Бұндай жырлар ел қорғаны болатын ер-азаматтардың еліне адал қызмет ету керектігін тереңінен ұғындыратын ғибратты жыр.

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы мен Кумеков Болат Ешмухамбетұлының ғылыми мақаласында «Оғыз қаған жырының» тәрбиелік мәні туралы былай делінеді: «Шығармада тарихи аңыздар мен жырларда жиі кездесетін ауызбіршілік, сыйластық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сияқты ұстанымдары қамтылатын мәліметтер бар. Оғыз батысқа, шығысқа, күнгейге жасаған олжалы жорықтарынан кейін ұлы той жасайды. Алты ұлы мен бектеріне өсиет айтып, шаһарлар мен жерлерді жасаған ерліктері мен орындарына қарай үлестірді» [8, 11–12-бб.].

Оғыз қаған ата жолын қуалап, өсіп келе жатқан ұлдарына өсиет қалдырып, елі мен жұртын аманаттап тапсырады. Аманатқа қиянат жасамау, үлкенінен кішісіне қарай рет тәртіппен билік басына келе отырып, әділ де қамқор басшы болуға үндейді. Ұлдарының бойынан адам сүйсінерлік қасиетті көріп, шынайы бағасын беріп, батасын береді. Ұлан-ғайыр жерді теңдей етіп үлестіреді. Ұлдары әке бойынан көрген қасиетті өз бойларына дарытып, ел мақтанына айналады. Яғни әр бір ұрпақ тәрбиелеп отырған адам өзін тәрбиелеу арқылы балаларын тәрбиелеуі керек. Өз бойына жақсы қасиеттер мен ізгі амалдарды жинаған адам ұрпағының алдында өресі биік, мәртебесі жоғары болары анық.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Малбақұлы Құлмат Өмірәлиев туралы жазылған «Саңлақ ғалым» атты ғылыми мақаласында «Ғалым түркі халықтарының ең ежелгі фольклорлық мұрасы «Оғыз қаған» эпосы мен оның тіліне талдау жасайды. Өзінің 1988 жылы «Ғылым» баспасынан жарыққа шыққан «Оғыз қаған эпосының тілі» атты еңбегінде аталмыш эпостың елтанымдық, этностанымдық, мәдениеттанымдық, тілтанымдық қырларын кешенді түрде зерделейді» [9, 40-б.] дейді. Яғни Құлмат Өмірәлиев те ежелгі дәуір әдебиетінің өзегі болып саналатын «Оғыз қаған жырын» зерттеуде елеулі еңбек сіңірген.

Қазақ халқы ертеден ағашты киелі санаған. Ағаштың бұтағына ақ шүберек байлап, арман-тілектерінің орындалуын жалбарнып сұраған. Жаңадан өсіп келе жатқан жас ұрпақты жас шыбыққа теңеген. Жас шыбықты жұлуға, оны кесуге тиым салған. Ежелгі әдебиетте «ағаш» сөзі көптеп кездеседі. Сонымен қатар, қазақ пен қарақалпақ аңыздарында кездесетін салт-дәстүрлері мен сәйкестіктері өте көп. Барлық аңыздарда Қорқыттың бір рудың данагөйі, көрегені ретінде ұшырасады. Ш.Н. Мамедованың пікіріне сүйенсек: «Дело в том, что Коркут как в казахских и каракалпакских легендах и преданиях, так и в огузском эпосе имеет много совпадений. Коркут как в казахском и каракалпакском, так и в огузском культурном ареале является патриархом, мудрецом племени, певцом, сказителем. Он же является создателем и исполнителем легенд, преданий и сказаний, участником и главным лицом всего происходящего в эпосе. Здесь же заметим, что в сложении эпоса важное значение наряду с казахскими и каракалпакскими легендами и преданиями, большую роль сыграл «Огузнаме», т.е. «Сказание об Огузе» дейді [10, 22-б.].

Мысалы, «Қорқыт ата кітабында» кездесетін «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жырда» Қазанбек артынан ермек болған Қара Қойшыны қара ағашқа байлап кетеді. Осы тұста қара ағашты тамырымен қопарып жұлып алған Қара қойшы Қазанбектің соңынан бір елі қалмай ақыры көздеген мақсатына жетіп, Қазанбектің рахымына бөленіп, жорыққа бірге аттанады. Гәуірлер тұтқында болған Ораз бекті дарға аспақшы болады. Ол дар ағашына қарап тұрып былай дейді: «Атың ағаш десем шамданба, ағаш. О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған, Ағаш. Құдаймен тілдескенде Мұсаның асасы болған, Ағаш. Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған, ағаш. Зұлпықарға сап болған, ағаш. Хасан мен Хұсайынға бесік болған, Ағаш. Ерге де, әйелге де қатар болған, Ағаш. Мені саған асар болса, құлап түс, ағаш» деп ағаштан медет сұрайды. Оны Алма Қыраубайқызы өз зерттеу еңбегінде былай түсіндіреді:

«Ораздың ағашқа қарап сөйлеу себебі, ежелгі түріктердің ішінде Қыпшақ ата ағаштың қуысында туған. Содан түріктер ағашты қасиетті санаған»[6, 54-б.] Яғни ата жолын қуған әрбір бала салт-дәстүрді жадынан шығармау керектігі, жаны қыл үстінде тұрса да жақсылықтан күдер үзбей, мол сенім арту керектігі де кеңінен қарастырылады. Дәл осы «ағаш» сөзі «Оғыз қаған жырында да» ұшырасады. «Тағы да аң аулап жүріп, бір көлдің ортасында ағаштың қуысында отырған көрікті қызды көреді» [6, 58-б.] деп келтіріледі. Қыпшақ атаның ағаштың қуысында өмірге келуі, қыздың ағаш қуысында отыруы кездейсоқтық емес. Мұнда астарлы философиялық мән жатыр. Демек, бұл жырларда ағаштың қуысы алланың көзі түзу, мейірімі түскен адамдар ғана отыратын киелі жер болып саналады. Киелі затқа табыну, сыйыну ежелгі дәстүрлердің бірі. Мұндай қалыптасып қалған әдет-ғұрып пен салт дәстүрлер табиғат ананы аялауға, көкті жұлмауға, қастерлеуге үндейді.

Қорытынды

IX–X ғғ. аралығын қамтитын Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің халықтың өшпес мұрасы екені даусыз. Сонымен бірге ауыздан ауызға таралып жеткен жырлардың ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. «Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасының ерекшелігі мен қазақша жаңашалануы туралы отандық және шетелдік зерттеушілердің баса назар аудару бастағанын көруге болады. Ғалымдардың зерттеуіне негіз болған бұл еңбектің бабалар жолын жалғап, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тигізер пайдасы орасан зор. Есте жоқ ескі заманнан бері халық жадында сақталып келген асыл қазынамыз болып саналатын байырғы жырлардың қай-қайсысының да ұлағатты ұлт болып қалыптасу жолында атқаратын рөлі ерекше. Сол зманда да ата-бабаларымыздың ел болып қалыптасу жолында, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мақсатында батырлық жырлар мен ғибратты жырларды жыраулар арқылы ел арасына көптеп таратқаны байқалады. Қазіргі таңда жас ұрпақтың бойында арлы да ұятты, қайырымды, мейірімді де еңбекшіл болуға тәрбиелейтін еңбектерді сіңіру біздің басты парызымыз. Сол үшін мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт бейнесі де, Қорқыт жырлары да санамызда мәңгі жаңғырып тұруы тиіс. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт жырларында халықтың кесір мінезін аяусыз сынайды. Халықты қараңғылықтан, кемшілік атаулыдан пәк болуға үндейді. Ол өз жырлары арқылы барша халықтың тура жолдан адаспай, елі үшін, жері үшін аянбай тер төгуге үгіттейді. Қорқыт ата кітабы жастарды жауынгерлік мінезге, қайсар рухқа, отанға, елге қызмет етуге насихаттайтын туынды. Сонда ғана біз оның ғасыр алдындағы келбетін айқындап, болмысын барша әлемге паш еткен боламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иманбаева С.Т. Академик Немат Келімбетовтің Қазақстан педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1. – Б. 140–150. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.043>
2. Алқая Э. Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы» // *Turkic Studies Journal*. – 2020. – №3. Volume 2. – Б. 91–95.
3. Нұрیمان Б.Т., Маулен М.Е. «Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі // *Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы*. – 2022. – №2. – Б. 69–77.
4. Ercilasun A.B. Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nüshası Ve Üzerindeki Yayınlar // *Milli Folklor*. – 2019. – Vol. 16, №123. – S. 5–22.
5. Жолдасбеков М., Шадиева Г. Қорқыт ата кітабы (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі). – Астана: Күлтегін, 2019. – 688 б.
6. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. – 130 б.
7. Келімбетов Н. Түркі халықтарының әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
8. Ташқараева Ә.М., Кумеков Б.Е. «Шежіре-и-тарақиме» шығармасындағы ауызша тарих дәстүрі: деректемелік талдау және тәпсірлеу мәселелері // *Отан тарихы*. – 2022. – №4 (100). – Б. 5–15.
9. Малбақұлы М. Саңлақ ғалым // *Тілтаным*. – 2021. – №1. – Б. 37–43.

10. Мамедова Ш.Н. Фольклорно-мифологическое происхождение «Коркыт-ата» и его трансформация в «Китаби-деде Коркуд» // Эпосоведение. – 2022. – №1. – С. 18–33.

REFERENCES

1. Imanbaeva S.T. Akademik Nemat Kelimbetovtin Qazaqstan pedagogika gylymynyn damuyna qosqan ulesi [Academician Nemat Kelimbetov's contribution to the development of Kazakhstan's pedagogic science] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №1. – B. 140–150. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.043> [in Kazakh]
2. Alkaia E. Qazaq tilinde janashalangan «Qorqyt ata kitaby» [“Korkyt ata book” updated in Kazakh] // Turkic Studies Journal. – 2020. – №3. Volume 2. – B. 91–95. [in Kazakh]
3. Nuriman B.T., Maulen M.E. «Qorqyt ata kitaby» ushinshi nusqasynyn ereksheligi [The feature of the third edition of “dede Korkut book”] // Eurazia gumanitarlyq institutynyn habarshysy. – 2022. – №2. – B. 69–77. [in Kazakh]
4. Ercilasun A.B. Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nushası Ve Uzerindeki Yaiynlar [New Copy of Dede Korkut Book and Publications] // Milli Folklor. – 2019. – Vol. 16, №123. – S. 5–22 [in Turkish]
5. Joldasbekov M., Shadieva G. Qorqyt ata kitaby (Drezden nusqasynyn transkripciasy, qazaqsha janashalangan matini, sozdigi) [“The Book of Korkyt Ata” (transcription of the Dresden version, updated Kazakh text, dictionary)]. – Astana: Kultegin, 2019. – 688 b. [in Kazakh]
6. Qyraubaiqyzy A. Ejelgi adebiet [Ancient literature]. – Almaty: Al-Farabi, 1996. – 130 b. [in Kazakh]
7. Kelimbetov N. Turki halyqtarynyn adebi jadigerlikleri [Literary relics of the Turkic peoples]. – Almaty: Raritet, 2011. – 432 b. [in Kazakh]
8. Tashqaraeva A.M., Kumekov B.E. «Shejire-i-tarakime» shygarmasyndagy auyzsha tarih dasturi: derektemelik taldau jane tapsirleu maseleleri [The tradition of oral history in the work “Shezhire-i-tarakime”: issues of documentary analysis and interpretation] // Otan tarihy. – 2022. – №4 (100). – B. 5–15. [in Kazakh]
9. Malbaquly M. Sanlaq galym [Foolish scientist] // Tiltanym. – 2021. – №1. – B. 37–43. [in Kazakh]
10. Mamedova Sh.N. Folklorно-мифологическое происхождение «Korkyt-ata» i ego transformacia v «Kitabi-dede Korkud» [Folk-mythological origin of “Korkyt-ata” and ego transformation in “Kitabi-dede Korkud”] // Eposovedenie. – 2022. – №1. – С. 18–33. [in Russian]

ӘОЖ 82.0; 82.09; МҒТАР 17.01.07
<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.160>А.С. ӨТЕМІС¹, С.Б. ЕРЖАНОВА²

¹Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: otemis.kaz@mail.ru
²филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: esb@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯ ЖАНРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы психологизм көрінісі туралы баяндалады. Поэзия жанры әдебиеттің лирикаға толы, автордың ішкі тебіренісі мен сезім күйін көрсететін ерекше түрі. Бүгінгі таңда әдебиетті өзге де іргелі ғылымдармен салыстырып зерттеу сөз өнерінің ажарын аша түскендей. Сол себепті мақалада авторлар қазіргі қазақ поэзиясындағы ізденістер, оның ішінде психологизммен байланысын қарастыруға тырысады. Қазіргі белгілі лирик ақындар Тыныштықбек Әбдікәкімұлының, Ақберен Елгезектің поэзиясы нысанаға алынды. Өлеңді оқи отырып, астарында жатқан мағынасын, ақынның көңіл-күйін, психологиялық әсерін, сезімін, өкініші мен күйінішін, қуанышы мен жұбанышын ашып көрсетуге ден қойылды. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің «Сенсорлық қабылдау» атты тұжырымы, психоаналитик, психология ілімдерінің негізін қалауға үлесін қосқан ғалым З.Фрейдтің бірқатар ойлары, Л.Я. Гинзбургтің «психологизм» терминіне байланысты тұжырымы, Шеллинг, А. Буров, С.П. Белокурованың да зерделі ойы мен отандық ғалымдар Б. Майтанов, Т. Рахымжанов, А. Таңжарықова, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері жұмыстың мақсатын орындауға әсер етті. Қазіргі қазақ поэзиясындағы психологизмдік көріністерді ашу өзекті саналатындықтан, қазіргі қазақ әдебиетінің белгілі ақындары Т. Әбдікәкімов, А. Елгезек поэзиясындағы психологизм зерттеудің нысанасы етіп алынды.

Кілт сөздер: психологизм, поэзия, сенсорлық қабылдау, көркемдік деталь, әдебиет.

A.S. Otemis¹, S.B. Yerzhanova²

¹PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: otemis.kaz@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: esb@mail.ru

Manifestation of Psychologism in the Genre of Modern Kazakh Poetry

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Өтеміс А.С., Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ поэзия жанрындағы психологизм көрінісі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 247–256. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.160>

*Cite us correctly:

Otemis A.S., Erzhanova S.B. Qazirgi qazaq poezia zhanryndagy psihologizm korinisi [Manifestation of Psychologism in the Genre of Modern Kazakh Poetry] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 247–256. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.160>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.10.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

Abstract. This article describes the manifestation of psychologism in modern Kazakh poetry. The genre of poetry is a unique form of literature, rich in lyricism, reflecting the author's inner emotions and emotional state. Today, analyzing literature in comparison with other fundamental sciences seems to further reveal the beauty of the art of speech.

For this reason, in our article, we attempted to explore the connection between psychological research and modern Kazakh poetry. We focused on the poetry of well-known contemporary lyric poets, Tynyshtykbek Abdikakimuly and Akberen Elgezek. While reading their poetry, we aimed to uncover its underlying meaning, the poet's emotional state, psychological impact, feelings, regrets, sorrows, joys, and consolations.

Our study is guided by the concept of “Sensory Perception” by Aristotle, the world's first teacher, and the ideas of Sigmund Freud, a scholar who contributed to the foundation of psychoanalysis. Additionally, we considered L.Ya. Ginzburg's definition of “psychologism,” along with the philosophical insights of Schelling, A. Burov, and S.P. Belokurova. The studies of domestic scholars such as B. Maytanov, T. Rakhimzhanov, and A. Tanzharykova also influenced our research objectives.

Since revealing the manifestations of psychologism in modern Kazakh poetry is considered relevant, we have taken the works of T. Abdikakimov and A. Elgezek, prominent poets of contemporary Kazakh literature, as the primary focus of our study.

Keywords: psychology, poetry, sensory perception, artistic detail, literature.

А.С. Отемис¹, С.Б. Ержанова²

*¹PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: otemis.kaz@mail.ru*

*²доктор филологических наук, профессор
Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: esb@mail.ru*

Проявление психологизма в жанре современной казахской поэзии

Аннотация. В этой статье речь идет о проявлении психологизма в современной казахской поэзии. Жанр поэзии – особый вид литературы, насыщенный лирикой, отражающей внутренние переживания и эмоциональное состояние автора. Сегодня изучение литературы в сравнении с другими фундаментальными науками как бы раскрывает смысл искусства речи. Именно поэтому в статье авторы попытались рассмотреть связь исследований в современной казахской поэзии, в том числе психологии. В качестве объекта взята поэзия известных поэтов-лириков Тыныштыкбека Абдикакимулы, Акберена Елгезека. При чтении стихотворения, раскрываются смысл, настроение, психологическое воздействие, чувства, сожаления и состояния радости и утешения поэта. Концепция «Сенсорное восприятие» Аристотеля, первого в мире учителя, ряд мыслей психоаналитика, ученого З. Фрейда, внесшего вклад в основание учения психологии, концепция Л.Я. Гинзбурга, связанный с термином «психологизм», умные мысли Шеллинга, А. Булова, С.П. Белокурова, а также исследовательские работы отечественных ученых Б. Майтанова, Т. Рахимжанова, А. Танжарыковой и др. ученых повлияли на выполнение цели работы. Поскольку выявление проявлений психологизма в современной казахской поэзии считается актуальным, в качестве объекта исследования взяты известные поэты современной казахской литературы Т. Абдикакимов, А. Елгезек.

Ключевые слова: психология, поэзия, сенсорное восприятие, художественная деталь, литература.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тың жаңалықтарға толы жанр – поэзия. Поэзия – жүрек үні, сезім тебіренісі, ақынның лирикалық «Мені» арқылы жарыққа шығып, оқырман көңіліне сезім арқылы әсер ететін ерекше жанр түрі. Поэзияны бүгінгі таңда тек әдебиеттанудың төңірегінде ғана емес, көптеген іргелі ғылымдармен салыстыра, салғастыра зерттеулер қарастырылып келеді. Психологизм – жан туралы ғылым, жанның, ішкі «Меннің» сезімін, эмоциясын, ерік-қалауын, бейсаналықтың санадан тыс жатқан көрінісін сипаттайтын іргелі салалардың біріне жатады. Ал поэзияда ақынның сезімін, ішкі жан тебіреністерін, эмоциясын, темпераментін, қалауын, ерік-жігерін баайқамау мүмкін емес. Белгілі ғалым Л.Я. Гинзбург психологизм терминіне мынадай анықтама береді: *«психологизм – бұл психикалық өмірді оның қайшылықтары мен тереңдігінде зерттеу»*. Оның ішінде тұжырымы *«психологиялық талдау тікелей түрінде жүзеге асырылады, автордың ой-толғаулары не кейіпкерлердің сезімі түрінде, не жанама түрде бейнелеу – олардың ым-ишарасын, керек әрекеттерін бейнелеуде автор оқырманға аналитикалық тұрғыда жасырын күйінде түсіндіреді»* [1]. Демек ғалымның бұл жоғарыда келтірген пікіріне сүйенсек, психологиялық талдау арқылы ақынның оқырманға аналитикалық тұрғыда анықтай алатын ой-толғауын аңғара алмақпыз. Психоаналитик ғалым Фрейдтің ойынша, «Бейсаналықты түсіну өте маңызды. «Меннің» бір бөлігі ешбір күмәнсіз бейсаналыққа тән. Ал «Мендегі» бұл бейсаналық алдын ала мағынасында жасырын емес, әйтпесе оны бейсананы санасыз белсенді ету мүмкін емес және сананың өзі көп қиындықтар туғызбас еді. Тану қажеттілігімен бетпе-бет келгенде, бейсаналық сипаты біз үшін мағынасын жоғалтатынын мойындауымыз керек. Түптің түбінде бейсаналық немесе сананың өзіндік құны тереңдік психологиясының қараңғылығындағы жалғыз жарық болып табылады». Яғни Фрейдтің пікіріне зейін қойсақ, бейсаналықты жасырын ұстау мүмкін емес, саналы әрекеттің астарында да бейсаналықтың сілемдерін аңғара аламыз [2].

«Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» деп М. Әуезов атап өткендей, психологизм тек прозада ғана емес поэзия жанрында да бііте қайнасып жүреді. Л.О. Гинзбургтың тілімен айтқанда, «Жан түкпірінің соңғы нүктесіне жету» [2] үшін поэзияда ақынның жан түкпіріндегі небір сезім халдері ашыла түседі. Адамның психологиясы, қорқу, абыржу, құбылу, тебірініп толқу, өмір жолында қалтарысы мен бұлтарысы, өкініші мен өкпесі, арманы мен аңсары, ерік-жігері мен ынтасы, сағынышы мен қызғанышы, сүйюі мен күйініші көрініс таппаған поэзияның оқырман жүрегіне дөп басып баруы неғайбыл.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысында түрлі әдістер кешені қолданылды, атап айтқанда, контекстік талдау арқылы шығарманы зерттеу, «психологиялық сыңарластық» әдісі, жаппай іріктеп жинақтау, жүйелеу, салыстырмалы талдау, шығарманың психологиялық көріністерді танытатын тұстарын талдау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу барысында Л.Я. Гинзбургтың «О психологической прозе» еңбегі, Л.С. Выготскийдың «Психология өнері» атты еңбегі, сондай-ақ әлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің поэзия жөніндегі пікірлері назарға алынып, психоаналитик З. Фрейдтің психологияға қатысты зерттеулері мақала тақырыбын ашуға әсер етті. Отандық ғалымдар Т. Рахымжанов, Б. Майтанов, А. Таңжарықова, т.б. еңбектері назарға алынып, көркем шығармадағы психологизм көрінісі хақындағы пікірлері зерттеудің негізгі межесіне жетуге ықпал етті. Зерттеу мақаласында қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Тыныштықбек Әбдікәкімовтың «Ақшам хаттары» өлеңдер жинағынан, Ақберен Елгезектің «Шексіздік сыртындағы хат» атты жинағынан алынған өлеңдер талқыланды.

Көркем шығармадағы пейзажды ақынның ассоциациялау арқылы бір-бірімен байланыстырып қарауын, қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстарды қабылдағаннан кейінгі әсері арқылы поэзияға ендіретінін байқауға болады. Прозалық туындыда монолог, диалог, портрет, кейіпкерлердің киім-киісі, үй ішіндегі интерьер, т.б. арқылы психологизмнің қалай көрініс табатынын айқындап қарасақ, ал поэзиялық туындыларда көбінесе пейзаж, ырғақтардың кілт тоқтап қалуы, буын санының бірде көп, бірде аз болуы, психологиялық параллелизм (сыңарластыру), шендестіру, т.б. секілді көркемдеуіш құралдар арқылы көрініс тауып жатады.

Талдау мен нәтижелер

Поэзияның өн бойынан ақынның, лирикалық қаһарманның терең психологиялық күйін тану – психологизмнің танылуына әсер етті. Поэзиядағы психологизмнің маңызды әдісі – *көркемдік деталь*. Табиғаттың белгілі бір күйлері қандай да бір жолмен адамның белгілі бір сезімдері мен тәжірибелерімен байланысты (*психологиялық параллелизм*). Бұл жағдайда кейіпкердің ішкі жағдайы ол табиғатқа сәйкес келуі немесе оған қарама-қайшы болуы мүмкін. Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «*Боранды түнде*» өлеңін алып қарастырсақ, ақынның армандаған қиялы және қайғылы көңіл-күйімен бірге параллель жүретін сияқты көрінеді. Мәселен, ақын аталған өлеңде түнді үреймен қатар қойып сипаттайды, «*Қап-қараңғы үрейдің арқасын түнге балап, күрең боран, сыртта боран сәт сайын екіленіп кейде адам секілді күрсініп, кейде мекіреніп терезені жалап тұрғанын*» танытады. Тіпті ақын өзінің үрейін түнді сипаттау арқылы жеткізсе, өкінішін боранның сәт сайын күшейіп бірде терезесін соғып, бірде адамша күрсінетінімен қатар суреттеп көрсетеді.

Психологизмді қаузап түссек, әлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің пікірінше, «Барлық адамдар табиғатынан білімге ұмтылады. Оның дәлелі – *сенсорлық қабылдауға* ұмтылу. Сенсорлық қабылдау кезінде оның санаға пайдалы не пайдасыз екені жөнінде ақпарат берілмейді. Сенсорлық қабылдау кезінде қабылдаулардың ішінде *көзбен қабылдауды* бірінші кезекте қарастырады. Әрекет етпестен ештеңе істемеген сәтте көруді ғана ұнататынымызды жеткізеді». Ал мұның себебі – көру, басқа сезімдерге қарағанда, біздің білімімізге көп үлес қосып, заттардың көптеген айырмашылықтарын ашып көрсетеді. Сөзімізге тиек болсын деп ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «*Сені сую*» атты өлеңін алайық. Аталған өлеңде ақын қара, ақ түстерін (*Ақ өлең, қара ұйқы*), күн, нұр, от («*самайдың тұсынан аққан күн*», «*маңдайдан нұр тарату*») сөздерін көзіміз шалады. Бұл келтірген мысалдар адамның сенсорлық қабылдауы арқылы сезінетін күй. Грек елінің ұлы философы Аристотель жан мен тәннің бірлігі хақында: «Меніңше адам жанының барлық құбылысы тәнмен байланысты: наразылық, момындық, үрей, қайғыға ортақтасу, ерлік, қуаныш махаббат пен жек көру сезімдерін дене де бастан кешіреді», - деп пайымдады [3].

Т. Рахымжановтың пікірінше, «Шынтуайттан келгенде, көркем шығармадағы психологиялық талдаудың тәсілдері мен құралдары өте көп. Солардың бірі – ішкі монолог. Осы орайда: «Үлкен реалистік әдебиетте, - дейді Т. Мотылева, - ішкі сөздің алогизмі кейіпкердің ішкі психикасын толыққанды етіп берудің құралы» [4, 11-б.]. Зерттеуші Т. Рахымжанов көркем шығармадағы психологизмді табиғат пейзажының мезгілдік, мекендік қызметін айта отырып, оны кейіпкерлердің ішкі жан сезімімен қайғы-қасіретімен, жан толқынысымен диалектикалық бірлікте қарастырады. Сондай-ақ шығармадағы психологиялық талдау құралына пейзаждың психологиялық, лирикалық, символикалық, объективті-заттық түрлерін де жатқызады. Табиғат көріністері мезгілдің, мекеннің, уақыттың міндетін атқарумен қатар, қаһарманның табиғат пейзажымен ара қатынасын, көңіл күй әуендерін де аңғартады. Сондықтан халықтың ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінен жалғасып келе жатқан психологиялық параллелизм күрделене келе, кейіпкер психологиясынан мол хабар береді [4, 65-б.]. Ғалым-сыншы Ш. Елеуқенов «Адамның ішкі

сырын ойлап білген» деген мақаласында: «Психологиялық талдау өнері толысқан шығармада характер өздігінен дамиды сияқты. Жерге себілген дәннің алдымен өркенге, одан өсімдікке, енді бірде дәнге толы сабаққа айналғанын биологтар зерттейді десек, белгілі бір қалыпта жүрекке түскен сезімнің әрекетке айналуын, не ұлғая келе, басқа бір саналы сезімге айналуын жазушы зерттейді. Сөйтіп, психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзіне ғана емес, негізінен, оның бір күйден сан күйге ауысып дамыған диалектикалық процесін суреттейді», - дейді. Сол себептен де ақынның терең психологиялық сезіммен жазылған өлеңдерін психологизмдік тұрғыда қалай көрініс тапқанын анықтау өте өзекті. Жан әлемінің түкпірін аралап, шығармада қандай детальдар арқылы табуға болатынын, қандай табиғи құбылыспен нендей сезімді ассоциациялап тұрғаны психологизмнің негізін анықтауға жол ашады.

Белгілі теоретик ғалым Л.С. Выготскийдің пайымдағанындай, шығарма мазмұнын өз ой-санаңнан, жан дүниенен өткізіп, терең сезінбей, оны түсініп-білу, яғни өнерді психологиясыз тану екіталай» [5, 101-б.], дейтіндей поэзияның өн бойына ену үшін де оқырманның да психологиялық тереңдікте тани алу қажет саналады.

А. Буров: «Белгілі бір табиғи жағдайларға орай адам сезімі, қуаныш-сүйініші, көңіл-күйі көрінетіндіктен, ол нағыз пейзаж қашан да әсерлі болуға тиіс», - деп есептейді [6]. Демек, пейзаж арқылы ақынның көңіл-күйін, күйінішін, күрсінісін, сағынышын, қабылдауын салыстырып қарауға болады. Психологиялық параллелизм арқылы поэзияда кездесетін қыс мезгілін қатігездік, қартаю, жабырқау, суық қабатқа баласақ, жаз мезгілін жастық шаққа, жалындап жарқырауға, жылы қабатқа, ақ көңілдікке теңеп қарауға негіз бар. Сондай-ақ күз мезгілін сары уайымға салыну, сарғайып күту, көңіл қалу, т.б. секілді сезімдермен де салыстыра қарауға болады. Белгілі ғалым А. Таңжарықова табиғи құбылыстардың өзі көркемөнерде көрініс тауып, адамның психологиялық жағдайын танытады деген пікір білдіреді. «Осы табиғаттың өзі. Көркемөнерсіз-ақ ол адам көңіл-күйінің қуаныш-қайғы сияқты әр қилы жағдайымен ұқсас қызық бір мінездер байқатуы ғажап емес. Адам әдетте өз мұңы, өз қуанышымен үндес табиғаттың осындай әр түрлі ғажапты көріністерінен қуат алады» [7, 220-б.].

М. Әуезов: «Нәзік келген көңіл жайын, ой толқыны, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Мұндай болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ. Сол себепті күнделікті құлаққа сіңген тозыңқы сөзден жазушының қаша сөйлейтіні болады. Әдейі өзінің тілін тақ-тақ тіл етпей, шеберлік, көрік іздегісі келеді. Кенеулі ойды да көрікті, әсерлі етіп айтпаққа талпынады. Көркем әдебиеттің тілінде, поэзиялық лексикада қасиет болса, ол осы беттен табылады» [8], - дейтін ойы поэзиядағы психологиялық аспектілердің де мәнін аша түседі.

Б. Майтанов: «Поэзия арқылы көрініс табатын адам психологиясындағы шындық қоғамға тән таңбалық маңызды бейнелеуге тиіс. Әлеуметтік ортаның белгілі бір құрамы осы тұрғыда ойланса, оны бекерге шығару қате». Ғалымның поэзиядағы психологизмге қатысты «психологиялық сыңарластық» деген ұғымын білдіреді. Т. Әбдікәкімовтің «Ақпан прозасы» өлеңін талдап, келесідей көзқарасын білдірген: «Өлеңнің аты да өмірдің қатігездігімен сабақтас. Пішіндік тұрғыда өзгерістер жол, буын саны, интонациядағы шұғыл қайырымдар, әр қалыпты дауыс жіктерінен аңғарылады. Тұтас мәтін жүйесінде әдеттегі психологиялық сыңарластық теориясына толықтыру енгізілетіндей. Өйткені көңіл-күй сәйкестігі бір немесе екі жол аралатып үндесетін емес» [9, 311-б.]. Яғни атап өткен өлеңде психологизмді танытатын психологиялық сыңарластық ұғымын байқай аламыз. Өлеңдегі қыстың көрінісін «*Күміс тонды ақпан*» деген теңеумен беріп, адамның һәм бүтін бір ұлт тағдырының құрсауда тұрғанын, «*ақ тырнақты аязға ілігуін*» психологиялық тұрғыда сыңарластырып тұрғанын аңғара аламыз.

Белгілі теоретик ғалым Бюхнердің пікірінше, бұл әрекет негізінен сезім мен тілек арасындағы аралық байланыстарды құрудан тұрады. Сонымен қатар барлық ақыл-ой әрекеті жиі қайталанатын және бірте-бірте күшейетін сезімдерден немесе сыртқы әлемнен жүйке арқылы алынған әсерлерден біртіндеп дамиды. Сыртқы әсердің әсерінен туындайтын идеяларды ойлау немесе белгілі бір өзара байланысқа келтіру органы – бұл нақты ми. Бұл жағдайда идеялар ми қыртысының жасушаларын байланыстыратын талшықтар немесе өткізгіш органдар арқылы бір-бірімен байланысады. Бауырсыз өт болмайтыны сияқты, мисыз ой да болмайды. Психикалық белсенділік – ми затының қызметі. Бұл сансыз фактілермен расталған қарапайым ғана шындық [10].

Қабылдау. Канттың ойынша заттарды қабылдау сезімдердің әртүрлі сыртқы берілген материалды белгілі бір жолмен байланыстыратын ақыл-ой әрекетімен анықталады. Сонмен қатар кез келген түйсікпен берілген ұқас сезімдер есте қалады және осы арқылы қазіргі түйсік өзінің ерекше сезімдік сапасымен танылады.

Әсер. Шеллингтің сараптауынша, сыртқы заттар жанға жұмсақ балауыздағы мөр сияқты әсер етеді, оған өз бейнелерін басып, азды-көпті ұзақ есте сақталады.

Әсер әртүрлі тербелмелі қозғалыстар түрінде миға берілетін, мидың бір немесе бірнеше бөлігінде молекулалық қозғалыстарды тудыратын сезім нервтерінің тітіркенуін тудырады. Егер бұл нейро-ми процесі белгілі бір күшке жетсе, ол санада сәйкес сезімдер мен қабылдауларды тудырады, одан кейін олар одан әрі танымдық және психикалық процестер үшін ақпараттарға айналады. Осылайша, әсер ету деп түсінілген нәрсе екі ерекше фактіге бөлінеді: объективті-физиологиялық жүйке тітіркенуі және субъективті-психологиялық [10].

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Тыныштықбек Әбдікәкімовтің «Ақшам хаттары» жинағындағы өлең жолдарынан қаламгердің психологиялық күйін байқамау мүмкін емес. Өлеңдердің ден бойынан ақынның өткенді аңсауын, күрсінісін, күйінішін, мұңын, аңсаған арманын аңдауға болады. Аталған жинаққа енген «Төбеңдегі аппақ аспан кебіндей» өлеңінде лирикалық қаһарманның бойынан қорқыныш, «алаңдаушылық», мазасыздық, назар аударту, түйсік деңгейінде ой түйю, «бейсаналы түрде ақыл-естен тану», көңілдің бірқалыпты тұрмауы, «күйініш», «түңілу» секілді психологиялық күйлердің бар екенін аңғаруға болады.

Төбеңдегі аппақ аспан кебіндей,
дертті отыңды өршітті!..

Тірлігіңнің бәрі – бекер, тегінде,
Түгің де жоқ меншікті [11, 62-б.].

Нанбайсың ба?

Ындын әлі-ақ сенделтер,

Неменеңе күлесің?...

Қағынулы кара тәнің – ол да ертең –
– кара жердің үлесі [11, 63-б.].

Түңілу – өмірдің өткінші екенін, сағымдай бұлдыраған арманның қол созым жерде тұрса да орындалмайтынын ойлап өмірден баз кешу, тіршіліктің уақытша екенін мойындау, ақынның айтуынша, «төбедегі ақ аспанның өзінің ақ кебінің айналуы». Лирикалық қаһарманның «Мен» күйінің жоғалуын «қағынулы кара тәнің түбінде кара жердің меншігіне айналуымен» салыстыра қарастырсақ болады. Демек, лирикалық кейіпкердің психологиясында түңілу, өмірден баз кешу, өзіндік «менін» жоғалтуын, жарқын болашақтан күдер үзу секілді сезімдерін байқауға болады.

Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов «Боран алдында» өлеңінде лирикалық қаһарманның алда болатын бір қиындықты («боран») сезінуін байқаймыз. Өлеңде «психологиялық сыңарластықтың» үлгісі байқалады. Табиғаттағы хал-ахуалдың адам көңілімен сыңарласқан сәттері «талдың жалаңаштануы» - адамның азуы, «желдің сол қапталдан» соғуы – сол

кезеңдегі солақай саясаттың көрінісі, «Жалықты ғой бала да сырғанаудан» - қайта ақпан келе қалса сырғанап беретін бала жоқ, яғни аумалы-төкпелі күйде жүрген халықтың сырғымалы өмір тұрмысынан шаршағанын, бірқалыпты тіршілікті аңсайтын сезімді аңғарамыз.

«Қой – ашқарақ, төл – тоңғақ, жусан – өлі,
Тал – жалаңаш, бұлт – үркек, жел – солақай.
Бәлкім, қайта билігін құрмақ Ақпан?!
Самооценивание и саморефлексия студентов (на примере эссе).

Преподаватель отбирает три или пять лучших выполненных письменных работ студентов и раздает копии этих работ среди всех студентов, которые выполнили свои работы менее успешно. Далее студенты осуществляют проверку своих эссе в группах, сверяя их с копиями лучших работ. Данная работа проходит в форме обсуждения, при котором студенты пытаются понять, почему работы выполнены успешно и каким образом можно улучшить собственные работы. Затем студенты дорабатывают свои работы и снова сдают их на проверку. Данная стратегия помогает студентам не только лучше понять изучаемый лексический материал, глубже раскрыть содержание темы, улучшить навыки написания эссе и повысить академические показатели, но также взять дополнительную ответственность за свое обучение. Применение скаффолдинга через саморефлексию и самооценивание существенным образом снижает нагрузку на преподавателя.

Листки обратной связи.

Преподаватель готовит обратную связь на выполненное задание на отдельных листах бумаги для каждого студента. Студенты рассаживаются в микрогруппы по четыре человека. Преподаватель раздает проверенные работы и листы обратной связи к ним в каждую микрогруппу по количеству человек так, чтобы каждый студент получил не свою работу, а своего одноклассника. Студенты сопоставляют обратную связь с работой. Это требует от студента ознакомиться с работой, проанализировать обратную связь на нее, подумать о том, что получилось в работе и на что следует обратить внимание, чтобы ее улучшить. Это помогает не только познакомиться с идеями другого студента, но также критически посмотреть на особенности работы, например, какие термины использовал студент, повторить структуру работы или другие элементы, изучаемые студентами по данной теме. Подобная практика с использованием скаффолдинга по листам обратной связи также мотивирует студентов усерднее готовиться, поскольку они будут знать, что их работу будут анализировать одноклассники.

*3. Скаффолдинг для развития критического мышления**Составление вопросов.*

В основе данной стратегии используются умения и навыки задавать вопросы студентами. Составление вопросов студентами является одним из первоначальных способов, где преподаватель применяет скаффолдинг для развития критического мышления. Прежде всего, преподавателю необходимо руководствоваться требованиями к разработке и формированию вопросов в качестве инструмента и тщательно проанализировать типы вопросов, которые он сам задает. Ключевой аспект при составлении вопросов заключается в том, что студенты, скорее всего, вспомнят детали из познавательного сложного вопроса, нежели, чем из простого. Нижеприведенные рекомендации по скаффолдингу через составление вопросов разработаны на основе исследований К.Натталл:

1) Язык, используемый при составлении вопросов к тексту не должен быть столь трудным, чем язык, используемый в тексте (например, вопрос не знакомит с новыми трудными словами или фразами).

2) Ответы к вопросам не должны требовать от обучающихся применения лексики, которую они еще не изучали.

3) Вопросы должны быть четкими (например, не могут быть истолкованы по-разному).

4) Не прочитав текст, невозможно будет ответить на вопросы.

5) Для каждого абзаца должно быть, по крайней мере, по одному вопросу.

6) Начинайте с общих вопросов и перейдите к более подробным вопросам.

7) Не задавайте вопросов о неважных подробностях.

8) Вопросы должны определить, понял ли обучающийся ключевые понятия или моменты в тексте.

К. Натталл распределил по категориям типы вопросов, которые можно задавать студентам [16]. Преподаватели могут воспользоваться следующим списком вопросов для того, чтобы оценить, какие типы вопросов им задать, и есть ли у них желание использовать дополнительные типы вопросов:

– вопросы для буквального понимания – информация, которая содержится в тексте (например, Что является следствием неудовлетворенного клиента?);

– вопросы для рассуждения – установить то, что подразумевалось, но не было указано в тексте (например, Какие гипотезы подтверждают данные результаты исследования?);

– вопросы для оценивания – делает вывод о чем-то в тексте, затем разъясняет причину (например, Профессия не всегда определяет судьбу человека, так как в течение жизни человек радикально может поменять род своей деятельности;

– вопросы для личной реакции – использует текст в качестве отправной точки, но выражает личное мнение (Как бы вы повели себя в этой ситуации?).

Например, скаффолдинг для развития критического мышления:

– составление схемы анализа, например, диаграммы с различными категориями (точки зрения различных заинтересованных сторон, таких как отечественный или международный туризм, туристские агентства, туристское обслуживание, индустрия отдыха и развлечений);

– предоставление списка наиболее распространенных лексических ошибок с приведением примеров, попросив обучающихся проанализировать собственную цепочку рассуждений относительно этих распространенных ошибок.

4. Отдельные стратегии скаффолдинга в зависимости от педагогической задачи

Скаффолдинг является не просто инструментом для оказания помощи обучающимся при выполнении разрозненных заданий, он также направлен на формирование различных компетенций. Более того, скаффолдинг используется не для того, чтобы облегчить процесс обучения. Напротив, он используется для создания более сложных условий обучения – такой среды обучения, когда студенты не в силах выполнить предметные задания, имеющие отношение к реальной жизни без скаффолдинга. Дифференцированный подход преподавателя к выбору стратегии скаффолдинга в зависимости от педагогической задачи помогает преподавателю выстроить процесс обучения с ориентиром на образовательные потребности каждого студента, с учетом их специальностей, что помогает мотивировать обучение у студентов и развивать у самих студентов интерес к обучению. Он помогает студентам взаимодействовать с другими и обучаться, также использование скаффолдинга снижает уровень тревожности студентов и показывает им, как прогрессировать дальше.

5. Скаффолдинг предметного содержания:

–разбивка трудных заданий на части, чтобы обучающимся было легче работать над ними;

–раздача предварительных органайзеров (к примеру, изображение ключевого понятия, которое будет изучено, в виде схемы).

б. Скаффолдинг для одновременной поддержки предметного содержания, критического мышления, языковых навыков и навыков обучения:

–приведение примеров отличной, средней и слабой письменной работы или презентации. Обучающиеся анализируют их, чтобы определить критерии качества работ.

Скаффолдинг для воздействия на управления чувствами, а также развития навыков обучения:

–использование вместо стандартного слова «Молодец!» мотивирующие предложения, например: «Вы показали хороший результат. Ваш результат соответствует установленным критериям. Расскажите, пожалуйста, остальным студентам, как Вы смогли достичь такого результата».

Скаффолдинг для пробуждения интереса и повышения значимости обучения:

–объяснение студентам о роли изучаемого языка, о дальнейшем его использовании в жизни;

–указание студентом на стикере одного термина, характеристика которого отражает некоторые аспекты определенного фрагмента работы текста. Студент приклеивает стикер на рукав и ходят в группе, объясняя одноклассникам свой выбор, после этого слушает объяснения других. Это же задание можно выполнять и на других дисциплинах.

Заключение

Таким образом, для формирования навыков обучения языку важно дать студентам учебные материалы в рамках предметно-языкового интегрированного обучения, включающие в себя задания по теоретической части, для закрепления различные практические задания, СРС, групповые, индивидуальные и проектные работы с использованием обратной связи. Интерес и мотивация студента также способствуют автоматизированному освоению навыков обучения языку. Когда навык у студента сформирован, то он сможет выполнять различные по сложности задач задания на практике и в реальной жизни, коммуницировать на изучаемом языке специальности, поскольку в дальнейшем языковые навыки, которыми необходимо обладать студенту-будущему специалисту в сфере своих специальностей, непосредственно взаимосвязаны с содержанием самой специализации.

Важно отметить, навыки изучения языка и самостоятельная работа обучающегося взаимодействуют в достижении языковых учебных целей. Поскольку обучение предметному содержанию и языку являются взаимозависимыми, должное изучение языка должно привести к углубленному изучению предметного содержания. Это происходит так, потому что точное использование языка является доступным в объяснении, работе над понятиями содержания и их полном понимании. Не менее важно, что точное, так же как и неточное использование языка могут выявить заблуждения, связанные с пониманием обучающихся исследуемых понятий содержания. Навыки изучения языка лучше развиваются во время работы над заданием с предметным содержанием. Это помогает обучающимся сразу испытать, как навыки изучения языка могут помочь им изучить предметное содержание и повысить их эффективность по содержанию предмета; выявить и ясно обучить стратегиям изучения языка в контексте изучения нового содержания; позволить обучающимся попрактиковаться с хорошо структурированными возможностями, используя стратегии изучения языка, и одновременно выполнять задания предметного занятия; показать обучающимся, какие стратегии изучения языка они могли бы использовать для эффективного достижения каких-либо учебных целей и предоставить им возможность испытать, как данная стратегия изучения языка может улучшить обучение; поддержать

обучающихся над размышлениями о том, как навыки обучения языку поспособствовали им в изучении предметного содержания или как их отсутствие препятствовало обучению.

Результаты применения описанных стратегий и рекомендаций к ним показали, что скаффолдинг позволяет:

1. Развить у студентов навыки самостоятельной деятельности, включая навыки обучения языку и непосредственно сами языковые навыки.

2. Расширить возможности работы с текстами разного уровня сложности, а также видов работ (эссе, академические тексты), с которыми студенты столкнутся в будущем в своей профессии, связанной с их специальностями.

3. Мотивировать самообучение и обучение через формативное оценивание.

4. Улучшать свои академические показатели посредством рефлексии и саморефлексии над собственным прогрессом обучения.

5. Развивать навыки мышления высокого порядка, критического мышления – анализировать, синтезировать и противопоставлять точки зрения, мнения, ситуации и события.

6. Рефлексировать над собственным обучением, работать с барьерами перед освоением сложного содержания на Я2 (русском языке).

7. Оказывать долгосрочный эффект, положительно влияя на последующее освоение и усвоение языкового материала через изучение предметного содержания или наоборот.

Результаты вышеперечисленных стратегий скаффолдинга дают возможности для повышения мотивации студентов, улучшения навыков изучения обучаемого языка, достижения целей изучения языка, умения использования своих знаний в области своей специальности, развития критического и дивергентного мышлений, а также расширения и углубления собственных знаний для достижения профессиональных компетенций на изучаемом языке.

REFERENCES

1. Mehisto P., Marsh D., Jesus M. Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. – Oxford: Macmillan Education, 2008. – 238 p.
2. Ball P., Clegg J., Kelly K. Putting CLIL into practice Oxford University Press. – Oxford, 2015. – 320 p.
3. Marsh D. The relevance and potential of content and language integrated learning (CLIL) for achieving MT+2 in Europe. The consultancy report Content and Language Integrated Learning: The European Dimension - Actions, Trends and Foresight Potential was submitted to the European Commission DG EAC in September 2002. [Электронный ресурс]. URL: <http://userpage.fu-berlin.de/elc/bulletin/9/en/marsh.html> (date of access 15.11.2023)
4. Wood D., Bruner Jerome S., Ross G. The role of tutoring in problem-solving // Journal of Child Psychology and Psychiatry. – 1976. – №17(2). – P. 89–100. <https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.1976.tb00381.x>.
5. Gibbons P. Scaffolding Language, Scaffolding Learning. Teaching English Language Learners in the Mainstream Classroom. – New Hampshire: Heinemann, 2015. – 260 p.
6. Van Lier L. The Ecology and Semiotics of Language Learning. A Sociocultural Perspective. – Boston, MA: Kluwer Academic, 2004. – 249 p.
7. Mahan K. The comprehending teacher: scaffolding in content and language integrated learning (CLIL) // The Language Learning Journal. – 2022. – №50(1). – P. 74–88. <https://doi.org/10.1080/09571736.2019.1705879>
8. Dubskih A.I. Predmetno-iazykovoe integrirovannoe obuchenie inostrannomu iazyku studentov neiazykovykh napravleniy: preimushestva i problemy vnedrenia [Subject-language integrated foreign language teaching for students of non-linguistic areas: advantages and problems of implementation] // Aktualnye voprosy sovremennoi filologii i zhurnalistiki. – 2020. – №4(39). – S. 44–50. [in Russian]

9. Dweck C.S. Mindset: The New Psychology of Success. – New York: Ballantine Books, 2007. – 320 p.
10. Oxford R. Language strategies – What Every Teacher Should Know. – Boston: Heinle & Heinle, 1990. – 249 p.
11. Veenman M.V.J., Prins F.J., Elshout J.J. Initial inductive learning in a complex computer-simulated environment: the role of metacognitive skills and intellectual ability // Computers in Human Behavior. – 2002. – Vol. 18. – №3. – P. 327–342.
12. Hattie J. Visible learning for teachers. – London: Routledge, 2012. – 269 p.
13. Legenhausen L. Autonomous Language Learning. // In: K. Knapp, B. Seidlhofer (eds) Handbook of Foreign Language Communication and Learning. – London: Mouton de Gruyter, 2009. – P. 373–400.
14. Knouzi I., Swain M., Lapkin S., Brooks L. Self-scaffolding mediated by languaging: micro genetic analysis of high and low performers // International Journal of Applied Linguistics. – 2010. – №20 (1). – P. 23–49.
15. Wiliam D. Embedded Formative Assessment. – Bloomington, IN: Solution Tree Press, 2011. – 189 p.
16. Nuttall C. Teaching reading skills in a foreign language. – Oxford [England]; Chicago: Heinemann English Language Teaching, 1996. – 282 p.

ӘОЖ 81-13; 81-42; МҒТАР 16.21.21

<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.169>М.Д. ТАЛДЫБАЕВА¹ , КЕНАН КОЧ² , Д.О. АЙТЕНОВА³ ¹PhD, Қожас Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: marzhan.taldybayeva@ayu.edu.kz²доктор, профессор

Мугла Сыткы Кочман университеті

(Түркия, Мугла қ.), e-mail: kenankoc2030@hotmail.com

³PhD, Шымкент университетінің аға оқытушысы

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: daytenova@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ОРФОГРАФИЯСЫН МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындарында қазақ тілі орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігі мен қолданудың мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Жазба тіл – халықтың дүниетанымының куәсі, мәңгілік құнын жоғалтпайтын рухани мұрасы, сонымен қатар өркениеттіліктің белгісі болып саналады. Жазу сауаттылығы мәселесі – адамзаттық өркениеттің, мемлекеттіліктің мәселесі. Бүгінгі күні жас ұрпақтың жазу сауаттылығына, орфографиялық нормалары мен емле ережелеріне баса көңіл бөлудің өзектілігі мен қажеттілігі артып отыр. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, олардың жазба мәдениетін қалыптастыру – қоғамның қарқынды дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан, қазақ тілінің орфографиясын оқытуда заманауи әдістерді қолдану, оның ішінде модельдеу әдісін пайдалану, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға зор ықпал етеді. Модельдеу әдісі – студенттердің орфографиялық нормаларды терең әрі жүйелі түсінуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ практикалық дағдыларын дамытуға ықпал ететін заманауи педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Эксперимент барысында жоғары мектеп сатысында оқытылатын фонетика мен орфографияға қатысты тілдік нысандар бойынша дамытылатын, соның ішінде, студенттердің жазылым мәдениетіне қатысты орфографиялық нормаларды игеру деңгейлері мен оларды модельдеп меңгерудің маңызы айқындалды. Эксперимент кезінде білім алушылардың қазақ тілінің орфографиялық нормалары бойынша меңгеретін білім деңгейлерін арттыру модельдеу білігімен сабақтастықта жүргізілді. Мақалада бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалды. Нәтижесінде мақала қазақ тілін оқытудағы жаңа әдістемелік шешімдердің тиімділігін арттыруға және студенттердің тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған кешенді көзқарасты ұсынады.

Кілт сөздер: қазақ тілінің орфографиясы, модельдеу, модельдеу әдісі, орфографиялық норма, тиімділік, қолдану мүмкіндіктері.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Талдыбаева М.Д., Коч Кенан, Айтенова Д.О. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 349–359. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.169>

*Cite us correctly:

Taldybaeva M.D., Koch Kenan, Aitenova D.O. Jogary oqu oryndarynda qazaq tili orfografiyasyn modeldeu adisi arqyly oqytudyn tiimdiligi men qoldanu mumkindigi [The Effectiveness and Possibility of Using the Teaching of Spelling of the Kazakh Language in Universities by Modeling] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 349–359. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.169>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.10.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

M.D. Taldybaeva¹, Kenan Koch², D.O. Aitenova³

¹PhD, Senior Lecturer of Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: marzhan.taldybayeva@ayu.edu.kz

²Doctor, Professor, Mugla Sitki Kochman University
(Turkish, Mugla), e-mail: kenankoc2030@hotmail.com

³PhD, Senior Lecturer of Shymkent University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: daytenova@mail.ru

The Effectiveness and Possibility of Using the Teaching of Spelling of the Kazakh Language in Universities by Modeling

Abstract. The article comprehensively examines the effectiveness and potential applications of teaching Kazakh spelling in higher education institutions through the modeling method. Written language serves as a testament to a nation's worldview, a spiritual heritage of enduring value, and a symbol of civilization. The issue of writing literacy is fundamentally linked to human civilization and statehood. Today, the necessity and relevance of focusing on the writing literacy, orthographic norms, and spelling rules of the younger generation are increasing. Developing students' linguistic skills and fostering their writing culture in higher education institutions is a crucial component of society's dynamic progress. Therefore, the integration of modern methods in teaching Kazakh spelling, particularly the use of the modeling method, has a significant impact on enhancing the effectiveness of the educational process. The modeling method is regarded as a modern pedagogical approach that ensures a deep and systematic understanding of orthographic norms while also fostering the development of practical skills. During the experiment, the significance of modeling orthographic norms in relation to linguistic units studied at the higher education level, particularly those related to phonetics and orthography, was identified. Additionally, the experiment determined how modeling techniques contribute to improving students' spelling proficiency and writing culture. The enhancement of students' knowledge of Kazakh spelling norms was conducted in continuity with the development of modeling skills. The article presents a quantitative and qualitative analysis of the results of the control and formative experiments. As a result, the study offers a comprehensive approach aimed at increasing the effectiveness of new methodological solutions in teaching the Kazakh language and improving students' linguistic skills.

Keywords: spelling of the Kazakh language, modeling, modeling method, spelling norm, efficiency, application possibilities.

М.Д. Талдыбаева¹, Кенан Коч², Д.О. Айтенова³

¹PhD, старший преподаватель
Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: marzhan.taldybayeva@ayu.edu.kz

²доктор, профессор, Университет Муғлы Сьтқи Кочмана
(Турция, г. Муғла), e-mail: kenankoc2030@hotmail.com

³PhD, старший преподаватель Шымкентского университета
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: daytenova@mail.ru

Эффективность и возможность применения обучения орфографии казахского языка в вузах методом моделирования

Аннотация. В статье подробно рассматриваются возможности использования и эффективность обучения орфографии казахского языка в вузах методом моделирования. Письменность является свидетельством мировоззрения народа, духовным наследием, которое не теряет своей вечной ценности, а также считается символом цивилизованности.

Проблема грамотности письма - проблема человеческой цивилизации, государственности. На сегодняшний день возрастает актуальность и необходимость акцентирования внимания молодого поколения на письменной грамотности, орфографических нормах и правилах правописания. Развитие языковых навыков обучающихся в вузах, формирование у них письменной культуры – важная составляющая динамичного развития общества. Поэтому применение современных методов в обучении орфографии казахского языка, в том числе метод моделирования, оказывает большое влияние на повышение эффективности образовательного процесса. Метод моделирования рассматривается как современный педагогический подход, обеспечивающий глубокое и систематическое понимание учащимися орфографических норм, а также способствующий развитию практических навыков. В ходе эксперимента были определены уровни усвоения орфографических норм и значение их моделирования по языковым формам, касающимся фонетики и орфографии, изучаемых на этапе высшей школы, в том числе в отношении культуры письма учащихся. Повышение уровня знаний обучающихся по орфографическим нормам казахского языка в ходе эксперимента проводилось в преемственности с умением моделировать. В статье проведены количественный и качественный анализы результатов контрольных и формирующих экспериментов. В результате, статья предлагает комплексный подход, направленный на повышение эффективности новых методических решений в обучении казахскому языку и совершенствовании языковых навыков студентов.

Ключевые слова: орфография казахского языка, моделирование, метод моделирования, орфографическая норма, эффективность, возможности применения.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізі – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту мен оны білім беру жүйесінде тиімді пайдалану. Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында қазақ тілінің маңыздылығы артты, себебі мемлекеттік тілді меңгеру – студенттердің кәсіби біліктілігін арттырудың маңызды шарттарының бірі. Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарында қазақ тілінің орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігін анықтау. Модельдеу әдісі – білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық тәсіл. Оқу үдерісінде модельдеу әдісін қолдану арқылы студенттер қазақ тілінің жазба нормаларын тереңірек меңгере алады, оларды практикада қолдану дағдыларын жетілдіреді. Қазіргі заманда қазақ тілін оқыту әдістемесі үнемі жаңарып, жетіліп келеді. Бұл үдерісте қазақ тілінің орфографиясын дұрыс меңгеру маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі орфографиясын тиімді оқыту жолдарының бірі – модельдеу әдісін қолдану. Бұл әдіс білім алушылардың орфографиялық ережелерді терең түсінуіне, оларды практикада дұрыс қолдана алуына үлкен көмек көрсетеді. Қазақ тілі орфографиясын модельдеп оқыту бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа сай болашақ тіл мұғалімдерінің міндетті түрде меңгеріп шығуы тиіс білімі мен білігінің дамуында маңызды рөл атқарады. Себебі, модельдеп оқыту білім алушының ойлау, пікір айту, пайымдау қабілеттері мен эстетикалық сезімін өзара бірлікте дамытуға жол ашады [1, 13-б.]. Білім алушыға қазақ тілі орфографиясын модельдеп меңгертуде ұлттық әліпби, емле, орфограмма, грамматология мәселелері өзара сабақтастықта бірізділікпен оқытылуы тиіс. Сонда ғана болашақ тіл мұғалімдерінің білімі мен біліктілігі заман талабына сай қалыптастырылатын болады.

Модельдеу әдісі – белгілі бір үдерісті немесе құбылысты қарапайым немесе көрнекі модельдер арқылы түсіндіру тәсілі. Бұл әдіс арқылы орфография ережелерін түсіндіру білім алушыларға күрделі теориялық мәліметтерді жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, сөздердің дұрыс жазылуын және ережелердің жүйелілігін арнайы сызбалар, диаграммалар

немесе визуалды модельдер арқылы көрсету олардың оқудағы түсінігін арттырады.

В.П. Беспалько педагогикадағы модельдеудің айқындық, бұқаралылық, нәтижелілік, дискреттілік сияқты қасиеттеріне арнайы тоқталады [2, 36-б.].

Модельдеу әдісінің жоғары оқу орындарында орфографияны оқытудағы бірнеше артықшылығы бар:

1. Көрнекілік. Теориялық мәліметтерді көрнекі түрде ұсыну студенттердің ақпаратты тез меңгеруіне көмектеседі. Оқу материалдары визуалды түрде ұсынылғанда, ақпарат есте жақсы сақталады.

2. Абстракциялық ойлау. Модельдер арқылы берілген ақпарат студенттердің абстракциялық ойлау қабілетін дамытады, бұл әсіресе тіл ережелерін меңгеруде маңызды.

3. Талдау және синтездеу. Модельдеу әдісі арқылы студенттер орфографияның жалпы заңдылықтарын талдап, оны синтездеу арқылы нақты ережелерге қолдана алады.

4. Практикалық қолданыс: Модельдеу әдісін қолдана отырып, студенттер тек ережелерді жаттап қана қоймай, оларды жазба жұмыстарында қолдана алады. Бұл, әсіресе, орфографиялық қателерді болдырмауға және жазу дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді [3, 45-б.].

Қазақ тіл білімінде орфографияны меңгерудің әдістемесі жіті дами қоймаған, әлі де зерттеуді қажет ететін лингвопедагогикалық үрдіс. Дегенмен, бүгінгі күні бастауыш сыныптан бастап, яғни жазуды үйрету кезеңінен бастап орфография заңдылықтары ескерілуі тиіс екені сезіліп отыр [4, 62-б.]. Кіріспе бөлімінде қазақ тілінің орфографиясын оқытудағы заманауи әдіс-тәсілдердің қажеттілігі мен олардың тиімділігін көрсету мақсатында әдебиетке шолу жүргізілді. Зерттеудің практикалық бөлігінде студенттердің орфографиялық сауаттылығын арттыру үшін модельдеу әдісінің қолданылу мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы тілдік пәндерді оқыту сапасын арттыруға, студенттердің тілдік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Білім алушыларға қазақ тілінің орфографиясын модельдеп меңгерту үшін олардың ойлау операцияларын қолдана алу, өзара пікір алмасу, пікір таластыру дағдыларын шыңдайтын материалдар мол қамтылды. Студенттердің креативті ойлау мәдениетін табиғи жағдайлар тудыра отырып қалыптастырудың ең шешуші жолы ретінде ұжымдық, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше мән берілді. Мұнда, ең алдымен, сабақ барысында студенттердің өздігінен әрекет ету, бірлесіп шешім іздеу дағдыларын дамытуға мән берілді. Сонымен қатар қазақ тілінің табиғатына сай студенттердің ой жинақтау, талдау, жүйелеу және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруде де осы топтық жұмыстардың үлес салмағының зор екендігі айқындалды. Әсіресе, жұптық, топтық жұмыстардың студенттердің өмірлік дағдыларына іргетас қалайтын тілдік, танымдық, тәрбиелік тұрғыдағы мынадай іскерліктердің кешенді меңгерілуіне мүмкіндік беретіні анықталды.

Зерттеу әдістері мен материалдарды таңдауда қазіргі білім беру әдістемесіне, сонымен қатар қазақ тілінің орфографиясын оқытудағы ерекшеліктерге назар аударылды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін тиімді әдістер мен құралдар қолданылды. Зерттеудің бірінші кезеңінде қазақ тілінің орфографиясына қатысты ғылыми әдебиеттер, методологиялық материалдар мен нормативтік құжаттар талданды. Бұл кезеңде тіл білімі, педагогика, психология салаларындағы зерттеулер қарастырылды, яғни орфографияны оқытудағы әдістемелік тәсілдер мен принциптерді анықтауға көмектесті.

Модельдеу – оқу үдерісінде нақты тілдік құбылыстарды көрсету мен талдаудың тиімді әдісі. Бұл әдіс арқылы студенттер қазақ тілінің орфографиялық ережелерін көрнекі түрде меңгеріп, олардың қолдану жағдайларын тәжірибеде байқайды. Модельдеу барысында интербелседі құралдар, визуализация және рөлдік ойындар қолданылды.

Білім алушылардың қазақ тіліндегі орфографиялық сауаттылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижелері студенттердің тілдік дағдылары мен олардың модельдеу әдісіне деген көзқарастарын айқындауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, профессор-оқытушылармен сұхбат жүргізіліп, олардың қазақ тілі сабақтарында орфографияны оқытудағы тәжірибелері мен пікірлері жинақталды.

Оқыту үдерісінде қазақ тілінің грамматикасы мен орфографиясына арналған оқу құралдары, жаттығулар мен тапсырмалар жинағы пайдаланылды. Студенттердің дағдыларын дамыту үшін арнайы әзірленген жұмыс дәптері мен тест тапсырмалары қолданылды. Зерттеу барысында мультимедиялық материалдар (бейнежазбалар, анимациялар, презентациялар) және онлайн платформалар (мысалы, Kahoot, Quizlet) пайдаланылды. Бұл құралдар студенттердің қызығушылығын арттыруға және оқу материалын терең меңгеруге ықпал етті. Студенттердің оқу мотивациясын және тілге деген қарым-қатынасын зерттеу үшін психологиялық тестер қолданылды. Бұл тестердің нәтижелері студенттердің модельдеу әдісіне деген қабылдауын анықтауға көмектесті. Зерттеу әдістері мен материалдарды тиімді үйлестіре отырып, қазақ тілінің орфографиясын оқытудағы модельдеу әдісінің тиімділігі мен қолдану мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде студенттердің орфографиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен әдістер ұсынылды.

Талдау мен нәтижелер

Зерттеудің бұл бөлімінде жоғары оқу орындарында қазақ тілінің орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігіне жүргізілген талдау және алынған нәтижелер баяндалады. Зерттеу барысында жиналған мәліметтер студенттердің орфографиялық сауаттылығын арттыруға ықпал ететін факторларды және модельдеу әдісінің практикалық маңыздылығын көрсетуге бағытталған. Модельдеу әдісі аясында студенттерге практикалық тапсырмалар, рөлдік ойындар және топтық жұмыстар ұсынылды. Бұл әдіс арқылы студенттер қазақ тілінің орфографиялық ережелерін визуализациялап, өздерінің білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алды. Нәтижесінде студенттердің пәнге деген қызығушылығы артты, сабақтарда белсенділік көрсетіп, өзара пікір алмасу үдерісі жақсарды.

Қазақ тілі орфографиясын модельдеп оқыту бойынша жүргізілген эксперимент жұмыстары дәстүрлі жүйе бойынша үш кезеңге бөлініп өткізілді. Эксперименттің мақсаты әр кезеңнің талабы мен міндеттеріне сай қойылды. Бақылау экспериментінің мақсаты: бақылау тапсырмаларының көмегімен білім алушылардың қазақ тілінің орфографиялық нормалары мен орфограмма заңдылықтары туралы тілдік білімінің деңгейін айқындау; оны меңгерту үдерісі мен жетілдірудің жолдарын анықтау; модельдеп оқытудың ғылыми-әдістемелік басымдықтарын нақтылау; зерттеу тақырыбына байланысты қалыптастыру экспериментіне қойылатын оқу материалдарын жүйелеу мүмкіндіктерін саралау. Бірінші кезеңде қазақ тілі орфографиясын модельдеп оқытудың жолдарын анықтау, білім беру саласындағы жаңа талаптарға сай жоғары оқу орнында қазақ тілі орфографиясын оқытудың жайын және зерттеу жұмысындағы жетекші идеяларды жүзеге асырудың мүмкіндіктерін анықтау қолға алынды [5, 280-б.]. Эксперименттің бірінші сатысында педагог маман даярлайтын жоғары мектептерде қазақ тілі орфографиясының оқытылу жайын, ондағы дәстүрлі жүйе мен жаңа бағыттағы ізденістердің жүзеге асырылу деңгейін айқындау үшін студенттер арасында сауалнамалар жүргізілді, оқытушылар қолданып жүрген пән силлабустары мен оқулықтарға талдау жасалды. Бақылау экспериментінің келесі кезеңінде сауалнама арқылы орфографиялық нормаларды меңгеруге кедергі келтіретін факторларды анықтау мақсаты көзделді (1-сурет).

Сауалнама нәтижесінде орфографиялық норманың бұзылуына әкелетін мынадай факторлар анықталды:

- жастар арасындағы жазу мәдениетіне немқұрайлылықтың болуы;

- жазу сауаттылығын сақтауға қатысты жағымсыз көзқарастардың басымдығы;
- қоғамдағы жазбаша қатынастардың азаюы;
- БАҚ-ғы жазба мәдениетінің төмендігі;
- қоғамда қазақ тілінің таңба ауыстыруына байланысты әртүрлі пікірлердің көбеюі;
- жастардың ғаламтор құралдарында жазу сауаттылығына мән бермеуі және т.б.



1-сурет – Жазу сауаттылығына кері ықпал етіп отырған факторлардың көрсеткіші

Бақылау экспериментінің қорытындылары бойынша, ең алдымен, филология факультетінде оқитын студенттердің кәсіби маман ретінде жазбаша тіл сауаттылығын қалыптастыруға мән беру керектігі анықталды. Ол үшін қазақ тілінің орфограммалары мен жалпы жазбаша тіл сауаттылығы мен ауызша тіл мәдениетіне теңдей көңіл бөлу керектігі дәлелденді. Оған қоса филолог студенттердің ел сауаттылығына жауапты маман екенін ескеріп, қоғамдық ортада жазу жайына, ұлттық әліпбиге қатысты өзекті мәселелермен ұдайы таныстырып отыру қажеттілігі алға шығарылды [6, 145-б.]. Алдағы қалыптастырушы эксперимент барысында студенттердің тілдік сезгірлігі мен орфографиялық қырағылығын дамыта отырып, ана тілінің емлелік ережелерін сауатты, саналы игертудің жолдары сараланды.

Бақылау кезеңіндегі екінші міндет қазақ тілінің орфографиясын модельдеп меңгертудің бастау көздерін анықтау, білім беру саласындағы жаңа парадигмалар бойынша фонетика саласын оқытудың жайын айқындау болды.

Бұл кезеңде жоғары мектептерде қазақ тілі фонетикасының, оның ішінде орфографиялық нормалардың оқытылу жайын, ондағы студенттерді тіл заңдылықтарын модельдеп оқытудың жайын айқындау үшін оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізіліп, олардың тәжірибелері сараланды, жоғары мектептегі оқу бағдарламалары мен силлабустарға, оқулықтарына талдау жасалды [7, 328-б.].

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде зерттеу жұмысының негізіне алынатын қағидаттар, жетекші идеялар дәйектелді; студенттерге қазақ тілінің орфографиясын модельдеп меңгерту жүйесінің жобасы жасалып, ол қалыптастырушы эксперимент материалдары түрінде дайындалды; қазақ тілінің орфографиясын модельдеп оқытудың жоғары оқу орындарына арналған мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды; «Қазіргі қазақ

тілінің фонетикасы және орфографиялық практикум» атты электив пәннің силлабусы әзірленді. Оны оқытуға қойылатын талаптар анықталды, осы курс бойынша оқу-әдістемелік кешендер дайындалып, тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты – филолог-студенттердің білімі мен білігін қазақ тілі орфографиясын модельдеп оқытудың талаптарына сай жетілдірудің тиімді жолдарын сынақтан өткізіп, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыда дәйектеу [8, 140-б.]. Эксперимент арқылы дербес, жұптық, топтық жұмыстар осы аталған қабілеттерді өз дәрежесінде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Эксперимент нәтижелерін топтап, жинақтай келе жоғары мектепте оқытылатын қазақ тілінің фонетикасы, орфографиясы мен орфограммасы бойынша студенттердің білімі мен практикалық дағдыларының деңгейлері анықталды. Олар тілдік нысандар бойынша жүйеленіп отырды.

Эксперимент кезінде студенттердің теориялық білімдерімен қатар қатысымдық дағдыларын дамыту үшін ұсынылған жұмыстардың нәтижесінде мәтінмен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігі ерекше болды. Сондықтан студенттердің мәтінмен жұмыс арқылы жазу сауаттылығын меңгеруге қатысты деңгейлері мен игерген дағдылары жүйеленіп, топтастырылды. Оны төменде берілген кестелерден көруге болады (1–6-кестелер) [9, 87-б.].

1-кесте – Студенттердің фонетикалық ұғымдарды меңгеру және модельдеу дағдыларының көрсеткіштері

Топтары	Дұрыс айту	Дұрыс жазу	Ұғымдарды салыстыру	Ұғымдарды талапқа сай жіктеу	Ұғымдарды модельдеу
Бақылау топтары	31%	34%	32%	31%	38%
Эксперимент топтары	79%	81%	85%	95%	95%

2-кесте – Студенттердің орфографиялық нормаларды түсіну және оны дәйектеп жеткізе білу дағдыларының көрсеткіштері

Топтары	Норманың мәнін түсінуі	Норма бойынша жазу дағдылары	Орфографиялық нормалардың ерекшеліктерін таратып айта алуы	Орфографиялық нормаларды модельдеу дағдылары
Бақылау топтары	45%	44%	41%	41%
Эксперимент топтары	91%	92%	92%	90%

3-кесте – Студенттердің модельдеу арқылы өз сөзін жүйелі, түсінікті айта алу дағдыларының көрсеткіштері

Топтары	Ойын сызба түрінде рәсімдеуі	Рәсімделген сөзді жүйелі жеткізуі	Модель түріндегі ойды таратып түсіндіре алуы	Сызба бойынша мәтін құрап айта алуы
Бақылау топтары	15%	17%	13%	24%
Эксперимент топтары	70%	75%	79%	81%

4-кесте – Студенттердің фонетикалық принциптерді дәлелдеу, дәйектеу дағдыларының қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері

Топтары	Фонетикалық принципті түсінуі	Фонетикалық принцип бойынша сөздерді жіктей алуы	Фонетикалық принцип бойынша сөздерді модельдей алуы
Бақылау топтары	30%	11%	10%
Эксперимент топтары	85%	68%	74%

5-кесте – Оқу мотивациясы

Топтары	Жоғары	Орташа	Төмен
Модельдеу әдісі	80 %	15%	5%
Дәстүрлі әдіс	60%	30%	10%

6-кесте – Орфографиялық сауаттылық

Топтары	Жақсы	Қанағаттанарлық	Төмен
Модельдеу әдісі	85 %	10%	5%
Дәстүрлі әдіс	65%	25%	10%

Эксперимент барысында жоғары мектеп сатысында оқытылатын фонетикаға қатысты тілдік нысандар бойынша дамытылатын, соның ішінде, студенттердің жазылым мәдениетіне қатысты орфографиялық нормаларды игеру деңгейлері мен оларды модельдеп меңгерудің маңызы ашып көрсетілді. Эксперимент кезінде студенттің қазақ тілінің орфографиялық нормалары бойынша меңгеретін білім деңгейлерін арттыру модельдеу білігімен сабақтастықта жүргізілді. Эксперименттің үшінші кезеңінде зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды.

Сонымен қатар, психологиялық тесттер арқылы студенттердің оқуға деген мотивациясы мен тілге қатысты қатынастары бағаланды. Модельдеу әдісі пайдаланылған топтағы студенттердің мотивация деңгейі 20%-ға артты, ал бірінші топтағы студенттерде бұл көрсеткіш өзгеріссіз қалды. Бұл нәтижелер модельдеу әдісінің оқыту үдерісіндегі рөлін айқын көрсетеді. Студенттердің оқуға деген мотивациясы білім алу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Психологиялық тесттер – бұл мотивацияны бағалау және арттыру үшін тиімді құрал. Олар студенттердің жеке қасиеттерін, мақсаттарын және оқуға деген қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Психологиялық тесттер студенттердің оқуға деген мотивациясын түрлі аспектілерде (ішкі, сыртқы, когнитивтік) бағалауға мүмкіндік береді. Тест нәтижелері студенттің оқу үдерісіне деген ықыласын, қызығушылығын және ынтасын анықтауға көмектеседі. Тесттер арқылы студенттер өздерін және оқу мақсаттарын түсініп, рефлексия жасауда. Нәтижелерді талдай отырып, олар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын, мотивация деңгейін және даму бағыттарын анықтай алады.

Психологиялық тестер студенттердің оқуға деген мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Олар жеке тұлғаның ерекшеліктерін, мүдделерін және қажеттіліктерін анықтау арқылы оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді. Оқыту әдістерін тест нәтижелерімен үйлестіру, студенттерге қолдау көрсету және мотивация деңгейін арттыру оқудағы табыстылықты қамтамасыз етеді. Сонымен, психологиялық тестерді қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

1. Психологиялық тестер оқу бағдарламасына интеграцияланып, сабақ барысында немесе арнайы сессияларда қолданылуы мүмкін. Тест нәтижелері оқытушыларға студенттердің мотивация деңгейін, оқу қажеттіліктерін және проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді.

2. Психологиялық тестер оқу бағдарламасына интеграцияланып, сабақ барысында немесе арнайы сессияларда қолданылуы мүмкін. Тест нәтижелері оқытушыларға студенттердің мотивация деңгейін, оқу қажеттіліктерін және проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді.

3. Психологиялық тестер арқылы студенттердің қызығушылықтары мен мүдделері анықталғаннан кейін, оқытушылар пәндер мен тақырыптарды қызықты етіп көрсету үшін жаңа әдістерді қолдана алады.

4. Психологиялық тестер арқылы студенттердің қызығушылықтары мен мүдделері анықталғаннан кейін, оқытушылар пәндер мен тақырыптарды қызықты етіп көрсету үшін жаңа әдістерді қолдана алады.

5. Тест нәтижелерін талқылау барысында студенттер арасында өзара қолдау, ынтымақтастық және түсіністік қалыптасады. Бұл орта мотивацияны арттыруға көмектеседі.

6. Тестер нәтижесінде алынған деректер студенттердің мотивация деңгейін көтеруге, оларға жеке көзқарас жасауға мүмкіндік береді. Студенттер өздерінің жетістіктері мен кемшіліктері туралы нақты пікір қалыптастыра алады.

Қорытынды

Эксперимент нәтижелері зерттеу болжамын растады. Қазақ тілінің орфографиялық нормаларын қазіргі таңдағы жаңа талаптармен, уақыт сұранысымен тығыз байланыста меңгерту білім алушылардың ойлау, сөйлеу, өзара қарым-қатынас мәдениетін, олардың дара тұлғалық, кәсіби-интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні анықталды. Арнайы әзірленген пән жүйесі проблемалық және шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың кешенді жүзеге асырылуы жоғары оқу орны студенттерінің тілін ғана дамытып қоймай, олардың интеллектуалдық мәдениетін көтерді. Тілдік нормалармен байланысты қалыптастырылатын дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытып, сөз шеберлігіне баулудың тиімділігін эксперимент нәтижелері толық көрсетті [10, 205-б.]. Арнайы жасалған элективтік оқу пәні студенттердің жазба сөз мәдениеті туралы ұғымдарын кеңейте отырып, олардың өз сөздеріне жауапкершілікпен қарауына, тілдік талғамын жетілдіруге өзек болатыны анықталды.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілінің орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігі мен қолдану мүмкіндіктерін зерттеу барысында бірнеше маңызды нәтижелер мен қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Зерттеу барысында модельдеу әдісінің қазақ тілінің орфографиясын оқытудағы тиімділігі айқындалды. Эксперименттік жұмыс нәтижесінде модельдеу әдісін қолданған студенттердің орфографиялық сауаттылығы мен оқу мотивациясы айтарлықтай артқанын көрсетті. Тестер мен сауалнамалар нәтижелері көрсеткендей, студенттер модельдеу арқылы орфографиялық ережелерді тиімді меңгеріп, практикалық дағдыларын жақсартқан.

2. Модельдеу әдісін оқу үдерісіне интеграциялау, студенттердің белсенділігін арттыру мен ынтымақ жасау үшін тиімді болып табылады. Студенттерді топтық жұмыстарға, рөлдік ойындарға және интерактивті жаттығуларға тарту арқылы олардың оқу процесіне қатысу деңгейі жоғарылады. Бұл тәсілдер оқыту сапасын арттырып, тілдік дағдыларды терең меңгеруге ықпал етті.

3. Зерттеу барысында қолданылған оқу материалдары, интерактивті құралдар мен мультимедиялық контенттің студенттердің қызығушылығын арттырудағы рөлі зор екені

анықталды. Бұл құралдар студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуын және өз білімдерін практикада қолдануға ынталандыруды қамтамасыз етті.

4. Психологиялық тесттер арқылы студенттердің оқуға деген мотивациясының артуы зерттеу нәтижесінде байқалды. Студенттердің қызығушылықтарының, мақсаттарының және білім алуға деген ынтасының анықталуы, оларды қолдау және дамыту үшін маңызды ақпарат берді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, модельдеу әдісі қазақ тілінің орфографиясын оқытуда тиімді әрі пайдалы. Бұл әдісті болашақта кеңінен қолдану, оқу бағдарламаларына енгізу, сондай-ақ білім беру жүйесінде қазақ тілін дамытуға оң әсер етеді. Оқытушылар мен студенттердің арасындағы ынтымақтастық, диалог және тәжірибе алмасу арқылы оқу үдерісін жақсартуға бағытталған жаңа тәсілдер мен әдістерді дамыту қажет. Жалпы, жоғары оқу орындарында қазақ тілінің орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқыту – бұл тиімді, заманауи және студенттердің білім деңгейін арттыруға ықпал ететін әдіс. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, студенттердің тілдік дағдыларын жетілдіруге және қазақ тілінің дамуына үлес қосуға бағытталған жаңа мүмкіндіктерді ұсынады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге лайық өз қызметін атқаруы, қолданыс өрісінің кеңеюіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі – жазу сауаттылығын қамтамасыз ететін айқын да жүйелі, қабылдауға жеңіл әрі тілдің өз болмысымен толық қабысатын емле ережелерінің болуы. Ана тіліміздің жазба мәдениетінің тарихы көрсеткендей, орфография мен орфоэпия арасындағы сәйкестігі басым тілдің өміршеңдігі бекем болады. Өйткені жазу – дыбыстың таңбасы, дыбысқа сай әріп таңдаған елдің жазу мәдениеті жоғары болып, дұрыс қалыптасады. Оның бәрін қамтамасыз ететін нәрсе – дұрыс әліпби, сол әліпбидің ерекшелігіне бағындырылған түзу емле. Бұл мәселенің халықтың белгілі бір даму кезеңдерінде кейде белгілі бір саясаттың ықпалымен, кейде өз даму бағытын айқындауды мұрат еткен елдің өз ықтиярымен әліпби өзгертуді күн тәртібіне қоюы, сауаттылық проблемаларының мемлекеттік дегейде көтеріліп отыруы – соның дәлелі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уәли Н.М. Қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері. – Алматы: Алматы, 2020. – 261 б.
2. Беспалько В.П. Наглядное моделирование в обучении. – М.: Педагогика, 1998. – 134 с.
3. Дыдина И. Педагогическое моделирование как средство модернизации образования // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2014. – №4. – С. 41–49.
4. Оразбаева Ф.Ш., Талдыбаева М.Д. Қазақ орфографиясын оқытуда модельдеу әдісін қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы сериясы. – 2017. – №3(19). – Б. 58–63.
5. Taldubaeva M.D., Orazbayeva F.Sh. Psycholinguistic Aspect of Spelling Modeling Teaching // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 277–290. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.22>
6. Әміржанова Н. Қазақ орфографиясын алгоритмдер жүйесі арқылы оқытудың жаңалығы мен тиімділігі // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2017. – №4. – Б. 142–161.
7. Ayazbayeva S., Junisbek A., Taldibaeva M. Adapted transcription symbols for turkic sounds // Journal of language and literature. – 2016. – Vol. 7. №3. – P. 326–332.
8. Пономарев А.Б., Пикулева Э.А. Методология научных исследований: учеб. пособие. – Пермь: Изд-во Перм. нац. исслед. политехн. ун-та, 2014. – 186 с.
9. Колмогоров Ю.Н. и др. Методы и средства научных исследований: учеб. пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2017. – 152 с.
10. Desagulier G. Corpus linguistics and statistics with R. Introduction to quantitative methods in linguistics (quantitative methods in the humanities and social sciences). – Springer International Publishing, 2017. – 353 p.

REFERENCES

1. Uali N.M. Qazaq grafikasy men orfografiasynyn teorialyq negizderi [Theoretical foundations of Kazakh graphics and spelling]. – Almaty: Almaty, 2020. – 261 b. [in Kazakh]
2. Bespalko V.P. Nagliadnoe modelirovanie v obuchenii [Visual modeling in teaching]. – M.: Pedagogika, 1998. – 134 s. [in Russian]
3. Dydina I. Pedagogicheskoe modelirovanie kak sredstvo modernizacii obrazovaniya [Pedagogical modeling as a means of modernizing education] // Standarty i monitoring v obrazovanii. – 2014. – №4. – S. 41–49. [in Russian]
4. Orazbaeva F.Sh., Taldybaeva M.D. Qazaq orfografiasyn oqytuda modeldeu adisin qoldanu [Application of the modeling method in teaching Kazakh spelling] // Abai atyndagy QazUPU habarshysy. Koptildi bilim beru jane shetel tilderi filologiasy seriasy. – 2017. – №3(19). – B. 58–63. [in Kazakh]
5. Taldybaeva M.D., Orazbayeva F.Sh. Psycholinguistic Aspect of Spelling Modeling Teaching // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 277–290. [https://doi.org/10.47526/2023-2/2664 - 0686.22](https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.22)
6. Amirjanova N. Qazaq orfografiasyn algoritmder juiesi arqyly oqytudyn janalygy men tiimdiligi [Novelty and effectiveness of teaching Kazakh spelling through the system of algorithms] // Abai at. QazUPU Habarshysy. – 2017. – №4. – B. 142–161. [in Kazakh]
7. Ayazbayeva S., Junisbek A., Taldibaeva M. Adapted transcription symbols for turkic sounds // Journal of language and literature. – 2016. – Vol. 7. №3. – P. 326–332.
8. Ponomarev A.B., Pikuleva E.A. Metodologia nauchnyh issledovaniy: ucheb. posobie [Methodology of scientific research: textbook]. – Perm: Izd-vo Perm. nac. issled. politehn. un-ta, 2014. – 186 s. [in Russian]
9. Kolmogorov Iu.N. i dr. Metody i sredstva nauchnyh issledovaniy: ucheb. posobie. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2017. – 152 s. [in Russian]
10. Desagulier G. Corpus linguistics and statistics with R. Introduction to quantitative methods in linguistics (quantitative methods in the humanities and social sciences). – Springer International Publishing, 2017. – 353 p.

UDC 378; IRSTI 14.07.07

<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.170>A.M. UTILOVA ¹, T.Zh. SHAKENOVA ², B.B. GABDULKHAYEVA ³

¹*Candidate of Pedagogical Sciences, Lecturer-researcher of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan (Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: aigulutilova@mail.ru*

²*Candidate of Pedagogical Sciences, Lecturer-researcher of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan (Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: ppu.conf@mail.ru*

³*Candidate of Biological Sciences, Associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan (Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: Gabdulhaeva-59@bk.ru*

COMPETENCE-BASED APPROACH AS AN ALTERNATIVE TO THE EXISTING EDUCATIONAL PARADIGM

Abstract. Modern socio-economic transformations affect the development of a new education paradigm, where the leader is considered as a person with multi-functional competencies and a special humanistic orientation in life. Such characteristics ensure the possibility of self-sufficient resolution of diverse tasks in the professional and social spheres. In this regard, education needs reform and the introduction of new methodological approaches. One of these approaches is a competent approach, which is an alternative to abstract theoretical knowledge and is actively integrated into pedagogical practice.

Ғылым, технология, инженерия және математиканың (STEM), әсіресе физика курстарында оқытудағы интеграциясы өте маңызды, өйткені ол әртүрлі дерексіз ұғымдар мен күрделі математикалық есептеулерден тұрады. Бұл зерттеу PhET Media арқылы STEM физикаға негізделген дәрістерді қолданғаннан кейін білім алушылардың HOTS профилін анықтауға бағытталған. Деректерді талдау әдісі арқылы бір топтық алдын ала тестілеуден кейінгі дизайн үлгісімен бұл квази-эксперименттік зерттеу Rasch модельдеу тұжырымдамасын пайдаланады. Бағалау нәтижелері HOTS білім алушыларының PhET медиасын пайдаланып, STEM негізіндегі физиканы қолданбалы оқытудан кейін қабілетінің жоғарылауын көрсетеді [18].

А. Асризал, В. Мардиан, Ф. Новитра және Ф. Фестиед еңбектерінде XXI ғасырдағы білім алушылардың дағдыларын жетілдіруде физиканың электронды оқу материалы интеграцияланған STEM білімінің (PETMS) тиімділігін зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеу тек эквивалентті емес топпен, тек сынақтан кейінгі дизайнмен эксперименттік зерттеу болды. Зерттеу пәндері екі топқа бөлінген 66 білім алушыдан тұрды. Нәтижелер PETMS қолдану білім алушылардың тұжырымдамаларды меңгеруін және XXI ғасырдағы дағдылардың үш аспектісін: шығармашылық ойлауды, сыни ойлауды және коммуникацияны жетілдіруде тиімді екенін көрсетеді [19].

А.Н. Юнзал-кіші және Л.Ф. Казинилло зерттеулерінде PhET модельдеуі STEM білім алушыларының физикаға қатысты оқу үлгерімін шамалы түрде жақсарта алатынын көрсетті. PhET модельдеулерін енгізу кезінде STEM білім алушылары өз істерінен ләззат алады. Демек, физика оқытушылары білім алушылардың физиканы ыждағатпен меңгеруі үшін PhET модельдеуіндегі іс-шараларды қамтамасыз етуді қолдауы және байытуы керек екенін тұжырымдайды [20].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл мақалада сапалы әрі сенімді нәтижелер алу үшін кешенді әдіснама қолданылды. Ғылыми еңбектерге жүйелі талдау (Systematic Literature Review, SLR) – STEAM және CLIL технологияларын біріктірудің теориялық негіздерін анықтау үшін ғылыми мақалалар, диссертациялар және конференция материалдары талданды. Қашықтықтан оқытудағы STEAM CLIL моделінің артықшылықтары мен шектеулерін зерттеу үшін соңғы ғылыми дереккөздер сарапталды. Зерттеу барысында STEAM CLIL моделін қолдану арқылы эксперименттік және бақылау топтарына оқу үдерісі ұйымдастырылды. Эксперименттік топ STEAM CLIL әдістемесі бойынша білім алды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқыту әдістерін қолданды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін, тілдік дағдыларын және шығармашылық ойлау қабілеттерін анықтау мақсатында сауалнамалар мен құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Бұл бағалау әдістері білім алушылардың физикалық заңдар мен құбылыстарды түсінуі және оларды ағылшын тілінде қолдану қабілетін анықтауға бағытталды. Оқыту барысында әрбір пәннің жаңа білімді игеруге, ақпараттық алмасуға және топтық талқылаулар мен тапсырмаларды орындауға қажетті ерекше лексикалық, терминологиялық, грамматикалық құрылымдар мен функционалдық өрнектер жүйесіне ие екені ескерілді.


Осыған байланысты, физика сабақтарында STEAM CLIL технологиясын қолдану студенттердің коммуникациялық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, физика оқытушысы сызықтық графиктерді талқылау үшін білім алушыларға ағылшын тілінде арнайы тілдік құрылымдарды қолдануды ұсынуы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту процесінде STEAM CLIL білім беру технологияларын тиімді қолдану үшін топтық қоңыраулар, бейнеконференциялар және оқыту платформалары пайдаланылды. Бейнеконференциялық бағдарламалар қатарында Microsoft Teams, Google Duo, Google Meet, FaceTime, Jitsi Meet, Zoom және басқа да сервистер қолданылды. Сонымен қатар, оқыту үдерісінде iSpring Learn, WebTutor, Teachbase, iSpring Market, GetCourse, Memberlux, Pias сынды онлайн оқыту платформалары пайдаланылып, білім алушылардың оқу жетістіктерін, тілдік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және проблемалық ойлауын дамытуға жағдай жасалды.

Талдау мен нәтижелер

Зерттеу нәтижелері STEAM CLIL моделін қолданудың білім алушылардың оқу жетістіктеріне, тілдік дағдыларына және шығармашылық ойлау қабілеттеріне оң әсерін тигізгенін көрсетті. Жүйелі әдеби шолу негізінде STEAM және CLIL технологияларының үйлесімділігі анықталып, олардың қашықтықтан оқыту жағдайында тиімділігі дәлелденді. Эксперименттік топтың студенттері бақылау тобына қарағанда физикалық құбылыстарды тереңірек меңгеріп, оларды ағылшын тілінде еркін түсіндіру қабілетін арттырғаны байқалды. Сауалнама және құрылымдалған сұхбат нәтижелері STEAM CLIL әдісінің білім алушылардың пәндік және тілдік білімдерін интеграциялау арқылы олардың коммуникациялық дағдыларын жетілдіруге ықпал ететінін растады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту платформаларын пайдалану оқу үдерісінің икемділігін арттырып, білім алушылардың өзіндік жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырды. Бейнеконференция және топтық қоңыраулар негізінде жүргізілген сабақтар студенттердің өзара ынтымақтастығын нығайтып, оқу материалдарын меңгеру деңгейін жақсартуға ықпал етті. Жалпы, алынған нәтижелер STEAM CLIL моделін қашықтықтан оқытуда тиімді қолдануға болатындығын және оның білім беру сапасын жақсартуда жоғары әлеуетке ие екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижесінде «Physics eBook – I» (Based on STEAM+CLIL) бағдарламасы әзірленді, ол механика бөлімі бойынша 14 тараудан тұрады және STEAM+CLIL шеңберінде цифрлық ресурстарды физика пәнінде қолдану тиімділігін көрсетеді. Бағдарламада әр тарауға теориялық материалдар, қосымша тест тапсырмалары енгізілген, бұл білім алушылардың механикалық заңдарды тереңірек меңгеруіне және олардың ағылшын тіліндегі ғылыми терминдерді қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарламаның мазмұны ағылшын тілінде дайындалған, бұл CLIL әдістемесінің шеңберінде пәндік және тілдік интеграцияны қамтамасыз етеді. Бағдарлама интерфейсі, атап айтқанда, тараулардың құрылымы мен теориялық бөлімнің мазмұны бағдарламалық құралдың сипаттамасын толық ашады (1-сурет).



1-сурет – Бағдарламадағы тараулар мен теориялық бөлім терезесі

«Physics eBook – I» (Based on STEAM+CLIL) бағдарламасындағы тест тапсырмалары әзірленген. Бұл тесттер механика бөліміндегі негізгі тақырыптарды қамтып, білім алушылардың теориялық материалды қаншалықты меңгергенін бағалауға мүмкіндік береді. Тапсырмалар ағылшын тілінде әзірленгендіктен, олар тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар CLIL әдістемесіне сәйкес ғылыми терминологияны қолдану дағдыларын да дамытады. Тест сұрақтары студенттердің логикалық ойлау қабілетін, есептеу дағдыларын және проблемалық тапсырмаларды шешу қабілетін жетілдіруге бағытталған (2-сурет).




2-сурет – Бағдарламадағы тест тапсырмалары

Сонымен қатар, цифрлық форматтағы тестер оқыту үдерісінің икемділігін арттырып, білім алушыларға өз бетінше білімін тексеруге және кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер STEAM+CLIL шеңберінде цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігін көрсетіп, физиканы оқытудың заманауи әдістерін жетілдіруге септігін тигізеді. Алынған нәтижелер STEAM+CLIL тәсілін қолдану арқылы физиканы оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы студенттердің пәндік білімін жетілдіруге ықпал ететінін дәлелдейді. STEAM+CLIL тәсілін тиімді іске асыруда PhET бағдарламасының да алатын орны ерекше болды.

PhET – физика заңдарын визуалды модельдеу және интерактивті зертханалық жұмыстарды орындау үшін қолданылатын цифрлық платформа. Бұл бағдарлама STEAM+CLIL әдістемесі аясында физиканы оқытуды жандандырып, білім алушыларға

күрделі механикалық құбылыстарды виртуалды зертханалық ортада зерттеуге мүмкіндік береді. Зертханалық жұмыс терезесінде механика бөліміндегі тәжірибелер көрсетілген, бұл студенттерге объектілердің қозғалысын, күштердің өзара әрекеттесуін, энергия мен импульс сақталу заңдарын интерактивті түрде зерттеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, PhET платформасы ағылшын тілінде ұсынылғандықтан, CLIL әдісінің шеңберінде студенттердің ғылыми терминдерді меңгеруі мен тілдік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері PhET зертханалық симуляцияларын қолдану теориялық материалды тереңірек түсінуге, практикалық дағдыларды жетілдіруге және эксперименттік зерттеулерді тиімді ұйымдастыруға ықпал ететінін көрсетеді (3-сурет).



3-сурет – Phet бағдарламасымен байланысты зертханалық жұмыс терезесі

STEAM CLIL шеңберінде сабақты жоспарлау:

Алдыңғы білімді өзектендіру білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Сабақты зерттелетін тақырып бойынша бұрыннан бар білімді бағалаудан бастау маңызды және құнды тәсіл болып табылады. Білім алушылардың ана тілінде жеткілікті білім деңгейі болуы мүмкін (L1), бірақ олар өз білімдерін шет тілінде (L2) білдіру қиынға соғуы мүмкін. Мысалы, жаңа тақырып бойынша мәселені шешу үшін миға шабуыл жасау процесінде білім алушылар идеяларды өз тілінде талқылап, содан кейін оларды шет тіліне аудара алады.

Бұл кезең оқытушыға білім алушылардың дайындық деңгейін түсінуге және одан әрі оқытуды олардың қажеттіліктері мен тілді меңгеру деңгейіне бейімдеуге көмектеседі.

Оқытушы CLIL сабағында қандай «ақпараттар» қолданылатынын алдын ала анықтауы керек. Бұған ақпаратты ұсыну формасын таңдау кіреді - ауызша немесе жазбаша, электронды немесе қағаз түрінде, сондай-ақ осы ақпаратпен жұмыс істеу әдістерін анықтау: фронтальды, топтық немесе жұптық. Оқытушы, сонымен қатар, білім алушылардың материалды қалай жаңғыртып, талқылайтынын, шет тіліндегі лексика қандай қолданылатынын және оның ауызша, жазбаша немесе практикалық дағдыларды көрсете алатынын талқылауды қарастыруы керек. Тапсырмаларды жеке, топтарда немесе жұптарда орындауға болады, сонымен қатар бағалау критерийлерін анықтау маңызды.

«Тайм-аут» деп аталатын шет тіліндегі сұрақтан кейін үзіліс оқытушыға жауап күтуге уақыт береді. Шет тілінде оқу материалын үйрену көп уақытты қажет ететінін ескере

отырып, әсіресе оқытудың алғашқы кезеңдерінде оқытушының барлық білім алушыларға талқылауға белсенді қатысуы үшін жауап беруге жеткілікті уақыт беруі маңызды.

Жұптық немесе топтық тапсырмалар да маңызды. Олар оқу процесінде белгілі бір терминологияны және тілдік айналымдарды қолдануды қажет ететін тапсырмаларды қамтиды. Жұптық жаттығулар аясында сіз ақпараттағы олқылықтарды толтыруға, ассоциативті жаттығуларға (мысалы, сөздерді суреттермен салыстыру), диалог құруға және т.б. тапсырмаларды пайдалана аласыз. Топтық жұмыс зерттелетін тақырып бойынша презентациялар құруды қамтиды. Жаттығу мазмұны жағынан да, тілі жағынан да жаңа материалды игеруге және бекітуге ықпал етуі керек.

Когнитивті тест те маңызды. Шет тілінде (L2) танымдық қабілеттерін дамыту үшін білім алушыларға жиі қолдау қажет. Олар шет тілі сабақтарында қолданылатын ауызекі тілді (BICS) ғана емес, сонымен қатар пәндерді үйренуге қажетті академиялық тілді (CALP) дамытуы керек. CLIL әдісін қолдана отырып, оқу процесінде білім алушылар оқудың алғашқы кезеңдерінде көптеген күрделі ұғымдар мен терминдерге тап болуы мүмкін.

Білім алушылардың ойлауын дамыту.

Оқытушы ақыл-ой операцияларының дамуына ықпал ететін сұрақтар қоюы керек. «Не?», «Қайда?», «Қашан?» деген сұрақтарға жауап беру сияқты төменгі деңгейдегі операцияларды дамыту үшін, алайда, оқытушының алдында тұрған басты міндет - жоғары деңгейдегі операцияларды дамыту: бұл «Неге?», «Қалай?» және т.б. неғұрлым күрделі тілдік конструкцияларды пайдалануды талап етеді. CLIL контекстінде білім алушылар физиканы оқудың бастапқы кезеңінде жоғары деңгейлі ойлау операцияларын қолдануды қажет ететін сұрақтарға жауап іздейді.

Физика сабақтарында STEAM CLIL технологиясын қолданып, оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен қазіргі жағдайын айқындау үшін ғалымдардың еңбектері мен әдебиеттеріне талдау жүргізілді. ЖОО білім алушыларынан физика сабақтарында STEAM CLIL технологиясын және цифрлық ресурстарды қолданып, ағылшын тілінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың тиімділігі мен қазіргі жағдайын анықтауға арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 38 білім алушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде негізгі ЖОО физика сабақтарында STEAM CLIL технологиясын және цифрлық ресурстарды қолданып ағылшын тілінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруды бағалауға болатын нәтижелер алынды (1-кесте).

1-кесте – Білім алушылардың қашықтықтан оқуға деген қызығушылығын анықтау сауалнамасы (STEAM CLIL технологиясы негізінде)

Қ/с	Сұрақтар тізімі	Балл
1	2	3
1	Сіз STEAM CLIL технологиясы дегеніміз не екенін білесіз бе?	иә / жоқ
2	Сіз сабақтарды STEAM CLIL технологиясы арқылы оқып көргенсіз бе?	иә / жоқ
3	Сізде физика сабағында ағылшын тілін қолдану қажеттілігі туындады ма?	иә / жоқ
4	Физиканы оқытуда STEAM CLIL технологиясының пайдаланылғанын қалайсыз ба?	иә / жоқ
5	STEAM CLIL технологиясын қолдану физиканы оқуға деген қызығушылығыңызға әсер ете ме?	иә / жоқ
6	Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту тиімді деп ойлайсыз ба?	иә / жоқ
7	Сіздің ойыңызша, физика пәнін ағылшын тілінде оқыту білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне түрткі бола алады ма?	иә / жоқ
8	Физика сабағында цифрлық ресурстарды пайдаланғанын қалайсыз ба?	иә / жоқ
9	Физика сабағын қашықтан оқыту арқылы ұйымдастырған тиімді деп ойлайсыз ба?	иә / жоқ

1-кестенің жалғасы

1	2	3
10	Қашықтан оқыту жағдайында физиканы ағылшын тілінде оқыту қажет деп санайсыз ба?	иә / жоқ
<p>Егер білім алушы:</p> <p>10 сұрақтың 5-не «иә» деп жауап берсе, физика пәнін ағылшын тілінде оқуға деген қызығушылығы жоғары</p> <p>10 сұрақтың 4-не «иә» деп жауап берсе, физика пәнін ағылшын тілінде оқуға деген қызығушылығы орташа</p> <p>10 сұрақтың 3-не «иә» деп жауап берсе, физика пәнін ағылшын тілінде оқуға деген қызығушылығы төмен</p>		

Біздің зерттеуімізде ғылыми болжамның дұрыстығын және құрылған әдістемелік оқыту құралдарын және цифрлық ресурстарды пайдаланудағы оқыту әдістемесінің тиімділігін бағалау үшін үш кезеңнен тұратын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жасалды.

Эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру және қашықтан оқыту жағдайында физиканы ағылшын тілінде оқыту әдістемесінің тиімділігін бағалау болды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жүргізілді.

Эксперименттік жұмыс жүргізу кезеңі 3 кезеңнен тұрады:

1. Анықтаушы кезеңі;
2. Қалыптастырушы кезең;
3. Бақылау кезеңі.

Анықтаушы кезеңнің міндеттері мыналарды қамтыды:

- Зерттеу тақырыбын ескере отырып, физиканы ағылшын тілінде оқыту әдістемесін жетілдірумен және дамытумен айналысатын шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу.

- Педагогикалық физика саласындағы STEAM CLIL әдістемесін қолдана отырып, оқыту мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді талдау.

- Эксперимент жүргізу үшін белгілі бір топты таңдау және оны зерттеу. Эксперименттік және бақылау топтарын жасақтау;

1-курс ЖФИ-311, ЖФИ-312 білім алушыларынан бақылау және эксперимент топ таңдалды:

ЖФИ-311 – бақылау тобына 19 білім алушы қатысты;

ЖФИ-312 – эксперимент тобына 19 білім алушы қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу шеңберінде эксперименттік және бақылау топтарында дидактикалық құралдар жүйесінің әртүрлі түрлері қолданылды.

Бақылау кезеңінің міндеттері мыналарды қамтыды:

- CLIL технологиясын қолдана отырып, ғылыми болжамды және оқыту әдістемесінің тиімділігін қайта бағалау.

- Алынған эксперимент нәтижелерін талдау.

- Нәтижелерді статистикалық өңдеу және алынған деректерді жалпылау.

Ұсынылған әдістемелік құралдың тиімділігін растау үшін зерттеу әдістері негізінде Крамер-Уэлч Критерийі қолданылды.

Берілген критерийдің эмпирикалық мәні N және M көлеміндегі x және y үлгілерінің сипаттамаларын, сондай-ақ \bar{x} және \bar{y} таңдамалы орташа мәндері мен D_x және D_y таңдамалы дисперсияларын есептеу үшін қажетті ақпараттың негізінде анықталады. Бұл мәндер Excel

бағдарламасында сипаттамалық статистика құралының формулалары арқылы терең талдау нәтижесінде алынған (2, 3-кестелер).

x және y білім алушылардың тест нәтижелері:

$x = (x_1, x_2, \dots, x_N)$ – эксперимент тобы

$y = (y_1, y_2, \dots, y_M)$ – бақылау тобы

- N және M жалпы білім алушылар саны:

N – эксперимент тобы

M – бақылау тобы

\bar{x} және \bar{y} білім алушылардың тест нәтижелерінің орташа мәндері:

\bar{x} – эксперимент тобы

\bar{y} – бақылау тобы

- D_x және D_y таңдамалы дисперсиялары:

D_x – эксперимент тобы

D_y – бақылау тобы

\bar{x} және \bar{y} таңдамалы орташа мәндері және салыстырылатын үлгілердің D_x және D_y таңдамалы дисперсиялары (1) және (2) формулалары арқылы қолмен есептеуге болады.

$$x = \frac{1}{N} (x_1 + x_2 + x_3 + \dots + x_{n-1} + x_n) = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N x_i \quad (1)$$

$$D_x = \frac{1}{N-1} \sum_{i=1}^N (x_i - \bar{x})^2 \quad (2)$$

2-кесте – Зерттеу әдістері негізінде тәжірибеге дейінгі Крамер-Уэлч критерийімен есептелінген Excel компьютерлік бағдарламасындағы эксперимент нәтижелері

	Жалпы қатысқан білім алушылар саны	Білім алушылардың тест нәтижелерінің орташа мәндері	D_x және D_y таңдамалы дисперсиялары
Эксперимент тобы	19	18,33	28,193
Бақылау тобы	19	18,08	21,79

3-кесте – Зерттеу әдістері негізінде тәжірибеден кейінгі Крамер-Уэлч критерийімен есептелінген Excel компьютерлік бағдарламасындағы эксперимент нәтижелері

	Жалпы қатысқан білім алушылар саны	Білім алушылардың тест нәтижелерінің орташа мәндері	D_x және D_y таңдамалы дисперсиялары
Эксперимент тобы	19	24,3	23,689
Бақылау тобы	19	19,3	25,267

Крамер-Уэлч критерийі екі үлгінің орташа теңдік гипотезасын тексеру үшін қолданылады. Салыстырылған үлгілер үшін осы критерийді бағалау үшін оның эмпирикалық мәнін есептеуге мүмкіндік беретін (3) формула қолданылады.

$$T_{emp} = \frac{\sqrt{M \cdot N} |\bar{x} - \bar{y}|}{\sqrt{M \cdot D_x + N \cdot D_y}} \quad (3)$$

Есептеулер формула бойынша Excel компьютерлік бағдарламасындағы сипаттамалық статистика құралы арқылы есептелінді (4-кесте).

4-кесте – Зерттеу әдістері негізінде тәжірибеден кейінгі және дейінгі Крамер-Уэлч критерийімен есептелінген Excel компьютерлік бағдарламасындағы эксперимент нәтижелері

	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін
$T_{эмп}$	0,285	2,9854

Бұл мәнді $T_{0.05} = 1,96$ критикалық мәнімен салыстырамыз:

- Егер $T_{эмп} \leq 1,96$ теңдігі орын алса, онда «салыстырылатын үлгілердің сипаттамалары 0,05 деңгейінде сәйкес келеді» деген тұжырымға келуге болады;

- Керісінше, егер $T_{эмп} > 1,96$ болса, «салыстырылатын үлгілердің сипаттамалары арасындағы айырмашылықтардың сенімділігі 95% құрайды» деп айтуға негіз бар.

Аталған нәтижелерді алу үшін, алдымен эксперимент басталмай тұрып, бақылау және эксперименттік топтағы есептеулердің санын салыстырып шықтық. Нәтижесінде $T_{эмп} = 0,285 \leq 1,96$ мәніне қол жеткіздік. Осылайша, эксперимент басталмай тұрып бақылау және эксперименттік топтардың сипаттамаларының сәйкес келуіне қатысты гипотезамыз 0,05 деңгейінде қабылданды.

Енді эксперимент аяқталғаннан кейін бақылау және эксперименттік топтардың сипаттамаларын салыстыруды жүзеге асырамыз. Есептеу нәтижесінде $T_{эмп} = 2,9854 > 1,96$ мәнін алдығымыз. Демек, эксперимент аяқталғанда бақылау және эксперименттік топтардың сипаттамалары арасында 95% сенімділікпен айырмашылық бар екенін қуәландыруға болады (4-сурет).



4-сурет – Зерттеу әдістері негізінде тәжірибеге дейінгі және кейінгі Крамер-Уэлч критерийімен есептелінген бақылау және эксперимент топтарының эксперимент нәтижелері

Осылайша, эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы күйлері (эксперимент басталғанға дейін) бір-біріне сәйкес келсе, эксперимент аяқталғаннан кейінгі күйлері арасындағы айырмашылықтар анық байқалады. Сондықтан, алынған өзгерістердің әсері

эксперименттік оқыту әдістемесін енгізумен тікелей байланысты деп қорытындылауға болады.

Қорытынды

Бұл мақаланың аясындағы зерттеуде STEAM CLIL технологиясының білім беру процесіндегі тиімділігі жан-жақты қарастырылып, оның физиканы оқытуда қолданылу ерекшеліктері талданды. Ғылыми еңбектерге жүргізілген жүйелі талдау (Systematic Literature Review, SLR) нәтижесінде STEAM CLIL әдісінің физика пәнінде білім алушылардың академиялық жетістіктері мен мотивациясын арттырудағы маңызы анықталды. Бұл тәсіл студенттердің пәндік білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын дамытуға және ғылыми терминологияны меңгеруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Зерттеу барысында STEAM CLIL элементтері жан-жақты зерделеніп, цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері сарапталды. Қашықтықтан оқыту жағдайында STEAM CLIL технологияларын тиімді пайдалану үшін «Physics eBook – I» (Based on STEAM+CLIL) бағдарламасы әзірленіп, оның механика бөлімін оқытудағы әсері зерттелді.

Бұл бағдарлама 14 тараудан тұрып, әрбір тарауға теориялық материалдар, ағылшын тіліндегі терминологиялық түсіндірмелер және тест тапсырмалары енгізілген. Бағдарламаның оқу үдерісіне енгізілуі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, материалды меңгеру деңгейін жақсартты.

Педагогикалық эксперимент шеңберінде эксперименттік және бақылау топтары арасында STEAM CLIL әдістемесінің тиімділігі салыстырылды. Эксперименттік топ STEAM CLIL тәсілі бойынша оқытылып, олардың физикалық заңдар мен құбылыстарды терең түсінуі, ғылыми ойлау қабілеттері және ағылшын тілінде оқу материалдарын меңгеру деңгейі жоғарылағаны анықталды. Бақылау тобы дәстүрлі оқыту әдістері бойынша білім алды, бірақ олардың оқу жетістіктері мен пәнаралық байланыстарды қолдану қабілеті айтарлықтай төмен болып шықты. Зерттеу барысында алынған деректер статистикалық-математикалық талдау әдістері арқылы өңделді.

STEAM CLIL моделін қолдану студенттердің креативті ойлауын, проблемалық тапсырмаларды шешу қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамытатыны анықталды. Сонымен қатар, бұл әдіс студенттердің өздігінен оқу белсенділігін арттыруға, ғылыми терминдерді ағылшын тілінде дұрыс қолдануға, эксперименттік зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етті. Қашықтықтан оқытуда STEAM CLIL әдісін енгізу үшін түрлі бейнеконференциялық платформалар (Microsoft Teams, Google Meet, Zoom) және онлайн оқыту жүйелері (iSpring Learn, WebTutor, Teachbase) қолданылды. Бұл ресурстар студенттердің топтық жұмыс жасау дағдыларын дамытумен қатар, оқу материалдарын түсініп, оны ағылшын тілінде еркін талдауға мүмкіндік берді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері STEAM CLIL моделін қолдану оқыту сапасын жақсартып, студенттердің пәндік және тілдік білімдерін интеграциялау арқылы олардың зерттеушілік қабілеттерін арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Білім беру процесінде цифрлық ресурстарды пайдалану, пәнаралық интеграцияны күшейту және инновациялық оқыту әдістерін енгізу арқылы STEAM CLIL технологиясының әлеуетін толық жүзеге асыруға болады. Бұл тәсіл Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге, студенттердің инженерлік және ғылыми құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Осылайша, алынған нәтижелер STEAM CLIL моделін оқыту үдерісіне енгізу білім алушылардың білім беру тәжірибесін байытуға, олардың танымдық белсенділігін арттыруға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларды қалыптастыруға елеулі үлес қосатынын дәлелдеді. Бұл әдістемені одан әрі жетілдіру үшін цифрлық платформалардың

мүмкіндіктерін кеңейту, оқытушылардың біліктілігін арттыру және зертханалық эксперименттерді оқыту процесіне тереңірек енгізу маңызды болып табылады.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант №AP22787500).

REFERENCES

1. Şenel M. CLIL and digital natives // International Journal of Languages' Education. – 2015. – Vol. 1 (UDES 2015). <https://doi.org/10.18298/ijlet.461>
2. Capone R., Del Sorbo M.R., Fiore O. A flipped experience in physics education using CLIL methodology // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2017. – Vol. 13, №10. – P. 6579–6582. <https://doi.org/10.12973/ejmste/77044>
3. Kovrizhnykh D.V. Analysis of Teaching Physics Through Interim Language as Preconditions for Humanitarian Training of Science Teachers for Differentiated Approach in CLIL // Journal of Higher Education Theory and Practice. – 2022. – Vol. 22, №8. – P. 19–32. <https://doi.org/10.33423/jhetp.v22i8.5312>
4. Nikula T. Hands-on tasks in CLIL science classrooms as sites for subject-specific language use and learning // System. – 2015. – Vol. 54. – P. 14–27. <https://doi.org/10.1016/j.system.2015.04.003>
5. Rosi F. Content-Specific Learning in CLIL: The case of physics teaching in Italy // EL.LE. – 2018. – №1. – P. 27–49. <https://doi.org/10.30687/elle/2280-6792/2018/01/002>
6. Zhetpisbayeva B., Syrymbetova L., Chizhevskaya Y. Interlingual Interference in CLIL Learning // World Journal of English Language. – 2023. – Vol. 13, №8. – P. 100–107. <https://doi.org/10.5430/wjel.v13n8p100>
7. Bin Amiruddin M.Z., Magfiroh D.R., Savitri I., Binti Rahman S.M.I. Analysis of The Application of The STEAM Approach to Learning In Indonesia: Contributions to Physics Education // International Journal of Current Educational Research. – 2022. – Vol. 1, №1. – P. 1–17. <https://doi.org/10.53621/ijocer.v1i1.139>
8. Bai Y., Peng D., Yang J. Design of virtual physics laboratory based on STEAM education // International Conference on Education, Economics and Information Management (ICEEIM 2019). – Atlantis Press, 2020. – P. 18–21. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.200401.006>
9. Witdiya T., Supriadi G., Supriatin A., Annovasho J. The Effect of STEAM Learning on Improving Each Indicator of Students' Creative Thinking in Physics Learning // Jurnal Ilmiah Pendidikan Fisika. – 2023. – Vol. 7, №1. – P. 42. <https://doi.org/10.20527/jipf.v7i1.7158>
10. Anisimova T.I., Sabirova F.M., Shatunova O.V. Formation of design and research competencies in future teachers in the framework of STEAM education // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2020. – Vol. 15, №2. – P. 204–217. <https://doi.org/10.3991/ijet.v15i02.11537>
11. Bassachs M., Cañabate D., Nogué L., Serra T., Bubnys R., Colomer J. Fostering critical reflection in primary education through STEAM approaches // Education Sciences. – 2020. – Vol. 10, №12. – P. 1–14. <https://doi.org/10.3390/educsci10120384>
12. Usembayeva I.B., Ramankulov Sh.Zh., Bitibaeva J.M., Moldabekova M.S., Polatuky S. The use of STEAM technology for the development of applied physics teaching // Bulletin of Abai KazNPU. Series Physical and Mathematical Sciences. – 2023. – №4(80). – Б. 277–284. <https://doi.org/10.51889/6602.2022.72.66.032> [in Kazakh]
13. Ramankulov Sh., Choruh A., Polatuly C. STEAM technology as a tool for developing creativity of students: on the example of a school physics course // Iasaui Universitetinin habarshysy. – 2022. – №4(126). – P. 200–211. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.17>
14. Shatunova O., Anisimova T., Sabirova F., Kalimullina O. STEAM as an innovative educational technology // Journal of Social Studies Education Research. – 2019. – Vol. 10, № 2. – P. 131–144.
15. Martyniuk O.O., Martyniuk O.S., Pankevych S., Muzyka I. Educational direction of STEM in the system of realization of blended teaching of physics // Educational Technology Quarterly. – 2021. – № 3. – P. 347–359. <https://doi.org/10.55056/etq.39>

16. Sulaiman F., Rosales J.J., Kyung L.J. The effectiveness of the integrated STEM-PBL physics module on students' interest, sensemaking and effort // *Journal of Baltic Science Education*. – 2023. – Vol. 22, №1. – P. 113–129. <https://doi.org/10.33225/jbse/23.22.113>
17. Sagala R., Umam R., Thahir A., Saregar A., Wardani I. The effectiveness of STEM-based on gender differences: the impact of physics concept understanding // *European Journal of Educational Research*. – 2019. – Vol. 8, №3. – P. 753–761. <https://doi.org/10.12973/eu-jer.8.3.753>
18. Yusuf I., Widyaningsih S. W. HOTS profile of physics education students in STEM-based classes using PhET media // *Journal of Physics: Conference Series*. – 2019. – Vol. 1157. – №3. – C. 032021. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1157/3/032021>
19. Asrizal A., Mardian V., Novitra F., Festiyed F. Physics electronic teaching material-integrated STEM education to promote 21st-century skills // *Cypriot Journal of Educational Sciences*. – 2022. – Vol. 17, №8. – P. 2899–2914. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7357>
20. Yunzal A.N. Jr., Casinillo L.F. Effect of Physics Education Technology (PhET) Simulations: Evidence from STEM Students' Performance // *Journal of Education Research and Evaluation*. – 2020. – Vol. 4, №3. – P. 221–226. <https://doi.org/10.23887/jere.v4i3.27450>

ӘОЖ 007.3; МҒТАР 14.85.51

<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.178>Б.Ғ. БОСТАНОВ¹, Ж.Т. АЛТЫНБЕКОВА²¹педагогика ғылымдарының кандидаты,Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а.
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: bostanov.01@qzpu.edu.kz²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: altynbekova.zhanar1@mail.ru**БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ
РЕСУРСТАРЫН ҚҰРУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ОҚЫТУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ
МЕН МАЗМҰНЫ**

Аңдатпа. Мақалада болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құру мен пайдалануға оқытудың принциптері мен мазмұны қарастырылады. Қазіргі уақытта информатика ғылымы білім беруде маңызды рөл атқарады, сондықтан осы салада білікті мұғалімдерді даярлау қажеттілікке айналуда. Сонымен қатар, қазіргі кезде ашық білім беру ресурстары білім саласының барлық деңгейінде кеңінен қолданылады. Ашық білім беру ресурстары әрбір адам еркін пайдалана алатын қолжетімді онлайн материалдар болып табылады. Болашақ информатика мұғалімдері интерактивті оқулықтар, бейне дәрістер, онлайн курстар және т.б. ашық ресурстардың түрлерімен, оларды құру принциптерімен танысуы керек. Болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқытудың бірнеше принциптерге негізделген бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды. Зерттеу барысында ашық білім беру ресурстарын құру және пайдаланудың негізгі өлшемдері мен принциптері анықталды. Мақалада сонымен қатар оқу процесінде ашық білім беру ресурстарын пайдалану әдістері, ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады және оқу процесінде осындай ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижелері алдағы уақытта информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқыту барысында қолданылуы мүмкін.

Кілт сөздер: педагогика, информатика мұғалімі, ашық білім беру ресурстары, оның принциптері, ашық білім беру ресурстарының мазмұны.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бостанов Б.Ғ., Алтынбекова Ж.Т. Болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқытудың принциптері мен мазмұны // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 459–471. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.178>

***Cite us correctly:**

Bostanov B.F., Altynbekova Zh.T. Bolashaq informatika mugalimderin ashyq bilim beru resurstarын quruga zhane paidalanuga oqytudyn principterі men mazmuny [Principles and Content of Teaching Future Computer Science Teachers to Develop and Use Open Educational Resources] // *Iasauі universitetinіn habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 459–471. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.178>

Мақаланың редакцияға түскен күні 20.06.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

B.G. Bostanov¹, Zh.T. Altynbekova²

¹*Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor
Kazakh National Women's Teacher Training University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: bostanov.01@qyzpu.edu.kz*

²*PhD Doctoral Student of Kazakh National Women's Teacher Training University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: altynbekova.zhanar1@mail.ru*

Principles and Content of Teaching Future Computer Science Teachers to Develop and Use Open Educational Resources

Abstract. The paper considers the principles and content of training future computer science teachers to develop and use open educational resources. Computer science plays an important role in education, so training qualified teachers in this area is becoming necessary. At the same time, currently, open educational resources are widely used at all levels of education. Open educational resources are available online materials that everyone can freely use. Future computer science teachers should have access to interactive textbooks, video lectures, online courses, etc., and they should familiarize themselves with the types of open resources and the principles of their development. Training future computer science teachers to develop and use open educational resources is based on several principles and includes several key aspects. During the research, the main criteria and principles of developing and using open educational resources were identified. The paper also considers the methods of using open educational resources in the educational process, the advantages and difficulties of using open educational resources, and provides recommendations for the effective use of such resources in the educational process. The research results may be used in the future in the process of training computer science teachers to develop and use open educational resources.

Keywords: pedagogy, computer science teacher, open educational resources, their principles, content of open educational resources.

Б.Г. Бостанов¹, Ж.Т. Алтынбекова²

¹*кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора
Казахского национального женского педагогического университета
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: bostanov.01@qyzpu.edu.kz*

²*PhD докторант Казахского национального женского педагогического университета
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: altynbekova.zhanar1@mail.ru*

Принципы и содержание обучения будущих учителей информатики разработке и использованию открытых образовательных ресурсов

Аннотация. В статье рассматриваются принципы и содержание обучения будущих учителей информатики разработке и использованию открытых образовательных ресурсов. В настоящее время информатика играет важную роль в образовании, поэтому подготовка квалифицированных учителей в этой области становится необходимостью. Кроме того, в настоящее время открытые образовательные ресурсы широко поддерживаются на всех уровнях образования. Открытые образовательные ресурсы – это доступные онлайн-материалы, которые каждый может свободно использовать. Будущие учителя информатики должны ознакомиться с видами открытых ресурсов, принципами их разработки, интерактивными учебниками, видеолекциями, онлайн курсами и т.д. Обучение будущих учителей информатики разработке и использованию открытых образовательных ресурсов основано на нескольких принципах и включает в себя несколько ключевых аспектов. В ходе исследования были выявлены основные критерии и принципы разработки и использования

открытых образовательных ресурсов. В статье также рассматриваются методы использования открытых образовательных ресурсов в учебном процессе, преимущества и трудности использования открытых образовательных ресурсов и даются рекомендации по эффективному использованию таких ресурсов в учебном процессе. Результаты исследования могут быть использованы в будущем при обучении учителей информатики разработке и использованию открытых образовательных ресурсов.

Ключевые слова: педагогика, учитель информатики, открытые образовательные ресурсы, их принципы, содержание открытых образовательных ресурсов.

Кіріспе

Ұстаздық – сан ғасырлардан бері адамзат баласының көшін ілгері сүйреп келе жатқан ұлы қызмет. Қазақта «алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген сөз бар. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім» дейді Мағжан Жұмабаев. Уақыт пен кеңістіктің заңдылықтарына бағынған тоқтаусыз өмір, заман талабына сай оқушы мен сол оқушыны өрге сүйрейтін ұстазды түрлі тәсілмен дамытып отырады. Қазіргі қоғамның алдына қойған үлкен мәселелерінің бірі – ұлт болашағы мен елдің ертеңі. Ұлт болашағын қалыптастыратын жас ұрпақ болғаннан кейін де, өскелең ұрпақты дұрыс бағытқа бұру – үлкендердің басты парызы. Қазіргі кездегі қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жан-жақты дамыған кәсіби маман қалыптастыру.

Адамның кәсіби іс-әрекетті меңгеруі мен таңдауы оның қоғамдық жеке тәжірибесіне байланысты. Сондықтан кәсіпті меңгеру тек қандай да бір когнитивті жүйелерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар, адамның тұлғалық құрылымының қайта құрылуы мен субъективті тәжірибесін терең қарастыруды қажет етеді.

Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қарқынды дамуы оқу үдерісінде цифрлық ресурстарды кеңінен қолдануға себепші болып отыр. Әсіресе, ашық білім беру ресурстары (АБР) оқытушылар мен білім алушыларға шектеусіз қолжетімділікті, сапалы контентті және өзара тәжірибе алмасуды қамтамасыз ететін маңызды құралға айналуға. ХХІ ғасыр мұғалімінен тек өз пәнін жетік меңгеру емес, сонымен қатар жаңа технологиялық шешімдер мен инновациялық әдістемелерді сабақ үдерісіне енгізуді талап етеді. Осы орайда, болашақ информатика мұғалімдерінің АБР құруға және оны тиімді пайдалануға деген құзыреттілігін қалыптастыру – білім берудің заманауи талаптарына жауап беретін өзекті міндеттердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және дербес білім алу дағдыларын жетілдіру қажеттілігі артып келеді. Мұндай қажеттілікті қанағаттандыруда ашық білім беру ресурстарының орны ерекше. Себебі АБР оқу материалдарын үздіксіз жетілдіруге, білім беру мазмұнын жекелендіруге, сондай-ақ тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн ресурстар кеңістігінде білім берушілер арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жол ашады.

Алайда, ашық білім беру ресурстарын құру және оларды білім беру процесінде белсенді пайдалану болашақ маманның арнайы теориялық білімімен қатар, практикалық машықтарын талап етеді. Болашақ информатика мұғалімі ретінде кәсіби қызметке кіріспес бұрын, студенттер АБР ұғымының мазмұнын, олардың түрлерін және құқықтық негіздерін меңгеруі тиіс. Сондай-ақ түрлі платформалармен, бағдарламалық құралдармен және оқыту әдістемелерімен жұмыс істеуді үйренуі қажет. Бұл дағдылар білім беру сапасын арттыруға ғана емес, сондай-ақ мұғалімнің өздігінен даму мүмкіндіктерін кеңейтуге де ықпал етеді.

Мақалада болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқытудың негізгі принциптері мен мазмұны баяндалады. Мақалада

қолданылған әдістемелік тәсілдер мен практикалық ұсыныстар болашақ мамандардың ақпараттық-құзыреттілік деңгейін көтеріп, білім беру кеңістігінде белсенді түрде жұмыс істеуге бағытталған. Нәтижесінде, ашық білім беру ресурстарын әзірлеу процесін кәсіби тұрғыдан меңгерген педагогтер еліміздің білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге шығаруға үлес қоса алады.

Өзіндік жұмыс болашақ информатика мұғалімдерін даярлау процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, студенттердің шығармашылық ойлауы мен тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді. Бұл мақалада болашақ информатика мұғалімдеріне ашық білім беру ресурстарын құру мен пайдалануға оқытудың принциптері мен мазмұнын үйретуді қарастырамыз.

Қазіргі әлемдегі ашық білім беру ресурстарының (АБР) алатын орны ерекше және жыл сайын дамып келеді. Оның әсері әртүрлі салаларда, білім беру, бизнес, экономика және өзін-өзі оқытуда сезіледі. АБР барлық жастағы және білім деңгейіндегі білімгерлерді оқыту мен дамытудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Ол әлемнің кез келген нүктесінен білім беру материалдары мен курстарына қол жеткізуге, оқу процесін икемді жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді. АБР білім берудің демократизациясына ықпал етеді, географиялық және әлеуметтік шектеулерді азайтады, бұл көптеген адамдарға сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. АБР қызметкерлерді оқыту мен кәсіби дағдыларды дамытудың маңызды құралына айналды [1, 3-б.]. Бұл әсіресе бүкіл әлем бойынша таратылған командалары немесе филиалдары бар компаниялар үшін пайдалы. АБР, сонымен қатар, ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді, өйткені ол дәстүрлі офлайн оқытумен салыстырғанда көп уақыт пен ақшалай шығындарды қажет етпейді. АБР адамдарға әртүрлі білім салаларында өздігінен білім алуға және дамуға мүмкіндік берді. Ол интернет арқылы қол жетімді көптеген онлайн курстарды, бейне дәрістерді, интерактивті сабақтарды және басқа материалдарды ұсынады. Бұл адамдарға жаңа тілдерді үйренуге, кәсіби дағдыларды игеруге, ғылыми және гуманитарлық пәндерді оқуға, шығармашылық дағдыларды дамытуға және т.б. мүмкіндік береді.

Осы орайда, қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар оқытуды басқарудың инновациялық тәсілдерін қажет етеді. Бұл процесте ашық білім беру ресурстары маңызды рөл атқарады, олар тек оқуға дайын электрондық курстар ретінде ғана емес, сонымен қатар құрылған электрондық курстарға және оларды құрудың аспаптық құралдарына қосу үшін оқу материалы ретінде де қолданылады. Бұған виртуалды шындық және жасанды интеллект, адаптивті оқыту жүйелерін, оқу процесін байытатын және жақсартатын басқа технологияларды пайдалану кіреді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану және ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету білімге негізделген қоғамды қалыптастырудың негізгі алғышарттары болып табылады. Бүгінгі таңда ғаламдық Интернет – бұл әртүрлі форматта ұсынылған әр түрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең танымал білім көзі [3, 21-б.]. Веб-беттердің саны ондаған миллиардқа жетті, ал студенттер мен оқытушыларға ақпараттық ресурстардың өсіп келе жатқан алуан түрлілігі арасында қажетті білім беру және ғылыми ақпарат көздерін таңдау қиындай түсуде.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Ашық білім беру ресурстары (Open educational resources, OER) идеясының көптеген анықтамалары бар. Бұл термин алғаш рет 2002 жылы ЮНЕСКО-ның ашық курстар форумында енгізілді [4, 53-б.] және «Білім беру, оқыту және зерттеуге арналған, кез-келген құрылғыда, цифрлы немесе басқа, қоғамға қолжетімді, өзге тұлғалармен пайдалануға, таратуға болатын, тегін әрі ашық лицензиялы материалдар». Ашық білім беру ресурстарының тұжырымдамасы 2001 жылы MIT Open Course Ware – ашық курстық орта

(MIT OCW) құру туралы бастама көтерген кезде пайда болды, бұл интернет қолданушыларына әзірленген оқу материалдарын ақысыз пайдалануға мүмкіндік берді. 2002 жылы MIT OCW серверін іске қосты, ол ашық білім беру курстарын құру және тарату қозғалысының флагманы болды [5].

Зерттеудің әдісі ашық білім беру ресурстарын құру кезінде қолданылатын түрлі әдістерді қарастыруды және болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқытудың принциптері мен мазмұнын анықтауды көздейді. Зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарында алынған нәтижелерді өңдеу әдістері, теориялық зерттеу, нәтижелерді талдау, ғылыми теорияларды синтездеу және салыстыру әдістері қолданылды.

Теориялық зерттеудің әдістері: педагогикалық-психологиялық және жалпы ғылыми еңбектерге салыстырмалы теориялық талдау жасау, контент-талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, талдау, ассоциациялау. Эмпирикалық зерттеудің әдістері: сауалнама, сұрақ-жауап, педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерінің статистикалық сандық, пайыздық көрсеткіштерін анықтау мен өңдеу және салыстырмалы-сәйкестендіру. Әдістерді таңдау әр кезеңдегі міндеттерді шешу мен зерттеу логикасына сәйкес анықталды.

Талдау мен нәтижелер

Балаларды тәрбиелеудің күнделікті тәжірибесінде мұғалім тек педагогикалық тәжірибеге ғана емес, сонымен бірге педагогика практикасына да сүйенуі керек. Өйткені әр бала этникалық ерекшеліктердің, менталитеттің, ұлттық мәдениет ерекшеліктерінің және өзі жататын этникалық топ стереотиптерінің тасымалдаушысы болып табылады.

Қазіргі таңда Еуропалық ЕСО жобасы (eLearning, коммуникация, ашық деректер) АББР-ның жаңа модельдерін жасауға тырысуда. Олар әлеуметтік желілерді қолдана отырып әділеттілік, әлеуметтік интеграция, қол жетімділік, автономия және ашықтық принциптері негізінде студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту және ашық білім беру кедергілерін жою жұмыстарын атқаруда [6, 9-б.]. АБР талдау нәтижесінде АБР құру үшін Оқытудың бірегей дизайнын (UDL) ұсынған. Сонымен қатар келесі жұмыста АББР құру барысында педагогикалық тәсілдерді қолдану туралы және қандай оқу іс-шаралар, мазмұны мен ресурстары ықпал ететіні қарастырылған [7, 65-б.]. Сонымен қатар [8, 12-б.] ұсынған жұмыста жаппай ашық онлайн курстарын құрудағы қиындықтар қарастырылған. Атап айтқанда, қатысушылардың белгісіз саны және әртүрлі қажеттіліктер біршама қиындықтардың негізгі көзі болып табылады. Авторлардың айтуынша АББР құру барысында алдымен олардың типтерінің таксономиясы талданады, содан кейін мазмұнына зерттеу жүргізіледі [10, 88-б.].

Ашық білім беру ресурстарын құру. Адам өмірінің барлық саласына әсер еткен қазіргі қоғамды жаһандық ақпараттандыру білім беру процесін ұйымдастыру барысында ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдануға алып келді. Білім беру кезінде әр түрлі заманауи электронды оқу-әдістемелік кешендерді, цифрлық білім беру ресурстарын, білім беру порталдарын, сайттарды және т.б. құралдарды кеңінен қолдануға болады [11, 15-б.]. Қазіргі кезде білім беру технологияларын дамытудың өзекті және басым бағыттарының бірі - білім беру процесінде ашық білім беру ресурстарын қолдану. Ашық білім беру ресурстарын пайдалану оқу процесін айтарлықтай байыта алады, оқушылардың білімі мен дағдыларын кеңейтеді, сабаққа белсенді қатысуды және өзін-өзі зерттеуді ынталандырады. Бұл технологиялар «мұғалім-оқушы» жүйесінде өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін де, жалпы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін де кең ауқымды міндеттерді іске асыруға мүмкіндік береді. Яғни оқыту процесінде заманауи ақпаратты-коммуникациялық технологияларды пайдалану дәстүрлі білім беруді байытудың және оның

сапасын арттырудың тиімді әдістерінің бірі [12, 16-б.]. Ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың кейбір пайдалы жақтары:

1. Қосымша материалдар: ашық білім беру ресурстары оқу тақырыбын терең түсінуге мүмкіндік беретін қосымша материалдар ұсынады. Олар оқулықтар, мақалалар, бейне дәрістер, интерактивті модульдер және т.б. болуы мүмкін. Білім алушылар бұл материалдарды қосымша оқу және білімдерін кеңейту үшін пайдалана алады.

2. Оқу тәсілдерінің әртүрлілігі: ашық білім беру ресурстары білім алушылардың әртүрлі оқу стильдеріне сәйкес келетін түрлі оқыту әдістерін ұсынады. Кейбіреулер оқуды, кейбіреулер бейнені көруді, ал басқалары интерактивті жаттығуларды қалуы мүмкін және осы орайда ашық білім беру ресурстары әрбір нақты білім алушы үшін ең тиімді әдісті таңдауға мүмкіндік береді.

3. Практикалық дағдылар мен мысалдар: ашық білім беру ресурстары көбінесе білім алушыларға өз білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектесетін практикалық тапсырмаларды, мысалдар мен жобаларды қамтиды. Бұған тапсырмалар, модельдеу, зертханалық жұмыстар және белсенді оқытудың басқа түрлері кіруі мүмкін. Материалды практикалық қолдану білім алушыларға тақырыпты жақсы түсінуге және игеруге көмектеседі.

4. Өзара әрекеттесу және тәжірибе алмасу: көптеген ашық білім беру ресурстары басқа білім алушылармен және оқытушылармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Олар форумдар, онлайн қауымдастықтар, материалдарға түсініктемелер және т.с.с. Білім алушылар сұрақтар қоя алады, материалдарды талқылай алады, өз тәжірибелерімен бөлісе алады және басқалардан үйрене алады.

5. Жаңарту және өзектілігі: білім алушылар өз саласы бойынша ең жаңа және соңғы ақпараттарды алу үшін ресурс үнемі жаңартылып отыруы қажет. Бұл әсіресе ғылым мен технология сияқты қарқынды дамып келе жатқан салаларда өте маңызды.

6. Цифрлық дағдыларды дамыту: ашық білім беру ресурстарын қолдану білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Уақыт өткен сайын цифрлық технология әлемде маңызды рөлге ие және цифрлық құралдар мен ресурстарды меңгеру табысты мансап және қоғамдық өмірге белсене атсалысу көзіне айналады.

Жоғарыдағы мәліметтер қазіргі заманғы мұғалімнің, атап айтқанда, информатика мұғалімінің кәсіби дайындығының өзектілігін растайды және осы мәселелерді информатика мен АКТ оқыту әдістемесі аясында оқыту орынды екенін көрсетеді. Сонымен бірге, біздің ойымызша, білім беру процесіне белсенді оқыту әдістері мен құралдарын, оқытудың тұлғаға бағытталған және контекстік-белсенділік тәсілдері мен технологияларын енгізу қажет.

Кәсіби жетілуде тұлғалық кәсіби жоспарлардың болуы, кәсіби қызығушылықтың болуы, ақпараттардың болуы толық мәнді таңдау жасауға негіз болады. Себебі кәсіби өзіндік анықталу процесінің салдары болашақ өмірдің негізін қалайды. Болашақ маман кәсіби өзіндік анықталу жағдайында дұрыс таңдау үшін қиялдағы бейнелерді өмірлік оқиғалармен өзара байланыстыра алатын дағдыларды игеруі керек.

АКТ-ны қолдану қоғамның өмір бойы білім алу тұрғысынан білім сапасына деген өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сонымен қатар, білім беру жүйесі білім берудің мазмұны мен әдістері, ресурстары, қоршаған ортасы, білімді тарату тәсілі жағынан да өзгеруі керек. Білімді жаңарту жылдамдығы мен көлемі үнемі өсіп отыратын және одан да нақты жағдайларда студенттердің өзіндік ізденістері мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Негізгі мәселелердің бірі проблемаларды шешуге арналған қосымшалар болады. Ақпараттық білім беру ортасын дамытуға нақты назар аудару жоғары интеллектуалды элемент болып табылады.

Қолданыстағы интеграциялық ортаны құру туралы. Осы мақсатта заманауи ақпараттық технологиялар негізінде сарапшылар қауымдастығын ұйымдастыра отырып, ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды оқытудан АКТ-НБ қолдана отырып, оқытуға көшуге болады. Бұл трансмиссия моделінің өзгеруін қамтамасыз етеді.

Болашақ информатика мұғалімдерінің ашық білім беру ресурстарын (АБР) құруға және пайдалануға үйретуде оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі олардың педагогикалық және техникалық құзыреттерін кешенді қалыптастырумен анықталады. Бұл бөлімде жоғарыда аталған әдістемелік ұстанымдарды жүзеге асыруға арналған нақты тапсырмалар мен жұмыстар үлгісі беріледі.

1. Теориялық білімді практикамен ұштастыру

Тапсырма: Студенттерге қысқаша теориялық дәріс (презентация) оқу: «*Ашық білім беру ресурстары: түсінігі, артықшылықтары және қолдану аймақтары*».

Мақсат: АБР жайлы базалық ұғымдарды беру, олардың білім беру процесіне әсерін талдау.

Нәтиже: Студенттер АБР анықтамаларын, негізгі сипаттамаларын және қолдану модельдерін ажырата алады.

2. АБР құруға арналған құралдармен танысу

Тапсырма: Студенттерді OER Commons, OpenLearn, Wikipedia, GitBook секілді танымал ашық контенттік платформаларға тіркеп, олардың мүмкіндіктерін шолу.

Мақсат: Ашық платформаларда ресурстарды орналастыру тәсілдерін меңгерту, әртүрлі интерфейс ерекшеліктерін салыстыру.

Нәтиже: Студенттер түрлі платформаларға кіріп, мазмұн жариялауды, метадеректерді толтыруды және контентті жалпыға ортақ пайдалануға бейімдеуді үйренеді.

3. Авторлық құқық және лицензиялау негіздері

Тапсырма: Creative Commons лицензияларының түрлерін қарастырып, оқу материалдарын жариялағанда қолдануға болатын ең қолайлы лицензия түрін таңдау жөнінде шағын реферат жазу.

Мақсат: Студенттерді авторлық құқық нормаларын сақтауға үйрету, ашық ресурстарды бөлісудегі заң талаптарын түсіндіру.

Нәтиже: Студенттер таңдалған лицензиялардың шарттарын салыстырып, ең ыңғайлы нұсқаны дәлелдеуді үйренеді; заңға сай жұмыстанудың маңызды екенін түсінеді.

4. Жоба жұмысы: АБР құрастыру

Тапсырма: Топқа бөлініп (3-4 студенттен), информатика пәні бойынша белгілі бір тақырыпқа ашық білім беру ресурсын әзірлеу. Мысалы, «Бағдарламалау тілінің негіздері», «Компьютерлік желілер», «Алгоритмдер және деректер құрылымы».

Орындалу жолы:

1. Тақырыпты нақтылау және мақсатты аудиторияны анықтау.
2. Қажетті теориялық материалды жинақтау (мәтін, бейне, графика, т.б.).
3. Платформа таңдау (GitBook, Wiki, блог-платформа, LMS-жүйе немесе өзге).
4. Ресурстың дизайнын әзірлеп, мазмұнды орналастыру.
5. Ашықтық талаптарына сай лицензиялап, ортақ пайдалануға жариялау.

Бағалау критерийлері:

- Мазмұнның ғылыми дәлдігі мен өзектілігі.
- Материалдың тартымдылығы (инфографика, бейне, интерактивті тапсырмалар).
- Ресурстың пайдалану қолайлылығы мен оқылымдылығы.
- Авторлық құқықты сақтау (лицензия таңдау, дереккөздерді көрсету).

Нәтиже: Студенттер нақты бір тақырып бойынша толыққанды ашық білім беру ресурсынан тұратын жобаны әзірлеп, ортақ платформаға жариялайды. Осы арқылы олар АБР құрастырудың барлық кезеңдерімен танысып, практикалық тәжірибе жинақтайды.

5. Ресурсты талдау және кері байланыс

Тапсырма: Әр топ құрған АБР-ды өзара таныстырып, бір-бірінің жобасына пікір білдіреді, сонымен қатар тәуелсіз сарапшы (оқытушы немесе мектеп мұғалімі) мен оқу орнының басқа студенттері де баға беріп, ұсыныстар айтады.

Мақсат: Жасалған ресурстарды жетілдіру, жіберілген қателерді түзету, өзара оқыту жүйесін жандандыру.

Нәтиже: Студенттердің сыни ойлау дағдысы жетіліп, топтық жұмыста өзара құрмет пен ынтымақтастық орнайды, нәтижесінде дайын АБР сапасы артады.

6. Жетілдіру және тұрақты даму

Тапсырма: Топтар алған кері байланысты ескере отырып, ресурсты қайта қарау, мазмұнын жетілдіру (жаңарту, толықтыру, интерактивті элементтер қосу).

Мақсат: АБР-ды үнемі дамытып отыруға дағдыландыру, ашық ресурстың өміршеңдігін арттыру жолдарын үйрету.

Нәтиже: Студенттер болашақта мектеп оқушыларына тиімді әрі қызықты оқу-әдістемелік материалдар ұсынуға дайын болады.

Ұсынылған практикалық тапсырмалар мен жұмыстар болашақ информатика мұғалімдерінің ашық білім беру ресурстарын жасау, жариялау және пайдалану тұрғысындағы негізгі дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейді. Студенттер жобалық жұмыстар арқылы тек техникалық біліктіліктерін шыңдап қана қоймай, педагогикалық тұрғыдан сауатты әрі әдістемелік негізделген оқу ресурстарын әзірлеуге икемделеді. Осылайша, олар ақпараттық қоғамның сұранысына сай сапалы маман ретінде қалыптасады.

Болашақ информатика мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру олардың кәсіби қызығуларын құру мен дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Тәрбие жұмысындағы ғылыми-психологиялық ерекшеліктерді есепке алу тек оқушылардың оқу-танымдық, еңбек, шығармашылық және басқа да іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар кейбір ішкі келеңсіздіктердің алдын алуға, өзара шешім шығаруға және оқушылардың адамгершілігін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Мұғалімдердің білімі оның өзі мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты оңтайлы құруға көмектеседі. Балаларға тән қасиет, бұл – аса сезімталдық, соның өзін олардың өте терең және ауыр қабылдайтынын ұмытпаған жөн.

Болашақ информатика мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қолданудың ең басты міндеті – тұлғаны қалыптастыру және өзіндік дамуды реттеу. Іс-әрекет әлеуметтік тәжірибенің элементі ретінде таным белсенділігінің объектісі, осыған байланысты адамның эмоциялық күйзелістері мен әрекеттерін меңгеру процесі болып табылады. Тұлғалық бағдар дегеніміз қандай да бір іс-әрекетпен айналысатын адамдардан өзгешеленетін бірқатар жеке тұлғалық бітістер.

Болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға оқыту белгілі бір принциптерді және оның мазмұнын қамтиды: оқытушылар кез-келген адам пайдалана алатын, бөлісетін және өзгерте алатын ақысыз және ашық лицензияланған білім беру материалдарын ұсынудан тұратын ашық білім беру ресурстарының негізгі идеясын қабылдауы керек. Бұл қағида білім берудегі қол жетімділіктің, бағаға қол жетімділіктің және бейімделудің маңыздылығын көрсетеді. Мұғалімдер Creative Commons лицензиялары сияқты ашық лицензияларды қолдануы мүмкін, олардың білім беру ресурстарын пайдалануға және оларға ортақ қол жеткізуге қалай әсер ететінін түсінуі керек. Олар сондай-ақ авторлық құқық мәселелері туралы ұсынысты құру және пайдалану кезінде зияткерлік меншік құқықтарын қалай сақтау керектігі туралы хабардар болуы қажет. Мұғалімдерге ынтымақтастық пен қоғамдастықтың қатысуының күші туралы айту өте маңызды. Оларды ұсыныстар қауымдастығына қатысуға, ресурстарымен бөлісуге және ұжымдық білімге үлес қосуға ынталандыру керек. Ынтымақтастық үнемі

жетілдіруге ықпал етеді және ұсыныстарды құру мен пайдалануда көптеген перспективаларды қамтамасыз етеді. Оқытушылар өздері құратын және қолданатын ұсыныстың сапасын есте ұстауы керек. Олар ұсынысты оқыту мақсаттарына сәйкестендірудің, тиімді педагогикалық стратегияларды қолданудың және тұрақты бағалау мен қайта қарауды жүргізудің маңыздылығын түсінуі керек. Сапаға баса назар аудару ұсыныстың мағыналы оқу тәжірибесін қамтамасыз етеді. Ашық білім беру ресурстарының мазмұны келесідей болуы мүмкін:

1. Ашық білім беру ресурсына кіріспе: АББР тұжырымдамасына, тарихына және артықшылықтарына шолу жасау. АББР информатика бойынша оқыту мен оқу тәжірибесін қалай жақсартатынын талқылау.

2. Ұсыныстарды іздеу және бағалау: болашақ информатика мұғалімдеріне информатика ресурстарын орналастыратын ұсыныстар қоймалары мен платформаларды іздеуге үйрету. Оларды нақты оқу қажеттіліктері үшін ұсыныстың сапасын, өзектілігін және жарамдылығын бағалауға үйрету.

3. Лицензиялау және авторлық құқық: мұғалімдерді ашық лицензиялардың әртүрлі түрлерімен және АББР қатысты авторлық құқық мәселелерімен таныстыру. Ұсынысты пайдалануға және материалдарды бөлісуге байланысты құқықтар мен міндеттерді талқылау, олар ашық лицензияларды пайдалану кезінде авторлық құқықты қалай сақтау керектігін түсінетініне көз жеткізу.

4. Ұсынысты құру және бейімдеу: оқытушыларға ұсынысты құру және бейімдеу үшін әртүрлі құралдар мен технологияларды үйрету. Интерактивті ресурстарды дамыту, бағалауды дамыту сияқты тақырыптарды қамтиды.


Болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға үйрету бірнеше принциптерге негізделген және бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды (1-кесте).

1-кесте – Ашық білім берудің принциптері

№	Принциптер	Анықтама
1	2	3
1	Ашық білім берудің негізгі принциптерін түсіну	Болашақ информатика мұғалімдері ашық білім беру тұжырымдамасымен танысып, оның негізгі принциптерін қабылдауы керек. Бұған білім беру материалдарына еркін қол жетімділік, оларды еркін пайдалану, қайта өңдеу және тарату кіреді.
2	Ашық білім беру ресурстарын зерттеу	Информатика мұғалімдері интернетте қол жетімді әртүрлі ашық білім беру ресурстарын зерттеуі керек. Бұл онлайн курстар, оқулықтар, бейне дәрістер, интерактивті жаттығулар және т.б. болуы мүмкін. Бұл ресурстарды оқыту үшін қалай пайдалануға болатынын және олардың оқу бағдарламалары мен студенттердің қажеттіліктеріне қалай сәйкес келетінін түсіну маңызды.
3	Жеке білім беру материалдарын әзірлеу	Информатика мұғалімдері ашық ресурстарға сүйене отырып, өздерінің білім беру материалдарын жасай алады. Бұл тапсырмаларды, оқу жоспарларын, оқулықтарды немесе тіпті онлайн курстарды құруды қамтуы мүмкін. Материалдарды әзірлеу кезінде студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын, сондай-ақ оқу бағдарламаларына сәйкестігін ескеру қажет.

1-кестенің жалғасы

1	2	3
4	Ашық білім беру ресурстарының сапасын бағалау	Информатика мұғалімдері ашық білім беру ресурстарының сапасын бағалауды үйренуі керек. Бұған ақпараттың авторлығы мен дұрыстығын тексеру, материалдардың күрделілік деңгейін бағалау, ресурстарды оқушылардың нақты қажеттіліктеріне бейімдеу және т.б.
5	Ашық ресурстарды оқу процесіне ендіру	Информатика мұғалімдері ашық білім беру ресурстарын оқу мен сабақтарына біріктіруді үйренуі керек. Бұл ұғымдарды суреттеу үшін ресурстарды пайдалануды, өзін-өзі зерттеу үшін қосымша материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз етуді, ашық ресурстарға негізделген топтық жобаларды жүргізуді және т.б. қамтуы мүмкін.
6	Студенттерге ашық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын үйрету	Информатика мұғалімдері өз студенттеріне ашық білім беру ресурстарымен жұмыс істеу дағдыларын үйретуі керек. Бұған білім алу және мәселелерді шешу үшін ашық ресурстарды іздеу, бағалау және пайдалану мүмкіндігі кіреді.



1-сурет – ЖАОК құрудың 10 өлшемі

Болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және пайдалануға үйрету теориялық материалды практикалық тапсырмалармен және жобалармен үйлестіру қажет. Сонымен қатар информатика мұғалімдерінің сабақтарын байыту және білім сапасын арттыру үшін ашық білім беру ресурстарын құруға және таратуға белсенді қатысуы маңызды.

10 өлшемді модельде, сурет 1-де көрсетілгендей, төменгі деңгейдегі үш элемент «Ресурстар», «Жалпы құрылым» және «Көрініс» сияқты негізгі шешімдерден тұрады. Әрбір өлшем ЖАОК құру кезінде қажет болатын бірнеше ішкі санаттарды қамтиды. Мысалы, «Жалпы құрылым» курс атауын, тілін, платформаны, мақсатты оқушыларды, пәндік саланы, курстың сипаттамасын, деңгейін қамтиды. «Көрініс» курстардың мақсаттары мен құзыреттіліктерін тұжырымдайды. «Ресурстар» - бұл курс әзірлеушілері үшін қол жетімді адами және интеллектуалды ресурстар, жабдықтар мен платформа. Бұл үш өлшем мен ішкі

санаттар курстың негізі болып табылады. ЖАОК құрудың негізгі параметрлерінің үстінде жеті элемент бар, атап айтқанда «Интерактивті оқыту ортасы», оның ішінде «Оқыту аналитикасы», «Педагогика», «Коммуникация», «Қолдау», «Технологиялар», «Оқушы» және «Бағалау». Бұл жеті өлшем интерактивті және өзара әрекет етеді. Мысалы, «Оқушы» курсты талқылауға қалай қатысатынын және басқалармен қалай «Коммуникация» құратындығын анықтайды, бұл «Педагогикаға», сондай-ақ «Қолдауға» өзара әсер етеді. «Оқыту аналитикасы» мен мінез-құлық деректері оқушылардың әртүрлі мотивтерін ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тағы бір интерактивті өлшем болып табылатын «Технологиялар» өлшемі аналитикалық деректердің қолжетімділігін, сондай-ақ курстың мультимедиялық жабдықталуын қарастырады. Сонымен бірге ЖАОК платформасын, әлеуметтік желілерді, оқу аналитикасының техникалық платформасын және курс мазмұнына, бейне дәрістерге және ресурстарға қол жеткізу әдістерін қамтиды. Интерактивті өлшем әрекеттері курстарды жақсартуға, олардың сапалы құрылуына көмектеседі, бұл құрастырушы мен оқытушылардың түпкі мақсаты болуы керек. Төменгі деңгейдегі үш негізгі өлшемі сияқты, жеті интерактивті өлшемнің әрқайсысы ішкі санаттардан тұрады. Мысалы, «Оқушы» өлшемі оқушылардың курсқа қатысу мақсаттарын және олардың оқудағы дербестігін қамтиды. «Педагогика» өлшемі педагогикалық тәсілдерді, оқыту мазмұны мен нұсқаулықтарды қамтиды. «Қарым-қатынас» пікірталас беті мен әлеуметтік медианы пайдалану, қатысушылар арасындағы ынтымақтастық және байланыс әдістерін қамтиды. «Бағалау» өлшемі бағалау стратегиялары мен әрекеттері, бағалау қашан және қалай жүргізілетіні сияқты бағалау әдісін қамтиды. «Технологиялық инфрақұрылым» МООС платформасын, әлеуметтік желілерді, оқу аналитикасының техникалық платформасын және курстардың мазмұнына, бейне дәрістерге және ресурстарға қол жеткізу әдістерін қамтиды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, болашақ информатика мұғалімдерін ашық білім беру ресурстарын құруға және тиімді пайдалануға дайындау – білім беру жүйесінің заманауи талаптарына толық жауап беретін маңызды бағыттардың бірі. Мұндай дайындау болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оқытудың сапасын көтеруге және білім алушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға көмектеседі. Ашық білім беру ресурстарын әзірлеуде білім беру мазмұнының қолжетімділігі, сапасы және өзектілігі басты назарда болуы тиіс. Оқу үдерісіне АКТ-ны мақсатты енгізу, педагогикалық құралдарды әртараптандыру және білім беру ресурстарын үздіксіз жетілдіру арқылы болашақ мамандардың шығармашылық әлеуеті, инновациялық қабілеті дамиды. Осы орайда, ұсынылған принциптер мен мазмұндық бағыттарды оқу жоспарына енгізу болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосады және жалпы білім беру кеңістігінің сапалы дамуына жол ашады.

Болашақ информатика мұғалімдері ашық білім беру ресурстары дегеніміз не және оларды оқу процесін байыту үшін қалай пайдалануға болатындығы туралы нақты түсінікке ие болуы керек. Олар ашық қол жетімділік, лицензиялау, авторлық құқық және т. б. сияқты ұғымдармен таныс болуы қажет. Информатика мұғалімдері ашық білім беру ресурстарын іздеу және бағалау дағдыларын үйренуі маңызды. Олар оқу мақсаттарына сәйкес келетін сапалы ашық білім беру ресурстарын құру және пайдалану барысында олардың сапасын, өзектілігін және мақсатты аудиторияға сәйкес келетіндігін бағалай білуі қажет. Бұл оқу материалдарын құруды, интерактивті тапсырмаларды дайындауды, бейне сабақтарды құруды және т.б. қамтуы мүмкін.

Болашақ информатика мұғалімдерінде зерттеу мәдениетін қалыптастыру білім беруді дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Бұл студенттерге зерттеу жүргізуге, деректерді талдауға және алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдануға, қабілетті, белсенді

және шығармашылық тұлға болуға көмектеседі. Информатика мұғалімдерінің зерттеу мәдениетін дамыту балалардың өзіндік зерттеу, сыни ойлау және тұрақты оқыту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер материалдардың жаңа нұсқаларын қадағалап, сілтемелерді жаңартып, қателерді түзетіп, оқушыларына өзектілігін қамтамасыз етуі маңызды. Болашақ информатика мұғалімдері ашық білім беру ресурстарын пайдалану кезінде авторлық құқықты ескере отырып, лицензиялар туралы білуі, дереккөздерді көрсетуі және материалдарды пайдалану ережелерін сақтауы керек. Сонымен бірге, болашақ информатика мұғалімдері өздерінің өнімдерін әріптестерімен бөлісу, басқа мұғалімдер жасаған материалдарды өз сабақтарын байыту және жақсы тәжірибелермен алмасу үшін пайдалануы ашық білім беру ресурстарының дамуына және жақсаруына септігін тигізеді.

Дегенмен, e-Learning немесе ашық білім беру ресурстарының барлық артықшылықтарына қарамастан, теңдестірілген оқыту тәсілінің қажеттілігін есте ұстаған жөн. Дәстүрлі білім беру және өзара әрекеттесу әдістерінің де өзіндік құндылығы бар, сондықтан кей жағдайларда онлайн және офлайн форматтарын біріктіретін аралас оқыту тәсілі ең тиімді тәсіл.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кадирбаева Р.И., Бедебаева М.Е. Онлайн білім беру платформалары арқылы аралас оқыту технологиясын қолдану // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3 (125). – Б. 127–140. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.11>
2. Бисенгалиева А.М., Дюсегалиева К.О. ЖОО-да қашықтықтан оқытудың заманауи технологияларын меңгеру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б. 136–143. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.12>
3. Douglas A., Ismar Frango S. Quality assurance for open educational resources: The OER trust framework // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2018. – №17 (3). – P. 1–14. <https://doi.org/10.26803/ijlter.17.3.1>
4. UNESCO. Accessible Open Educational Resources (OER): briefing paper. [Electronic resource]. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380471.locale=en>. – 2021. (date of access 26.05.2024)
5. <https://ocw.mit.edu/> (қаралған күні 26.05.2024)
6. Osuna-Acedo S., Gil-Quintana J. The European project ECO. Breaking down barriers to access knowledge // Educacion XX1. – 2017. – №20 (2). – P. 189–213. <https://doi.org/10.5944/educXX1.15852>
7. Ayuso-Del Puerto D., Gutiérrez-Esteban P. Achieving Universal Digital Literacy through Universal Design for Learning in Open Educational Resources // Education as Change. – 2022. – №262 (8712). <https://doi.org/10.25159/1947-9417/8712>
8. Øystein R., Jeanette H.M., Moen A. Pedagogical Approaches and Learning Activities, Content, and Resources Used in the Design of Massive Open Online Courses (MOOCs) in the Health Sciences: Protocol for a Scoping Review // JMIR Research Protocols. – 2022. – №11 (51). <https://doi.org/10.2196/35878>
9. Ichimura Y., Suzuki K. Dimensions of MOOCs for Quality Design: Analysis and Synthesis of the Literature // International Journal for Educational Media and Technology. – 2017. – №1 (11). – P. 42–49.
10. Zawacki-Richter O., Müskens W., Marín V.I. Quality Assurance of Open Educational Resources // Handbook of Open, Distance and Digital Education. – 2023. – 1425 p. https://doi.org/10.1007/978-981-19-2080-6_43
11. Baas M., van der Rijst R., Huizinga T., van den Berg E., Admiraal W. Would you use them? A qualitative study on teachers' assessments of open educational resources in higher education // Internet and Higher Education. – 2022. – №54 (00857). <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2022.100857>
12. Rima S., Meriem H., Najima D., Rachida A. Systematic Literature Review on Open Educational Resources Recommender Systems // International Journal of Interactive Mobile Technologies. – 2022. – №16 (18). – P. 44–77. <https://doi.org/10.3991/ijim.v16i18.32197>

REFERENCES

1. Kadirbaeva R.I., Bedebaeva M.E. Onlain bilim beru platformalary arqyly aralas oqytu tehnologiiasyn goldanu [Using Blended Learning Technologies through Online Educational Platforms] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3 (125). – B. 127–140. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.11> [in Kazakh]
2. Bisengalieva A.M., Duisengalieva K.O. JOO-da qashyqytan oqytudyn zamanai tehnologiialaryn mengeru [Mastering Modern Distance Learning Technologies at the University] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №1 (123). – B. 136–143. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.12> [in Kazakh]
3. Douglas A., Ismar Frango S. Quality assurance for open educational resources: The OER trust framework // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2018. – №17 (3). – P. 1–14. <https://doi.org/10.26803/ijlter.17.3.1>
4. UNESCO. Accessible Open Educational Resources (OER): briefing paper. [Electronic resource]. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380471.locale=en>. – 2021. (date of access 26.05.2024)
5. <https://ocw.mit.edu/> (date of access 26.05.2023)
6. Osuna-Acedo S., Gil-Quintana J. The European project ECO. Breaking down barriers to access knowledge // Educacion XX1. – 2017. – №20 (2). – P. 189–213. <https://doi.org/10.5944/educXX1.15852>
7. Ayuso-Del Puerto D., Gutiérrez-Esteban P. Achieving Universal Digital Literacy through Universal Design for Learning in Open Educational Resources // Education as Change. – 2022. – №262 (8712). <https://doi.org/10.25159/1947-9417/8712>
8. Øystein R., Jeanette H.M., Moen A. Pedagogical Approaches and Learning Activities, Content, and Resources Used in the Design of Massive Open Online Courses (MOOCs) in the Health Sciences: Protocol for a Scoping Review // JMIR Research Protocols. – 2022. – №11 (51). <https://doi.org/10.2196/35878>
9. Ichimura Y., Suzuki K. Dimensions of MOOCs for Quality Design: Analysis and Synthesis of the Literature // International Journal for Educational Media and Technology. – 2017. – №1 (11). – P. 42–49.
10. Zawacki-Richter O., Müskens W., Marín V.I. Quality Assurance of Open Educational Resources // Handbook of Open, Distance and Digital Education. – 2023. – 1425 p. https://doi.org/10.1007/978-981-19-2080-6_43
11. Baas M., van der Rijst R., Huizinga T., van den Berg E., Admiraal W. Would you use them? A qualitative study on teachers' assessments of open educational resources in higher education // Internet and Higher Education. – 2022. – №54 (00857). <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2022.100857>
12. Rima S., Meriem H., Najima D., Rachida A. Systematic Literature Review on Open Educational Resources Recommender Systems // International Journal of Interactive Mobile Technologies. – 2022. – №16 (18). – P. 44–77. <https://doi.org/10.3991/ijim.v16i18.32197>

А.Ә. САДЫКОВА¹, Қ.Т. АТЕМОВА², ЮДЖЕЛ ГЕЛИШЛИ³

¹М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: aika040187a@mail.ru

²педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

³доктор, профессор, Гази университеті

(Түркия, Анкара қ.), e-mail: gelisli@gazi.edu.tr

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Андатпа. Бұл мақаланың мақсаты – білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар беру процесін жақсарту үшін заманауи цифрлық технологиялардың қолданылуын зерттеу және анықтау. Мақалада цифрлық технологияларды интеграциялауға бағытталған білім беру жүйесіндегі заманауи кәсіптік бағдарлау іс-шараларына шолу берілген. Сонымен қатар, мақалада ғалымдар мен практиктердің кәсіптік бағдар беруде инновацияларды қолдану туралы әртүрлі көзқарастары қарастырылады. Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс кезінде қолдануға болатын кәсіби бағдар беру жұмыстарының заманауи технологиялары қарастырылған. Кәсіби бағдарлауда қолданылатын цифрлық технологиялардың әртүрлі формалары, соның ішінде тестілеу, кеңес беру, веб-квестер және МООС онлайн курстары талданады, бұлтты технологиялар, мобильді кеңістік және геймификация сияқты заманауи тенденцияларға баса назар аударылады. Мақалада кәсіптік бағдарлау іс-шараларының тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру үшін цифрландырудың артықшылықтары талқыланады. Мақалада дәстүрлі әдістерді цифрлық технологияларға бейімдеу қажеттілігі туралы да айтылады. Қорытындыда қазіргі заманғы білім беру мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіптік бағдарлауда цифрлық технологияларды дамыту үшін бірыңғай жүйені құру қажеттілігі атап өтіледі, кері байланыс пен қосымша деректер алу үшін білім беру процесіне қатысушыларға сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері кестелермен көрсетіледі, білім беру саласында неғұрлым тиімді қолданылатыны анықталады, практикалық ұсынымдар ұсынылады.

Кілт сөздер: кәсіптік бағдар, цифрлық технологиялар, тұлғалық тестілер, веб-квестер, МООС онлайн курстары, мобильді кеңістік, геймификация.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Садыкова А.Ә., Атемова Қ.Т., Гелишли Юджел. Цифрлы технология жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын қалыптастырудың құралы ретінде // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 472–484. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.180>

*Cite us correctly:

Sadykova A.A., Atemova Q.T., Gelishli Judjel. Cifrlly tehnologia jogary synyp oqushylarynyn kasibi bagdaryn qalyptastyrudyn quraly retinde [Digital Technologies as a Means of Forming the Professional Orientation of High School Students] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 472–484. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.180>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.06.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

A.A. Sadykova¹, K.T. Atemova², Yugel Gelishli³

¹*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: aika040187a@mail.ru*

²*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru*

³*Doctor, Professor, Gazi University
(Turkey, Ankara), e-mail: gelisli@gazi.edu.tr*

Digital Technologies as a Means of Forming the Professional Orientation of High School Students

Abstract. The purpose of this article is to study and determine the use of modern digital technologies to improve the process of career guidance in the education system. The article provides an overview of modern career guidance initiatives in the education system aimed at integrating digital technologies. In addition, the article examines the different views of scientists and practitioners on the application of innovations in career guidance. Modern career guidance technologies that can be used when working with schoolchildren are considered. The article discusses the advantages of digitalization in enhancing the effectiveness and accessibility of career guidance activities. The factors contributing to the successful implementation of digital career guidance, as well as barriers that slow down its development, are examined. The article also raises the issue of the need to adapt traditional methods to align with digital technologies. In conclusion, the article emphasizes the necessity of creating a unified system for the development of digital technologies in career guidance, taking into account the requirements of modern education and the labor market. This study is conducted through a survey of participants in the educational process to gather feedback and additional data. The results of the survey are reflected in tables, identifying the most effectively used digital tools in education, and practical recommendations are provided.

Keywords: career guidance, digital technologies, personality tests, web quests, MOOC online courses, mobile space, gamification.

А.А. Садикова¹, К.Т. Атемова², Юджел Гелишли³

¹*PhD докторант Южно-Казахстанского университета им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: aika040187a@mail.ru*

²*доктор педагогических наук, профессор
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru*

³*доктор, профессор, Университет Гази
(Турция, г. Анкара), e-mail: gelisli@gazi.edu.tr*

Цифровые технологии как средство формирования профессиональной ориентации старшеклассников

Аннотация. Цель данной статьи-изучить и определить применение современных цифровых технологий для улучшения процесса профориентации в системе образования. В статье представлен обзор современных профориентационных мероприятий в системе образования, направленных на интеграцию цифровых технологий. Кроме того, в статье рассматриваются различные взгляды ученых и практиков на применение инноваций в профориентации. Рассмотрены современные технологии профориентационной работы, которые можно использовать при работе со школьниками. Анализируются различные формы цифровых технологий, используемых в профессиональной ориентации, включая

тестирование, консультирование, веб-квесты и онлайн-курсы MOOC, с упором на современные тенденции, такие как облачные технологии, мобильное пространство и геймификация. В статье обсуждаются преимущества цифровизации для повышения эффективности и доступности профориентационных мероприятий. В статье также поднимается вопрос о необходимости адаптации традиционных методов к цифровым технологиям. В заключении подчеркивается необходимость создания единой системы для развития цифровых технологий в профориентации с учетом требований современного образования и рынка труда, проводится опрос участников образовательного процесса для получения обратной связи и дополнительных данных. Результаты анкетирования отражаются в таблицах, выявляются наиболее эффективно применяемые в сфере образования, предлагаются практические рекомендации.

Ключевые слова: профориентация, цифровые технологии, личностные тесты, веб-квесты, онлайн-курсы MOOC, мобильное пространство, геймификация.

Кіріспе

Елімізде қабылданған 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы цифрландыру және инновациялық экономиканы құру арқылы адами капиталды дамытуға белсенді жәрдемдесті. Бұл қазіргі заманғы білім цифрлық технологияларға бейімделуі және жоғары сынып оқушыларын цифрлық ортада табысты мансап үшін қажетті дағдыларды игеруге мүмкіндік берді [1]. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын бастан өткеріп жатқан қазіргі әлемде білім беру және кәсіби бағдарлау мәселелері өзектілігі артып күрделенуде. Болашақ мамандық пен мансапты таңдау алдында тұрған орта мектеп оқушылары көптеген таңдаулар мен мүмкіндіктерге ие болуда [2]. Бұл туралы Қазақстанда осы мәселелерді зерттеуші ғалымдардың бірі Қ.Т. Атемова ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының көзқарастарына сүйеніп, кәсіби бағдар беруде мамандық таңдаудың маңызды бөлігі ретінде қарастыра отырып, «Мамандық таңдауда қателеспеудің жолдары туралы қазақ қоғамында да көптеген пікірлер айтылып келген. Солардың қатарында қазақ зиялыларының мұралары таптырмас құнды идеяларға толы еңбек деуге болады. Атап айтқанда, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов сынды бір туар тұлғаларымыз маман даярлаудың ұлттық негіздерін айтып, қоғамдық мәнін ашады» - деп пікір білдіреді [3]. Осы жерден түсінетініміз дәстүрлі құндылықтар мен заманауи технологияларды біріктіруге деген идея туындайды, бұл әсіресе цифрландыру жағдайында және қазіргі қоғамда оның тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, цифрлық технологияларды кәсіптік бағдарлау жүйесіне интеграциялау қажеттілігін көрсетеді. Солардың бірі – заман талабына сай мектептегі жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру барысында цифрлық технологияларды интеграциялау мәселесі.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы білім беру саласының негізгі бөлігі ретінде адамға өзінің мансаптық бағытын құруға және белгілі бір мамандық алу үшін қандай құзыреттер мен білім қажет екенін анықтауға мүмкіндік береді [4]. Алайда, қазіргі әлеуметтік жағдайды ескере отырып, қоршаған ортаның талаптарына сәйкес кәсіби бағдарлаудың бүкіл жүйесін өзгертуді қажет етуде, яғни басқа салалар сияқты кәсіби бағдарлау саласын да цифрландырудың қажеттілігі туындап отыр. Кәсіптік бағдарлауды цифрландырудың қажеттілігінің негізгі себебі аудиторияны кеңейту және жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағыт бағдар беру барысында жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін арттыру болып табылады.

Осы тұрғыда цифрлық технологиялар кәсіби бағдарлауды қалыптастыруда және қолдауда шешуші рөл атқаратынын ескере отырып, жоғары сынып оқушыларының заманауи білімі мен кәсіптік бағдары ақпараттық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін атап өткіміз келеді. Индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға көшу

жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарына қойылатын талаптарға айтарлықтай өзгерістер әкелуде. Оларға цифрлық ортада ақпаратты алу, өңдеу және пайдалану, сондай-ақ олардың кәсіби қызығушылықтары мен мақсаттарын анықтауға көмектеседі.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақала жазуда тақырып аясында жинақталған ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жинақтау, жүйелеу және талдау, салыстыру мен тұжырымдау, мектептердің кәсіптік бағдарлау қызметін цифрландыру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар жинақталған мәліметтерді өңдеу және т.б. зерттеу әдістері қолданылды. Педагог қызметкерлерге сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Шымкент қаласының №138 жалпы орта мектептегі 33 педагог қызметкер қатысты. Сауалнама мынадай сұрақтарды қамтыды:

1. Сіздің мектебіңізде қандай кәсіптік бағдарлау іс-шаралары өткізіледі?
2. Сіздің мектебіңізде цифрлық форматта кәсіптік бағдарлау іс-шараларының қандай түрлері іске асырылады?
3. Сіздің ойыңызша, цифрлық форматта кәсіби бағдарлау іс-шараларын сапалы өткізу үшін қандай материалдық-техникалық құралдар қажет?
4. Сіздің ойыңызша, мектептерде кәсіптік бағдарлауда (мамандық таңдауына) цифрлық технологияларды енгізу және дамыту үшін бірыңғай жүйені құру қажеттілігі бар ма?
5. Еліміздің білім беру жүйесіндегі кәсіптік бағдарлау (мамандық таңдауына) іс-шараларын цифрландыру деңгейін қалай бағалайсыз?
6. Сіздің ойыңызша, елде цифрлық кәсіптік бағдарлауды енгізу мен дамытуды қандай факторлар қиындатады деп ойлайсыз?
7. Сіздің ойыңызша, мектептерде кәсіптік бағдарлауды (мамандық таңдауына) цифрландыруға енгізуге және дамытуға қандай факторлар ықпал етеді?
8. Сіздің білім беру ұйымыңызда қандай дәстүрлі кәсіптік бағдарлау әдістері қолданылады?

Талдау мен нәтижелер

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында кәсіптік бағдар беру саласындағы алғашқы ғылыми зерттеулер жасала басталды. Ол кезде кәсіптік бағдар беру ұғымы жаңа тұжырымдама болды және зерттеушілер адамдарға мамандық таңдауға көмектесетін әдістер мен құралдарды әзірлеуге тырысты. Бұл тақырыппен айналысқан алғашқы ғалымдардың бірі американдық психолог Фрэнк Парсонс еді. 1909 жылы ол «Мамандық таңдауға деген көзқарас туралы» атты еңбегін жариялап, сол еңбегінде алғаш рет «кәсіби бағдар» тұжырымдамасын ұсынды және сауалнамалар жүргізу арқылы адамдармен олардың қызығушылықтары және қабілеттері туралы әңгімелесуге негізделген әдістеме жасады [5].

Кәсіптік бағдар беру әдістерінің дамуына үлкен үлес қосқан Г. Айзенк, И.Л. Соломин, И. Резапкина және М. Генезис, Н.С. Пряжников, А.Н. Гусев, К.Г. Тюрин, М.Н. Шарафутдинова, Е.А. Климов деген ғалымдар еді. Бұл авторлардың еңбегі – әзірлеу, пысықтау және темперамент түрін, ойлау түрін анықтауға бағытталған тестілерді зерттеу, кәсіби бейімділік және т.б. болды [6].

Білім беру кеңістігіндегі цифрлық технологиялар мәселесімен М.И. Максеенко., Л.В. Шмелькова, Е.Л. Вартанова, С.С. Смирнов, А. Марей, Л.В. Орлова, А.Ю. Уваров және басқалар айналысқан. Осы салада қазақстандық педагог-әдіскер ғалымдар өз ғылыми еңбектері мен мақалаларында өздерінің осы мәселе туралы ой-пікірлерімен бөліседі. Мысалы, С. Иманбаева «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі», С.Т. Мұхамбетжанова, М.Т. Мелдебекова «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі», Г. Нұрғалиева, Г. Таутаева, С. Тілеуова «Ақпараттандыру – білім беруді реформалан-

дырудың негізгі механизмі» - атты еңбектерінде білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану барысын зерттеген [7].

И.В. Политова кәсіптік бағдар берудегі квест-ойындарды инновациялық әдіс ретінде, ал Ю.М. Царапкина, Э.Ю. Якубова кәсіптік бағдарлауда IT мамандықтар саласында веб-квестерді қолданудың тиімділігін зерттеген [8].

Кәсіби бағдар беру саласында инновацияларды қолдануға қатысты келесідей ғалымдар мен практиктердің кәсіптік бағдар беру туралы көзқарастары әртүрлі. А.О. Хлобыстова, М.В. Абрамов және В.Ф. Столярова кәсіптік бағдар беру арасындағы байланыс тенденцияларын зерттейді [6].

Е.В. Яковлева, Н.В. Гольцова жасөспірім балалармен кәсіптік бағдар беру жұмысында геймификация элементтерінің тиімділігін зерттеген [9]. Аталған ғалымдар бұл саладағы цифрлы технологиялар жоғары сынып оқушыларының кәсіби мүдделерін түсіну және дамыту процесін дамытуға мүмкіндік береді, сонымен қатар жеке және тиімді кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын құруға және мамандар кәсіби бағдарлауды неғұрлым тиімді ету және интерактивті тәжірибесі үшін виртуалды шындық, мобильді қосымшалар және онлайн платформалар сияқты заманауи технологияларды пайдалануды ұсынады.

Алайда, О.Н. Сараева, А.С. Колесова сияқты ғалымдар тестілеу және кеңес беру сияқты дәстүрлі әдістерді неғұрлым тиімді және қолайлы деп санайды. Сонымен қатар кәсіптік бағдар беру процесінде жеке қарым-қатынас пен тәлімгерліктің маңыздылығын атап көрсетеді, олардың пікірінше, бұл жаңа технологияларды қолдану қиын болуы мүмкін. Аз зерттелген мәселе ретінде бұл маңызды аспект – дәстүрлі әдістерді ұрпақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлы технологияларға бейімдеу, бұл кәсіптік бағдар беру процесінің тиімділігін арттыра алады және де кәсіби бағдарлаудың технологиялық және дәстүрлі тәжірибесінің ең тиімді деген аспектілері мен инновацияларын біріктіретін теңдестірілген тәсілдің қажеттілігі туралы мәселелерін көтереді.

Цифрлық білім беру технологиялары – материалдардың визуализациясы мен көрнекілігін қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Білім беруге цифрлық технологияларды енгізудің негізгі мақсаты оқу процесінің сапасы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларын табысты әлеуметтендіру болып табылады [10].

Мақалада негізгі кәсіби бағдар беру барысында қолданылатын мынадай цифрлық технологиялардың түрлерін қарастыратын боламыз:

- мобильді кеңістік, бұлтты технология;
- MOOC онлайн курстар;
- геймификация;
- веб-квест, STEM-квест;
- виртуалды шындық (виртуалды кәсіптік бағдарлау экскурсиялары) және де кәсіби бағдар берудегі дәстүрлі әдістер:
 - Тестер мен сауалнамалар;
 - Кеңестер;
 - Кәсіптерді зерттеу;
 - Тағылымдамалар мен практика.

Мобильді оқыту технологиясы (англ. mobile learning, m-learning) – білім беру саласында үлкен сұранысқа ие. Оны қолданудың арқасында ең ыңғайлы және нәтижелі ынтымақтастық, білім алмасу мүмкіндігі пайда болады. Білім беру процесінің субъектілері материалды қашықтан бөлісе алады, сымсыз желілерді, қалталы дербес компьютердің инфрақзыл функцияларын қолдана отырып, жоғары сынып оқушыларын мобильді құрылғыларына ақпаратты жібере алады [11].

Бұлтты технологиялар (англ. cloud computing) – ыңғайлы желілік қол жетімділікке ие, ақпараттың кең көлемін сақтауға және оны басқарудың минималды күшімен пайдалануға мүмкіндік береді, яғни бұлт деректерді таратуға, өңдеуге және сақтауға ыңғайлылық. Осылайша, осы технологияның арқасында педагогтар мен оқушылар топтық, командалық қызметті қашықтан жүзеге асыра алады [12]. Мысалы, Google disk платформасы арқылы үйдегі топтық зерттеу жобаларын, баяндамаларды, презентацияларды жасап, онда әрбір оқушы оқу жұмысының өз бөліміне жауап береді, бірақ сонымен бірге басқа блоктарды өңдей және өзгерте алады. Олардың әрбір жоғары сынып оқушысы енгізген өзгерістері құжатта ортақ қол жетімділікпен синхрондалады. Бұл бұлтты технологияны қашықтықтан оқыту кезінде қолданылатын тиімді әдістің бірі. Сондай-ақ, педагог электронды жүйесінде тапсырмаларды, практикалық жұмыстарды және басқа да жазбаша тапсырмаларды орналастыра алады. Бұл келесі түрдегі тапсырмалар болуы мүмкін: кестені немесе мәтіндегі бос орындарды толтыру, сұрақтарға жауап беру немесе ойды жалғастыру. Жұмысты орындау барысында педагог тапсырмаларды тексереді, өйткені ол құжатқа қол жеткізе алады.

МООС (англ. Massive Open Online Course) онлайн курстар келесі цифрлық білім беру технологиясы жоғары сынып оқушыларына қашықтықтан пайдалану үшін берілетін онлайн курстар болып табылады [13]. Бұл технологияның айрықша ерекшелігі мен артықшылығы – тұлғаға бағытталғандығы. Оқыту үшін ыңғайлы кез келген уақытта жүргізіледі, оқушы үшін ең қолайлы нысанда әртүрлі бағыттар бойынша керекті мүмкіндік береді. Бұл курстар жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру туралы ақпараттар жинақтап, қажетті дағдыларды меңгеруге таптырмас мүмкіндік. Онлайн оқыту синхронды және асинхронды оқыту сияқты екі формада жүзеге асырылады. Онлайн кәсіптік бағдар беру курстары жоғары сынып оқушыларына әртүрлі кәсіптер, еңбек нарығы, негізгі дағдылар және табысты кәсіби даму стратегиялары туралы ақпарат беруге бағытталған. Жоғары сынып оқушылары оқу қарқынын өз бетінше анықтай алады және олар үшін ең маңызды кәсіптік бағдарлау аспектілеріне көбірек көңіл бөле алады.

Геймификация (англ. gamification) – дидактикалық мақсатта ойын цифрлық технологиясы қолданылады, оның айрықша ерекшелігі – педагог оқу материалын дәстүрлі түрде жүзеге асырмайды. Геймификация – ойын элементтерін ойын емес контекстке біріктіру арқылы қатысушыны әрекетке тартатын заманауи әдіс. Оның негізгі идеясы – ойынды толық құруды қажет етпей, жеке ойын компоненттерін қолдану [14]. Геймификацияны қолдану іс-шараларға тереңірек қатысуға және әдеттегі шеңберден шығуға ықпал ете отырып, эмоционалды саланы жандандыруға бағытталған. Кәсіптік бағдар беру және өзін-өзі анықтау контексінде геймификация дәстүрлі әдістерді толықтырады, процесті байытады және оны жекелендіреді.

